3. Hang Yu. (2024). The Reception of Dostoevsky in Early Twentieth Century China. In *Translating Russian Literature in the Global Context*, pp. 393-410. (In English)

4. Huai Chong, Zhu Zheng. (2023). Perception of Russian literature in China's contemporary digital ecosystem: mechanisms of reception and transformation. *Reception of Russian Literature in China's Contemporary Digital*, 5(2), 45-62. (In English)

5. Izer V. (2000). The Act of Reading: A Theory of Aesthetic Response. Moskva: Akademicheskii proekt. (In Russian)

6. Li Jingzhu. (2019). Cultural Identity and Foreign Literature: Chinese Readers and Russian Classics. *East-West Literary Dialogue*, 7(1), 88-97. (In English)

7. Ovchinnikova L.P. (2003). Reception of Russian Literature in China in the 20th Century: Ideological Boundaries and Cultural Transformation. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologiya*, 2, 45-58. (In Russian)

8. Rudikh A.V. (2025). Reception of F.M. Dostoevsky in the Stories of Can Xue. *Russian Linguistic Bulletin*, 2(62). (In Russian)

9. Shen Yuye. (2020). *A study on translation accuracy of Dostoevsky into Chinese*. Beijing: Foreign Literature Studies Press,110 p. (In English)

10. Struk A.A. (2020). Reception of L.N. Tolstoy in the Journalism of the Far Eastern Emigration. *Philology. Theory & Practice*, 12, 354-360. (In Russian)

11. Temirbolat A. (2025). Innovasionnye texnology izuchenye literatury . «Keruen» Tom. 87. 2 . – p.49-66, DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-03

12. Wang Qiao. (2024). Cultural adaptation strategies in translating Russian classics. *Litera*, 2, 45-61. (In English)

13. Yang Yan. (2016). Russian Literature in China in the Mid 20th Century: Chinese Scholars' View. *Filologiya. Teoriya i praktika*, 9(2), 52-55. (In Russian)

14. Yaus G. R. (1990). Literary History as a Challenge to Literary Studies. Moskva: Progress. (In Russian)

15. Zhapparkulova, K.N., Tuyembayev, Z.K., Dzholdasbekova, B.U. Linguodidactic potential of semiotically heterogeneous texts in teaching Russian to Kazakh schoolchildren // Russian Language Studies, 2022, 20(4), p.500-514(In Russian)

16. Zhang R. (2017). Peculiarities of the Perception of F. M. Dostoevsky's Ideas in China. *Vestnik RUDN. Seriya Filosofiya*, 21(3), 411-418. (In Russian)

17. Fateev N. A. (2015). Literary Text and Foreign-Language Consciousness: On the Question of Cultural Dialogue. *Voprosy literatury*, 1, 89-102. (In Russian)

ҒТАМР 17.71.91 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-04

Н.Набиолла[1*], З.Н. Сейітжанов[2]
[1]М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]nasihat_83@mail.ru, [2]asegizbayeva_84@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-9832-8028, [2]0000-0002-9834-5503

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ СЫНШЫЛЫҚ ӨНЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ фольклорындағы сыншылық өнердің табиғаты, мазмұны және қоғамдық-мәдени маңызы қарастырылады. Сыншылық – қазақ халқының көшпелі өмір салтымен, мал шаруашылығы мен аңшылық мәдениетімен тығыз байланыста қалыптасқан халықтық танымның ерекше әрі күрделі түрі екені, халықтың тұрмыс-тіршілігі сыншылық өнердің қалыптасуына негіз болғанын көрсетеді. Қазақ қоғамында сыншылар адамды, жүйрік атты, қыран құсты немесе басқа да құбылыстарды сыртқы белгілеріне қарап танып, олардың болмысын дәл бағалап, болашағына болжам жасай алатын зерделі, көреген адамдар ретінде танылған. Зерттеудің мақсаты – фольклорлық мәтіндердегі сыншылық дәстүрдің мазмұнын талдау және оның халық дүниетанымындағы орнын айқындау. Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы-тарихи, жүйелеу, интерпретациялық және мәдени-танымдық әдістер қолданылды. Материал ретінде аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, тарихи деректер сұрыпталып пайдаланылды. Негізінен бұрын отандық фольклортану ғылымында қарастырылмаған мәтіндерді зерттеу нысанына айналдыруды мақсат еттік. Зерттеу нәтижесінде сыншылық өнердің тек атбегілік пен құсбегілік тәжірибесімен ғана шектелмей, адамның мінез-құлқын, болмысын, ақыл-парасатын және қоғамдағы орнын бағалауға бағытталған әлеуметтік-тәрбиелік қызмет атқарғаны анықталды. Фольклорлық деректерде Толыбай, Жалайыр Шора, Төлебай, Дүйсенбі, Қалқабай, Бұғыбай сияқты сыншылардың тұлғасы халық даналығы мен көрегендігінің үлгісі ретінде көрінеді. Сонымен қатар сыншылық сөздердің құрылымы мен мазмұны жағынан шешендік сөздер мен арнау өлеңдерге жақындығы байқалып, олардың халықтың моральдық-этикалық құндылықтарын қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Қорытындысында сыншылық өнер қазақтың рухани мәдениетінде маңызды орын алатын, өмір құбылыстарын терең танып-білуге негізделген интеллектуалдық әрі мәдени феномен екені дәлелденеді.

Алғыс. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2026 жж. «Қазақстан әдебиеттану, фольклортану және өнертануы экожүйесінің цифлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» (BR27101897) ғылыми зерттеу жобасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: фольклор, сыншылық өнер, мәтін, аңыз, ертегі, жанр.

N.Nabiolla[1]*, Z.N. Seyitzhanov[2]
[1]M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]nasihat_83@mail.ru, [2]asegizbayeva_84@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-9832-8028, [2]0000-0002-9834-5503

THE ART OF CRITICAL JUDGMENT (SYNSHYLYK ONER) IN KAZAKH FOLKLORE

Abstract. In this article, the essence, content, and socio-cultural role of the art of synshylyk in Kazakh folklore are examined. Synshylyk is presented as a distinctive form of traditional knowledge that developed in

[*] ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Н.Набиолла, З.Н. Сейітжанов. Қазақ фольклорындағы сыншылық өнер // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 52-68. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-04.

close connection with the nomadic lifestyle of the Kazakh people, the growth of pastoral livestock breeding, and long-standing hunting traditions. Such conditions encouraged the emergence and development of this phenomenon, since they required people to possess sharp observation, practical experience, and the ability to draw quick and accurate conclusions. In traditional Kazakh society, synshy were regarded as individuals distinguished by special insight and life wisdom. By observing external signs, they could judge a person's character, determine the qualities of a racehorse, a bird of prey, or other animals, reveal their nature, and even anticipate possible future developments. These abilities were formed through many years of experience, continuous observation of nature, and a deep knowledge of customs and traditions. The purpose of this research is to analyze the content of the synshy tradition in folklore texts and to determine its place within the system of the people's worldview. The results show that synshylyk also carried social and educational significance.

Acknowledgements. The article was prepared with financial support from the research project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2025–2026, "Digital Transformation of the Ecosystem of Literary Studies, Folklore Studies, and Art Studies of Kazakhstan: Interdisciplinary Research" (BR27101897).

Keywords: folklore, The Art of Critical Judgment, text, legend, tales, genre.

Н.Набиолла[1]*, З.Н. Сейтжанов[2]

[1]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]nasihat_83@mail.ru, [2]asegizbayeva_84@mail.ru

ORCID: [1]0000-0001-9832-8028, [2]0000-0002-9834-5503

ИСКУССТВО КРИТИЧЕСКОГО СУЖДЕНИЯ (СЫНШЫЛЫҚ ӨНЕР) В КАЗАХСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ

Аннотация. В данной статье рассматриваются сущность, содержание и общественно-культурная роль искусства сыншества в казахском фольклоре. Сыншылык представляется как особая форма народного знания, сформировавшаяся в тесной связи с кочевым образом жизни казахского народа, развитием скотоводства и традициями охоты. Эти условия способствовали появлению и развитию данного явления, так как требовали от людей высокой наблюдательности, практического опыта и умения быстро делать точные выводы. В традиционном казахском обществе сыншы считались людьми с особой проницательностью и жизненной мудростью. По внешним признакам они могли судить о человеке, определять качества скакового коня, хищной птицы и других животных, раскрывать их сущность и даже предугадывать дальнейшее развитие событий. Подобные способности формировались благодаря многолетнему опыту, постоянному наблюдению за природой и глубокому знанию традиций. Цель исследования заключается в изучении содержания традиции сыншества в фольклорных текстах и определении её места в системе народного мировоззрения. В работе применены описательный, сравнительно-исторический, систематизирующий и интерпретационный методы. Результаты исследования показывают, что искусство сыншества выполняло не только практическую, но и важную социально-воспитательную функцию, способствуя формированию нравственных ценностей и развитию наблюдательности. Также в фольклорных источниках образы известных сыншы представлены как воплощение народной мудрости проницательности и дальновидности что подчеркивает их значительную роль в духовной культуре казахского народа и общественной жизни.

Благодарность. Статья подготовлена при финансовой поддержке научно-исследовательского проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2025–2026 гг. «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствоведения Казахстана: междисциплинарные исследования» (BR27101897).

Ключевые слова: фольклор, искусство критического суждения, текст, легенда, сказка, жанр.

1. Кіріспе

Қазақ халқының дәстүрлі рухани мәдениетінде адамды, жан-жануарды, табиғат құбылыстарын терең танып-білуге негізделген ерекше танымдық өнер түрлері қалыптасқан. «Өнер өмір құбылыстарын бейнелейтін сәулет, мүсін, кескіндеме, музыка және басқада көркемдік формаларды дүниеге әкелді» (Aitmuratova, 2025: 98). Солардың бірі – сыншылық өнер. Бұл өнер қазақтың көшпелі өмір салтымен, мал шаруашылығы мен аңшылық кәсібімен тығыз байланысты дамыған. Халық күнделікті тіршілігінде жылқының жүйріктігін, қыран құстың алғырлығын, адамның мінез-құлқы мен болашақ болмысын сыртқы белгілеріне қарап дәл танып, бағалай білген. Осындай қабілетке ие, көреген, зерделі адамдарды халық сыншы деп атаған.

Сыншылық өнер – тек тұрмыстық тәжірибеден туған қарапайым дағды емес, ол ұзақ жылдар бойы жинақталған халықтық білімнің, өмірлік тәжірибенің және терең ойлаудың нәтижесі. Сыншылар заттың немесе адамның сыртқы пішіні мен ішкі қасиетінің арасындағы байланысты аңғарып, оның болашағына болжам жасай алған. Сондықтан да қазақ қоғамында сыншылардың беделі жоғары болып, олардың айтқан сөзіне ел сенген, құрмет көрсеткен.

Қазақ фольклорында сыншылық өнерге қатысты аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, өлең-жырлар мол сақталған. Толыбай сыншы, Жалайыр Шора, Дүйсенбі сыншы, Қалқабай, Төлебай, Әйтеке, Бұғыбай сияқты тұлғалар туралы деректер сыншылықтың тек мал мен құсты емес, адам болмысын да қамтыған кең ауқымды өнер екенін дәлелдейді. Сыншылық сөздер арқылы халық жақсы мен жаманды айырып, адамгершілікке, әділдікке, парасаттылыққа тәрбиеленген.

Осы зерттеудің мақсаты – қазақ фольклорындағы сыншылық өнердің табиғатын, мазмұнын және қоғамдық-мәдени маңызын ашу, сыншылық сөздердің халық дүниетанымындағы орнын айқындау. Бұл тақырыпты зерделеу қазақ халқының рухани мұрасын терең түсінуге және ұлттық танымның ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеуде дәстүрлі гуманитарлық ғылымдарға тән бірнеше әдіс-тәсілдер қолданылған. Ең алдымен, қазақ фольклорындағы сыншылық өнердің мазмұны мен мәнін ашу үшін сипаттамалық әдіс пайдаланылған. Фольклорлық мәтіндердегі сыншылыққа қатысты деректерді жинақтап, олардың ерекшеліктерін көрсету мақсатында жүйелеу және талдау әдістері қолданылған. Сыншылар туралы аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер мен тарихи деректерді салыстыра қарастыру барысында салыстырмалы-тарихи әдіс негізге алынған. Сонымен қатар, сыншылық өнердің қоғамдық, тәрбиелік және эстетикалық қызметін айқындау үшін контекстік талдау жүргізілген. Адам, жүйрік ат, қыран құсқа қатысты айтылған сын үлгілерін мәнмағынасы жағынан зерделеуде интерпретациялық әдіс қолданылған. Ал сыншылық сөздердің халық дүниетанымымен, ұлттық құндылықтармен байланысын көрсету үшін мәдени-танымдық әдіс пайдаланылған. Осы әдіс-тәсілдер кешені зерттеу нысанын жан-жақты қарастыруға және ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген.

2.2 Материалдарға сипаттама

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, фольклоры және халық даналығы аясында сыншылық өнер жанама түрде бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Атап айтқанда, Ә.Марғұланның «Саят құстары», С.Бегалиннің «Саятшы әңгімелері», зерттеуші ғалым С.Қасимановтың «Алтай аңыздары» еңбектерінде кездеседі. Б.Уахатов қазақ халық өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін зерттей отырып, аңшылық, саятшылық, құсбегілікке қатысты танымдық деректерге назар аударған. Б.Адамбаев, М.Ахетов зерттеулерінде шешендік сөздер мен халық даналығы аясында адамға айтылатын сын, мінездеу, бағалау дәстүрлерін талдаған. А.Тоқтабай жылқы феноменін зерттеу барысында атбегілік пен жылқыны тану мәдениетіне тоқталып, сыншылықтың кәсіби қырына мән береді. Сонымен қатар Ж.Бабалықов пен А.Тұрдыбаев қыран құстарды баптау, тану өнерін арнайы қарастырып, құсбегілік пен сыншылық арасындағы байланысты көрсетеді. Ал Ж.Дәдебаев, Н.Мыңжанұлы сынды зерттеушілер тарихи-танымдық, мәдени контексте халық тәжірибесіне сүйенген бағалау, пайымдау мәселелеріне назар аударған.

Сондай-ақ Монғолиялық құсбегі, сыбызғышы Т.Сауыржанұлының «Құсбелігілік», этнограф Б.Кәмәлашұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» деген зерттеуінде, Орталық мемлекеттік музейден шыққан этнографиялық энциклопедияда мол мәліметтер берілген. Ш. Жаңгірұлының «Алымыр құстар жөнінде», «Бүркіт және оның ерекшеліктері» зерттеу мақаласында, Н. Қызыханқызының «Аңшылық хикаялары» кітабында, Б.Хинаят пен Қ.Исабековтың «Саятшылық» еңбегінде, А.Тойшанұлының «Саятшылыққа қатысты фольклор» зерттеуінде де сыншылық туралы, сыншылар туралы ғылыми тұжырымдар кездеседі.

Алайда аталған зерттеулерде сыншылық өнер жеке, дербес құбылыс ретінде жүйелі түрде арнайы нысанға алынбайды. Көбіне ол атбегілік, құсбегілік, шешендік сөздер немесе халық даналығының құрамдас бір қыры ретінде ғана қарастырылады. Бұл мақала осы тұрғыдан алғанда жаңалығымен ерекшеленеді. Мақалада сыншылық өнер тұтас феномен ретінде қарастырылып, оның малға, қыран құсқа және адамға қатысты айтылатын түрлері бір арнада жинақталып**,** өзара байланыста талданады. Сонымен бірге сыншылық өнердің фольклорлық жанрлармен (аңыз, шешендік сөз, арнау өлең) байланысын нақты мысалдар арқылы көрсетіп, олардың тәрбиелік, әлеуметтік және эстетикалық қызметін кешенді түрде ашады. Осылайша мақала бұрынғы зерттеулерді толықтыра отырып, сыншылық өнердің қазақ рухани мәдениетіндегі орнын кеңейтілген, тұжырымды қырынан айқындауымен ерекшеленеді.

3. Талқылау

Қазақ халқының өмір-тіршілігі негізінен малға байланысты болса, екінші жағынан аңшылықпен айналысқан. Аңшылық өмір түркі халықтарының біразына ортақ екені белгілі. Ол туралы зерттеу еңбектері де жазылған (Монгуш, Куулар, 2025: 55-68). Ертедегі адамдар жан-жануар, хайуанат дүниесінің сыр-сипаты жайында көп нәрсе біліп таныған, сол негізде ырым-тиымдар да барлыққа келген және көптеген өлең-жыр, аңыз-әңгіме тудырған. Жазушылар осы тақырыпта балаларға арналған шағын ертегі жазғаны да белгілі болып отыр (Сәрсенбаева, Сәметова, 2022: 163-170). Құстардың қазақ поэзиясындағы образы туралы да зерттеу жүргізілген (Жарылғапов,

Бақбергенова, 2024: 124-135). Ерте кезеңнен қазіргі заманға дейін де адамдар мен жан-жануар арасында тығыз қарым-қатынас болған. Сондықтан адамның, жан-жануардың, жердің бедер-белгілеріне қарап оның ерекше сипатын жазбай танып, сынайтын білікті адамдар, яғни сыншылар болған. «Сыншы – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұғым. Қазақ арасында өмірде көргені мен түйгені көп зерделі тұлғалар адамды, малды салған жерден дене бітіміне қарай мінез-құлқын ерекше жазбай айтатын болған. Адамның көзі, құлағы, аузы-мұрны сияқты түрлі дене мүшелеріне қарап-ақ кім екенін нақ айтатын Толыбай сынды сыншылар тарихтан белгілі. Мұндай адамдар малды, әсіресе жылқы малын сынауда мол тәжірибе жинақтап, не бір көрегендік таныта білді» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, Т.8., 2006: 134). Мәселен, Жиренше, Асан қайғы, Толыбай, Күреңбай, Жалайыр Шора, т.б. адамдарды айтуға болады. Ел аузында мынадай аңыз сақталған. «Бірде қыран бүркіт ұша берсем қанатым талады, жерге түссем Жалайыр Шора алады деп қорқушы едім депті. Міне, сол Жалайыр Шора деген адам аспандағы құстың тілін біледі екен кейінгі құсбегі, аңшылардың арғы атасы сол Жалайыр Шора екен» дейді (Уахатов, 1974: 87).

Саятшылар қыран құстың дене бітіміне қарап, олардың қандай құс екенін де ажырата білген. Бірде бірнеше адам жер шолып, жолаушылап келе жатады. Жолжөнекей қоңыр аңдардың көп екенін байқайды. Осы кезде Майлының биігінен атылып аспанға шығып, қайта құйылып құлдилаған, түз бүркіті арқардың бір қозықасын іліп алып кетеді. Сонда Топай би саятшы Бұғыбайға қарап: «Анау, қандай құс?» – деп сұрайды. Сонда Бұғыбай сыншы аспандағы қыран құсқа қарап тұрып: «қырдың қыраны – қапсағай денелі, жебелі саусақты, қайқы жауырын қарашегір ғой, қанды көз, орақ тұмсық, делдек танау, жуан балтыр, үш түлеген тастүлек екен» депті (Баймолла, 2000: 37). Саятшының айтқаны қыран құсқа тән. Тіпті бүркіттің жасын да (үш түлеген) анықтап береді. Бұл саятшы Бұғыбайдың құс жайындағы өнер-білімінің жетік екенін көрсетеді.

Аттың жалы, түйенің қомында өскен қазақтың тапқыр, даналығын өмірдің өзі үйреткен. Түйенің ізіне қарап түр-түсін айтатын, қозыға қарап енесін табатын, жоғалған биенің ішінде кеткен құлынын ат болғанда танып алатын сыншылар туралы фольклорлық мұраларда сақталған. Мәселен, Махмұт Қашқаридың «Диуани-лұғат-ат-түрік» сөздігінде XI ғасырдағы қазақ ру-тайпаларының аңшылық өмірін суреттейтін бір шоғыр өлең шумақтары бар. Демек, халық баққан малының, баптаған қыран құстарының сыр-сипатын жақсы білген. Әсіресе, жүйрік ат, қыран құстарды сынайтын сыншылардың орны ерекше болған. Сол белгілі сыншылардың бірі «Асан қайғы және Әмет батыр» аңызында айтылады. әз Жәнібек хан өзінің сыншысы Айсыл есімді қартын жұмсапты:

– Менің аттанатын жауым бар еді. Соған мінетін бір тұлпар тауып кел! – деп қолына мың сом ақша беріпті. Сонан қарт іздеп, іздеп, ақырында бір құла шолақ бие әкеліп, ханға кіріп сәлем берген. Сонда хан:

– Таптың ба? – дегенде, «таптым» деген соң, сыртқа шығып қарапты да:

– Бұл тұлпар бола ма? – депті. Қарт:

– Мұның өзі тұлпар емес, мегер ішінде еркек қара төбел құлыны бар, сол – тұлпар, – дейді. Хан:

– Ай, сол тұлпар бола ма?! – деп, биенің екі көзін ойып алып, қарттың өзіне беріпті. Қарт бағып, уақыты болғанда бір еркек құлын туып, енесінің екі жағына асып түсіп тұр екен (Бабалар сөзі. Т.85., 2011: 182-183). Кезінде әйгілі сыншылар айдалада жатқан жылқының қу басына қарап тұлпар екенін таныса, ал мұнда биенің ішіндегі құлынды тумай тұрып танып, оның тұлпар болатынын дәп басып айтып, қасиетін анық көрсетеді. Жүйрік аттарды танып, сынайтын сыншылар «жылқының сыртқы түр-тұрпатынан бастап, ішкі құрылысына дейін, анатомиясын, мінез-құлқынан бастап көңіл-күйіне, психологиясына дейін бір қарағанда білетін, қазіргі тілмен айтсақ интеллектуалды маман. Сондықтан қазақ қоғамында сыншылардың әлеуметтік мәртебесі жоғары болған» (Тоқтабай, 2010: 28). Өйткені халық өмірінде бәйгеден артық салтанат, қызық болмаған. Сыншылықтың қыр-сыры, іште кеткен құлынды тұлпар болғанда танитын зеректігі «Төле бидің төреліктері» деген аңыздада төмендегідей көрініс тапқан. ...«ат менікі» деп отырған Төлебай сыншы қамшысын тастайды да, өз дәлелін айтты:

– Мені ел босқа сыншы деп атап жүрген жоқ. Мен өмірімде көрмеген малдың енесін көріп, төлін танимын. Төлін көріп енесін дәл ажыратамын. Ал мынау жүйрік ат менің боз биемнің құлыны екені даусыз. Бір кезде буаз кезінде боз бием қолды болды да, көз жазып қалдым. Ұры ауылымды торуылдап жүрген кезінде қолға түсіру үшін сойдауыттай жігіттерді күндіз-түні жылқыға қарауылдаттым. Арада бір жыл өткенде боз биемді мініп, жылқы ұрлауға келген ұры қашып құтылды. Биемді тастап қашқан екен. Ауаға ұшқаны, жерге сіңіп кеткені белгісіз, зым-зия құрыды.

Бием қолды болса да өзіме келді. Ал құлыны қайда деп жүретін едім. Бүгін бәйгеден озып келген сұр қасқаның осы боз биеден туған құлын екенін танып, «өзіме қайтар, бәйгеге сен-ақ ие бола ғой» десем, көнер емес. Оның соңы төбелеске айналғанын бәрің де көріп-білдің. Ал, бала би, атаңның әруағы қолдасын, әділ төрелігіңді өзің айт! – дейді.

Төлебайдың сыншылығынан басқа дәлелдерді жоқ екенін халық: «Ойпыр-ай, бұл дауды қалай шешер екен, бала би? Аналар өліспей беріспейін деп отыр емес пе? Төлебай сыншы екенін, елге кеткен дабыра атын пайдаланып, біреудің жүйрік атына ауыз салып отыр демеске амал жоқ. Дегенмен, шешуі қиын іс болды» деп өзара сыбырласып отырғанда Төле саңқ ете түсті:

– Уай, жамағат, екі жағың да естіп білдіңдер. Ал мен былай ету керек деп есептеймін. Екі жақтың да осы тұлпардың енесі атанған биелерін әкелуді сұранамын,– деді. Билік жасаушының сөзі екі болған жоқ. Түнделетіп екі жақтан да биелер жеткізілді. Енді Төле:

– Екі бие де бір бағытпен үш күндік жолға айдалсын. Үш күн дамыл бермей жорғалатып, шаршатып келсін, – деді.

Екеуіне де бала мінгізді де, қаумағалаған қалың топтың ішінен екі-үш адам бөлініп, биелерді жолға аттандырып, бірге жөнелді.

Үшінші күні ел билік құрылған төбе басына жиналды. Екі бала да ақ көбігі шығып, ентіге жетті. Анадай жерде байлаулы тұрған тұлпарға Төлебайдың тарпаң биесі оқыранып, желінінен сүт ағып иіскелеп тұра қалды. Тұлпар да енесін танып оқыранды.

Сенің малың екен. Тұлпар сенікі, – деді (Бабалар сөзі. Т.86., 2011: 16). Бұл аңызда да сыншының ерекше қыры анық байқалады. Тұлпардың бітім-болмысына қарап өз малы екенін таныған сыншы бейнесі асқақтата көрсетіледі.

Аталған екі аңыз мазмұнын салыстыра қарастыру барысында қазақ фольклорында сыншылық өнердің халықтық танымға негізделген ерекше білім жүйесі ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Айсыл сыншы туралы аңызда буаз биенің ішіндегі құлынның болашақта тұлпар болатынын алдын ала тану арқылы сыншының көрегендігі мен терең тәжірибесі бейнеленсе, Төлебай сыншы туралы аңызда жүйрік аттың бітім-болмысына қарап оның тегін, шыққан төркінін дәл анықтау қабілеті көрініс табады. Екі мәтінде де жануардың сыртқы пішіні мен ішкі табиғатының арасындағы байланысты тануға негізделген халықтық білім айқын байқалады. Сонымен бірге бұл аңыздар сыншылардың қоғамдағы беделінің жоғары болғанын, олардың пайымы халық тарапынан сенімді бағалау өлшемі ретінде қабылданғанын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, сыншылық өнер қазақ фольклорында тек жеке қабілет ретінде емес, халық тәжірибесіне сүйенген танымдық және әлеуметтік мәні бар мәдени құбылыс ретінде көрінеді.

Қытайдағы қазақтардың арасында XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Дүйсенбі сыншы бай-ауқатты адам болыпты. Реті келсе малды да, адамды да сынай беретін қасиетімен халыққа танымал болған. Осы ерекшелігіне қарай ел оны би деп те атайтын болған. Ол сөзге шебер де шешен, әрі білгір сыншы болуымен көп құрметіне бөленеді. Дүйсенбі сыншы жүйрік атты түр-тұлғасына қарап сынаса, кейде үйде отырып, атты көрмей-ақ сырттан келе жатқан аттың аяқ алыс дыбысына құлақ түре отырып сын айта береді екен. Ол бірде қонақта отырғанда сырттан дүбірлеткен бір атты адам үйге түседі. Жолаушының атының дүбіріне құлақ түріп отырған Дүйсенбі: «Апыр-ай, мына аттың аяғынан от жанып тұрғаны-ай», – деп таңырқайды. Шай ішілген соң, далаға шығып қараса, арық ақбоз ат екен. Дүйсенбі астындағы семіз жорға атын жолаушының ақбозына айырбастап алады. Кейін сол ақбоз ат Майлы-Жайырда болған бәйгенің алдын бермей, даңқы бүкіл елге тарайды. Бірде Саржан ауылының биебауында жатқан құла тайға көзі түседі. Иесіне бір ат беріп тайды алып кетеді. Кейін құла құлын жүйрік ат болып талай жарыстың алдын бермепті.

Егер Дүйсенбі сыншы ас-тойларға барса, бәйгеге қосылатын сәйгүліктерді оның алдынан өткізеді екен. Сыншы бір қарап-ақ, осы жолы қайсы аттың озып келетінін бірден айтатын көрінеді және Дүйсенбінің айтқаны дәл келеді. Мұндай жағдай ол аттың түр-тұлғасына, бітім-болмысына қарай сын айтады. «Ел ішінде сыншыларды қадір тұтып, құрмет көрсететін болған. Қазақ халқы бәйгеге аса мән береді. Бәйге атын қымбат бағалайды. Бәйге аттарын айыра тану мен баптаудың өзі ұзақ жылдық халық тәжірибесінен жиналған арнаулы білім. Қазақ халқы «ат – адамның қанаты» дейді. Қазақ халқының салт-санасында оза шауып, бәйге алу үлкен даңқ саналады» (Мыңжанұлы, 1987: 683).

Дүйсенбі сыншы туралы деректер қазақ фольклорындағы сыншылық өнердің жоғары деңгейдегі тәжірибелік білім мен терең бақылауға негізделген танымдық қабілет екенін көрсетеді. Аңызда сыншының жүйрік атты тек сыртқы бітіміне қарап қана емес, кей жағдайда аттың аяқ алысының дыбысына қарап-ақ бағалай алуы оның

табиғи зеректігі мен көп жылдық тәжірибесіне сүйенген кәсіби шеберлігін аңғартады. Сонымен бірге бәйге аттарын дәл тануы мен болашақ жүйріктерді алдын ала болжауы қазақ қоғамында сыншылардың беделінің жоғары болғанын және олардың пікірі сенімді өлшем ретінде қабылданғанын дәлелдейді. Бұл деректер сыншылық өнердің жылқы мәдениетімен тығыз байланысты қалыптасқанын және қазақ халқының мал тану дәстүрінде ерекше танымдық әрі әлеуметтік қызмет атқарғанын көрсетеді.

...Жорыққа қолбасшылық етіп келе жатқан орда адамының бірі Жәнібектің көк дөненіне былайша сипаттама береді:

«...биік қабақ, шара көз,
Бөкен танау шелектей.
Саптаяқтай салпы ерін,
Ырыс толы көнектей.
Шоқпар кекіл, құлан жал,
Құлын сауыр, қақпан бел.
Шоқтығы биік дөңгелек,
Шашасы жерді сыпырған.
Бура санды елгезек,

Аяңы желмен ұмтылған», – дейді (Ер Жәнібек, 2008: 281). Сыншы бір қарап-ақ жүйрік аттың үйлесім тапқан дене мүшелерін санамалай атап көрсетеді. Жорыққа шыдамды, жарыста жүйрік аттың дене бітімі сондай сұлу-сымбатына көзқарақты атбегінің көңілі толады, жауға мінуге жарамды ат екеніне көңілі сенеді.

Жүйрік ат пен қыран құсты сынап-тану үлкен өнер. Сондай-ақ жүйрікті бәйгеге қосу, қыранға аң-құс ілдіру үшін оларды баптай білу керек. Адамға да, жүйрік атқа да, қыран құсқа да бап керек. «Бабына келген тұлпардай, шабытына келген сұңқардай» деген қанатты сөз осындай жағдайға байланысты айтылғаны хақ. Атақты екі құсбегінің (Тіней мен Шора) аттары аңызға айналған. «Тінейдегі қасиет – ұялас екен сары құспен, Шорадағы қасиет – тілдес екен бар құспен» дейтін мақтау, аңыздар ел арасына кең тараған.

Қыран құс пен жүйрік аттың талабын түсіну, ұғу, бабына келтіріп оларға көңіл аудару еріккеннің ермегі емес, бапкерлік өнердің талабы деп ұғу қажет. Бабына келмеген жүйрік те, қыран құс та ойдағыдай нәтижеге жете алмайды. Сондықтан бұларды баптап, бағып-қағу, күйіне келтіру, кәсіптік, сауық-сайрандық, сән-салтанаттық және халық тарихында, мәдени дамуда мән-маңызы зор болғаны аян.

Жүйрік аттарды баптап, жаратып аламан бәйгеге қосатын адамдарды «атбегі» десе, «құсбегі – қырандарды түрге, топқа текке айыра білетін, олардың түр-тұлғасына, сүйек бітіміне қанат-құйрық, жүн-қауырсындарына қарай құсты сынай білетін сыншы адам» деп түсінік береді (Бабалықов, Тұрдыбаев, 1983: 12). Бұған қарағанда мал сыншысы болсын, құс сыншысы болсын білгірлік-білімді, қырағылықты қажет ететін өнер болып есептеледі. Ұлттық рәміздегі қыран мен жылқының бейнеленуі де тегін болмаса керек. Жүйрік пен қыранның сыны мен бабы бірден бірге ауысып бізге жеткен. Мұндай адамдарды неге құрметтейді? «Дүниедегі нәрселердің заты, сипаты, мәнісі қандай екенін және қандай болуы керектігін білетін адамды ақылдыдар қатарына жатқызады» (Әл-Фараби, 1975: 95). Демек, сыншылар

қатардағы жай адамдар емес, ақылды адамдар тобына жатады екен. Бір затты сынап, оның бойындағы ерекшелікті тану – екінің бірінің қолынан келмейтін қабілет. Олай болса сыншылар білім мен ақылды ұштастыра білетін адамдар десек болады және олардың сыны белгілі бір затқа байланысты айтылады.

Кейбір сыншылар жан-жануар, аң-құстарды сынап қоймай, адамдарға да сын айтатын болған. Адамдардың келбетін, іс-әрекетін, мінез-құлқын мақтап не мінеп сын айту халық әдебиетінің кейбір жанрларында кездесетінін байқауға болады. «Адамдарға айтылатын сындар да әр алуан. Ата – балаға, көпті көрген көне – жаңа талап жастарға сын айтып болашағына болжам жасау – ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі» (Адамбаев, 1976: 98). Мәселен, «Аяз би» ертегісінде Мадан хан: «өзімді сынашы, мен неше атамнан бері хан екенмін», – дейді. Жаман хандық Мадан ханның өз басында ғана бар екенін айтады. «Оны қалай білдің?» деген ханға: «Мен жақсы-жаман болсам да үйіңізге келген қонақ едім, аузыңызға хандардың ішер асы – жал-жая түспей, нан мен көже түсті, сіздің аталы хан емес екеніңізді осыдан байқадым», – деп Маданның аталарында хандық болмағанын дәл табады. Сонымен Жаман ханның өзін, тұлпары мен гауһар тасын сынайды. Жаманның айтқан сындарының барлығы шынға шығады. Жаман өзінің білгір-біліктілігінің арқасында ханның бас уәзірі болады.

Адам мен атты сынау – қазақтың үш биінің бірі Әйтекеге байланысты аңыздардан да көрінеді. Онда Әйтеке өзімен жекпе-жекке шыққан қалмақ ханы мен оның тұлпарын төмендегідей сынап, қарсыласының мысын басады. «Әйтекенің жекпе-жектегі жеңісі» деген аңызда Әйтекенің шешендігімен қатар, сыншылығы да сөз болады. Аңыз арасында ол төмендегідей келеді.

...Мен – ханмын, сен – қарасың. Кезек – менікі!

– Оныңа да көндім. Қырып кететін болсаң – ал, баста!

– Ажалыңа асықпа! Біз екеуміз әуелі сөзбен сынасып көрелік. Әйтпесе, қазір қаның суша шашылған кезде сенің шешендік, сыншылық өнеріңді көре алмай қалармын.

Әйтеке:

– Біз қай-қайсысына да әзірміз.

Қалдан-Бошақты:

– Онда сен мына менің қай атамнан хан екенімді айтшы!

– Сенің қара басың ғана хан. Арғы аталарың тексіз құл.

– Оны немен дәлелдейсің?

– Жаңа жекпе-жекке шығып келе жатып, арт жағыңа үш қайыра жалтақтадың. Текті хан сен секілді жан-жағына жалтақтамас болар!

– Бұл сөзің дәлел емес. Қазымырдың қызыл сөзі.

– Онда сені шешеңнің қазіргі әкем деп жүрген кісіңнен емес, есігіндегі құл қытайдан тапқанын қалмақтар ғана емес, бүкіл қазақтар біледі.

Осындай сыбысты бұрын да өз жұртының арасынан құлағы шалатын Қалдан-Бошақты түнере түсіп барып, мүлдем мұндай әңгімені құлағына ілмеген сыңайда, тез бойын жинайды.

– Сен секілді айдаладағы тілін сауып, күн көріп жүрген тексіздің сөзі маған сын емес! Енді сен мына менің астымдағы атыма сын айт!

– Атың – жүйрік, ойға-қырға бірдей. Күні-түні жортсаң, бүйір қақпайтын мықты. Бірақ, бәрібір таза қанды арғымақ емес. Есекке шатысы бар.

– Дәлелде!

– Таза қанды арғымақ қоңыраудай күңгірлеп кісінер болар. Ал сенің атың жаңа ішін тартып, үсті-үстіне азынады. Бүйтіп есек қана қышқырады.

Қалдан-Бошақтының астындағы аты әу баста шынында арғымақ тұқымы екені рас-ты. Бірақ, мықты болады деп, құлын күнінде есекке телігені де рас-ты (Бабалар сөзі. Т.86., 2011: 110-111).

Адамды сынау шешендік сөздерде көбірек кездеседі. Наурызбай би жасырақ кезінде қыпшақ Моғал биді шақырып қонақ етеді және өзін сынатады. Сонда Моғал би:

Ілімің бар екен,
Білімің әлдеқалай.
Қағуың бар екен,
Халқыңа жағуың әлдеқалай?
Айлаң бар екен,
Халқыңа пайдаң әлдеқалай?
Жорғалығың бар екен,
Халқыңа қорғандығың әлдеқалай?
Заттығың бар екен, жарқыным,
Халқыңа қымбаттығың әлде қалай? – деген екен (Адамбаев, 1976: 99). Тәжірибелі сыншы жас бидің ақыл-қайраты барлығын жоққа шығармайды. Екінші жағынан соны қалай жұмсағанда халыққа пайдалы болатынын тіке бетіне айтады. Би қара қылды қақ жаратын әділ болу керектігін ескертеді. Жас бидің іс-әрекет, мінез-құлқына күдікпен қарайды, сын айтып кеңес береді. Халқыңды силап, көптің көңілін тап деген ойын салыстырмалы түрде жеткізеді.

Ер Жәнібектің нағашылары ұлы жүз сары үйсін Досымбек, Өмір деген бүкіл қазаққа белгілі батыр адамдар болыпты. Жәнібек ержете сол нағашыларын көріп, амандасып қайтуға іздеп келеді. Досымбек сыншы адам болғандықтан жиенін сынап байқайды:

Келісімді келбеті
Досымбекке ұнады.
Ер тұлғалы денесі,
Көргенді қайран қылады.
...Екеу болса бірі деп,
Бірі болса өзі деп,
Нағашысы сынады. (Ер Жәнібек, 2008: 73-74)

Жиенінің келісімді-келбеті, ер тұлғалы денесі, кесек бітіміне қарап батыр болады деп көңілі толады. Адамның да, малдың да (жылқының) кескініне көз салып адамның батыр-қорқағын, аттың жүйрік-шабанын ажырата білетін Досымбектің сыны дәл келеді. «Аңыз-әңгімелердегі сыншылар айтқан сында адамзат ақыл-ойының кемел жүйесі көрініс тапқан. Толыбай сыншының түрлі дерек көздерінде сақталған сыны халық әдебиет үлгілерінде сыншылар айтқан сынымен тетелес, негіздес» (Дәдебаев,

2018: 154). Бұған қарағанда сыншылар айтқан сөз халық әдебиетінің әр жанрында кездеседі. Сыншылар айтқан сөз сындарынан жақсы-жаманды айырып адамгершілік асыл қасиеттерге шақыру екенін байқауға болады.

Жоғарыдағы фольклорлық мәтіндер қазақ дәстүрлі мәдениетінде сыншылық өнердің тек жан-жануарды танумен шектелмей, адам болмысын бағалауға да бағытталған көпқырлы танымдық құбылыс болғанын көрсетеді. Аңыздар мен шешендік сөздерде сыншылар адамның сыртқы келбеті, іс-әрекеті, мінез-құлқы мен сөз саптауына қарап оның әлеуметтік мәртебесін, тектілігін, болашақтағы қоғамдық орнын дәл болжай алатын көреген тұлға ретінде бейнеленеді. «Аяз би», «Әйтеке би» туралы аңыздарда және шешендік сөз үлгілерінде сыншылық ақыл-парасаттың, тапқырлықтың және әлеуметтік бақылаудың құралы ретінде көрініс табады. Сонымен бірге сын айту дәстүрі халық әдебиетінде тәрбиелік қызмет атқарып, адамды әділдікке, парасаттылыққа, елге пайдалы болуға үндейтін моральдық-этикалық өлшем ретінде қалыптасқанын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, сыншылық өнер қазақ фольклорында жеке қабілет ретінде ғана емес, қоғамдық құндылықтарды бағалайтын, адамгершілік нормаларды қалыптастыратын мәдени-әлеуметтік институт ретінде көрінеді.

Адамдардың жақсылығын мадақтау, жамандығын даттау өмірге дұрыс көзқарас қалыптастырудың бір шарты сияқты. Өйткені «жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» болатыны белгілі. Сондықтан жақсы адамдардың жақсылығын, жаман адамдардың жамандығын сынап баға берудің өзі адамдарды ізгілікке қарай бейімдеудің мақсатынан туса керек. Табансары би ордасына келген Жәнібекті сөзден қағады. Сонда Жәнібек:

Астыңа құла жорға ат мінгізсе,
Алты ай мініп арытпассың.
Жаныңа мың тал оқ салса,
Біреуін жауға дарытпассың.
Қарыны кебежедей кәлтиген сары неме
Сен де еліңе би болып жарытпассың, – деп мінін тура бетіне айтады (Ер Жәнібек, 2008: 279). Бұл да сынай айтылған сөз. Би өзіне қарата айтылған сынды мойындап «қамалға шабар бір ұл туған екен ғой» деп жас жігіттің батылдығы мен батырлығын байқап үлгерген.

Дүйсенбі сыншы малды сынасын, адамды сынасын оның берген бағалары қалт кетпей, дәл айтқанындай болатын көрінеді. Күндердің бір күнінде Қалдықан дейтін адам Дүйсенбіні үйіне шақырады. Бесікте жатқан баласы Қоңқайды қандай болады? – деп сынатыпты.

– Сенің балаң қутаяқ кедей болады екен, басыңнан бағың таяды екен, – дейді.

Сонда Қалдықан: «Сен мұны қайдан білдің?» – дейді. Сонда Дүйсенбі:

– Әне, балаң, қутаяқ, қутаяқ, – деп жылап жатыр. Мал бітпейді, ішсе тоймайды,

қутаяқтың өзі болады, – депті (Баймолла, 2000: 302). Көп ұзамай Қалдықанның малы жұтап, өзі өледі. Қоңқай сексен жасқа дейін жасайды. Аузы асқа, иіні киімге жарымай, кедейлікпен өмірі өтіпті. Дүйсенбінің айтқаны дәл келеді. Сыншы жылап жатқан баланың дауысына қарап-ақ, болашағын болжаған.

Бірде Жанымхан Дүйсенбіге атың бүкіл елге тараған сыншы болсаң мыналарды сынап берші, – дейді. Сонда Дүйсенбі: «айта беріңіз, төре деп бас ұрмаймын, шындығын жасырмаймын, күйім келгенше дәл айтамын», – депті. Сонда Жанымхан:

– Мына Мамырбек қандай адам болады?

– Алғашында әділ болар, жасы егделей келе жан-жағын жайпап тұрар, – депті.

Жанымхан ойлап отырып:

– Ана Көбен қандай адам?

– Көбен желді күн далаға жаққан от қой, өртемесе өшпейді. Екі жүзді алмас қылыш қой, қалай шапсаң да қияды, – дейді. Шынында Көбен өткір тілді, батыр азамат болады. Ел ішіндегі жақсы-жаман істердің көбі Көбеннің араласуымен бітетін көрінеді. «Көбен Тарбағатайдағы Қытай жерінің шекарасын сақтайтын, Қытай патшасының жарлығымен тағайындалған қорылдайлық мәнсабы бар, қолында қазақ, қалмақтан ұстаған қырық шерігі бар адам» (Түйтек, Сүлейменов, 2001: 163). Ал Дүйсенбінің батырды алмас қылышқа балауы өте орынды айтылған баға деп білуіміз керек. Сонымен бірге осы Көбенге Әділбек деген сыншы да алғаш көргенде: «Мынауың орта бойлы, кең иықты, қараторы, түсі жылы, өткір көзді, қалай қашсаң да құтқармайтын кекшіл бүркіттің қыранындай екен, Көбен болса болар», – депті (Түйтек, Сүлейменов, 2001: 151). Екі сыншының сөзі бірін-бірі толықтыра түседі. Дүйсенбі «екі жүзді алмас қылыш» десе, Әділбек «кекшіл бүркіттің қыранындай» екен деп тамсанады. Екеуі де Көбеннің алымды-алғыр екенін жақсы аңдай білген. Екі сыншының сыны да көңілге қонымды. Көбен ақылмен де, батырлығымен де халықтың қадірлі адамы бола білген.

– Өз ұлың Ділдебай қандай адам болады?

– Ділдебайды сұрап не қыласың. Кеудесі асыл, бөксесі жасық. Би болып ел алдына түспейді, бет алмайды, бет алса бетінен қайтпайды, – дейді.

– Демежан қандай адам?

– Алланың гауһары ғой, айналасына нұр шашып тұрады. Шөлдегенге сусын, аңсағанға туыс боламын деп тұратын жақсылықтың жары, жамандықтың жауы емес пе? – депті. Сыншының Демежанға берген бағасы барынша шынайы екені дау тудырмайды. Демежан – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Тарбағатайдағы дөртуіл елінің үкірдайы (мәнсап аты), өте ақылды, талапты, талантты, ел қамқоры болып жақсылықты жақтаған азамат. Бір кезде Тарбағатайдағы сібе-солаңдар қазақтардың құнарлы жерін тартып алып иемденіп кетеді. Демежан халықтың кеткен кегін жоқтап, жерін қайтарып алады. Өжет, өткір мінезді Демежан қазақтарға озбырлық жасаған сібе-солаңдардың басшысын жазалайды, әділдік орнатады. Түрлі айтыс-тартыстарда қазақтардың сөзін ұстайды. Сондықтан халыққа тез танылып, қытайша сауатты азаматтың абыройы арта түседі, көптің құрметіне бөленеді. Оның абырой-атағын көре алмаған қара ниет адамдар өтірік жала жауып, абақтыға қаматады. Тарбағатай билеушісі Мәтен амбымен (амбы – ұлық деген сөз) тіл біріктіріп, жазығы жоқ жанды тергеп-тектемей-ақ, 1907 жылы Шәуешек қаласында дарға асып өлтіріп жібереді. Халық наразы болады, бірақ, параға сатылған Мәтен көптің сөзіне құлақ аспайды. Алайда жазықсыз жанның обалы жібермейді. Көп ұзамай Мәтен ұйықтамайтын ауруға ұшырап «Демежан келіп қалды» деп өзін-өзі

жұлып, «жынданып» қайтыс болыпты. Осы тарихи шындық күні бүгінге дейін ел аузында айтылып келеді. Дүйсенбі сыншының «айналасына нұр шашып тұрады» деген бағасы дәл айтылған. Елін сүйген ер Демежан, әділдігі жоқ тар заманның бейкүнә құрбаны болады. Бірақ жақсы адамның өзі өлгенмен, аты өлген жоқ. Демежан жайында қанша аңыз-әңгіме, өлең-жыр туды. Роман жазылды. Халқым деген азаматқа асыл сөзден асқақ ескерткіш қойылды. Демежанның жақсылығын, әділдігін көрген, білген сыншының ақ ниетінен туған әділ сөзі деп білген жөн.

– Мәми қандай адам? – деген сауалға – тілі балға, тісі төс, ерні қысқаш, тентектің мінін кескен қайшы емес пе? – депті. «Тентектің мінін кескен қайшы» деп отырған Мәми де белгілі, беделді адам. Әрі елге билік айтқан атақты төрт бидің бірі – Жұртбайдың баласы. Кезінде Ақыт ақын «Заманаң толғайын» атты толғауында:

Жұртбайдай болып жамағат,
Кім әділдік қылады.
Ғаділ болса Мәми би,

Елін ұстап тұрады (Үлімжіұлы, 1994: 4) – деп әкелі-бабалы екеуіне дұрыс баға береді. Өйткені Жұртбай мен Мәмидің іс-әрекеті көптің көңілінен шыққан. Сондықтан Дүйсенбі сыншы олардың әділдігіне жоғары баға берген.

Бұл мәтіндер қазақ фольклорында сыншылық өнердің адамның жеке қасиеттерін, мінез-құлқын және болашақтағы әлеуметтік орнын бағалауға бағытталған маңызды танымдық дәстүр болғанын көрсетеді. Аңыздар мен тарихи әңгімелерде сыншылар адамның сыртқы келбеті, сөзі, іс-әрекеті, тіпті дауыс ырғағы сияқты белгілеріне қарап оның болмысын, тағдырын және қоғамдағы орнын болжай алатын көреген тұлға ретінде сипатталады. Мұндай сындар тек жеке адамның қасиетін анықтау үшін ғана емес, сонымен бірге қоғамда жақсы мен жаманды айырып, әділдік пен адамгершілік құндылықтарды дәріптеу мақсатында айтылған. Дүйсенбі сыншы туралы әңгімелерде оның адамдардың болашағын дәл болжауы, батырлар мен билердің тұлғасын метафоралық бейнелер арқылы бағалауы сыншылық өнердің халықтық тәжірибеге негізделген терең әлеуметтік-психологиялық таным екенін аңғартады. Сонымен қатар бұл мәтіндер сыншылық сөздердің фольклорда тәрбиелік, моральдық және қоғамдық реттеуші қызмет атқарғанын, халық арасында беделді тұлғалардың іс-әрекетіне әділ баға берудің маңызды құралы болғанын дәлелдейді.

Қалқабай дейтін адам әрі шешен, әрі сыншы екен. Бірде Қалқабай бастаған бір топ адам Мамырбектің үйіне келеді. Мамырбек оған мына адамдарды таныстыр дейді. Сонда Қалқабай:

– Ана отырған сыбызғышы Ақымжан, ұрын келген күйеудей, қыздан туған жиендей. Елдің еркесі, жын-шайтанның серкесі, әр ауылға қонады, інжу-маржан болады, шайтанға іші толады. Ана отырған Тұмар, түбі түскен шелектей, бие сауатын көнектей, жолбарыстан жолдасы бар, жыланнан қамшысы бар, арыстаннан сырласы бар депті. Бергі отырған елубасы Өрісбай, сөзіне қарасаң тортасын айырған сарымай секілді, түріне қарасаң күздегі жабағы тай секілді, қол ішіне келсе айырылмайды, сыртынан келсе қайырылмайды. Ана отырған Жекібай, төресі беріп, елі көнсе ілгілай (мансап аты) болмақшы, бермесең әуре болмай қоймақшы... алған шығыны төленсе, алдыңнан жол бермейді, ханы қайыр қылмаса, қарасы бұған не дейді? Ана отырған

Шәбжі, алтыннан жиған дәні бар, қосқа қонған сұңқардай, атқа қонса тұлпардай, елі ұстаса мықты болмақшы, елі ұстамаса түсінде ұйқысынан бұзылмақшы емес... Мына отырған Құжыртай, оң жағына айналса бұлттан шыққан күн сияқты, сол жағына айналса өңменіңнен түскен жай сияқты, – деп тоқтайды. Өзіңді таныстыр дегенде:

– Тақсыр, мені неге жорамалдайсың, жүрісім тышқанның ізіндей, тілім етікшінің бізіндей, тайды басына ұрса, ат болғанда топқа кірмейді. Басшылық дұрыс болмаса ел дұрыс басқарылмайды. Басшысы қатаған болса, елі қашаған болады. Бастық ағып жатқан бұлақ болса, елі көк жайсаң құрақ болады. Ел-жұртын құрметтемейтін басшы қашанда құлап қалады, – деп сөзін аяқтайды (Баймолла, 2000: 289).

Қалқабай әр адамның іс-ірекетін де, мінез-құлқын да қамтып сөйлеген. Мәселен, сыбызғышы Ақымжанның сыбызғы тартып ел аралайтын әрекетін құптай қоймаған. Тұмардың айбаты да, қайраты да бар адам екенін ескертеді. Өрісбайдың өзінің амал-айласы бар аңғарлы адам екенін білдірсе, Жекібай іреті келсе ілгідай (мансап аты) болуды ойлайды, елі қаламаса әуре болғысы келмейді. Ал Құжыртайдың бірде шөл, бірде көл екі беткейлігі меңзеледі. Сыншы талғампаздық танытып бәріне лайықты сипаттама береді. Өзі туралы айтқанда басшыға өткір талап қойып, қатал болмауды құлаққағыс етеді. Халыққа қамқор болмайтын басшының «құлап қалатынын» кесіп айтады. Сыншының білім-білігі мол, әр адамның азаматтық тұлғасын нақты білгірлікпен аша білген. Олардың кісілігі мен пенделігін бірдей қамтып пайымдайды. Шын мен сынды тоғыстыра бағалауға ден қояды.

Қалқабай сыншы туралы әңгіме қазақ фольклорындағы сыншылық өнердің шешендік дәстүрмен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Мәтінде сыншы әр адамның мінез-құлқын, қоғамдық орнын, жеке қасиеттерін бейнелі теңеулер мен астарлы сипаттамалар арқылы дәл бағалайды. Бұл үлгіде сыншылық тек жеке адамды сипаттау құралы емес, сонымен бірге қоғамдағы моральдық өлшемдерді айқындайтын әлеуметтік пікір білдіру тәсілі ретінде көрінеді. Қалқабайдың айтқан сипаттамалары адамдардың мінезіндегі жақсы мен жаманды саралап, олардың қоғамдық жауапкершілігін көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар оның басшылық туралы айтқан ойлары сыншылық сөздердің тәрбиелік және қоғамдық реттеуші қызмет атқарғанын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, Қалқабай бейнесі қазақ фольклорында сыншылық өнердің шешендік, танымдық және әлеуметтік функцияларын біріктірген мәдени құбылыс екенін дәлелдейді.

4. Зерттеу нәтижесі

Жүргізілген зерттеу барысында қазақ фольклорындағы сыншылық өнер – көпқырлы, жүйелі және терең танымдық құбылыс. Біріншіден, сыншылық өнер қазақ халқының көшпелі өмір салтымен, мал шаруашылығы мен аңшылық кәсібімен тікелей байланысты қалыптасып, халықтың ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесіне негізделген. Сыншылар жүйрік аттың, қыран құстың, жан-жануардың сыртқы пішіні мен ішкі болмысын бір қарағанда ажыратып, олардың болашақ мүмкіндігін дәл болжай алған.

Екіншіден, зерттеу барысында сыншылық өнердің тек кәсіби (атбегілік, құсбегілік) сипатпен шектелмей, әлеуметтік және рухани қызмет атқарғаны айқындалды. Сыншылар адам болмысын, мінез-құлқын, ақыл-парасатын, болашақтағы қоғамдық

орнын бағалап, халықты адамгершілікке, әділдікке, парасаттылыққа тәрбиелеуге ықпал еткен. Адамға қатысты айтылған сындар көбіне шешендік сөздер мен аңыз-әңгімелерде көрініс тауып, тәрбиелік мәнге ие болған.

Үшіншіден, сыншылық сөздер фольклорлық жанрлардың біразында кездеседі. Зерттеу материалдары сындардың мазмұны мен құрылымы жағынан шешендік сөздерге, арнау өлеңдерге жақын екенін көрсетті. Бұл сыншылық өнердің эстетикалық талғамды қалыптастыруға, халықтың ой-өрісін кеңейтуге қызмет ететінін аңғартады.

Төртіншіден, сыншылардың қоғамдағы әлеуметтік мәртебесі жоғары болған. Халық олардың білімі мен көрегендігіне сеніп, айтқан бағасын ақиқат деп қабылдаған. Толыбай, Жалайыр Шора, Төлебай, Дүйсенбі, Қалқабай, Бұғыбай сияқты сыншылардың бейнесі халық жадында әділдік пен даналықтың үлгісі ретінде сақталған.

Сыншылық тек кәсіби немесе танымдық қабілеттер ретінде қарастырылып қана қоймай, сонымен қатар халық дүниетанымын қалыптастыру, әлеуметтік нормаларды реттеу, тәрбиелік және эстетикалық қызмет атқару сияқты маңызды функцияларды іске асырады. Сондай-ақ, сыншылық өнердің фольклорлық жанрлармен (аңыз, шешендік сөз, арнау өлең) байланысы арқылы мәдени кодты сақтау және халықтық тәжірибені ұрпаққа жеткізу рөлін атқаратыны айқын. Осы тұрғыдан алғанда, сыншылық өнер жеке фактілер жиынтығы емес, қазақ фольклорындағы орыны да айрықша маңызды.

5. Қорытынды

Қорытындылай келгенде, сыншылық өнердің қазақ рухани мәдениетінде маңызды орын алатын, халықтық таным мен әлеуметтік ойды тоғыстырған кемел өнер екені дәлелденді. Әуелі сыншылық өнер қазақ қоғамында ерекше танымдық және практикалық функцияны атқарғанын айта кету маңызды. Ол қазақ халқының көшпелі өмір салтымен, мал шаруашылығы және аңшылық дәстүрімен тығыз байланыста қалыптасқан. Халықтың күнделікті тұрмысында жылқы мен қыран құстың түр-тұлғасын, мінез-құлқын және әлеуетін бағалай білу аса маңызды болғандықтан, сыншылар осындай қабілеттерді дамытуға мүмкіндік алған. Сондықтан сыншылар қоғамда тек қарапайым бапкер немесе аңшы ретінде емес, білімді, көреген, ақылды тұлға ретінде танылған.

Сыншылық өнер тек кәсіби салада шектелмей, қоғамдық және тәрбиелік мәнге ие болған. Сыншылар адамдардың мінез-құлқын, қасиетін, әлеуетін бағалап, халықты әділдікке, парасаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге ықпал еткен. Фольклордағы Толыбай, Жалайыр Шора, Дүйсенбі, Төлебай, Қалқабай, Бұғыбай сияқты сыншылардың бейнелері халық жадында әділдік пен даналықтың үлгісі ретінде сақталған. Олар әрдайым дұрыс пайым, нақты сын арқылы қоғамдағы адамдардың сапасын анықтап, жақсы мен жаманды айыра білген. Бұл сыншылық қызмет әсіресе билер мен беделді адамдардың шешімдеріне де әсер еткенін көрсетеді.

Сыншылық сөздердің фольклорлық жанрлармен байланысы оның эстетикалық және мәдени рөлін дәлелдейді. Аңыз-әңгімелерде, шешендік сөздерде сыншылардың айтқан сыны халықтың ой-өрісін кеңейтіп, эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал еткен.

Жинақтай келгенде сыншылық өнер – қазақ рухани мәдениетінде маңызды, көпқырлы феномен. Ол халық тәжірибесінің, интеллектуалды танымының, эстетикалық талғамының, әлеуметтік тәрбие мен адамгершілік принциптердің бірлігін көрсетеді. Бұл өнер тек өткеннің мәдени мұрасы ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық таным мен тәрбиелік дәстүрдің негізін көрсететін құнды қазына ретінде қарастырылады. Қорыта айтқанда, сыншылық өнер – қазақ халқының рухани мәдениетінде өмірді терең танып-білуге, шынайылық пен дәлдікке негізделген, халықтық танымның кемел деңгейін көрсететін маңызды мәдени феномен деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер:

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 161 б.

2. Айтмұратова З. Фольклор тарихы мен теориясы дүниетанымның бір түрі ретінде // American Journal OfSocial Sciences And Humanity Research. Vol.05 Issue 02. 2025. https://doi.org/10.37547/ajsshr/Volume05Issue02-24

3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 418 б.

4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.85. Тарихи аңыздар. – Астана: Фолиант, 2012. – 416 б.

5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.86. Тарихи аңыздар. – Астана: Фолиант, 2012. – 448 б.

6. Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. – Алматы: Қайнар, 1983. – 176 б.

7. Баймолла М. Тарбағатай арпалыстары. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2000.

8. Дәдебаев Ж. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 346 б.

9. Ер Жәнібек. Құрастырған: Ж.Шәкенұлы. – Алматы, 2008. – 320 б.

10. Жарылғапов Ж.Ж., Бахбергенова Г.А. Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар генезисі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №1 (117). – 124-135-бб. https://doi.org/10.31489/2025Ph1/124-135

11. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Т.8. – Алматы, 2006. – 704 б.

12. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1987. – 687 б.

13. Монгуш Ш. В., Куулар Е. М. Тувинский фольклор и литература о промысловой охоте тувинцев // Новые исследования Тувы. 2025. № 3. С. 55-68. DOI: https://doi.org/10.25178/nit.2025.3.4

14. Тоқтабай А. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені // Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының автореферат. – Алматы, 2010. – 46 б.

15. Түйтек А., Сүлейменов Қ. Қилы заман іздері. – Күйтің, 2001. – 400 б.

16. Сарсенбаева Ж.Б., Саметова Ж. Бейсенбай Сүлейменов шығармаларындағы жаһандық мәселелер // «Керуен» ғылыми журналы No4, 77-том, 2022. 163-177-бб. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-13

17. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 285 б.

References:

1. Adambaev, B. (1976). Folk wisdom. Almaty: Mektep. – 161 p. (in Kaz)

2. Aitmuratova Z. The history and theory of folklore as a form of worldview // American Journal OfSocial Sciences And Humanity Research. Vol.05 Issue 02. 2025. httpфs://doi.org/10.37547/ajsshr/Volume05Issue02-24 (in English).

3. Al-Farabi. (1975). Social and ethical treatises. Almaty: Gylym. – 418 p. (in Kaz)

4. Babalar Sozi (2012) (Words of the Ancestors). 100-volume series. Vol. 85. Historical Legends. Astana: Foliant. 416 p. (in Kaz)

5. Babalar Sozi (2012) (Words of the Ancestors). 100-volume series. Vol. 86. Historical Legends. Astana: Foliant. – 448 p. (in Kaz)

6. Babalykhov, Z., & Turdybayev, A. (1983). Kyrans. Almaty: Qainar. – 176 p. (in Kaz)

7. Baymolla, M. (2000). Tarbagatai Conflicts. Ürümqi: Xinjiang People's Publishing House. (in Kaz)

8. Dadebaev, Zh. (2018). A virtuous life. Almaty: Kazakh University. – 346 p. (in Kaz)

9. Er Zhanibek. (2008). Compiled by Zh. Shakenuly. Almaty. – 320 p. (in Kaz)

10. Zharlygapov, Zh.Z., & Bakhbergenova, G.A. (2025). Genesis of ornithological images in Kazakh poetry. Bulletin of Karaganda University. Philology Series, (1), pp.124–135. https://doi.org/10.31489/2025Ph1/124-135 (in Kaz)

11. Kazakhstan. National Encyclopedia, Vol. 8. (2006). Almaty. – 704 p. (in Kaz)

12. Mynzhani, N. (1987). A brief history of the Kazakhs. Ürümqi: Xinjiang People's Publishing House. – 687 p. (in Kaz)

13. Mongush Sh. V. and Kuular E. M. Tuvan folklore and literature about commercial hunting of Tuvans. New Research of Tuva, 2025, no. 3, pp. 55-68. (In Russ.). DOI: https://doi.org/10.25178/nit.2025.3.4

14. Toktabay, A. (2010). The horse phenomenon in the traditional culture of the Kazakh people [Doctoral dissertation abstract]. Almaty. – 46 p. (in Kaz)

15. Tuytek, A., & Suleimenov, K. (2001). Traces of difficult times. Kuityn. – 400 p. (in Kaz)

16. Sarsenbayeva, Zh.B., & Sametova, Zh. (2022). Global issues in the works of Beisenbai Suleimenov. Keruen Scientific Journal, 77(4), pp. 163–177. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-13 (in Kaz)

17. Uakhatov, B. (1974). Kazakh folk poems. Almaty: Gylym. – 285 p. (in Kaz)

ҒТАМР 17.01.39 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-05

Г.Ж. Орда[1*], Ф. Бозкурт[2]
[1]М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан,
[2]Анадолы университеті, Түркия
E-mail: [1]orda_68@mail.ru, [2]ferdib@anadolu.edu.tr
ORCID: [1]0000-0001-5930-3784, [2]0000-0002-2209-8673

ДЕТЕКТИВ ӘҢГІМЕЛЕРДЕГІ ӨМІР ШЫНДЫҒЫН БЕЙНЕЛЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР*

Аңдатпа. Мақалада А.Зейінқызының «Тек пен шек», Ж.Кемелжанның «Қанды сүттің дәмі», С.Молдажановтың «Сырға», А.Қожмамбетованың «Жұмбақ өлім», Қ.Нұрданбектің «Жөргем», Ә.Жұмақанның «Қалың тұман арасында» детективті әңгімелері зерттеу нысанына алынды. Жазушылар аталған шығармаларында жанр табиғатына сай жұмбақ қылмыстарды ашуда жұмбақ мотивін әдебиеттегі дәстүр сабақтастығы ретінде пайдаланған. Сонымен бірге көркем шығарма арқылы оқырманды тәрбиелеуді жадында ұстай отырып, қылмыскерлердің жасырын қылмыстарын заң алдында әшкерелеп әділ үкім шығарған. Құпия қылмысты ашудағы тергеушілердің ақыл-ой логикасы, біліктілігі нанымды бейнеленген. Жазушылар жұмбақ жағдайда жасалған қылмысты ашуда «жүйкемен ойнау», «оқырманмен ойнау», «оқырманды адастыру», «жалған іздер» әдістерін тиімді пайдаланған. Әңгімелерге өмірден алынған оқиғалар арқау болып, біздің қоғамдағы қылмыс әлемі әшкереленген. Біздің қоғамдағы «кішкентай адамдардың» тағдыр-тауқыметі XXI ғасырдың өзекті мәселесі ретінде көтерілген. Жанр табиғатына сай аталған әңгімелердегі жұмбақ жағдайда жасалған қылмыстар әділ де білікті, іскер де төзімді тергеушілер мен криминалистердің ісімен әшкереленген. Жауыздық пен қанішерліктің, аярлық пен екіжүзділіктің жүзеге аспайтыны нақты оқиғалар аясында талданған. Жазушылардың негізгі жетісті детектив жанрының талаптарын орындай отырып, ұлттық әдебиетті жаңа тақырыптармен, жаңа оқиғалармен, жаңа кейіпкерлермен толықтыруы.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2027 жылдарға арналған AP26101121 «Қазақ детективі: тарихы, формалары, функциялары» ғылыми-зерттеу жобасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: әңгіме, оқиға, детектив, қылмыс, жұмбақ мотиві, жұмбақты шешу, айғақ.

G.Zh. Orda[1*], F. Bozkurt[2]
[1]Institute of Literature and Art named after M. O. Auezov, Almaty, Kazakhstan
[2]Anadolu University, Turkey
E-mail: [1]orda_68@mail.ru , [2]ferdib@anadolu.edu.tr,
ORCID: [1]0000-0001-5930-3784, [2]0000-0002-2209-8673

ARTISTIC EXPLORATIONS IN THE REPRESENTATION OF LIFE REALITY IN DETECTIVE STORIES

Abstract. In the article, the detective story “Only and the limit” by A. is considered as an object of research. Zeynkizy, “Kandy suktyn dami” Zh.Kemeljana, “Syrga” S.Moldajanova, “Zhumbak umul” A.Kozhmambetovoi, “Jorghem” K.Nurdanbeka, “Kalyn Tuman Arba” A.Weekend. In these works, the author used the motive of

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Г.Ж. Орда, Ф.Бозкурт. Детектив әңгімелердегі өмір шындығын бейнелеудегі көркемдік ізденістер // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 69-80. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-05.

the detective as a continuation of the literary tradition of solving mysterious crimes in accordance with the nature of the genre. At the same time, taking into account the education of the reader through fiction, they exposed the hidden crimes of criminals before the law and passed a fair sentence. Convincingly depicted the logic of thinking and skills of investigators in solving secret crimes. The authors effectively used techniques such as “playing with nerves,” “playing with the reader,” “misleading the reader,” and “false leads” to solve crimes committed under mysterious circumstances. The stories are based on real events, exposing the criminal underworld in our society. The fate of “ordinary people” in our society is raised as a pressing issue of the 21st century. In keeping with the nature of the genre, crimes committed under mysterious circumstances in these stories are solved thanks to the work of honest, skilled, resourceful, and patient investigators and forensic experts. The impossibility of cruelty and murder, brutality and hypocrisy, is analyzed in the context of real events. The authors’ main achievement is fulfilling the requirements of the detective genre and enriching national literature with new themes, new events, and new characters.

Acknowledgments: The article was published with the financial support of the Scientific Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan within the framework of the research project No. AR26101121 “Kazakh detective: history, forms, functions” for 2025-2027.

Keywords: story, plot, detective, crime, mystery motive, mystery solution, clues.

Г.Ж. Орда[1*], Ф. Бозкурт[2]

[1]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан,
[2]Анадолийский университет, Турция
E-mail: [1]orda_68@mail.ru, [2]ferdib@anadolu.edu.tr
ORCID: [1]0000-0001-5930-3784, [2]0000-0002-2209-8673

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПОИСКИ В ИЗОБРАЖЕНИИ ЖИЗНЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ В ДЕТЕКТИВНЫХ РАССКАЗАХ

Аннотация. В статье в качестве объекта исследования рассматриваются детективные рассказы «Тек пен шек» А.Зейнкизы, «Канды суктын дами» Ж.Кемельжана, «Сырга» С.Молдаджанова, «Жумбак умул» А.Кожмамбетовой, «Жоргем» К.Нурданбека, «Калын туман арба» А.Жумакана. В этих произведениях авторы использовали мотив детектива как продолжение литературной традиции раскрытия таинственных преступлений в соответствии с природой жанра. При этом, учитывая воспитание читателя посредством художественной литературы, они разоблачали скрытые преступления преступников перед законом и выносили справедливый приговор. Убедительно изображены логика мышления и навыки следователей в раскрытии тайных преступлений. Авторы эффективно использовали методы «игры на нервах», «игры с читателем», «введения читателя в заблуждение», «ложных следов» для раскрытия преступлений, совершенных при загадочных обстоятельствах. Рассказы основаны на реальных событиях, разоблачая криминальный мир в нашем обществе. Судьба «простых людей» в нашем обществе поднимается как актуальная проблема XXI века. В соответствии с природой жанра, преступления, совершенные при загадочных обстоятельствах в этих рассказах, раскрываются благодаря работе честных, квалифицированных, находчивых и терпеливых следователей и криминалистов. Невозможность жестокости и убийства, жестокости и лицемерия анализируется в контексте реальных событий. Главное достижение авторов — это выполнение требований детективного жанра и обогащение национальной литературы новыми темами, новыми событиями и новыми персонажами.

Благодарности: Статья опубликована при финансовой поддержке Научного комитета Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках научно-исследовательского проекта AP26101121 «Казахский детектив: история, формы, функции» на 2025-2027 годы.

Ключевые слова: рассказ, сюжет, детектив, преступление, мотив тайны, разгадка тайны, улики.

1. Кіріспе

Әлем әдебиетінде қалыптасқан детектив жанры қазіргі қазақ әдебиеітінде де қарқынды дамуда. Қазақ детективінің негізін салушы К.Тоқаев шығармаларында көбіне қылмыс отанға опасыздық жасағандар мен ұрлық-қарлық төңірегіндегі оқиғалармен өрбитін. XXI ғасырдағы адамзат баласының өмір сүру дәстүріне қарай қылмыстың да түрі көбеюде. Әдебиет – өмірдің көркем шежіресі болса, қазақ жазушылары өздері өмір сүрген қоғам шындығын әдебиетке алып келуде. Қоғам өмірінде алаңдатушылық туғызып отырған қылмыстар қазақ әдебиетінен де орын алуда. 2018 жылдан бері «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС республикалық детектив шығармалар байқауын тұрақты ұйымдастыруының арқасында детектив жанрына қызығушылық білдіретін қаламгерлер саны жыл санап өсіп келеді. 2019 жылы Алматы қалалық сотының 50 жылдығы мен «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-на қарасты «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдарының 25 жылдық мерейтойына орай екінші детективтік шығармалар байқауы өтті. Жазушы Кемел Тоқаев атындағы жүлдені алматылық Аяла Зейінқызының «Тек пен шек», бірінші орынды Жарас Кемелжанның «Қанды сүттің дәмі», екінші орынды Сансызбай Молдажановтың «Сырға», үшінші орынды Айда Қожмамбетованың «Жұмбақ өлім», Қалмұрат Дәулетбаевтың «Ғажайып бестік» атты шытырманға толы шығармалары иеленді. Әсем Жұмақанның «Қалың тұман арасында», Райхан Ратованың «Пиғылы бұзық «Періште», Қуаныш Нұрданбектің «Жөргем» шығармалары ынталандыру сыйлықтарын иеленді. Бұл шығармаларға қазіргі таңдағы ел өміріндегі қылмыстар арқау болған. Жазушылар жұмбақ қылмыстардың жасалуымен, елді алаңдатқан қылмыстардың дер шағында ашылуымен криминалистердің еңбектерін шынайы бейнелеуге ден қойған.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеуде ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан жұмбақ мотивінің қазіргі әдебиеттегі жалғасы әдебиеттегі дәстүр сабақтастығы ретінде қаралды. Детектив әңгімелерді әдеби-теориялық, тарихи-әлеуметтік, поэтикалық тұрғыда зерттеуде топтау, жүйелеу, талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Детектив жанрының өзге елдердің әдебиетіндегі атауына көңіл аударатын болсақ, әлем әдебиетінің барлығында детектив жанры бірізді аталғанмен, түрік әдебиетінде «полиция әдебиеті» деп атау қалыптасқаны байқалады. Тақырыпты зерттеуде әдебиеттің тәрбиелік қызметі туралы Ш.Ахметовтің, көркем әдебиеттегі жаңа кейіпкер туралы С.Қирабаевтың, көркем әдебиеттің ел өміріндегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеретіні туралы Ш.Елеукеновтің, әлем әдебиетінде қалыптасқан классикалық үлгінің ұлттық әдебиетттегі жалғасы туралы Б.Майтановтың пікірлерін басшылыққа алдық. Отандық әдебиеттанушы ғалымдармен бірге орыс әдебиеттанушысы Н.Ю.Георгиновaның детектив жанрының танымал болу себептері, В.Баранованың детектив шығармалардағы тергеушінің тергеу әдісі, өзбек ғалымы Р.Раджапованың детектив шығармалардың негізгі ерекшеліктері туралы пікірлеріне сүйендік.

Детектив жанры қазіргі қазақ әдебиетінде ерекше қарқынмен дамып жатқандықтан, ол шығармалар әдебиеттану ғылымында да зерттеу нысанына алынуда. Жанрдың тыңғылықты зерттеліп жүргенін А.Жунусованың диссертациялық зерттеуінен, ғалымдардың жекелеген ғылыми мақалаларынан көруге болады. А.Жунусова қазақ әдебиетіндегі детектив жанырының қалыптасуы мен дамуын әлем әдебиеті мен К.Тоқаев шығармаларын салыстыра зерттеумен дәлелдеуде (Zhunussova, 2023: 13-22). Г.Орда жазушы С.Олжабайдың «қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшеліктерін қарастырса, Э.Мансурова қазақ және тува әдебиеті мәтіндеріндегі эмоциялардың ерекшелігін салыстыра зерттеді (Мансурова, 2025: 82-92),

3. Талқылануы

Аяла Зейінқызының «Тек пен шек» әңгімесінің оқиғасы Алматыдағы үш пәтерін жалға беретін Бекнұрдың жалға берген пәтеріндегі құпия қылмыстан басталады.

Оқиға: «Адам таныса, бүгінгі қонағы – ісссапармен келген дөкейдің бірі. Алайда, пұшық мұрнының үстіне қонжия қоймаған көзілдірігін әлсін-әлсін сұқ саусағымен көтерген жігіт ағасы, неге екенін, аса жақсы пікір қалдыра қоймады. «Кім болса, ол болсын! Маған ақшасын берсе болды емес пе?», – деп белгісіз кейіпкердің пәтер жалдауынан басталады (Шытырман, 2022: 109).

Жедел жәрдем келгенше денесі суып қалған марқұмның қалтасындағы құжат бойынша Алматыдағы әшекейлер жасайтын компанияның басшысы – Оңалбай Демесінов болып шықты. Сот-медициналық сараптаманың қорытындысы марқұмның қанында көп мөлшерде калий цианидтің болғанын анықтағанда қаса қана өлтірілгені анықталды. Құпия қылмысты анықтау үшін тексеру жүргізген тергеуші Бақыт Жексенұлының үйге қарсы беттегі дүкеннің бейнетаспасын көруі – оның қырағылығы болса, бейнетаспадағы жан-жағына алақтаған жігіт – қолға іліккен алғашқы айғақ. Қазақ ұлттық университетінің Заң факультетінде оқитын, отбасылы Медеу Ержанов қылмысты сөзге көлмей мойындағанмен, сөздерінің қиыспауы күмән туғызады.

Өзбек ғалымы Р.Раджапованың детектив шығармалар туралы: «…классический детектив начинается с описания преступления и заканчивается разоблачением преступника, а также раскрытием всего процесса расследования, выявлением причинно-следственных связей, обнаруженных героем-сыщиком», – деген пікіріне сүйенетін болсақ (Раджапова, 2025: 621-622), бұл оқиғадағы қылмыс та қылмыскердің әшкереленуімен аяқталған. Жазушы «жалған іздер», «оқырманды адастыру» әдістерін қолдану арқылы оқырманды шатастырады. Тергеушінің еңбекқорлығының арқасында «жалған іздер» ашылып, қылмыскер табылады. Сот процесінде таспаны қайта айналдырғанда анасының Медеудің жанындағы қызды тануы – қылмыстың күтпеген адамға ауысуы.

Оқиғаның шешімі – Әсемнің марқұмның тамағына уды қасақана қосқанын мойындауы. Демесіновтің қол астында қызмет істейтін Әсем арын таптап, өз дегенін жүргізген басшыдан құтылуды көздегенде, оның есіне алғаш түскені – алтын мен күмісті тазалайтын цианид қышқылы болатын. Марқұмның сүйіктісінің қолынан өлуі – қыздың арын таптаған еркектен кек алуы.

Қарындасын жазадан құтқаруды ойлаған Медеу бар кінәны өз мойнына алғанмен, оны дәлелдейтін айғақ жеткіліксіз еді. Оқиғаның қорытындысы – анасының: «Тектінің тұяғы... Әкеңнің аруағы риза болатын болды. Қарындасым деп шырылдаған жүрегіңнен сенің! – деп еміренуі» (Шытырман, 2022: 122).

Автор ары тапталып, басшысының ермегіне айналған жас қыздың одан кек алу үшін адам өлтіруге барғанын кездейсоқтық етіп көрсеткенмен, адам өлімі болған жерде қылмыскерге міндетті түрде Үкім шығатыны белгілі. Заң факультетінде оқитын Медеу қарындасын қаншама қорғаштағанмен ақиқат ашылды, қылмыскер табылды. «Қолмен істегенді мойынмен көтеру» – өмір заңы.

Жарас Кемелжанның «Қанды сүттің дәмі» психологиялық детективіне де өмірден алынған оқиға негіз болған. Оқиға Коляның алғашқы адамды өлтіріп, оны малша жіліктеп \ жатқанынан басталған:

«Бұл Коляның адам сойған ең алғашқы түні. Одан бері қанша апта, қанша ай өтті? Қаншама бейкүнә жанның қабырғасын қақ айырып, омыртқасын үзіп, жұлынын жұлып алды? Есінде жоқ. Ойласа, санынан жаңылады...» (Шытырман, 2022: 131).

Негізгі оқиға шегініс арқылы өрбіп Коляның өмірге келген сәтіне ораламыз. Өскеменде туған Қалыштың азан шақырып қойған аты ұмытылып Коля аталып кетуі өмірде жиі кездесетін құбылыс болғанмен, оның тағдыры ешкімге ұқсамайтын. Жазушы шегініс жасап кейіпкердің өмірінен хабар береді. Бір жасында анасын өз пәтерінде маскүнемдер пышақтап өлтіріп кеткенде анасының құшағында қалған баланы екі күннен кейін көршілері тауып алғанда, сәбидің езуінде қатқан қанды көбік болыпты.

Анасынан ерте айрылып, ана мейіріне қанбаған баланың әйел адамдардың кеудесіне басын тығатыны кішкентай кезінде қалыпты көрінгенмен, есейе келе ерсі бола бастағаны нақты оқиғалармен нанымды бейнеленген. Өскеменнен Алматыға келіп, бір зауытта күзетші болып жүрген ол «Саяхаттан» автобусқа отырып, Талғар жақтағы иесіз саяжайлардың біріне кететін. Автобустағы нөпір халықтың ішінен алпыс екі тамырын иіткен жұпар иісті келіншектің қасына жетті.

«Танауына талып жеткен хош иістің иесін тапты. Ақсары, жүзінен нұры төгілген уыздай жас келіншек екен. Жақындап келіп, тұмсығын әлгі келіншектің шашына тықты. Адам көп болған соң ба, анау да қарсылық танытпай, жылы жымиып үнсіз тұра берген. Қалыш та дәл солай қанша уақыт тұрғанын білмейді. Бір кезде сары келіншек орнынан қозғалып, есікке қарай бететген де ған есін жиып алды. Қай жерге жеткенін түсініп жатқан жоқ. Әлгі хош иістің соңынан ерді. Көліктен түскенде байқады, өзінің үй жағына жақын маң екен...» (Шытырман, 2022: 133).

Салтанатпен кездесіп өзі иемденіп жүргенде бір еркектің қасынан көріп оны саяжайға сүйреп алып келуі, ашу үстінде тұншықтырып өлтіргені, қос анарын ашып жіберіп, еміреніп тұрып бас қоюынан кейіпкердің бойындағы әйел затына деген ынтық сезім байқалады. Көзін ашқанда Салтошының денесі мұздай болып сіресіп қалғанын көріп балаша өкіргені есінде. Мүрде иістенгенше келіншектің қос анарына күнде бас қойып үйренген оның жұпар иіске деген құмарлығы осылайша арта түсті.

Қыс өтіп, күн жылынғанда тұрғындар күлімсі иіс шығатын саяжайға арызданғанда, әкімшілік қызметкерлері қол-аяғы бөлшектелген адам мүрделерінен жертөленің есігі жабылмай қалғанын көреді. Қанды қолды ұстау үшін күзет қойылуы – қылмыскердің ұстаудағы алғашқы қадам.

Араға апта салып, елең-алаң шақта қолқаны алатын иістен жиіркенген әйелді көтере жөнелген ол құрыққа түсті. Сотта Коля жұпар иіске құмарлығын, соның

жолында неге болса да даяр екенін айтып ақталып бақты. Тергеушіден кейін сөйлеген психолог қыздың қорытындысы мынадай еді:

«Қалыш Батырбекұлы сәби күнінде ана мейіріміне, шешесінің ақ уызына қанбаған. Анасын маскүнемдер өлтіргенде, шешесінің өлі тәнін қан шыққанша емген. Содан адам бойында қанды сүтке, жұпар иіске деген құштарлық қалып қойған. Қалыш сол жұпар иіс пен қан татыған сүттің кермек дәмін есейгенше іздеген. Әйел атаулыдан сол иістің, сүттің дәмін іздеп, осындай қылмысқа барып отырған», - деп жазыпты (Шытырман, 2022: 135).

«Саяхаттан» көлігіне отырған қыздарды саяжайдағы құжырасына тасу үшін Өскемендегі ескі жигулін алып келген ол қыс бойы қанша әйелді құрбандыққа шалды. Күн жылынғанда ғана қылмысы ашылған Қалыштың негізгі дерті – ана мейіріне қанбағандық болса, соның соңында жасалған қылмыстан оны ақтап алу мүмкін емес еді.

Детектив шығармалар жазып жүрген жазушы З.Телеуова «Детективтің оқиғасы – қоғамда болып жатқан көріністер» деген сұхбатында: «Біз капиталистік қоғамда өмір сүріп отырмыз. Біз айтсақ та, айтпасақ та басты құндылыққа байлық, ақша шықты. Сол ақшаның жолында неше түрлі қылмыс жасалып жатыр. Оны жасыруға бола ма? «Ауруын жасырған өледі». Барлық қылмыстың түпкі себебі – ақшаға деген ашкөздіктен. Шетелдік детективтер осыны ашық жазады. Біз тіпті олардай етіп ашық жаза алмаймыз. Оған, біріншіден, әлі де болса қоғам, екіншіден оқырман дайын емес. Бірақ түптің түбінде соған келеміз», – деген болатын (Телеуова, 2022). Жазушының осы пікіріне сүйенетін болсақ, Сансызбай Молдажановтың «Сырға» әңгімесінің оқиғасы қоғам өмірінен орын алған аса ауыр қылмыстан басталады:

«Адам сойып тұрғаны алғаш рет. Қолтық тұсынан қидалап жатып, алдымен оң қолын кеудесінен ажыратты. Пышағы өтпей ме, әлде бойын билеген үрейдің әсері ме, аяқ-қолын бөліп алғанша ырс-ырс етіп, қара терге түсті. Басын кесіп алса, екі дорбадағы жүк теңелетіндей көрінген. Неге екенін қолы бармады. Томардай денені қытайдың ала дорбасына сала бергенде, қолына қап-қатты бірдеңе батқандай көрінді. Қараса, марқұмның сырғасы екен. Шешіп алып төс қалтасына салды...» (Шытырман, 2022: 123).

Оқиғаға негіз болған сырға – көркем деталь. Қылмыспен басталған оқиға Бақтияр Қасымның анасы Райхан Ықыласованы іздеуімен жалғасады. 72 жастағы анасының жоғалғанына төртінші күн болғанда іздеу салған оның көзіне жас алып кемсеңдеуі – заңды құбылыс. Көпке дейін іздеу жұмыстарының нәтиже бермеуі – «оқырманмен ойнау» әдісі.

Тергеушінің тәжірибеден өтуге келген болашақ із кесуші студентке тапсырма беруі оқиғаны ширата түскен. Пәтерге кім келгенін, Бақтиярдың қайда барғанын тексерген жігіттің оншақты адам туралы мәлімет беруі – оқырманның да, тергеушінің көңілін аударған:

«Кәмила Ержанова. 1989 жылы 14 ақпанда Оңтүстік қазақстан облысында туған. Бақтияр Қасым оған 10 күннің ішінде үш рет барды. Бұл қыз жезөкше. Бірақ Бақтияр мұны біле ме, білмей ме, оны анықтай алмады» (Шытырман, 2022: 126).

Алғашқы айғақ – жезөкшенің құлағындағы сегіз айдан бері іздеп жүрген Ықыласованың сырғасы. Тергушінің Кәмила туралы деректерді ақтаруы шешімді

жақындатқан. Тексеру барысында Кәмила Ержанованың шын аты – Севара Рустамова екені, 1991 жылы 1 қыркүйекте Өзбекстанның Ташкент облысында туғаны, ұлты – өзбек, Алматыға 17 жасында келіп, жезөкшелердің қатарына қосылғаны анықталды.

Севараның алғашқы күдікті ретінде қамалуы – оқиғаның шарықтау шегі болса, шешім – қылмыскердің тұтқындалуы. Тергеушінің сұрақ-жауаптары негізгі күдіктіні тап басып табуынан оның өз кәсібінің шебері екені көрінеді. Анасының 14-ақпанда өлуві, 15-ақпанда Кәмилаға сырға сыйлап «үйіңде ғана тағасың, сыртқа шыққанда алып таста» деген сөздері бұлтартпас дәлел ретінде расталып қылмыскер құрықталды.

Қорытынды – криминалистердің жаз бойы ит-құс сүйрелеген марқұмның сүйектерін жинастыруы. Үйіне ертіп келген таныстырған жезөкшені алуына қарсы болған ананың өз баласының қолынан өлуі – өкініштi. Оны қылмыскер Бақтияр былай түсіндірді:

«Шешем кіріп келді де, қолымдағы сөмкені жұлып алды. Айтпаған сөзі жоқ, әбден тілдеді. Сосын мен оны бар күшіммен кеудесінен итеріп жібердім. Басы еденге соғылып, ес-түссіз қалды. Білегін ұстасам, тамырында лүпіл жоқ. Тоңазытқышты ашып, арақ әкелдім. Одан кейінгісі бұлыңғыр. Есімді жисам, жертөледен шығып келе жатыр екенмін» (Шытырман, 2022: 129).

Көркем әдебиеттің тәрбиелік қызметі жөнінде балалар әдебиетін зерттеушісі Ш.Ахметов былай деген болатын: «Ата-анасын сыйламайтын бала ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайды қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ» (Ахметов, 1991: 288). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, туған анасын өлтіріп, оның бар қымбатын жезөкшеге сыйлап, сүйегін ит пен құсқа жет еткен азғыннан ешқандай жақсылық күтуге болмайды. Жазушы адам ойына сыймайтын қылмыстың ашылуымен замандастарымыздың азғындауын нанымды бейнелеген.

Оқиғаның қорытындысы – бір үйдің шаңырағын ортасына түсірген жезөкше Севара Рустамованың Қазақстаннан аластатылуы, анасын бөлшектеген қанипезердің ұзақ жылға бас бостандығынан айырылуы.

Көптеген әдебиеттанушылар қазақ детективінің дамымай жатуын қазақтардың үлкен қалаларға кеш қоныстануымен ұштастырады. Алайда, қылмыстың қазақтың кең даласында жиі жасалатынын есімізге алатын болсақ, ұрлық қала мен ауылды таңдамайды. Адамзатпен бірге жасап келе жатқан ұрлық пен қылмыстың бір көрінісі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындарының өмірімен тікелей байланысты. Қуаныш Нұрданбектің «Жөргем» әңгімесіне үш айда 12 адамның жылқысы ұрлануы арқау болған. Капитан Баққараев конокрадты таппай жүргенде көлігіне отырған жолаушының әңгімесі себеп болады. Детектив шығармаларға сай құпия қылмысты ашу үшін жұмбақ мотиві басшылық қызмет атқарса, мұндағы жұмбақтың шешілуіне нағашыларына қыдырып келген Қытайда тұратын азаматтың ол жақта жылқы малы қымбат екендігі туралы әңгімесі септігін тигізеді.

Сәбира естісе, ауылдағы сексен үй түгел естітінін білетін ол әйеліне:

« – Сәбираға айт, күйеуі мал қарауға өріске түссе, әкеңнің жылқыларына да көз сала қайтсн. Екі-үш күннен бері таппай қалыпты. Мен қалада қалып, он күндей емдом алмасам, тізем қақасап жан таптырар емес. Ертең аяз қысқанда мүлде жүргізбей, тұсалып қалам...», – деп тапсырма береді (Шытырман, 2022: 95-96).

Бұл – капитанның ауыл тұрғындарының көңілін басқа жаққа бұру амалы болатын. Тәртіп сақшысы ұзаққа кеткенін естіген ауыл ұрылары осы сәтті пайдаланып шұғыл қимылдайтыны белгілі. Н.Ю.Георгиованың детектив шығармалар жөніндегі: «Интерес к чтению детективной литературы связывается с его способностью к воплощению «пути движения из тьмы к свету». Имеется в виду, прежде всего, раскрытие преступления, разгадка тайны», – деген пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы «қараңғылықтан жарыққа қарай қозғалыс жолын» тиімді пайдаланған (Георгинова, 2013: 178).

Капитан белгісіз жолаушының малды шекарадан «ала темірдің астын үңгіп қазып өткізеді» деген сөзін нысан етіп келе жатқанда иесіз қораға қамалған жылқыға тап болады. Қорасын жалға берген Марк пен Беріктің тұтқындалуы, Беріктің тергеушіге хатқа тіркелген, тіркелмеген ұрлықтарды тізбелеп айтуы, ұрылардың жасырын диктофонды аңғармай қытай асқан 25 жылқыны қашан, қалай саудалағанын тізіп беруі – оқиғаның шарықтау шегі. Шешім – Қытайға кеткен Жолдыбек пен Марктың таныстығы ұрлыққа ұласып, Қосан бастаған қарақшылардың құрықталуы.

Қорытынды – «Жүргенге жөргем ілінуі». Қытайдан келген жолаушыны капитан Думан Баққараев көлігімен Ұзынқұраққа жеткізбегенде, жол қысқарсын деп әңгімелеспегенде айғақсыз, дәлелсіз ұрланған 25 жылқының қылмысы ашылмас еді.

Аида Қожмамбетованың «Жұмбақ өлім» әңгімесінің де оқиғасы отыз жеті жастағы орыс тілі пәні мұғалімінің жұмбақ өлімінен басталады. Қашан да жұмбақты шешуде логика үлкен міндет атқаратын болса, айғақсыз қылмысты ашуда криминалистика бойынша алдымен бірнеше болжам жасалады. Бірінші күдікті – араларында баласы жоқ келіншектің күйеуі, екіншісі – отыз, отыз бес жастағы көңілдесі, үшіншісі – келіншектің туған інісі, төртіншісі – жұмбақ адам болуы мүмкін деген болжамдардың барлығы да қисынға келеді.

Сараптама қорытындысы бойынша тергеуді жүргізуде негізгі күдіктің көңілдесі Азатқа, бұрынғы күйеуі Жандосқа түсуі – көңілге қонымды. Әкімнің үйіндегі жалданбалы өзбектің жейдесінен үзіліп түскен түйме – алғашқы айғақ. Бақытжанның болжамын бұзған түйменің екіншісі өлген келіншектің табалдырығынан табылуы жұмбақтың шешімін жақындатқан.

Оқиғаның шарықтау шегі – өзбектің қылмысты мойындауы. «Өзбек бәрін бірден мойындады, өзі де ұйқысы дұрыс болмай, көз ілінсе, қорқынышты түстер көріп, жынданып кетудің аз-ақ алдында жүрген екен» (Шытырман, 2022: 108).

Шешім – қылмыскердің құрықталуы. Детектив шығармалардағы қылмыстың ашылуы жөнінде В.Баранова: «Зарубежные детективы часто запоминаются нам не только захватывающими сюжетами и их виртуозными поворотами, но и образами талантливых детективов, которые раскрывают преступления, используя уникальные методы расследования, чтобы разгадать злодейские загадки. Они стали символами интеллекта, логики, тщательности и находчивости в мире преступности», – деген болатын (Баранова, 2024: 9). Мұндағы жасырын қылмыс та тергеушінің ақыл-ойының, логикасының, мұқияттылығы мен тапқырлығының арқасында ашылады.

Әсем Жұмақанның «Қалың тұман арасында» әңгімесінің оқиғасы қараңғы түнде А. қаласының солтүстік-батысында 500 шақырым жердегі кішкентай ауылға келе

жатқан таудың етегіндегі кішігірім орманның ішінде қорқыныш билеген белгісіз кейіпкердің келе жатуымен басталған.

А.Файзолла оқиғаның басталуы жөнінде: «А. қаласының солтүстік-батысында...». Шығарманың бұлай басталуы автордың Америка әдебиетінен сусындағанынан хабар береді. Әдетте, американдық жазушылар солай қаланың толық атауын емес, бастапқы әрпін жазады. Мысал ретінде, Оливер Генри мен Эдгар Аллан Поны атар едім. Демек, жас жазушы – әлем әдебиетін сіміруге құлаш ұрған, үлкен ізденіс үстіндегі талапкер», - деген болатын (Файзолла, 2019). Алайда, әлем әдебиетінде оқиға орын алған қала атауын толық жазбай, бас әрпімен беру үрдісін осыдан бір ғасыр бұрын, XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында М.Әуезов. Қ.Кемеңгерұлылар ұлттық әдебиетте орнықтырғаны белгілі (Орда, 2011: 97). Осы ойымызды Б.Майтановтың «М.Әуезов классикалық үрдіс дағдысы бойынша тағы бір кеңістік межесі – Семей қаласын С. әрпімен ғана таңбалайды. Алайда ол мекендік орта елсіз жапан түзбен антиномиялық қарым-қатынаста алынғандықтан, суреттелетін уақыт сипатына сөзсіз драматизм үстейді», - деген пікірі растайды (Майтанов, 2009: 71). Ғалымдардың пікірлері Ә.Жұмақанның әлем және өзіне дейінгі қазақ әдебиетінде қалыптасқан үрдісті жалғастыруда әдебиеттегі дәстүр сабақтастығын сақтағанын көрсетеді.

«Бисмилләһ» деп айтуға қанша талпынсам да, тілім байланып, ырқыма көнер емес. Құлағым шыңылдап, жүрегім дүрсілдеп, денем қалш-қалш етеді. Таңсәріде көретін қорқынышты түс сияқты, бірақ, қашан оянарым белгісіз», - деген жолдардағы кейіпкер бойындағы үрей мен қорқыныш сезімдерінен жазушының психологизмді біршама игергені байқалады. Автор кейіпкер бойындағы үрей, қорқыныш сезімдерімен оның жандүниесіндегі арпалыстарды жеткізуге тырысқан. Оқырманның таксиші Елеусіновті, әкесінің достары Айдос Назаров пен Серік Қалижанды өлтірген адам балалар колониясында отырған, Қарагүл атаған София Нигматтулина екеніне күмәнсіз сенуі – «оқырманды адастыру» әдісі. Трегеуші сирек кездесетін магифреникалық синдромы бар адамдарда галлюцинация жиі болатындықтан, таксиші Серіктің басын таспен мылжалап, Айдосты пышақтап өлтірген София екеніне күмәнсіз сенгенмен, ешқандай айғақ та, дәлел де жоқ.

Кейіпкер сөзінен оның болмысын көруге болатын болса, София Нигматтулинаның: «Ақшасы көп байларды қашан жазалап едіңіздер? Әлсіз, кедей қара халыққа ғана шамаларыңыз жетеді. Сот сараптамасының өзін де ақшаға өзгертіп, көк қағазбен жалғыз куәгерді сатып алған болатын. Сот алқасының өзі де қомағай болса, баланың сөзіне кім сенсін?», - деген сөзінен біздің қоғамдағы сыбайлас-жемқорлықтың тереңдеп кеткенін байқауға болады (Шытырман, 2022: 81). Оның сөзіндегі «кішкентай адам» – өзі болса, ол – анасын әкесінің ұрып-соғып өлтіргенін, қылмыскердің сот сараптамасын өзгертіп жазадан құтылып кеткенін көрген қыздың сөзі еді. Кейіпкердің реалды өмірден қиял әлеміндегі тартысын баяндайтын көркем мәтіннің анықталуын шизофрениялық дискурс деп атайтын болсақ, жазушы осы әдісті тиімді пайдаланған.

«Жалған іздерге» түскен тергеуші Мұраттың моргтегі Қанат Назаровтың тартпасынан тапқан гүлді түйреуіш – қылмысты ашудағы алғашқы айғақ. Бір ай бұрын София Нигматтулина өлтірген Айдос есімді жігіттің сот-медицина сараптамасында жұмыс істейтін Қанат Назаровтың інісі болуы тергеушінің күмәнін анықтай түсті.

Тергеуші Мұраттың болжамы бойынша біріншіден, қыз жындыханадан өзі қашып кетпеген, екіншіден, інісі Айдостың кегін алмақ болған, үшіншіден, Айдостың өтінішімен Қанат көмектескен, төртіншіден, марқұм әйелге жасалған сот-медициналық сараптаманы Қанат Назаров жасаған деген тергеушінің болжамдары қылмыстың ашылуына септігін тигізді. Жұмбақ қылмыс тергуші Мұраттың ақыл-ой логикасымен, іскерлігімен ашылған. Көркем әдебиеттегі жаңа кейіпкерлер туралы С.Қирабаев: «Әдебиеттегі адам өмірдегі адамды көшіре салумен жасалмайды. Адам бойындағы жақсы-жаман қаситеттердің өмірде кездесетін, фактыларға негіздеп, содан айнытпай жасау арқылы жаңа кейіпкер туғызады», - деген болатын (Қирабаев, 2011: 215). Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы аталған әңгімесінде қазақ әдебиетін тергеуші Мұраттың бейнесімен толықтырған.

Оқиғаның шешімі – темір тормен қоршалған, милиция қызметкерлері күзетіп тұрған емханадан Қарагүлді ұрлау мен оны парализдеп іш-құрылысын тірідей кескілеген Қанаттың Францияға ұшқалы тұрғанда әуежайда тұтқындалуы болса, қорытынды (эпилог) – Қанат Назаровты 25 жылға бас бостандығынан айырып, жазасын қатаң режимдегі колонияда өтесін деген үкімнің шығуы.

Оқиғаның соңында мүлде күдіктенбеген тосын кейіпкер қылмыскер болып, оқырманның ойындағы күдіктінің қылмысқа қатысы болмауы детектив шығармаларда жиі кездесетін әдіс. Агата Кристидің жиі қолданатын әдісі – «оқырманмен ойнау», «оқырманды алдау» екенін еске алатын болсақ, қазақ жазушылары да бұл әдісті жиі пайдаланады. Әдебиетте көтерілген толғақты мәселелер туралы Ш.Елеукеновтің: «Үлкен қоғамдық-әлеуметтік мәселелер жайлы толғақты ойлар, көркемдік құнарлы топырақта ғана өркен жаймақ», - деген пікірі жазушылардың шағын оқиғамен қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтергенін көрсетеді (Елеукенов, 2011: 98). Осы оқиғадағы жазықсыз Қарагүлдің хирургтың пышағымен кескілеп өлтірілуі – біздің қоғамдағы тірегі жоқ «кішкентай адамдардың» жай-күйінен хабар береді. Ол қанша шырылдағанмен, оның сөзіне құлақ асқан адам жоқ. Тіпті күзет қойылған ауруханадан Қанат Назаровтың ешқандай кедергісіз алып шығып, тірідей союы – біздің қоғамның қылмыс әлеміне айналуы.

4. Зерттеу нәтижесі

4.1. А.Зейінқызының «Тек пен шек» әңгімесінде «жалған іздер», «оқырманды адастыру» әдістерін пайдалана отырып, ар, намыс, кек мәселелерін көтеруде қазіргі таңда кең етек жайып бара жатқан қылмыстармен біз өмір сүріп отырған қоғамның былығын әшкерелеген.

4.2. Жарас Кемелжанның «Қанды сүттің дәмі», Ә.Жұмақанның «Қалың тұман арасында» психологиялық детектив әңгімелерінде адам бойындағы ғылым дәлелдеп үлгермен психикалық дерттің салдарынан санасыздықтың белең алуы, адам шошырлық қылмыстардың жасалуы нанымды бейнеленген. Ж.Кемелжан қылмыстың «отбасылық емес адамның» қолымен жасалғанына көңіл аударса, Ә.Жұмақан «оқырманды адастыру», «жалған іздер» әдісін тиімді пайдаланған.

4.1. С.Молдажановтың «Сырға» әңгімесінде жұмбақ мотивімен «ашу – дұспан, ақыл – дос» деген халық даналығын қайта тірілту арқылы оқырманға ой салған. Детектив шығармалардың негігі қызметі оқырманды тәрбиелеу болса, жазушы анасын өлтірген қанішердің тірлігімен оған лағнет айтқан.

4.2. А.Қожмамбетова «Жұмбақ өлім» әңгімесінде криминалистика ғылымындағы жұмбақ қылмысты ашуда кемінде төрт болжам жасалатынын негізге алу арқылы жұмбақты шешудегі тергеушінің біліктілігіне көңіл аударған.

4.3. Қ.Нұрданбектің «Жөргем» әңгімесінде ұрлықты ашуда жазушы «қараңғылықтан жарыққа қарай қозғалыс жолымен» оқырманын баурап отырған. Қылмыстың ауыл мен қала таңдамайтыны мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындарының тіршілігімен, ұрлардың ұрланған жылқыларды шекара асыруымен қоғамдық-әлеуметтік мәселелер суреттелген.

4. Қорытынды

Талдау нысанына алынған әңгімелерде классикалық детектив жанрының негізгі ерекшеліктері сақталған. Атап айтатын болсақ жазушылар ауыз әдебиетінен келе жатқан жұмбақ мотивін сюжеттің орталық элементіне айналатын жұмбақ жағдайдағы кісі өлтіру, тонау, мал ұрлау, адам ұрлау тәрізді қылмыстарды бейнелеуде дәстүр сабақтастығымен жалғастырған. Қылмыскер мен қылмысты ашушы арасындағы қақтығысты тәжірибелі тергеушінің жұмбақ оқиғаны ашудағы терең логикасымен, еңбекқорлығымен, төзімділігімен нанымды бейнелеген. Әңгімелерде оқиғаға оқырманды сендіру, тергеудің сенімді, дәлелді жүруі, оқиға өткен орынның атмосферасы сақталған. Жазушылар XXI ғасырдағы қазақ қоғамындағы түрлі қылмыстарды әдебиетке алып келіп, ұлттық әдебиетті қылмыс әлемімен толықтырған. Сонымен бірге қазақ әдебиетіне капитан Думан Баққараев, тергеуші Бақыт Жексенұлы, тергеуші Мұрат, із кесуші студент тәрізді жаңа кейіпкерлерді алып келген. Детектив шығармаларға ел өміріндегі өзекті мәселелер арқау болатын болса, мал ұрлау, адам ұрлау, «кішкентай адамдарды» қоғам өмірінен ешқандай кедергісіз жұлып тастау, анасын өлтірген қанішер, адам сойған азғындардың да біз өмір сүріп отырған қоғамда өзімізбен қатар жүруімен қоғамдық-әлеуметтік мәселелер көтерілген.

Әдебиеттер:

1. Ахметов Ш. Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы // Ыбырай Алтынсарин тағлымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

2. Баранова В. Искусство расследования в зарубежных детективах // Детективный жанр в искусстве: социальный, психологический, литературный аспекты в прошлом и настоящем: материалы Всероссийской научно-практической конференции студентов и магистрантов (10 апреля 2024 г., г. Липецк) / под общ. ред. Н. В. Киреевой. – Воронеж: НАУКА-ЮРИПРЕСС, 2024. – 165 с. (орыс тілінде).

3. Елеукенов Ш. Шығармалары. 1-т.: Тәуелсіздік көзімен. – Астана: Фолиант, 2011. – 536 б.

4. Zhunussova A., Kenesbayeva Sh., Tulekova G., Nurpeissov N., Turysbek R. Tracing the history of the detective genre in literature: a qualitative study based on interviews with literary critics // International Journal of Society, Culture and Language. – 2023. – Vol. 11, No. 3. – P. 13–22. DOI: 10.22034/ijscl.2023.1999960.2998. (ағылшын тілінде).

5. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті: әдебиеттік зерттеулер, сын мақалалар, естеліктер. – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 596 б.

6. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 544 б.

7. Мансурова Э., Орда Г., Аскарова Г. Анализ частности эмоций в текстах казахской и тувинской литературы // Новые исследования Тувы. – 2025. – № 3. – С. 82–93. URL: https://nit.tuva.asia/nit/issue/view/67

8. Орда Г. 1920-жылдар әдебиетіндегі тәуелсіздік туралы ұғым мен көркемдік ізденістер // XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. – Алматы: Арда, 2011. – 73–128 б.

9. Орда Г. С.Олжабайдың «Қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшелігі // Керуен. – 2025. – Т. 88. – № 3. – Б. 50–60.

10. Раджапова Р. Р. Теоретико-литературные аспекты изучения детективного жанра // Вестник науки. – 2025. – № 5 (86). – Т. 2. – С. 621–625. (орыс тілінде).

11. Телеуова З. Детективтің оқиғасы – қоғамда болып жатқан көріністер // Әдебиет порталы. – 2022. – 10 қараша. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/ziias-teleuova-detektivtin-oqigasy-qogamda-bolyp-zatqan-korinister__24199

12. Файзолла А. Алаштан Агата шығатын күн алыс емес // Әдебиет порталы. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/alpamys-faizolla-alastan-agata-sygatyn-kun-alys-emes__21717

13. Георгинова Н. Ю. Детективный жанр: причины популярности // Научный диалог. – 2013. – № 5 (17). – С. 173–186. (орыс тілінде).

14. Шытырман: детектив шығармалар жинағы. – Алматы: Заң Медиа-корпорациясы, 2022. – 381 б.

References:

1. Akhmetov, Sh. (1991). Ybyray Altynsarin – Kazakh balalar adebietinin atasy. In M. Zharmukhamedov (Ed.), Ybyray Altynsarin taglymy: Adebi-syn makalalar men zertteuler. Almaty: Zhazushy. (in Kaz)

2. Baranova, V. (2024). The art of investigation in foreign detective stories. In N. V. Kireeva (Ed.), The detective genre in art: Social, psychological, and literary aspects in the past and present: Proceedings of the All-Russian scientific and practical conference of students and master's degree students (April 10, 2024, Lipetsk). Voronezh: Science-Yuripress. (in Russ)

3. Eleukenov, Sh. (2011). Works (Vol. 1). Astana: Foliant. (in Kaz)

4. Faizolla, A. (n.d.). The day when Agata will appear in Alash is not far off. https://adebiportal.kz/kz/news/view/alpamys-faizolla-alastan-agata-sygatyn-kun-alys-emes__21717 (in Kaz)

5. Georginova, N. Yu. (2013). Detective genre: Reasons for popularity. Scientific Dialogue, 5(17), 173–186. (in Russ)

6. Kirabayev, S. (2011). National independence and Kazakh literature: Literary studies, critical articles, memoirs. Almaty: Silk Road Publishing House. (in Kaz)

7. Maitanov, B. (2009). Mukhtar Auezov and national literary trends: Studies, essays. Almaty: Silk Road Publishing House. (in Kaz)

8. Mansurova, E., Orda, G., & Askarova, G. (2025). Analysis of the particularity of emotions in the texts of Kazakh and Tuvan literature. New Studies of Tuva, (3), 82–93. https://nit.tuva.asia/nit/issue/view/67

9. Orda, G. (2011). The concept of independence and artistic searches in the literature of the 1920s. In Artistic solution of the idea of independence in the literature of the 20th century (pp. 73–128). Almaty: Arda. (in Kaz)

10. Orda, G. (2025). Artistic features of the detective story "The Night the Maiden Wept" by S. Olzhabay. Keruen, 88(3), 50–60. (in Kaz)

11. Radzhapova, R. R. (2025). Theoretical and literary aspects of the study of the detective genre. Bulletin of Science, 5(86), 621–625. (in Russ)

12. Shytyrman. (2022). A collection of detective works. Almaty: Zan Media Corporation LLP. (in Kaz)

13. Teleuova, Z. (2022, November 10). The detective story – scenes taking place in society. Literature Portal. https://adebiportal.kz/kz/news/view/ziias-teleuova-detektivtin-oqigasy-qogamda-bolyp-zatqan-korinister__24199 (in Kaz)

14. Zhunussova, A., Kenesbayeva, Sh., Tulekova, G., Nurpeissov, N., & Turysbek, R. (2023). Tracing the history of the detective genre in literature: A qualitative study based on interviews with literary critics. International Journal of Society, Culture and Language, 11(3), 13–22. https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.1999960.2998

ҒТАМР 17.82.93 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-06

А. Қырғызбаева[1*], С. Дәрібаев[2], А. Шегебаев[3]
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы,Қазақстан.
e-mail: [1]a.qirgizbaeva@gmail.com; [2]samal.daribaev@gmail.com; [3]aibek.shegebaev@gmail.com;
ORCID: [1]0000-0001-6977-9284; [2]0000-0002-3551-770X; [3]0000-0001-8079-4303;

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ (Ә.КЕКІЛБАЙ, М.МАҒАУИН ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Мақалада қазақ прозасында бұған дейін әртүрлі аспектіде қарастырылған мәселелер қатарында кейбір ой-тұжырымдар айтылғанымен, арнайы зерттеу нысанына алынбаған сакральдылық ұбылысы жайында ғылыми тұрғыдан өзіндік ізденістер жасалып, жаңаша тұжырымдар түйінделеді. Қазақтың белгілі қаламгерлері М.Мағауин мен Ә.Кекілбай прозасындағы қастерлілік ұғымдарының (тақырып, сюжет, образ, тіл, таным, тарих, қоғам, уақыт пен кеңістік) көркемдік тұрғыдан берілу ерекшеліктеріне назар аударылып, салыстырмалы тұрғыдан талданып, әрбір қаламгердің жалпы адаматтық ұғымдарды пайдаланудағы, жаңғыртудағы өзіндік айшығы айқындалып, ортақ үндестігі ғылыми сараланады. Сонымен бірге мақалада аталмыш ауқымды тақырыптың өзектілігі мен оның өзге ғылым салаларындағы, соның қатарында қазақ әдебетіндегі зерттелу тарихнамасы жайында да тұжырымдар жасалып, көрнекті қаламгерлер туындыларындағы көркемдік қызметін ашу арқылы мәселенің өзектілігі жайлы ой түйінделеді. Кез келген қаламгердің болмысына ұлттық тәрбие арқылы сіңетін қастерлі ұғымдардың жазушы шеберлігі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын құндылықтар мәні Ә.Кекілбайдың «Аңыздың ақыры», «Ханшадария хикаясы», «Бір шөкім бұлт», «Күй» және М.Мағауиннің «Жармақ», «Қыпшақ аруы», «Қара ләйлек» шығармалары бойынша ғылыми тұрғыдан талданады. Екі жазушының да шығармашылығына ортақ желі – өмірдің мәнділігі мен ақиқаттың биіктігі, өнердің мәңгілігі. Ғасырлар тезінен өтіп, киелі саналған құндылықтардың проза жанрындағы авторлық таным мен кейіпкерлер жүйесі арқылы қайта түлеуі қызғылықты құбылыс. Көрнекті қаламгерлер туындыларының құрылымындағы мифтік таным-түсініктер мен халықтық қағидалардың, адам мен табиғат қарым-қатынасындағы үйлесімділік пен реалды өмір мен оған қарама-қарсы ұғымдардың суреттелу мақсаты, шығармадағы көркемдік шарттылық мәселелелері ғылыми тұрғыдан зерделенеді. Жазушы ұстанымы мен мен кейіпкер бейнесіндегі аталмыш мәселенің сипаттарын саралай отырып, қазақ жазушыларының түрлі себептермен көмескіленген ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар көркемдік тұрғыдан оқырман жадысында қайта жаңғырту шеберлігі талданады.

Түйін сөздер: сакральдылық, дәстүр, киелілік, қастерлілік, аңыз, миф, хикая, имплицитті, көркемдік шарттылық.

[*] ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
А.Қырғызбаева, С.Дәрібаев, А.Шегебаев. Қазақ прозасындағы қастерлі ұғымдардың көркемдік қызметі (Ә.Кекілбай, М.Мағауин шығармалары бойынша) // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 81-100. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-06.

A. Kyrgyzbayeva[1*], S. Daribaev[2], A. Shegebayev[3]
al-FarabiKazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: [1]a.qirgizbaeva@gmail.com; [2]samal.daribaev@gmail.com; [3]aibek.shegebaev@gmail.com;
ORCID: [1]0000-0001-6977-9284; [2]0000-0002-3551-770X; [3]0000-0001-8079-4303;

THE ARTISTIC FUNCTION OF "SACRED" CONCEPTS IN KAZAKH PROSE (BASED ON THE WORKS OF A. KEKILBAY, M. MAGAUIN)

Abstract. The article presents original scholarly reflections and new interpretations of the phenomenon of sacrality, which, although previously addressed in various aspects within Kazakh prose, has not been studied as an independent object of research. Particular attention is paid to the artistic representation of sacred concepts (theme, plot, imagery, language, cognition, history, society, time, and space) in the prose of prominent Kazakh writers M.Magauin and A.Kekilbay. Through a comparative analysis, the study identifies both the distinctive stylistic features of each author in employing and revitalizing universal human values and their shared conceptual consonance. In addition, the article examines the relevance of this broad topic and outlines its historiography in other fields of science, including Kazakh literary studies. By revealing the artistic function of sacrality in the works of these distinguished writers, the study substantiates the contemporary significance of the issue.

The research analyzes how sacred concepts, ingrained in a writer's worldview through national upbringing, are transmitted across generations as enduring values through literary mastery. This is demonstrated through a scientific analysis of A. Kekilbay's works The End of a Legend, The Tale of Princess Dariya, A Handful of Cloud, Kuy, and M.Magauin's Zharmak, The Kipchak Beauty, and The Black Stork. A common thematic thread in the works of both writers is the meaningfulness of life, the elevation of truth, and the eternity of art. It is particularly noteworthy how sacred values, having passed through the trials of centuries, are reinterpreted and revitalized within prose through the authors' conceptual frameworks and systems of characters. The article also explores mythological perceptions and folk principles embedded in the structure of these works, the harmony in human–nature relationships, and the artistic representation of reality alongside its opposing concepts. Issues of artistic convention are examined from a scholarly perspective. By analyzing the authors' positions and the portrayal of characters, the study demonstrates how Kazakh writers skillfully revive national and universal values-often obscured by historical and social circumstances – in the reader's consciousness through artistic means.

Keywords: sacrality, tradition, sacredness, reverence, legend, myth, narrative, implicit meaning, artistic convention

А.Д. Киргизбаева[1*], С.Дарибаев[2], А.М. Шегебаев[3],
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: [1]a.qirgizbaeva@gmail.com; [2]samal.daribaev@gmail.com; [3]aibek.shegebaev@gmail.com;
ORCID: [1]0000-0001-6977-9284; [2]0000-0002-3551-770X; [3]0000-0001-8079-4303;

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФУНКЦИЯ САКРАЛЬНЫХ ПОНЯТИЙ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ (ПО ПРОИЗВЕДЕНИЯМ А.КЕКИЛБАЯ, М.МАГАУИНА)

Аннотация. В статье обобщены научные выводы о феномене сакральности который не был предметом специального исследования, хотя и содержит в казахской прозе некоторые идеи, которые ранее рассматривались в различных аспектах. У известных казахских писателей М.Магауина и А.Кекилбая анализируются особенности художественной репрезентации понятий святости (тема, сюжет, образ, язык, знание, история, общество, время и пространство) в прозе и выявляются особенности употребления и модернизации понятий, научно дифференцируется общая гармония. В статье также делаются выводы об актуальности этой масштабной темы и историографии исследований в других областях науки, в том числе казахской литературы, и обобщается актуальность вопроса путем раскрытия художественной

деятельности в произведениях выдающихся писателей. Суть ценностей, передаваемых из поколения в поколение через мастерство писателя, сакральных понятий, привитых в жизни любому писателю через народное воспитание, составляют произведения А.Кекилбая «Конец легенды», «Повесть Принцессы», «Одно облако», «Куй» и М.Магауин «Жармак». Научный анализ произведений «Мисс Кипчак», «Черный аист». Объединяющей нитью в творчестве обоих писателей является смысл жизни и глубина истины, вечность искусства. Интересно, что на протяжении веков сакральные ценности получали новое осмысление через систему авторских знаний и персонажей в прозаическом жанре. Научно исследуются цель описания мифических понятий и народных начал в структуре произведений выдающихся писателей, гармония отношений человека и природы и представлений о реальной жизни и ее противоречиях, проблемы художественной обусловленности в творчестве. Анализируя позицию писателя и особенности данной проблемы в образе главного героя, анализируется способность казахских писателей художественно воспроизводить в памяти читателя затененные по разным причинам национальные и общечеловеческие ценности. Выявлено воспитательное значение темы процесса глобализации.

Ключевые слова: сакральность, традиция, легенда, миф, рассказ, имплицитная, художественная условность.

1. Кіріспе

Жеке бір шығармашылықтың қастерлілік сипаты жайында сөз қозғау аса жауапты әрі күрделі мәселе. Себебі, қастерлілік ұғымының ауқымы өте кең мәдени категория. Түрлі тараптағы ғылым салалары бұл мәселенің жалпы мазмұнын түйсінгенімен, оның айқын анықтамасын айқын ажыратарлық зерттеулер арнайы жазылмаған. Бұл мәселе қазақ әдебиеттану ғылымына да қатысты. Бұл тұрғыда соңғы 2020 жылы жарық көрген «Қазақ фольклорының қастерлі әлемі» атты ұжымдық жинақ ауқымды мәселенің кіріспесі, тұғырнамасы іспетті. Алайда адам санасындағы қастерлі ұғымдар мен сөздер, орындар, образдар т.б. бір күннің жемісі емес. Ол сан ғасыр бойына адамзат баласының өмір тәжірибесімен тығыз қабысып айнала қоршаған табиғат пен адам жайлы, өлім мен өмір жайлы ұғым-түсініктерінің сәулесі болып табылады. Оның белгілі бір салаға жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа әспеттеліп, қастерленіп жетуінің өзі оның сакральдылық сипатының мәнін құрайды. Кез келген қаламгер өз заманының ұлы, өз дәуірінің үні болуымен қатар өзіне дейінгі мәдени құндылықтарды ой-санасында қорытып, жаңа ұрпақтың жадында қайта жаңғыртушы да. Осы тұрғыдан алғанда қандай да бір ұлт жазушысының шығармасында ең алдымен, өз халқының сан ғасырлар бойына өмір тәжірибесі арқылы қорытылып, ұрпаққа мұра етілген әрі сакральді сипатын сақтаған құндылықтар кездесуі заңдылық. Ал оны қалай, қандай мақсатта жарата білу әрбір қаламгердің шығармашылық шеберлігіне, қаламгерлік қуатына байланысты.

Аталған тақырыптың өзектілігі көркем туындылар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жететін қастерлі ұғымдар сырының шығарма мәтініндегі орны мен жазушы ұстанымындағы рөлін анықтаумен сипатталады. Себебі, бұл тақырыптың зерттеу өзегіне айналып, арнайы зерттеу енді-енді қолға алына бастаған. Сондықтан отандық филологиядағы там-тұмдаған еңбектермен қатар, жалпы көркем мәдениет салаларына қатысты әртүрлі зерттеулерді сабақтастыра қарастырғанда ғана салмақты ғылыми ой-тұжырымдар жасауға болады. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Әбілқайыр ханның түс көруі» «Ханшадария хикаясы », «Ақша бұлт», М.Мағауиннің «Жармақ», «Қыпшақ аруы», «Қара ләйлек» шығармалары зерттеу жұмысының негізгі нысаны болмақ.

Зерттеу жұмысының мақсаты – сакральдылық (қастерлілік) ұғымының жазушы

шығармашылығы арқылы көркем мәтінді түзуші, ұйымдастырушы категория ретіндегі қызметін ашып, оның тарихи-әдеби және тағылымдық-тәрбиелік мәнін айқындау. Сол мақсаттан туатын мынадай міндеттердің мазмұны келіп шығады.

1) Қазақ дүниетанымындағы, көшпелі дала өмірінің өзіне тән қастерлі құндылықтар дүниесінің көркем шығарма табиғатындағы көрінісі: образдар жүйесі; тілдік-бейнелеу құралдары, ырым-тыйымдар мен ұғым-түсініктер жиынтығы; отбасылық және әлеуметтік құрылымдық сана, киелі уақыт пен кеңістік мәселелері т.б.

2) қастерлі ұғымдар сипатын талдаған ғылыми еңбектерді қарастыра отырып, жеке автор шығармашылығына қатысты қастерлілік ұғымының мәнін ашу, әрбір автордың өзіндік қолтаңбасын айқындау.

3) Автордың дүниетанымына қатысты қастерлі ұғымдар категориясының ұлттық және жалпыадамзаттық мәнін ашу.

4) Ә.Кекілбай мен М.Мағауин шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасын айқындау.

Зерттеу мақсатында айқындалған міндеттерді шешу үшін жалпы ғылыми, филологиялық әдістер қолданылды: синтездеу, контекстік талдау, компененттік талдау, салыстыру әдістері.

Мақалада төмендегі мәселелерді анықтауды көздейді.

1) Қастерлілік категориясы арқылы көркем мәтіннің астарында жатқан түрлі құпиялар, тылсым сыр ашылады.

2) Авторлық ұстанымдағы қастерлілік ұғымы мен дәстүрлі ұғымдар арақатынасын айқындау

3) Кез-келген туындының көркем мәтінінде киелі ұғым-түсініктердің мәні жасырынған (имплицитті). Оны автордың өзінің мақсатты қолданысы ма әлде тарихи сана тудырған құбылыс па деген мәселені ажырату да аса күрделі мәселе болып табылады.

2. Зерттеу материалдары мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Синтездеу әдісі. Заманы құрдас, шығармашылық жолы ұқсас, яғни жастары да шамалас қазақтың екі көрнекті қаламгерінің туындыларындағы қастерлілік қасиеттерді қарастыра отырып, біз ұлттық ой-сана мен мен тілдік мәдениеттің маңызы жайында айтылған ғылыми ой-пікірлердің мәніне жете бағамдай білеміз. Әрбір ұлт жазушысы шығармашылығында өз халқының болмысын өз бойынан өткізе отырып, өзіндік эмоциялық-этикалық ерекшелектерімен, авторлық көзқарастарымен астастыра суреттейді. Бұл жайында әрбір мәтіннің ақпараттық ауқымдылығы жайлы айтылған И.Р.Гальпериннің «автор арқылы тұтас халықтық болмысының танылуы» жайындағы көзқарастары маңызды (Гальперин, 1981: 28).

Яғни мұндай зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, әдебиеттегі сакральдылықтың сыры сан салалы екендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан да жекелеген замандас, тұстас авторлармен (М.Мағауин, Ә.Кекілбаев) қатар, әр кезеңдерде тәуелсіздікке дейін және тәуелсіздік тұсында жазылған прозалық туындылардағы сакралдылық мәселесін ұлттық таным-түсінікпен кешенді түрде қарастырылатын маңызды мәселе деп қорытынды жасаймыз. Біз талдау нысанына алып отырған М.Мағауин мен Ә.Кекілбаев шығармаларындағы қастерлі ұғымдар

мәні халықтың сан ғасырлар бойғы кісілік-этикалық нормаларымен де, түрлі кезеңдегі танымдық көзқарастарымен де байланысып жатады.

М.Мағауин мен Ә.Кекілбаев прозасындағы сакральдылық мәселесін қарастырғанда олардың дүниетанымы мен ұлттық құндылықтарға қатысты дәстүрлі түсініктер аясында қабысатындығын аңғардық. Көрнекті қаламгерлердің екеуіне де тән ерекшелік, тәуелсіздік кезеңінде өмір сүргенімен, өткен тарихи кезеңдер құпиясына терең бойлай отырып, сол тұстағы халықтың бірлігі мен тірлігінде таяныш еткен қандай қастерлі тиянақтары болды деген мәселеге ой салмағын түсіреді. Талдау нысанына алынған авторлар киелілік, қастерлілік жайлы құрғақ сөзбен емес, халықтың өзінің жанына жақын, ғасырлар бойы қастерлеген салт-дәстүрлік элементтері мен ұғым-пайымдарымен, образдық, символдық мазмұндарды көркем проза поэтикасында жаңаша қиюластыру арқылы оқырманын ойлантады, тарихи жадын жаңғыртады.

Аталмыш авторлардың шығармаларындағы ортақ сакральді ұғымдар қатарында: туған жер, атамекен, өмір, аруақ, өнер, өткен тарих, әділдік, ақиқат, т.б. көптеген ұлттық қана емес, жалпыадамдық құндылықтардың мәнін оқырманға жеткізуге тырысқандығын байқауға болады.

Осы аталған ұғымдардың өзінің әрқайсы жайындағы зерттеу еңбектер мен әдеби шығарманы сабақтастыра қарастыру, талданып отырған прозалық туындылардың жаңаша бір қырын ашары сөзсіз. Өйткені «сакральдылық» ұғымы көркем мәдениеттің барлық салаларына да қатысты.

Мәселен, М.Мағауиннің «Қыпшақ аруындағы» мүсінге жан бітуі, Ә.Кекілбайдың «Ханшадариясындағы» мұнараның киелілігі мәселелерінің өзі бір ғана емес, бірнеше ғылым салаларының тұжырымдарын тиянақ еткенде ғана кеңінен ашылатын ауқымды тақырып екенін танытады. Біз екі автордың шығармаларындағы «сакралдылық» сырын әдебиеттану мен фольклортану ғылымы аясында ғана талдаумен шектелеміз. Көне қастерлі саналған түсініктердің, мысалы, дүниені тану, қастерлеудегі білімдерінің мәні мен оның бүгінде өзгеріске түскен сипатын қатар есте ұстайтын боламыз.

Контекстік талдау және компоненттік талдау әдістері. Талдау нәтижелері көрсеткендей, Ә.Кекілбай прозасындағы киеленген ұғымдардың философиялық – эстетикалық сипаты басым. Мысалы, өнер құдіреті арқылы, ханның өзінің оған бас июі т.б. Шебер жазушының шығармашылық қазанында қорытылғаннан кейінгі ондағы қастерлі түсініктің қайта трансформациялануы Ә.Кекілбай мен М.Мағауин сынды көрнекті қаламгерлер халықтың өшкен рухын ояту, ұлттық құндылықтардың адамзаттық құндылықтармен астасқан биіктігін көрсетуді мақсат еткен.

2.2 Материалға сипаттама

Мақалаға негізгі материал ретінде М.Мағауин мен Ә.Кекілбайдың прозалық туындылары таңдалып алынды. Атап айтқанда, М.Мағауиннің «Жармақ», «Қыпшақ аруы», «Құмырсқалар қырғыны», «Қара ләйлек» шығармалары және Ә.Кекілбайдың «Аңыздың ақыры», «Ханша дария», «Күй», «Шыңырау» туындылары зерттеу нысанына алынды. Бұл шығармалардағы қастерлілік ұғымдары фольклорлық танымменен тығыз сабақтасып жатыр. Әдебиет пен фольклордың байланысы

жазушының оны қандай мақсатта және қалай пайдаланатынына тәуелді екені белгілі (Қасқабасов, 2009: 20-21). Осы тұрғыдан алғанда, аталған қаламгерлер халықтық құндылықтарды көркемдік тұрғыдан жаңғырту арқылы оқырманға әсер етудің өзіндік үлгісін қалыптастырған. Дегенмен, олардың шығармаларындағы қастерлілік табиғаты арнайы зерттеу нысаны ретінде жүйелі түрде қарастырылмаған. Сакральдылық ұғымы біржақты анықтамамен шектелмей, көркем мәтіндегі авторлық таным мен көзқарас арқылы айқындалады. Автор идеясы мәтіндегі модалділік категориясы арқылы жүзеге асатыны белгілі (Шалабай, 2016: 35). Осыған байланысты сакральдылық әр қаламгердің дүниетанымына сәйкес түрлі деңгейде көрініс табады. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселенің толық зерттелмеуі бірқатар ғылыми болжамдар жасауға негіз болды. Миф пен сакральды таным мәселелерін қарастырған А.Жақсылықовтың, (Жаксылықов, 199: 420), А.Темірболаттың (Темирболат, 2011: 112), С.Қасқабасовтың (Қасқабасов, 2002: 27-35), К.Матыжановтың (Матыжанов, 220: 3-27) еңбектері зерттеу бағытын айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, түс көру мотивінің көркем мәтіндегі қызметі кейіпкер психологиясын ашуда маңызды құрал екені анықталған (Пірәлиева, 2003: 87). М.Мағауин шығармаларында адам болмысының екіге бөлінуі, түс пен өңнің астасуы арқылы өмірдің сакральды мәні ашылса («Жармақ» (Мағауин, 2007)), «Қыпшақ аруында» тарихи жад пен рухани сабақтастық мәселелері көрініс табады. Ал Ә.Кекілбай прозасында өнер, тарих және адам тағдыры арқылы қастерлі ұғымдардың трансформациясы жүзеге асады. Көркем шығармадағы адам бейнесінің мәні оның адамгершілік болмысымен тығыз байланысты екені белгілі (Қабдолов, 1982: 78). Бұл тұжырымды М.Әуезовтің жазушы шығармашылығының негізі оның ішкі рухани күйінен туындайтыны туралы пікірі толықтыра түседі (Әуезов, 1997: 126).

3. Талқылау

Мақала нысанына алынған М.Мағауиннің «Жармақ» романының жанры жайлы зерттеушілер тарапынан әрқилы пікірлер айтылды. Жазушының осы шығармасындағы реалды өмір тіршілікпен қатар айтылатын өзге өмірдің мәні халықтың ежелгі «о дүние», «ақырет» жайлы киеленген ұғымдары жатыр. Себебі шығармада марқұм болған Иман Қазақбай деген жазушының атынан берілетін түрлі оқиғалар мен оның аты-жөніне де символикалық мағына жүктелген. Қазақтың сан ғасыр бойына аңсаған заманы туғанымен, қоғамда болып жатқан түрлі келеңсіздіктер, ұлттық құндылықтардың құнсыздануы, қазақтың қанына біткен қайырымдылық пен мейірімнің тасбауырлыққа, қатыгездікке айналуы, материалдық байлыққа бас ұру жағдайларының басымдығы т.б. заман тудырған келеңсіз жайттарды суреттеу үшін автор көркем шарттылыққа барған. Жоғарыда атап өткеніміздей, жазушы фольклорлық түс мотивін көркемдік сипатта қолдану арқылы кейіпкерінің ой-сана түкпіріндегі болып жатқан сезімдерді суреттеу арқылы шығармашылық адамының ғылымды, мәдениетті қастерлейтін қасиетін аңғартып өтеді. «Осындай да қызық түс болады екен», – деп таңданады Мұрат.

– Сірә, көңіл түкпіріндегі бір қиял. Әрине, миллионер болып кетсем де, таңдап тапқан ғылымнан қол үзбеймін ғой. Қарымым ұзарып, күш-қуатым арта түседі. Күнкөріс жайына алаңдамайсың, кітап шығару мәселесі өзінен өзі шешіледі. Бірақ

құрғақ қиял – асса, парықсыз түске ғана айналады. Парықсыз ғана емес, қисынсыз түс (Мағауин, 2007: 29) – деп ойға шомады да, Мұрат үстіне қараса, тойда кигізген әдемі смокинг, қара туфли, т.б. – бәрін шифонерге қыстырып, соңында жыртық майка, шолақ трусимен ғана тұрғанын аңдайды. Шығарманың негізгі түйіні – автордың дүние қанша қызыл-жасылды қызығымен арбаса да, «адамшылық ізгі қасиетіңді жоғалтпа» дегенге меңзейді. Шығарманың өн бойындағы бір адамның Марат пен Мұрат болып екіге бөлінуі, екі түрлі тұрмыс кешуі: қоңырқай қарапайым тіршілік пен астатөк байлықта өмір сүру жағдайдарының суреттелуі, ақыр соңында Мұрат пен оның жармағы Мұраттың да өлім құшып, ақыр түбінде бір жанға айналғанын жазудың мәні – өмірді қастерлеуге, ашкөздікке берілмеуге үндеу. Автор көркем шарттылық арқылы көп адамның өз бойындағы тұлғалық қасиеттерінен гөрі пендауи пиғылдарға басымдық беріп, өмірдің соңы – өлім екенін ойламай, ойсыз күн кешетіндігін айтуға бағыттаған. Мұсылмандық тұрғыдан алғанда «мақшар күнгі» Жаратушы алдындағы есепті өзі қанша адал өмір сүргенімен, өзінің екінші бөлігінің күнәсі үшін Мұраттың жауап беретіндігі жайлы ойлардың философиялық астары терең. Бүгінмен ғана өмір сүрмей, өзіңнің әрбір жасаған ісіңнің ұрпағыңа тигізер залалын айту, әрбір пенденің о дүниеде жауапқа тартылып, ізгі ісің таразылар күн барын ескерту арқылы автор сан ғасырлық тарихы бар діни, адамгершілік қастерлі қағидаттарды оқырман есіне қайта бір салған деуге болады.

Ал М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» туындысында мифопоэтикалық символдарды ұтымды пайдалана отырып, дәуірлермен дәуірлер арасын жымдастырып XI-XXI ғасыр арасындағы халқымыздың тарихы мен мәдениетіндегі түрлі кезеңдердің суретін береді. Шығарманың кейіпкерлері: Қыпшақ ханы Көбектің бәдізші ұлы Саржан, оның бүгінгі жалғасы мүсінші Көбеков Саржанның басынан өткерген оқиғаларға жазушы оқырманын иландыра алады. Себебі, халықтың жадындағы аруаққа деген сенім, өткен мен бүгіннің жалғасы секілді ұғымдар негізгі көркемдік тірек ретінде алынған. Кеңестік дәуірде өмір сүрген адам қыпшақ дәуіріне өтіп, ондағы түрлі түсініктер мен ұғымдардың сырын ашады. Солардың бірі – көне заманғы аруаққа деген сенімінің басымдығын кейіпкердің өз мүсінін жасамақ болған мүсіншіге жауабы арқылы береді. «– Болмайды, – дедім, Саржанның шынымен айтып тұрғанына көзім жетіп. – Мен тәңіріге, аруаққа және тылсымға сенетін кісімін. Жадағай, жалғыз-ақ өлшемдегі фотосурет емес, басыңның, бар бітіміңнің нақпа-нақ көшірмесі – қолдан жасалған сыңарың... Мүмкін, шайтан қонар. Ең қорқыныштысы – менің жаным өзімді тастап, сол мүсінге көшіп кететін шығар. Түгел болмаса да, тең жарым, бөлшек бітісімен.... Рақмет, әуре болмай-ақ қой, – дедім» (Мағауин, 2005:16). Бұл үзіндіден байқайтынымыз, байырғы қазақ танымындағы ырым-тыйымдармен бекітілген аруақты қастерлеудің кейіпкер санасына орныққан жайын аңғартады. Сондай-ақ, шығармадағы Саржанның альбомдағы қыпшақ аруының тас мүсініне ғашық болып қалып, сол мүсін орналасқан жерге сапар шегуі, Айсұлу Бегімнің аян арқылы көмек беріп, екеуінің суретін Саржанның қашап болып, тәңірден жан кіргізуге дұға жасауы арқылы жан бітіру оқиғалары арқылы өнердің құдіреттілігін, әсіресе жаһандану дәуіріндегі ежелгі бабалардан жалғасқан өнердің киесін жоғалтпай ұрпаққа жалғастыру идеясын айту үшін осындай көркемдік шарттылықты

шеберлікпен пайдаланған деуге болады. Бұл шығармадағы Саржанның досына айтқан: «Халқымның қасиетін әйгіледім. Таспен бедерленген тарихын жасадым... Бақытты болдық, Айсұлу екеуіміз. Екі жалғанның да қызығын көрдік... Қозы мен Баян тәңіріден құшақтары жазылмас үш күндік ғұмыр сұраған екен. Ал, біз, міне, отыз... жоқ, тура қырық төрт жыл! Бұдан асқан қандай бақыт, қандай мерей, мәртебе болуы мүмкін!?» – дейтін сөздерінен айқын аңғарылады. Жазушының қаншама ғасыр өтсе де, сан ұрпақ алмасса да, әр заман ұрпағының қастерлейтін бір қағидасы – өткенін ұмытпай, өнерін өшірмей, елдігін сақтау.

М.Мағауиннің тыңнан тақырып тауып қана қоймай, шығармадағы оқиға барысын сипаттай отырып, авторлық шешімнен бөлек оқырманына ой салатын ерекшелігі «Құмырсқалар қырғыны» әңгімесінен айқын байқалады. Шығармаға дүниедегі ең кіші жәндік құмырсқалар өмірі негіз болып,ол адам тіршілігін, атап айтқанда, қазақ тарихын астарлы, символды түрде танытуға бағытталған. Құмырсқалар тіршілігін жете бақылайтын автор-баяндаушының үй алдындағы илеудің ішкі-сыртқы тыныс-тіршілігін тәптіштей баяндай отырып, зерделі оқырман жадындағы жаңғыруларға негіз болар лық көркемдік амалдар ешкімді қайталамайтын өзіндік өрнегімен көңіл аудартады.

Қаламгердің құмырсқалар өмірін де адамға тән (аталық, аналық, жұмыс-кер құмырсқа, шымал) заңдылық арқылы ажыратуының да астарлы мағынасы терең. Қарапайым өмір кешкен құмырсқалардың тынымсыз еңбегі мен олардың еңбегіне қиянат жасау арқылы күн көретін құмырсқалар арқылы өмір қайшылығын бейнелейді. Күштінің әлсізге үстемдігін көрсете отырып, «бүкіл тіршілік иесінің бір жаратушысы бар» дейтін ойды тіріл теді. Шығармадағы баяндаушы – нарратор қарапайым қоңыр құмырсқалардың тіршілігіне іштарта отырып, табиғат жаратылысының өзіндегі қайшылықты таныта білген. Өзгенің еңбегін пайдаланушы масыл пиғылдағы шымал құмырсқаларды тұтас қырып тастамақ болған ойынан қайтқан тұсындағы мына ойларының философиялық мәні терең. «Жеті қат көктің төріндегі Ақсақал жердегі мына бізге қарап, дәл осылай масаттанып отырған шығар. Кейбір кездерде ол Кісі... Кісі емес, Тәңірі тағалам да өзі араласып кететін тәрізді ғой. Мәселен, мейманасы тасыған, енді бүкіл жер-жиһанды жалмап жеуді ойлай бастаған түрік-мұсылман әулетіне қарсы Ақсақ Темірді шығарғаны сияқты. Енді аналар күш алып тұр. Әрине, бұлай жібермейді. Кезегі тақау... Міне, мына мың сан құмырсқаның менің еркімде тұрғаны сияқты» (Мағауин, 2004: 37). Жазушы тіршіліктегі ең кіші жәндік саналатын құмырсқалар өміріндегі әділетсіздік арқылы адамзат қоғамының барлық болмысын сипаттай алған деуге болады. Сол кішкентай жәндіктердің өзіндегі Өмір үшін, ұрпақ үшін, өз мекені үшін арпалысты жоғарғы сана иесі саналған адамға ғибрат етеді. Мекенін бермей, жан, таласа қорғаған құмырсқалардың өзін құрбан ете отырып, дұшпанымен қарсыласуы жерді сүю мен оны қорғаудағы қазақтың ежелгі ерлік рухын меңзейтіндей. Жалпы жер ұғымы – ежелден бергі түсінік (мифтік, тәңірлік) бойынша, өзгермеудің, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы. Әңгіме мәтінінен кезінде түрлі қысымнан атамекенін амалсыз ажыраған қазақтар өмірі тұспалданған. Бұл автор-нарратордың мына тұжырымдарына сыйдырылған. «Бұл кезде артта қалған Жиделі-байсын – біздің мәуелі бақ, берік дуал ішінде басқаша бір оқиғалар –

құмырсқалар әлеміндегі жаңа бір қақтығыс – өліспей бітіспес қырғын соғыс қатері елес бере бастаған» (Мағауин, 2004: 25).

Ал М.Мағауиннің «Қара ләйлек» әңгімесінде де туған жердің қадір-қасиеті мен қазақтың киелі санайтын құсына деген көзқарасы негіз болған. Қандай қиындық кешіп, ел, жер ауыстырса да, туған жеріне келіп, балапан ашатын қара ләйлек құспен оған қатысты кейіпкерлердің көзқарасы арқылы халқымыздың бойындағы бекзаттық, адалдық, арамдық жайлы ой-танымдарын танытуды көздеген. Автор тіпті қазақты сансыратқан аштық жылдарының өзінде де атасының сол қасиетті құсты аттырмай аялауы, ал Өріктей ананың бұл халықтық қағидаларға қарсы келіп ақыры қасіретке ұшырауы автордың көркемдік шарттылық арқылы халық санасындағы кие тұтудың мәнін білдірген. Автордың ата-әжесінің тәрбиесі арқылы бала жасынан санасына сіңіріліп өскен қара Ләйлектің қасиеті жайлы тыйымдар оны осы құстың етінен үш мәрте бас тартқызады, Міне, әңгіменің басты мәні де осында. Атадан балаға жалғасқан халықтық қасиет қана ұрпақ жалғастығын сақтап, ұлттық танымның нәрін сақтайды. Әңгіменің мәтініндегі әр кезеңге тән әңгімелердің арасын авторлық баяндаулар жалғастырып отырады. Авторлық баяндау мен кейіпкерлердің қилы тағдырлары арқылы халқымыз басынан өткерген ең ауыр кезеңдердің салмағы мен сабағын оқырман өзінше зерделейді. Шығармаға өзек болған атамекен, туған жер, ұрпақ жалғастығы сияқты қастерлі ұғым-түсініктердің аң, құс, жәндік үшін де аса маңызды екендігін айту арқылы автор оқырманын өрелі ойға жетелейді.

Ә.Кекілбайдың «Ханша дария» хикаясы жақсылық пен жамандықтың, мейірім мен ізгіліктің қайшылығына құрылған. Әбіш Кекілбаевтың «Мұнарасына» сакральды символдық мән жүктелген. Онда реалды әлемнен шектелген мифтік кеңістіктің, сакралді аймақтың нышаны бар, ал оған сіңдірілген шебердің шынайы сүйіспеншілігі.

Түс көру символикасын да түрлі шығармаларына арқау еткен. Мысалы, «Әбілхайыр ханның түс көруі», «Шыңырау» әңгімесіндегі «Еңсептің түсі» бүкіл шығарманың сакральдық арқауына айналған.

Сондай-ақ, біз талдау нысанасы етіп отырған Ә.Кекілбаевтың «Күй» (Кекілбаев, 1999: 215) повесіндегі дала өнерпазы күйші тағдыры арқылы халқымыздың өнер, өнерпаз тұлғасының ел ішіндегі беделі мен қадірін таныта білген. Өзінің бүкіл өмір тарихын, қуанышы мен қайғысын күй тіліне түсірген халық жадындағы аты аңызға айналған күйшілердің жиынтық тұлғасын сомдай отырып, жазушы халықтық құндылықтардың, соның ішінде күй өнерінің білгірі, сезімтал сыршыл суреткер екендігімен дараланады. Себебі сөз өнеріне жетік жандардың бәрі бірдей емес, ішіндегі ерекше қабілеттісі, дара болмысты қаламгерлер ғана күй сарынын ұғып, оны көркем шығарма идеясымен қабыстыра алған. Шығармадағы күйшінің Жөнейттің ішкі дүниесінде болып жатқан сезім арпалыстарын қопара суреттеген қаламгер өнер құдіретінің күйшінің өзіне де, оның өнерін қастерлеген қалың жұртқа да қандай кезеңде де күйдің жүрекке жылылық сезім сыйлаудың құдіретті күші болғандығына сендіре білген. Жазушы қазақ әдебиетінде түркімен мен қазақ халқының арасындағы қарым-қатынастардың түрлі тарихи кезеңдердің бәрін емес, өзінің айтар ойына тірек боларлық бір ғана сәтіндегі оқиғаға ден қоюы арқылы ең өзекті мәселені қозғайды.

Қай халықтың да басты өмірлік қағидасы – бейбіт өмір сүріп, ұрпақ өсіру екендігі аян. Алайда түрлі пиғылдағы билік иелерінің арасындағы қақтығыс пен жауласудың кесірі екі жақтың да халқына оңай тимеген. Сондай қасіретті оқиғалардың адам шошырлық көрінісін «мәңгүрт» бейнесі арқылы бейнелеген жазушы ана, туған жер, адамдық, татулық секілді жалпыадамдық құндылықтардың мәнін оқырман жадында қайта бір жаңғыртып, ойлантады. Жазушы үшін ең алдымен, Адам деген биік ұғымның қадір-қасиеті алға шығып, оның елге, жерге қарым-қатынасы арқылы кісілік келбетіне баға беріледі. Жау қолында қалған жазықсыз жанның ауыр тағылық жазаның кесірінен ақыл-ойынан айырылып, өз анасын танымастай халге түсуін көркем әдебиетте алғаш суреттеген жазушының айтар ойының пәлсапасы тым тереңде жатыр.

Қаламгер «Күй» повесінде қазақтың ауызша айтылып, ел жадында сақталған әңгімелерінің негізінде сақталған аса маңызды тұстарын қайта жаңғыртып, философиялық, психологиялық тұрғыдан терең тұспал дарыта отырып, жалпы адамзат баласы үшін өзекті ой айтудың әдісіне айналдырған. Сайын даланың төсінде кеңдік жеткенімен өзара бітім мен бірлік, татулық жетпей, текетіресken екі бауырлас жұрттың арасында болған тадай замандар бойғы ел берекесін кетірген оқиғалардың зардабы ақыры неге жеткізгендігін айту арқылы да адами құндылықтардың мәніне үңілуді, оқырманның есіне салады. Дала өміріндегі мал барымтасы, жер дауы, жесір дауынан да асып түсетін адам қолымен жасалған жауыздықтың ең бір сұмдық оқиғасы адамды мәңгүрт жасайтын жазалау түрінің қасіретін бағамдау үшін ел арасындағы аңыздық әңгімелердің желісіне жүгінген. Шығармадағы түркімен батыры Жөнейттің тұтқындағы жастарды мәңгүртке айналдыру арқылы өз жұртына жауыздыққа бағыттауы адам қолымен жасалған қатыгездік пен қастандықтың ең бір зұлым түрі. Бұлайша жазалаудың мәні – оның жеке басын ғана қорлау емес, сол арқылы оның ел-жұртының мысын басып, өзінен шыққан перзентінің қолымен болашағына балта шабуға бағытталған зымияндық әрекет. Қаламгер күйші домбырасының шанағынан төгілген бабалар үні, қасиетті өнердің сарыны арқылы ой салып, адамзат баласын осындай қатыгездіктен айықтыруға ұмтылады. Жауласқан жұрттың арасында мұндай ауыр жазаның болғандығы жайлы қырғыздың әйгілі «Манас» жырындағы жас балаларды алып қашып кетіп, олардың басына шіре байлайтыны жайлы айтылатын оқиғалардан да танылады. «Кепеш кигізу», «шіре байлау» дегенді мәңгүрттікпен байланыстыруға болады. Төл әдебиетімізге, жалпы өз кезеңінде, одақтық әдебиетке мәңгүрт ұғымын алғаш алып келген қаламгер – Әбіш Кекілбаев» (Кекілбаев, 1999: 21-23).

Автордың бұл тақырыпты қайта жаңғыртудағы мақсаты қазақтың патшалық Ресей отаршылдығынан басталып, кеңестік дәуір тұсындағы ұлт тағдырына жасалған қиянаттың зардабын тұспалды түрде жеткізу болатын. Тіпті тәуелсіздік кезеңінің өзінде де туған тіліміздің өз тұғырында болмай, ана тілінің қадыр-қасиетін, өз мәдениетін сезіне алмайтындардың өмір сүруі де рухани мәңгүрттіктің бір түрі. Автордың айтпағы да ұлт үшін ең қауіптісі осы рухани мәңгүрттік, төл мәдениетінің тектілігін танымай, өзгенің өміріне еліктеуден сақтандырып, өз құндылығын танытуға деген автор көзқарасы шығармадағы екі елдің арасындағы өшпенділік өртін өшіріп, достасуға дәнекер болған күйдің астарындағы бүкіл қазақ елінің рухани-

мәдени пәлсапалық байлығының негізі, түп-тамыры дейтін ойымен ұштасып жатыр. Шығармадағы суреттелетін оқиғалардан қазақтардың Маңғыстауға қоныс тебе бастаған уақыттың сілемі аңғарылады. Көшпенді тұрмыс кешкен екі елдің негізгі байлығы жер десек, ол жердің де өзіндік киесімен қатар иесі де болған. Мәселен, Маңғыстау жұртында айтылатын аңыздың бірінде түркімендерге Бердалы батыр бастаған қазақ тобы жер сұрай келгенде алғашында бейбіт басталған келіссөзге түркімен жағының бір ұрдажық батырының қазақ батырын өлтіру оқиғасы араласып, қақтығысқа ұласып кетеді. «Қан төгілген жер құт болмайды» деп дейтін ойға бекінген қазақ пен түркіменнің арасындағы жауласу қазақ батырларының түркімендерді Маңғыстау бойынан түре айдап шығып, Бердалы батырды сонда жерлеуімен аяқталады. Повестегі түркімен-қазақ арасындағы бітімгерлік мәселесі де сол кезеңнің шындығына сәйкес келеді. Бұл шығармадағы Қараман ата есіміне қатысты нақтылана түседі.

Бірқатар деректерде Қараман түркімендерді Маңғыстау жеріне бастап келген батыр ретінде айтылғанымен, жазушы кейіпкерін тура сол күйінде алған деуге болмайды. Сол кезеңде болған оқиғалардың куәгері ретінде автор Жөнейт пен Мәмбетпана есімдерін алған. Бұл туралы қаламгер Ж.Дүйсенбаевамен «Сұхбатында» «Мәмбетпана мен Жөнейіт шартты есімдер. Дәл осы оқиғаға қатысқан кісілердің аттары дәл солай деп мен ойлаған жоқпын. Бірақ сол кездегі Маңғыстауды жайлаған түркімендердің Мәмбетпана деген үлкен ру басшысы күні кешеге дейін болған. Мәселен, Өскенбай Құлшармен айтысқанда Мәмбетпанаға бағынады. Сол сияқты Жөнейіт деген батыр да түркіменнің үлкен руы - Теке Жәуміттің батыры. Оны да мен әдейі алып отырмын, өйткені Жәуміттер Түркменияға, негізінде, Сам арқылы Самға, сосын Балқанға құлап түркіменнің құрамында болған оғыз тайпасы. Сондықтан солардан шыққан батырлардың атын алдым, бірақ дәл солар емес, яғни «Күйді» «Абыл күйші аруағына ескерткіш» деп бағыштапты. Сол сеп болып әу баста көп оқырман, оның ішінде Абылдың отаны Маңғыстау елі де күйшіні Абыл деп қабылдады. «Күй» Абыл күйшінің аруағына ескерткіш болғанымен, онда Абылдың түркімендердің де ортасында болып өнер көрсеткенінен басқа Абылға, Абыл өмірбаянына қатысты ештеңе жоқ» (Дүйсенбаева, 1999: 23). Демек, автордың өзі пайымдағанындай, шығарманы жазу үстінде ол Абылдың өмірбаяндық деректерін сақтауды міндет тұтпаған. Өз сөзімен айтсақ: «Бұл түпкі негізден алшақтап, өзімнің суреткерлік пайымдауыма жол ашу үшін жасалған әдіс». Әрине, күй мен күйші жайында қазақ әдебиетінде Ә.Кекілбаевқа дейін де кесек туындылар жазылған. Алайда әр жазушының шығармасындағы өнер мен өнерпаз тағдыры өзіндік өзгешелікпен өрілген. Мәселен, І.Жансүгіровтің кейіпкерінің күйшілік құдіреті өз басына бостандық алуының кепілі болса, Ә.Тәжібаевтың күйшісі жауласқан екі жақтың арасындағы араздық отын өшіріп, бітістірудің құралына айналған. Ал Ә.Кекілбаевтың шешімі тосындығымен ерекшеленеді. Оның құдіретті күйшісі Жөнейт қолынан қаталдықпен қаза табады. Біздіңше, бұл тұстағы жазушының шешімі халықтың ең бір аяулысы, қастер тұтып, қадірлеген өнері мен өнер иесін тұншықтырған жауыздық пен қатыгездік әрекет пен жауласу мен өшпенділіктің ауыр зардабы арқылы адамзатқа ой тастаған. Мұндай ауыр шешімнің кез-келген саналы жанның намысын оятып,

жауыздықтан жирендірері анық. Жазушы да сол арқылы адамдық болмыстың ең асыл қасиеттерін алғы кезекке шығарады. Қарымды қаламгердің шығармасындағы жер-су атауларының тарихи дәлдігі мен жер-су сипатының ерекшелігі де көңіл аударарлық құндылық деуге болады. Мәселен, Маңғыстау жеріндегі сексеуіл, дүзген сықты қалың шөптесіндердің тұтасқан тұсын Түлей деп атайды. Маңғыстау жеріндегі Қара Түлей, Шағырайдың түлейі, Шылпықтың түлейі деген атаулар жердің осындай ерекшелігіне байланысты туған. «Күй» повесіндегі күйшінің көмілетін тұсын суреттейтін жер жағдайы да осы жергілікті ерекшелікті еске түсіреді. «Жігіттер басын жерден көтермей шұқырды тез көмді. Қызыл төмпек жым-жылас жоғалды. Шұқырдың орнында күйшінің мойны ғана қылтияды. Тұтқын бұларға лəм-мим үн қатпады. Жігіттер атына мінді. Айдалада айдау қара жолдың бойында жаутаңдаған қос жанар тасыр-тұсыр шауып бара жатқан аттының соңынан көз алмай қарап қала берді.... Бұл аттылар оның мына жұмыр жер бетінен соңғы рет көрген екі аяқты пенделері болды да қойды. Сорына қарай əншейінде Қоңырат пен Бесқаладан ақ жүгері іздеп қалашы шығып, айдау жолдың бойында əрлі-берлі шұбырып жататын қаңғыбас қазақтардың бірі болмаса біреуі жолықпады. Күйші түлей кезген қасқыр, қарсаққа жем болды. Күйшіні осы жазаға кескен Жөнейіттің де көкірегінде «байғұс, бəлкім, əлгі қаңғыбас қазақтарының көзіне түсіп аман қалар» деген əлжуаз үміті бар еді. Оған да қырсық Құдайы орындалуды жазбады.

Маңғыстау өңіріне тән жер-су атауларының тарихи дәлдігі Жөнейіттің ұлы Дəулетпен бірге Темірбаба əулие басына келген тұсында да анық бейнеленеді. Жергілікті жер тарихын жете білетін қарттардың дерегінше, «Бұл жерде жазылғанның бəрі сол жазылғандағыдай. Теңізге еніп жатқан Аданың аралы, оны кейде Кендірлінің аралы деп те атайды, оның имек басының құрлыққа бұрылар ұшында үнемі толқып жататын бұғаз. Аралдың түп басындағы жартас, «Жартастың төбесі қалай болса солай, кедір-бұдыр қалана салған дөңгелек қорған. Əулие адамның моласы əшекейленбек емес. Дөңгелек қорғанның ішінде жай адамның бойына келіңкіремейтін үш құлаштай ұзынша төмпек жатыр». Көрген адам бұл жолдарды бастап оқығанда-ақ «Темірбаба əулиенің моласы» дейді жаңылмай. Баяғыда Темірбаба жарықтық Шопан ата əулиемен аруақ салыстырғанда мына көк теңізді кешудей-ақ кешкен екен. Басқан аяғы астында құрғақ жер болып қала барған жіңішке түбек ұзындығы 21 шақырым» (Дүйсенбаева, 1999: 99-113).

Ə.Кекілбай туындысының негізгі тақырыбы – адам болмысының қатыгездік кесірінен зардап шегуі, жауласу мен өзара өштесудің ел мен жұртқа, жеке адамға тигізетін, кесір-кесепатын əшкерелеу. «Енді бір сəт осы арадан аяң бүлкілмен жүріп кеткен атты кісіге түстік жердегі Жөнейіт аулына оралалық. Күрке ішінде басына шіре тартылған бейшара алты тұтқын. Күні ертең мəңгүрт болғалы тұрған алты бақытсыз мұңлық» – дейтін жолдардан адам қолымен адамға жасалған жауыздықтың жан төзбейтін ауыр жазасы жанды сурет іспетті оқырман көз алдынан өтіп жатады. Жазушының бұл сұмдық оқиғаны егжей-тегжейлі баяндайтын тұсындағы суреттеулер арқылы да оқырманның жаны түршігіп, қаскөйлік сұмдықтардың тым ерте заманнан басталған сырына қанығады. «Ең алдымен қолға түскен тұтқынның шашын тықырлап алып, жаңа сойылған түйенің терісін тақыр басына жылылай тігіп, күнге қақтап

отырғызып қояды, уақыт өте келе тері кеуіп, адамның басын сығып, шаш ішіне қарай өсіп, адамның бас әлпеті де, санасына да өзгеріске түседі. Бастағы қанның айналысы бұзылғандықтан, адамның саналылық қасиеті кеміп, тек нұсқаумен ғана жүретін тірі өлікке айналады. «Күйдегі» осы оқиғаның өтетін жері де Айладырдың дөңі, Қақпақтының дөңі, қазіргі Оңтүстік Маңғыстау өңірі дейді. Сондағы Жөнейіт батыр аулында, баласы өлген қаралы ауылда енді алабөтен бір бейтаныс кісі бар. Ол – «бір шеттегі құрым күркеде кісенде отырған тұтқын жігіт». «Тұла бойында бір шайнам еті жоқ, кісі көрер көркі жоқ, бір жапырақ құр сүлдер». Жөнейіт батыр артынан білді. Анада мұның марқұм ұлы Адай еліне барғанда, онымен өнер сынасып тең түсетін күйші жігіт осы боп шықты. Бұл Дүйімқара аулына аттандырған қолы Дәулетінен өлі айырылып, сүйегін артып келе жатқан бетінде айдалада сапаршылап жүрген осы бейбақ ұшыраса кетіпті. Сосын көп шуылдақ «Дәулетжандай арыстың өтеуіне» деп мұны ала келіпті...» (Кекілбаев,1999: 45). Осылайша қарапайым, елеусіздеу суреттеумен бейнеленетін кейіпкерінің басынан өткерген қасіреті қаншалықты ауыр болса, оның жаратылысындағы күйшілік құдіретінің қуаттылығы жайлы да біртіндеп ашыла бастайды. Жазушы кейіпкерінің тағдырына тек жаугершілік қатал заман кінәлі ме, әлде адам болмысындағы жауыздық па? – дейтін ойлар оқырман санасына салмақ түсіреді. Табиғат бойына ерекше дарын сыйлаған жандардың қиын тағдырын өзі өмір сүрген заманның әділетсіздігімен сабақтастыра суреттеу «Күйшідегі» Абыл күйші мен «Шыңыраудағы» Еңсептің трагедиялық тағдыры арқылы да тереңдете түскен.

Ә.Кекілбай шығармаларынан, атап айтқанда, «Күйші» повесінде жазушының елге, жерге деген ерекше сүйіспеншілігі мен құрметі айқын аңғарылады. Шығармадағы Сырым мен оның айналасындағылардың ой-танымы, көзқарасы арқылы оқырман да Маңғыстау өңірінің жер, ел тарихына қанығып, қазақ даласының қасиетін тани береді. Сырым секілді ел азаматтарының ел-жұртын, туған топырағын қадірлеуі мен күй өнеріне деген ерекше ықыласы аясында өрбитін әңгіменің негізінде шығарманың негізгі сюжеті дамиды. Маңғыстау елінің айтуынша, Ә.Кекілбаевтың өзі де бала жасынан туған топырағының жер-су тарихын тануға құштар болған, осы қасиет оның шығармаларына да дарыған. Біздіңше, Сырым кейіпкерінің бойындағы туған өңірінің әрбір тасы мен суының сырына үңіліп, теңізінің жарға соққан толқындарының тілін ұққан қасиетінде өз болмысының да бір ұшығы жатқандай. «Кеше түс қайта теңізге тұмсық тірей таусылатын қара жалдың шетінде бір көнетоз қауымды көрсетті. Жалдың етегінен басталатын пышақтың жүзіндей жіп-жіңішке түбек көк айран дарияның төріне дейін сүңгіп кіріп жатыр. Сырым мынау елден ерек таңғажайып түбектің сырын сұрап еді, Құрбан ақсақал басын сонау, ту әріден алатын ұзын-сонар хикая қозғады. Қосқа келген соң қолына дутар алып, осы оқиғаға байланысты шыққан бір күйді тартты. Жетпістен асса да, қолына діріл жүгірмеген. Саусағынан төгілген саз әлі тәтті. Сырым да жастайынан күй тыңдап өскен қазақты. Баяғы бала кезінде қу тақтайдың бетінен өзінен-өзі өрбіп жатқан сиқыр үнге еліткенмен, дәл қазіргісіндей сұғына тыңдамаушы еді. Қазір күй естісе, өне бойының бәрі шымырлап, көкірегіне әлдеқандай бір өзгеше сезім қордаланып, жанарына мұң ұйып, ынт-шынты кетеді. Әсіресе Құрбан ақсақалдың кешегі тартқан күйінен әлі

айыға алмай жүр. Мана түске дейін дөңді қыдырғанда да құлағында сол саз оянып, баяғы бала күніндегідей әр саққа құбылып, әлденеге елегізумен болды. Теодалитке қанша телміріп қараса да, көз ұзындағы қара ноқаттың бәрі біресе әлдеқайда асығыс аттанып бар жатқан қалың қолға, енді бірде әлдебір жақтан соңына қиқу түсіп, жапа-тармағай жапырыла қашып келе жатқан қалың жылқыға ұқсап қалады (Кекілбаев, 1999: 48). Автор кейіпкерлерінің жан қалтарыстарына үңіле отырып, күй мен күйшінің, күйші мен тыңдаушының үнсіз ұғынысуымен де қастерлі ұғымдарды меңзей білген. Қаламгер табиғаттың қай құбылысын суреттесе де оған бір ерекше сипат дарытқан.

Жалпы ежелгі түсінікте бұлт ұғымы тылсымдық, киелілік мән иеленген. Мәселен, «Шыңғысханның ақ бұлты», «Абылайханның ақ бұлты» деген ұғымдар – «қорғаушысы», «иесі» деген мағынаны береді десек, «Бір шөкім бұлт» шығармасында жазушы осы киелі саналған түсінікті жаңғыртудың өзіндік айшығын көрсетеді. «Бір шөкім бұлт» – адамзат басынан өткерген Ұлы Отан соғысының зұлматты жылдарындағы әр әйелдің басына түскен ауыр қасіреттің символы ретінде алынса, «Бір уыс топырақ» жарқын болашақ үшін жанын қиған, туған топырағынан бір уыс топырақ бұйырмаған ерлердің тағдырын меңзейді.

«Бір шөкім бұлт» әңгімесінің оқиғасы Ұлы Отан соғысы тұсындағы тылдағы ауыл өмірінің тыныс-тіршілігін танытып, сол заманның шындығын бүгінгі оқырманның көз алдына мөлдіретіп әкеледі. Жас өскін балалық шағын соғыс зұлматы ұрлаған көп баланың бірі ретінде суреткердің де бұл тақырыпқа баруы тегін емес. Себебі, қалам тартқан алғашқы шақтарында санасына салмақ түсірген сол шақтардың әлі өшпеген естелігін көркем дүниеге айналдырды. Әсіресе әйел, ана бейнесін сомдаудағы өзіндік айшықты қолтаңбасы Аққаймақ тұлғасынан танылады. Оқырманға айдалада, жалғыз-жарым жолаушының кім екендігі көпке дейін беймәлім болып келеді. Кейіпкердің өзімен-өзінің іштей сырласуы, әрекеті мен ой-сезімінің ішкі диалогпен дәлелденуі немесе сарапануы да кездеспейді. Мұнда тек автордың (жасырын әңгіме айтушының, яғни Аққаймақты жасырын бақылаушының) немесе шығарманың көзге көрінбейтін ішкі монологы бар. Оның дәстүрлі ішкі монологтан өзгешелігі де осында жатыр.

«Ұлы Отан соғысы жылдары қазақ қыздары майдан даласында сынға түсті. Ұлы Отан соғысы жылдарында пулеметшы М.Мәметова, мерген Ә.Молдағұлова, ұшқыш Х.Доспанова сияқты батыр қыздар елді басқыншы жаудан қорғап майдан даласында ерлік көрсетсе, тылдағы қырқыншы жылғы келіншектердің таң атқаннан күн батқанға дейінгі егіс даласында, зауыт, фабрика, өндіріс орындарындағы жанкешті ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес» (Орда, Сарсенбаева, 2021:7).

Шығарманың негізгі кейіпкері Аққаймақтың жоғалған қызыл маяны іздеу барысындағы өжет, қайсар мінезі мен ішкі әлемінде болып жатқан түрлі ой-сезімдері арқылы жазушы да өзінің балалық шағының естелігіне оралғандай болады әрі сол кезеңдегі қазақ аналарының өрлігі мен ерлігін тағлым етеді. Ер азамат атаулының қан майданға аттанған тұсында елде қалған аналар иығына түскен ауыртпалықтың қандайын да қайыспай көтерген. Аққаймақ секілді аналардың арқасында ел іргесі сөгілмей, бала-шаға жетімсіремей, рухы сынбай жеңісті күндерге жетті. Аққаймақ

секілді жастықтың жарқын күндеріндегі жүрегінде балауса сезімі енді ғана оянған бойжеткендердің басынан өткерген ауыр хал оқырман жүрегін шымырлатпай қоймайды. Әкесінің елдің алды болып, өз еркімен соғысқа аттанып, майдан даласында мерт болуы, анасының жас шағынан жесірлік қамытын киюі Аққаймақты ерте есейтіп, жастығына қарамай, белін бекем буып, өмірдің барлық дауылдарын қайсарлықпен қарсы ала білуге мәжбүрлейді.

Шығарманың көркемдік тұрғыдан маңызды қыры: балғын жүрегінде тұңғыш ұялаған кіршіксіз сезім иесін соғыс жалмаса да, өмірден түңілмей, қайта сол соғыс салған ылаңнан жарымжан болып оралған мүгедек жанмен тағдыр қосып, оның жан серігіне айнала білу арқылы аналық, әйелдік парызын атқаруы Аққаймақ бейнесін даралай түседі. Осы арқылы ол өлім мен өмір айқасқан тұста азаматтың да туын құлатпай, ол үшін де өзі үшін жаңа, жарқын өмірдің шырағын жаға білді. Қаламгер қазақ әйелінің бойындағы мейірім мен қайырымның махаббат сезімдерінің ел-жұртқа деген сүйіспеншілігімен астасып жататындығын көрсетуде өзіндік нақышымен ерекшеленеді. Аққаймақтың аналық, әйелдік болмысын өзінің айналасындағы ауыл-аймақ, туған-туыс тағдырымен сабақтастықта қарастыра отырып, жазушы сұм соғыстың қанды зардабы қаншалықты қасіретті болғанымен, қазақ әйелдерінің бойындағы ұрпаққа, жарға, туған жерге деген махаббатын өшіре алмағандығын танытқысы келген, әрі сол мақсатына жеткен. Сондықтанда Аққаймақ сұм соғыстың кесірі мен кесепатын ізгілік, қайсарлық пен мейірім арқылы өшіріп, жаңа өмірдің жаршысы бола білген ұлы сезім иесі ретінде сомдаған. Қайғысын өзі секілді қара жамылған халықтың балаларын оқытып, білімге баулу арқылы жеңсе, қан майданнан екі көзі суқараңғы соқыр болып оралған Тайбағарды өзіне жар етіп, оның анасыз қалған балаларына да, өзіне де қамқор ана, жар бола білуі арқылы қаншама адамның өшкен үміт отын қайта жағып, өмірді өз қолымен нұрландырған бейнесі шығарманың негізі тұтқасы. Бұл тұстағы жазушының Аққаймақтың өткен өміріндегі барлық жағдайларды оның өзімен-өзі сырласуы арқылы көрсете отырып, ішкі сезімнің әбден ширығып, сыртқа шыққандағы кесімді шешімдерінің нақтылы іске айналғандығын беру әдісі де өзіндік қолтаңбасын айшықтайды. Осы арқылы Ана ұғымына тән қастерлі, киелі сезімдердің жеке адам, жеке отбасын ғана емес, қалың қауымды қаншалықты жаңғырта, жаңарта алатын құдіретті күш екендігін көрсеткісі келген деуге болады. Зұлматты жылдардың қасіретін тарта жүріп, тосылып қалмай, қайта өмір тізгінін өз қолына алған Аққаймақ жайында автор былайша толғанады: «Аққаймақ орнынан тұрып, айналасын қармалап жүрген соқыр әншінің қолынан ұстап алды... Сол қол ұстасқан күйі Ондыға келіпті. Содан бері аттай он жыл өтті. «Шүкір, Аққаймақтың қазір көз қуанышы бар. Ел қатарлы тұрмысы, өсіп келе жатқан балалары, сыйластығы суымаған төсек жұбы түгел. Баяғы жалын атқан өксік өшіп, бұл күнде анда-санда жүрек түйнеп өтер өкініші желге, көкірек тістеп кетер көлденең шаншуға, ойда жоқта оралып бір сәт көңіліңді ойран-топан ететін алыс сарынға айналған...» (Кекілбай, 1999:36). Жазушының «Бір шөкім бұлт» шығармасы соғысқа дейін қоңырқай бейбіт тірлік кешкен халықтың сұм соғыстың кесірінен бастан кешкен қилы тағдырынан хабардар етіп, жеңіс күні жетіп, елдің көңілі орныққанымен, сол бір қасіретті кезеңнің ізі әрқайсының жан түкпірінде сақталып қалған. Бейбіт

өмірге бет алған аядай ауылдың басынан өткерген тұманды күндердің ауыр естелігі жазушының өмірбаянымен де тамырласып жатады. Өйткені жазушы да балалығын сұм соғыс ұрлап, ерте есейген ұрпақ өкілі. Қай шығармасында да туған топырағын кие тұтып, қастерлеген қаламгер бұл әңгімесінде де жер-су атауларына ерекше мән береді. «Мектеп бұлардың үйінің күншығыс құбыла бетіндегі Қызылтамда еді. Қазіргі Оңдының үлкен көшесінің шетіндегі зират ішінде әу баста қызыл кірпіштен салынған там болған екен. Содан Қызылтам атанып кеткен. Ауыл аты да біразға дейін Қызылтам делініп келген. Шығармада да сол атымен беріліпті. Мырзайырдың ойы, Басқұдық, Сәубет, Қалматайдың жалы, Қарауыл Күмбет, Ноғайтөбе, Сәлмен бөгет. Шетпе, Тасбас, Жармыш – бәрі сол маңайдың жер аттары. Тарихи жер аттары сол күйінде берілген» (Кекілбаев, 1999: 137). Қазақтың кең байтақ жерінің бір ғана үзігі кішкентай Оңды ауылындағы соғыс жылдарындағы және соғыстан кейінгі тіршілік тынысын «суреттеу» арқылы автордың елдің бірлігі мен жанқиярлық еңбегін, үлкен-кішінің бойындағы туған жерге, Отанға сүйіспеншілігі арқылы жеңісті жақындатқан жалпы қазақтың қайсар рухын паш еткен қайталанбас қолтаңбасын танимыз.

Шығармалары талданып отырған қаламгерлердің қастерленген құндылықтарға көзқарасы өте жақын. Ұқсастықтары: халықтың қастерлі санаған ұғым-түсініктерін терең меңгерген, халықтық тілдің қайнарынан нәр алған. Ерекшелігі: сакралдылықты беруде екі түрлі әдіс, стиль қолданылатындығы ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды.

Ә.Кекілбай мен М.Мағауин шығармашылығы жайында бірқатар зерттеулер жазылғанымен, шығармаларындағы сакральдылық мәселесі жайлы арнайы сөз болмаған. Жалпы «сакральдылық» ұғымы жөнінде этнографиялық сөздікте: 1) әртүрлі діни наным-сенімдерде құдіретті сипатқа ие болған ерекше құбылыс, зат, байланыстар мен қарым-қатынас; 2) діни культтік жүйеге енетін заттардың, тұлғалардың, мәтіндердің, тілдік формулалардың, ғимараттар мен тағы басқалардың жиынтығы (Этнографический словарь, 1997:14) – деген анықтама айтылады. Ал шын мәніне келгенде, ғалымдардың түсіндіруінше «қастерлілік» – діннен әлдеқайда бұрын, адамзаттың ойлау, елестету қабілетімен бірге пайда болған, рухани мәдениеттің қалыптасып, даму жолында аса маңызды рөл ойнаған күрделі, кешенді құбылыс екендігі жайында Г.О. Луговскийдің, (Луговский, 2015 : 79), Н.И.Коновалованың (Коновалова, 2007: 74), пікірлері бір арнаға тоғысады. Қастерлілікті зерттеуде оның символға қатысын тереңдей қарастырудың маңызы өте зор. А.Ф.Лосевтің айтуынша «символ дегеніміз – жасырын, тереңде жатқан тылсым ойды ашатын бейне», «Символ – ол өз алдына өзгеше шындық» (Лосев, 2001: 64-66). Ал символдың түбінде миф жатыр. Бұларға ортақ қасиет – екеуі де өз мағыналарын ақырына дейін нақты, толық ашып көрсетпейді, тек әлденеге меңзейді.

Сакралдылықтың түрлі мән-мазмұны мен тәсілдерінің көпшілігі фольклортану ғылымында жекелеген бейнелер, мотивтер мен сюжеттер тарихы ретінде қарастырылып келді. Мәселен, эпостардың негізгі қаһарманы батыр бейнесінің қастерленуі «батырдың ғажайып тууы», «алғашқы ерлігі», «лақап атқа ие болуы», «жорыққа аттануы» деген секілді мотивтер мазмұнына сіңдірілген. Бұл кешенді күрделі мәселені зерттеу енді ғана жүйелі түрде зерттеле бастады деуге болады. Осындай іргелі еңбектер қатарында М.А.Лапинаның (Лапина: 2010: 64-

66) еңбегі айрықша атауға тұрарлық. Соңғы кезеңде бұл құбылысқа тіл білімі саласында да бірқатар ғалымдар назар аударды. Н.И.Коновалованың қоса алғанда Н.В.Шестеркинаның (Шестеркина: 2015: 64-66) еңбегінде де мәтіннің сакралдылық мәселелелері жаңаша аспектіде сөз болды. Қазақ фольклорының наным-сенімдер ғұрпына тән магиялық фольклор мәнінің көркем мәтінге де ауысқандығын тұжырымдай отырып, К.Матыжанов (Матыжанов, 2020: 12) бүгінгі тіл білімінде де «қастерлі мәтіндер» (сакральные тексты) деп семантикалық сипатта ажыратыла бастағандығын ғылыми тұрғыдан тұжырымдайды.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу барысында қазақ прозасындағы сакральдылық құбылысының көркемдік табиғаты М.Мағауин мен Ә.Кекілбай шығармалары негізінде кешенді түрде талданды. Нәтижесінде сакральды ұғымдардың тек тақырыптық деңгейде ғана емес, шығарманың құрылымдық жүйесінде (сюжет, образ, уақыт пен кеңістік, тілдік өрнек, символика) тұтас көркемдік категория ретінде қызмет атқаратыны анықталды.М.Мағауин шығармаларында сакральдылық көбіне мифопоэтикалық таныммен, символдық бейнелермен және көркем шарттылық тәсілдері арқылы берілетіні айқындалды. Мәселен, «Жармақ» романында адам болмысының екіге бөлінуі арқылы материалдық және рухани құндылықтар арасындағы қайшылық көрсетіліп, өмір мен өлім, бұл дүние мен о дүниенің арақатынасы философиялық деңгейде зерделенеді. Бұл тәсіл сакральды танымның адамның ішкі әлемімен тікелей байланысты екендігін дәлелдейді .

Ал «Қыпшақ аруы» туындысында уақыт пен кеңістік шекараларының жойылуы арқылы өткен мен бүгін арасындағы рухани сабақтастық көрініс табады. Мұнда аруаққа сенім, өнердің киелілігі және тарихи жады ұғымдары негізгі көркемдік өзекке айналып, сакральдылықтың мәдени-генетикалық сипатта сақталатыны байқалады. «Құмырсқалар қырғыны» мен «Қара ләйлек» әңгімелерінде сакральды ұғымдар астарлы символика арқылы беріледі. Құмырсқалар өмірі арқылы қоғамдағы әділетсіздік, күш пен әлсіздік мәселелері ашылса, қара ләйлек бейнесі туған жер, киелі табиғат және ұрпақ сабақтастығы идеяларын танытады. Бұл шығармаларда сакральдылық табиғат пен адам арасындағы үйлесімділіктің бұзылуы арқылы көркемдік мазмұнға айналады .

Ә.Кекілбай шығармаларында сакральдылық тарихи-мифологиялық кеңістік пен адам тағдырының трагедиялық сипатымен астасып беріледі. «Күй» повесінде өнердің киесі мен адам болмысының қайшылықтары, сондай-ақ мәңгүрттік феномені арқылы ұлттық жады мен рухани құндылықтардың жойылу қаупі көркемдік тұрғыда терең ашылған. Жазушы сакральдылықты тек діни немесе мифологиялық ұғым ретінде емес, ұлттық болмыстың өзегі ретінде қарастырады .Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде екі қаламгердің шығармаларында сакральдылықтың ортақ қызметі анықталды: ұлттық құндылықтарды сақтау және жаңғырту; тарихи жадты көркемдік деңгейде жеткізу; адамгершілік-этикалық нормаларды бекіту; оқырман санасына рухани әсер ету. Айырмашылығы ретінде М.Мағауин шығармаларында сакральдылық көбіне символикалық және философиялық-экзистенциалдық сипатта көрінсе, Ә.Кекілбай туындыларында тарихи, әлеуметтік және психологиялық қырларымен тереңдетіле түседі.

Жалпы алғанда, зерттеу сакральдылықтың қазақ прозасында тек мазмұндық элемент емес, тұтас көркемдік-танымдық жүйе екенін көрсетеді. Ол арқылы жазушылар ұлттық дүниетанымды, рухани құндылықтарды және адамзаттық мәселелерді жаңа көркемдік деңгейде қайта пайымдайды.

5. Қорытынды

Жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеу жұмысының маңыздылығы – көркем шығарма құрылымындағы, образдар жүйесі мен тілдік кестесіндегі сакральділік семантикасының мәнін ашып, қазақтың екі көрнекті жазушысының прозалық шығармаларына арқау болған киелі, қастерлі ұғымдар мен дүниетанымдық жүйесін айқындау арқылы авторлардың эстетикалық позициясын, қаламгерлік қолтаңбасын айқындау әрі ортақ ұлттық құндылықтар дүниесіндегі ұқсастықтарын саралау.

Авторлар туындыларындағы сакральдылық мәнін ашу мақсатында олардың ұлт-тық дүниетанымымен қатар жалпыадамдық құндылықтарға көзқарасы қатар зерделенді. Мәселен, М.Мағауиннің субъективті-модалді жоспары мен тұжырымдамалық позициясы негізінен киелі саналған аң-құс, жәндік т.б. табиғат құбылыстарының мағыналары арқылы ерекшеленсе, Ә.Кекілбаевтың прозасындағы сакральдылық мәні жалпы әлеуметтік, қоғамдық, тарихи оқиғалармен қатысты ашылатындығы айқындалды.

Авторлар шығармаларының мәтіндеріне контекстік талдау, компоненттік талдау әдістері арқылы оның тұтастай сакралдылық сипаты ашылды.

Зерттеу барысында «сакральдылық» ұғымы жайындағы түрлі ғылым салаларындағы ортақ синтезделген теориялық материалдарын саралай отырып, шығармадағы кейіпкер мен автордың арақатынасы, уақыт пен кеңістік өлшемдеріндегі реалдылық пен мифтік ұғым-түсініктердің көркемдік шарттылығы жайлы да ойлар тұжырымдалды.

Көркем шығарма мәтініндегі қастерлі ұғымдардың қаламгерлер тарапынан халықтық санаға сыйымды мифтік сюеттер мен символдық белгілерді таңдап , талғап қолдану арқылы жаңа заман идеясын, болмысын танытуға көркемдік құрал ретінде шеберлікпен пайдаланғандығына көз жеткіздік.

Зерттеуде пайдаланылған түрлі әдістер арқылы көркем шығармадағы автордың жалпыадамдық құндылықтарды танытуда ежелден бергі белгілі қастерлі ұғым-түсініктерді жаңғырта, дамыта түрлендіре түсетіндігін және оны бүгінгі күннің кәдесіне жарата білетіндігіне, сол арқылы оқырманын өткеніне құрметпен қарауға үндейтін мәнін ашуға талпындық. Тұтас шығарманың арқауына айналған сакральдылықтың көркем табиғатын толықтай таныту үшін мәтіннің функционалдық, семантикалық және стилистикалық сипаттары жөнінде де ой-түйіндер жасауға талпыныс жасалды.

Жинақтай келгенде, М.Мағауин мен Ә.Кекілбай прзасындағы сакральдылық сипатын зерделей келе, көрнекті қаламгерлердің жаңа заманғы туындыларының өзегінде өткен тарихтың ізі, адамзат ой-танымының түрлі кезеңдері қабысып жататындығы жайлы ой қорытындыладық. Адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімнің бұзылып, адами қасиеттердің кейбір жағымсыз жағдайлары бой көрсете бастаған тұста халық жадындағы қастерлі саналған ұғымдарды көркемдік тұрғыда қайта зерделеу арқылы оқырманын рухани тұрғыдан ойлантуға, сақтандыруға

жетелейтін көркемдік күш екендігіне екі автордың туындыларын талдау арқылы көз жеткізілді.

Шернияз жырларындағы ұлттық болмыс көріністері сөз өнерінің қоғамдық және эстетикалық қызметін танытатын маңызды көркемдік жүйе ретінде көрінеді. Зерттеуші А.Шәріптің пайымдауынша, сөз өнері кез келген халықтың тарихи-рухани тәжірибесін саралау нәтижесінде қалыптасады (Шәріп, 2010: 10). Осы тұрғыдан алғанда, Шернияз жырларындағы ұлттық болмыс тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың көркем бейнеленуі арқылы айқындалады.

Ұлттық болмыс ұғымымен қатар, зерттеуде ұлттық идея мәселесі де маңызды орын алады. Н.Бердяев ұлттық идеяны халықтың тұтастығы, бірлігі мен татулығын айқындайтын іргелі құндылық ретінде қарастырады (Бердяев, 2016: 244). Көркем әдебиетте ұлттық идея тарихи жад, еркіндік және тәуелсіздік ұғымдарымен тығыз байланысты. Бұл жөнінде А.Темірболат ұлттық идеяның халық санасында қалыптасқан этномәдени түсініктермен сабақтасып жататынын атап көрсетеді (Темірболат, 2016: 109).

Шернияз жырларындағы тарихи контекст XIX ғасырдың екінші жартысындағы отарлық саясаттың күшеюімен, билік өкілдері мен қара халық арасындағы әлеуметтік қақтығыстармен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда Шернияз Жарылғасұлы шығармаларындағы ұлттық танымды тарихи-мәдени аспектіде кешенді түрде талдау – қазақ әдебиеттануындағы өзекті мәселелердің бірі.

2. Материалдар және әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада жалпы ғылыми және арнайы әдебиеттанудағы әдістер кешені қолданылды. Зерттеу барысында салыстыру, саралау, жалпылау және талдау әдістері арқылы Шернияз Жарылғасұлы шығармаларындағы ұлттық болмыс пен ұлттық идея көріністері жүйелі түрде зерделенді. Ақын поэзиясындағы ұлттық сананың көріністерін айқындауда мәдени-тарихи талдау әдісі негізгі әдіснамалық тірек ретінде алынды.

Мәдени-тарихи талдау аясында көркем шығармалардың тарихи контексі, нақты тарихи дәуірге тән ұлттық болмыс пен ұлттық идеяның көріністері анықталды. Әдеби туындыны тарихи аспектіде зерттеу Г.Гегель ұсынған «автор – туынды – оқырман» концепциясына негізделіп, шығарманы тарихи-әлеуметтік орта мен авторлық позиция тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді. Осы тәсіл арқылы Шернияз жырларындағы ұлттық болмыстың тарихи кезең бейнесімен, ұлттық идея мәселелерімен және тарихи-мәдени жадтағы оқиғалардың маңызымен байланысы айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде ұлттық болмыс көріністері көркемдік құбылыс әрі тарихи-мәдени контекстің маңызды нысаны ретінде қарастырылды.

2.2 Материалға сипаттама

Ұлттық болмыс пен ұлттық идея мәселелері әдебиеттану ғылымында Б. Майтанов, А.Шәріп, А.Темірболат, Н.Бердяев, И.Орлов, М.Попова және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде талданған. А.Темірболат ұлттық идеяны әлеуметтік феномен, тарихи оқиғалар және адам болмысының ішкі әлемімен байланыста қарастырып, XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінде азаматтық идеялар, халықтың тұтастығы, еркіндік пен тәуелсіздік үшін күрес тақырыптары ұлттық идеяның қалыптасуына негіз

болғанын атап көрсетеді (Темірболат, 2017: 116-117). Осы кезеңдегі ақын-жыраулар шығармаларында ұлттық бірегейлік, тарихи жад және ұрпақтар сабақтастығы идеялары көркемдік тұрғыда айқын көрініс табады. Соның ішінде ұлттық идеяның әдебиеттегі көрінісі М.Өтемісұлы, Ш.Жарылғасұлы, Ш.Қаржаубайұлы, М.Мөңкеұлы сияқты ақындар шығармаларында кейіпкерлер бейнесі, еркіндік пен елдік мәселелері арқылы сомдалады. Бұл үрдіс ұлттық болмыстың көркемдік жүйе ретінде қалыптасуын көрсетеді.

Зерттеуші М.Попова көркем әдебиеттегі ұлттық болмысты мәдени кодтардың бейнеленуімен және мәтінді терең түсінудің маңызды тетігімен байланыстырады (Попова, 2001: 46). Осы негізде Шернияз Жарылғасұлы туындыларындағы ұлттық болмыс дәуір шындығын тарихи контексте ашуға мүмкіндік береді.

Шернияз Жарылғасұлы шығармашылығы Х.Досмұхамедов (Шерниязды ақындық болмысы), Қ.Жұмалиев (ақын өлеңдеріндегі Исатайдың азаматтық, ерлік болмысы), Е.Ысмайылов (ақын шығармашылығы), Х.Сүйіншәлиев (ақынның қазақ әдебиетіндегі орны), Ш.Шортанбаев, Е.Карбозов (ақын шығармаларындағы елдік пен ерлік мәселелері), Ж.Тілепов (ақын шығармашылығы және азаматтық болмысы), Н.Жұмай (ақын шығармаларындағы текстологиялық мәселелер) және басқа да әдебиеттанушылар тарапынан әр қырынан зерттелді. Әсіресе Ж.Тілепов ақынның азаматтық болмысын оның өмірлік тәжірибесімен тығыз байланыстыра отырып, Шернияз шығармашылығының әлеуметтік және тарихи негізін айқындайды (Тілепов, 2013: 210).

А. Шәріп Ресей империясының отаршылдық саясатын «жат жұрттық езгі» ұғымы арқылы сипаттап, оның қазақ қоғамындағы тарихи-саяси салдарын көрсетеді (Шәріп, 2010: 32). Бұл құбылыстар Шернияз жырларында айқын көрініс тауып, ұлттық болмыс пен ұлттық идеяның тарихи мазмұнын ашады. Осы негізде зерттеу мақаламызда Шернияз Жарылғасұлы шығармаларындағы XIX ғасырдағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар бейнесі ұлттық болмыс және ұлттық идея тұрғысынан кешенді түрде қарастырылады.

3. Талқылануы

Ұлттық поэзияның дамуына елеулі үлес қосқан Шернияз Жарылғасұлының шығармашылығы жыраулық дәстүрдің көркемдік-идеялық негізінде қалыптасты. Исатай Таймануұлының жақын серіктерінің бірі ретінде ақын жырларында Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің мәні мен тарихи маңызы бейнеленіп, сол кезеңдегі ұлттық идея көрініс тапты.

Терең философиялық пайымдауларға негізделген жыраулар шығармашылығы көшпенділер дүниетанымымен тығыз сабақтас. Көшпенді өмір салтын ұстанған халық үшін тәуелсіздік пен еркіндік – маңызды ұғымдар. Осыған байланысты жыраулар поэзиясында көшпенділік психологиясы, әлемнің жаратылысы, тіршілік пен өмір ағыны туралы философиялық толғаныстар негізгі өзекке айналады.

Жыраулар қазақ тарихында тек поэтикалық дәстүр өкілдері ғана емес, қоғамдық-саяси ойдың қалыптасуына ықпал еткен ірі әлеуметтік тұлғалар ретінде танылды. Олар ханның кеңесшісі, ақылшысы әрі хан мен қара халық арасындағы рухани және саяси дәнекер қызметін атқарды. Жыраулық институттың бұл қызметі қазақ

қоғамындағы билік пен халық арасындағы қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарды. Асан қайғы, Жиембет, Бұқар, Ақтамберді жыраулардың тарихи тұлғасы жыраудың қоғамдық қызметінің көпқырлы сипатын айқындайды: олар елдік мүддені қорғаушы ғана емес, қажет жағдайда әскери жорықтарға қатысқан жорық жыраулары, идеологиялық ықпал иелері болды.

М.Әуезовтің жыраулардың саяси салмағына қатысты пікірі жыраулық сөздің тек эстетикалық емес, қоғамдық маңызға ие болғанын дәлелдейді. Ғалымның «ауыздан шыққан сөздің олқы болмауы» туралы тұжырымы жырау поэзиясының жауапкершілік деңгейін, оның қоғамдық санаға ықпал ету мүмкіндігін көрсетеді (Әуезов, 1997: 45). Бұл тұрғыдан алғанда, жыраулар поэзиясы ұлттық болмыстың сақталуына, елдік идеяның орнығуына қызмет еткен рухани институт ретінде қарастырылады. Зерттеушілер атап өткендей, жыраулар ұлттық болмысты сақтау, елдің тұтастығы мен бірлігін нығайту мәселелерін алдыңғы қатарға қойған (Саржігітов, 2024: 10).

Осы жыраулық дәстүр аясында қалыптасқан Шернияз Жарылғасұлының шығармашылығы да азаматтық ұстанымымен, тарихи оқиғаларға тікелей қатысуымен ерекшеленеді. Шернияз жырауларға тән қоғамдық белсенділік пен саяси сергектікті өз бойына сіңіріп, өз дәуіріндегі әлеуметтік және тарихи өзгерістерге бейжай қарамаған. Оның Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысуы ақынның азаматтық болмысын нақты тарихи контексте айқындайды. Бұл қатысу Шернияз поэзиясында ұлттық идеяның абстрактілі ұғым емес, нақты тарихи шындықпен сабақтас көркемдік категория екенін көрсетеді.

Шернияз Махамбет секілді жауынгерлік пафосқа толы тікелей үндеу жырларымен ерекшеленбегенімен, Исатайдың сенімді серігі ретінде азаттық қозғалысының ішкі рухани атмосферасын терең сезініп, халықтың еркіндікке ұмтылған көңіл күйін поэзия тілімен жеткізді. Осы тұрғыдан алғанда, Шернияз жырлары ұлт-азаттық күрестің идеологиялық және рухани қырын танытатын маңызды дереккөз болып табылады. Ақын шығармашылығындағы ұлттық болмыс тарихи оқиғаларға сырттай бақылаушы көзқараспен емес, сол оқиғалардың тікелей қатысушысы позициясынан көрінеді.

Осылайша Шернияз Жарылғасұлы жыраулық дәстүрдің қоғамдық қызметін XIX ғасыр тарихи шындығында жаңғыртып, ұлттық идеяны нақты тарихи тәжірибе арқылы көркемдік деңгейде танытқан ақын ретінде бағаланады. Оның поэзиясындағы ұлттық болмыс – жыраулық дүниетаным, азаматтық ұстаным және тарихи шындықтың тоғысқан тұтас көркемдік жүйесі.

Шернияз Жарылғасұлы өмір сүрген XIX ғасырда қазақ қоғамы терең әлеуметтік-саяси өзгерістер кезеңін бастан кешірді. Патшалық Ресейдің қазақ жеріндегі билігін нығайту мақсатында жүргізген мемлекеттік басқару мен салық жүйесіндегі реформалар дәстүрлі қоғамдық құрылымға елеулі ықпал етті. Бұл үдерістер сол дәуірде өмір сүрген ақындардың шығармашылығында көркемдік тұрғыда бейнеленіп, ұлттық сананың өзгерісін айқындады. XIX ғасырдан бастап Еуропа мемлекеттерінің Африка мен Азияда отарлау саясатын белсенді жүргізуі Ресей империясының қазақ даласындағы отаршылдық әрекеттерімен сабақтасып жатты. Ресей империясы қазақ жерін экономикалық, геосаяси және стратегиялық тұрғыда

игеруді көздеп, өз аумағын кеңейту мен геосаяси ықпалын арттыруды басты мақсат етті (Қарассаев, 2024: 511).

Бұл саясат қазақтың шұрайлы даласын отарлаудың негізгі нысанына айналдырды. Соның салдарынан Жайық өзені бойына көшуге тыйым салынып, қазақ халқының дәстүрлі қоныстарына шектеу қойылды. 1822 жылғы патша жарлығымен қазақ жерінде хандық биліктің жойылуы отарлық басқарудың жүйелі түрде орнығуына жол ашты. Батыс өңірдегі Бөкей Ордасында хандық биліктің уақытша сақталуы да әлеуметтік қайшылықтарды бәсеңдете алмады. Жәңгір хан тұсындағы жер мен салық мәселесіне байланысты шиеленістер Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің туындауына себеп болды. 1836-1838 жылдары халық пен Бөкей Ордасы, патшалық Ресей арасындағы қақтығыстар қазақ қоғамындағы отарлық қысымның шегіне жеткенін көрсетті.

Ұлт-азаттық көтерілістің рухани жетекшісі Махамбет Өтемісұлы болса, оның жалынды жырлары көтеріліске қатысқан сарбаздарды ортақ ұлттық идея төңірегіне топтастырып, еркіндік үшін күрес рухын күшейтті. Осы тарихи қозғалыстың бел ортасында жүрген Исатай мен Махамбеттің серігі Шернияз Жарылғасұлы халықтың азаттық жолындағы күресінің тікелей куәгері әрі қатысушысы болды. Бұл жағдай ақын шығармашылығында ұлттық болмыс пен ұлттық идеяның нақты тарихи тәжірибемен сабақтасып көрінуіне негіз қалады. Ұлт-азаттық қозғалыс пен XIX ғасырдағы қоғамдық өзгерістер Шернияз жырларында тарихи жад пен азаматтық ұстаным тұрғысынан көрініс тапты.

XIX ғасырдағы әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістер қазақ әдебиетінде «зар заман» ағымы мен «көтеріліс дәуірі» поэзиясында кеңінен бейнеленді. Осы әдеби үдеріс аясында Шернияз Жарылғасұлы шығармаларындағы тарихи контекст Исатай-Махамбет көтерілісімен және сол кезеңдегі тарихи тұлғалардың азаматтық болмысымен тығыз байланысты қалыптасты. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер халықтың ұлттық дүниетанымына әсер етіп, поэзияда елдік пен еркіндік идеяларының күшеюіне алып келді.

Шернияз жырларының негізгі тақырыптық арналары – Исатайдың батырлық болмысын дәріптеу, хан-сұлтандардың озбыр іс-әрекеттерін әшкерелеу және дүниенің жаратылысы туралы философиялық толғаулар. Зерттеуші Ж.Тілепов Шерниязды Исатай мен Баймағамбет сұлтанның болмысын көркемдік тұрғыда сомдаған ірі тұлға ретінде бағалайды (Тілепов, 2013: 214). Сонымен қатар ақынның философиялық толғаулары жыраулық дәстүрге тән өмірдің өткіншілігі, жаратылыс сырлары мен адам болмысы мәселелерін қамтиды (Тілепов, 2013: 217). Бұл ерекшеліктер Шернияз шығармашылығын тарихи және дүниетанымдық тұрғыда кешенді зерттеудің маңызын айқындайды.

XIX ғасырдағы сөз өнері ұлт-азаттық қозғалыстар идеяларын, тәуелсіздік үшін күрес пен елдік мұраттарды көркемдік тұрғыда бейнеледі. Шернияз жырларындағы тарихи жад ұлттық санада сақталған тарихи тұлғалардың көркем бейнелері арқылы танылады. Исатай бейнесі ақын поэзиясында эпикалық деңгейде сомдалып, ұлттық еркіндік идеясының символына айналады (Тілепов, 2013: 214). Ал хан-сұлтандардың болмысы сатиралық-сыни тұрғыда суреттеліп, олардың зұлымдығы мен озбырлығы

бейнелі теңеулер арқылы ашылады. Мәселен, «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» шығармасында хан-сұлтандарды «төбет итке» теңеу арқылы ақын олардың адамдық қасиеттен жұрдай бейнесін әшкерелейді (Жарылғасұлы, 2007: 237). Бұл көркемдік тәсілдер Шернияз жырларындағы ұлттық идеяның әлеуметтік-сыни қызметін күшейтіп, ұлттық болмыстың поэтикалық жүйесін айқындайды. Ол ақындық тұрғыдан хан-сұлтандардың зұлымдығын, озбырлығын бейнелі жеткізу мақсатында троп, фигура түрлерін тиімді қолданады. «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» шығармасында: «Төре емессің, төбетсің дым білмеген»; «қас итсің, қасыңа да адам жуымас»; «Хан емес, қас қатынсың, мұндар қу бас» (Жарылғасұлы, 2007: 237), – дейді.

Шернияз Жарылғасұлы шығармаларындағы ұлттық болмыстың маңызды көріністерінің бірі – қазақтың шешендік өнерімен біте қайнасқан поэтикалық ойлау жүйесі. Ақын поэзиясындағы шешендік сипат тек көркемдік тәсіл деңгейінде ғана емес, дүниені тану мен бағалаудың ұлттық үлгісі ретінде көрінеді. Бұл құбылыс жыраулық дәстүрмен сабақтасып, Шернияздың өмір, қоғам, билік, адам болмысы жөніндегі көзқарастарынан айқын аңғарылады.

Зерттеуші Ж.Ошақбаева жыраулар даналығындағы шешендік сөздің маңызын кең дүниетанымдық аяда қарастырып: «Шешендік сөз – тек ауыз әдебиеті жанры ғана емес, дүние туралы ой-байламы, дүниенің тегі жөніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырым, әлемді рухани игерудің формасы» деп тұжырымдайды (Ошақбаева, 2011: 15). Бұл пайым Шернияз поэзиясының табиғатын түсіндіруде әдіснамалық негіз бола алады.

Ақынның «Сөйлейін сөзді термелеп» өлеңіндегі:

Асылдарға ой керек,

Шығаруға сой керек (Жарылғасұлы, 2007: 240), – деген жолдар ұлттық дүниетанымдағы тектілік ұғымының шешендікпен тікелей байланысын көрсетеді. Мұндағы «сой» сөзінің «арғы заты», «тегі», «тектілік» мағыналарын білдіруі (Қайыржан, 2013: 271) ақын үшін ой айту мен сөз сөйлеу биологиялық немесе әлеуметтік емес, рухани-генетикалық категория екенін аңғартады. Демек, шешендік өнер – ұлттық болмыстың ішкі өлшемі.

Ал риторикалық сауалдарға құрылған мына жолдары:

Аттан аттың несі кем,
Өзі тарлан көк болса?
Ерден ердің несі кем,
Айтқан сөзіне берік болса?
Хандардан ханның несі кем,
Халыққа әділ ерік болса? (Жарылғасұлы, 2007: 241).

Немесе:

Асыл сойдың баласы
Тартысқан жерде сөз табар.
Жайқын-жайқын жүйрік бар,
Бауырын жазып бір шабар (Жарылғасұлы, 2007: 241).

Мына бір өлеңіне де мән беріп қарасақ:

Шалқыған заман бар еді,
Іздегенің табылған.
Орысқа есеп берген соң,
Шыр айналып жүрген соң,
Аузы ала алашым

Сол күндерді сағынған (Жарылғасұлы, 2007: 242), – дейді. Берілген өлең жолдарындағы тарихи контекст патшалық Ресейдің қазақ даласындағы отаршылдық саясатының күшеюін айқын көрсетеді. Өткен күннің «сағымға» айналғанын жырлау арқылы ақын қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарға бейжай қарамағанын аңғартады. Бұл сарын Шернияздың азаматтық ұстанымын танытып, тарихи шындықты поэтикалық тұрғыда пайымдауға ұмтылғанын дәлелдейді. Сонымен қатар ақынның «Толға десең, толғайын», «Баянсыз фәни дүние» өлеңдерінде шешендік сөз өнеріне тән белгілер айқын көрініс табады. Аталған туындыларында дүниенің жаратылысы, қоғамдағы ерлер мен батырлардың орны философиялық пайыммен сабақтастырыла суреттеледі.

Шернияз жырларындағы ұлттық болмыс қазақ халқының еркіндікке ұмтылған дара рухымен тығыз байланысты. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты қазақ жерінде күшейіп, дәстүрлі қоғамдық құрылымға нұқсан келтірді, халықтың еркіндігін шектеді. Ақын шығармаларындағы көркемдік фон осы тарихи ахуалмен сабақтасып, төрелер мен сұлтандардың елге көрсеткен озбырлығы арқылы ашылады. «Қазы биге айтқаны», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңдерінде билік өкілдеріне қарата айтылған уытты сөздер халық мүддесін қорғаған жыраулар дәстүрінің жалғасы ретінде көрінеді. Мәселен, «Қазы биге айтқаны» өлеңінде ақын би бейнесін сын нысанына алып, оның әділетсіздігін әшкерелейді:

Сен, би дегенге мақтанба,
Теңдесіп сөйлер жер болса,
Айбынар кім, кім ақсай? (Жарылғасұлы, 2007: 255).

Ал «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңіндегі мына жолдар сұлтанның озбыр әрекеттерін айқын сипаттайды:

Ар жақта Арынғазы дүмбірлеген,
Байеке, елің бар ма бұлдірмеген,
Төре кетіп, төбеде төбет қалған,
Туып ед ел басына бұл күн неден?
Кешегі Исатайдай асыл ерді,

Орысқа ұстап бердің тіл білмеген (Қорқытов, 2022: 49). Бұл өлең жолдарында Исатай Таймanұлына қатысты жасалған қиянатты ашына жырлай отырып, ақын билік өкілдерінің халық арасына іріткі салғанын айыптайды. Бұл тұста Шернияздың поэтикалық сөзі тарихи әділетсіздікті әшкерелеудің құралына айналады.

Ақын шығармаларындағы ұлттық болмыстың тағы бір маңызды қыры – тарихи тұлғалардың эпикалық сипатта бейнеленуі. «Исатай мен Науша батыр туралы» жырында Исатай мен Науша батырлардың ерлік болмысы эпикалық кеңдікпен суреттеледі. Науша батырдың бейнесі төмендегі жолдарда айқын көрінеді:

Мінді Науша атына-ай,
Ықпалы жүрген Наушаның
Талабы бар заманда
Әли арыстандай батыр-ай!
Бекетай құмның белесі
Түтіндеген шаң болды-ай (Жарылғасұлы, 2007: 253).

Көркем әдебиеттегі тарихи контекст ұғымы тек тарихи оқиғалардың әдебиетте бейнеленуімен шектелмейді. Зерттеушілер XIX ғасырдағы қазақ ақындарының поэтикалық мұраларында ұлттың трагедиялық дүниетанымы көрініс тапқанын атап өтеді (Өскембай, 2018: 140). Осы тұрғыдан алғанда, тарихи контекст әртүрлі тарихи дәуірлерде орын алған оқиғалардың ұлттық дүниетанымға тигізген әсерін айқындауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құндылықтардың өзгеруі ақындардың тарихи аренада халықтың сөзін сөйлейтін тұлғаларға айналуына ықпал етті. Халық ақыны атанған Шернияздың азаматтық ұстанымы оның шығармашылығының негізгі өзегін құрайды.

Жоғарыда талданған өлең жолдарында Шернияз ақынның билік өкілдеріне қатысты сыни көзқарасы мен азаматтық ұстанымы айқын аңғарылады. Ақын поэтикалық сөз арқылы жеке тұлғаны ғана емес, тұтас әлеуметтік құбылысты – отарлық билік жүйесінің халыққа жасаған озбырлығын әшкерелейді. Бұл тұста Шернияздың көркем мәтіндегі ұстанымы бейтарап бақылаушы деңгейінен шығып, айқын бағалаушы сипатқа ие болады.

Осы көркемдік-идеялық ерекшелікті түсіндіруде авторлық ұстаным теориясына жүгіну орынды. Әдебиеттануда автор позициясын талдауға арналған тұжырымдамалардың бірі М.Оразбек ұсынған «автордың астарлы ұстанымы» ұғымымен байланысты. Ғалым көркем шығармада автор көзқарасы тікелей емес, әртүрлі позициялық қабаттар арқылы берілетінін атап көрсетеді. Осы негізде ол авторлық ұстанымның бірнеше түрін айқындайды: қоғамдық, тарихи-сыни, билер позициясы, саяси-әлеуметтік және айыптаушы позиция (Оразбек, 2007: 11).

Аталған теориялық жіктеме негізінде Шернияз шығармаларын талдап көрсек, мысалы, «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңінде автордың айыптаушы позициясы басым. Ақын билік иесінің әрекетін жеке мінез-құлық деңгейінде ғана емес, халық тағдырына қарсы жасалған қиянат ретінде бағалайды. Бұл авторлық ұстаным төмендегі жолдарда анық көрініс табады:

Айдаттың жалғыз бауырың Исатайды,
Сенен де қалмақ жақсы шүлдірлеген (Қорқытов, 2022: 49).

Жоғарыда қарастырылған айыптаушы позициямен қатар, Шернияз поэзиясында автордың саяси-әлеуметтік позициясы да айқын аңғарылады. Бұл ұстаным ақынның билік пен халық арасындағы қарым-қатынасты поэтикалық тұрғыда бағалауынан, қоғамдық әділет қағидаларын алға тартуынан көрінеді. Мәселен, төмендегі жолдарда ақын биліктің мәнін жеке үстемдікпен емес, халыққа қызмет ету ұстанымымен байланыстырады:

Хандардың ханның несі кем,
Халыққа әділ ерік болса? (Жарылғасұлы, 2007: 241).

Берілген өлең жолдарында хандық биліктің қандай деңгейде екендігі халыққа әділдік орнатуымен өлшенеді. Бұл тұста ақын билікті абсолютті құндылық ретінде емес, қоғамдық жауапкершілік жүктелген құрылым ретінде пайымдайды. Осы арқылы Шернияздың саяси-әлеуметтік позициясы халық мүддесіне негізделген көзқарас ретінде танылады.

Шернияз Жарылғасұлы шығармашылығын зерттеген бірқатар ғалымдар оның поэзиясын Махамбет дәстүрінің заңды жалғасы ретінде бағалайды. Ақынның жас кезінен Исатай Тайманұлының даңқын естіп өсуі, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың тікелей куәсі әрі рухани серігі болуы оның дүниетанымына елеулі ықпал етті. Ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтарды, ұлт тарихындағы маңызды оқиғаларды жырлаудағы поэтикалық қуаты осы тарихи тәжірибемен сабақтасып жатыр.

Бұл ұстаным «Сөйлейін сөзді термелеп» өлеңінде де айқын көрінеді. Ақын хан мен халық арасындағы өзара тәуелділікті табиғи-философиялық образдар арқылы бейнелейді:

Жұрт теңгеріп тұруға,
Әділ төре, хан керек;
Ханның көркі сұрасаң,
Қара орман ел керек;
Жұрт жабылып ішетін,
Айдын-шалқар көл керек;
Көл жағалай қонуға
Көкорай шөпті жер керек (Жарылғасұлы, 2007: 240).

Осы үзіндіде хан билігінің мәні халықпен бірлікте қарастырылады. Ақынның пайымдауынша, әділ хан – елмен бірге өмір сүретін, елсіз мәні жоқ тұлға. Табиғат метафоралары арқылы берілген бұл ой Шернияздың саяси-әлеуметтік көзқарасының тереңдігін көрсетеді.

Ақын шығармаларында көрініс тапқан тарихи контекст XIX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік-саяси ахуалмен тығыз байланысты. Осы кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғаларға арналған өлеңдерінде Шернияздың азаматтық ұстанымы көбіне сынау мен айыптау формасында көрінеді. Бұл тұрғыда «Байшеркеш болысқа айтқаны» өлеңі айрықша назар аудартады. Ақынның қызыл тілге жүйріктігі, жыраулық дәстүрді терең меңгергені болыстың халыққа көрсеткен қиянатын бүкпесіз айтуынан аңғарылады.

Ұлттық поэзияда қалыптасқан жыраулық дәстүр Шернияз жырларында жаңа тарихи жағдайда жаңғырып, әлеуметтік сынның пәрменді құралына айналады. Ақын өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық қатынастарды терең түсініп, поэтикалық қуаты арқылы ұлттық поэзияны жаңа мазмұнмен байытты. «Байшеркеш болысқа айтқаны» жырындағы төмендегі жолдар ақынның азаматтық әрі саяси-әлеуметтік позициясын нақтылай түседі:

Біздің елді қылыпсың
Жау шапқандай талқан-ай.
Бүйте берсең әрдайым,
Жоғалармын бір күні (Жарылғасұлы, 2007: 250).

Бұл жолдарда ақын жеке наразылықтан гөрі халықтық қасіретті алға тартып, болыстың әрекетін қоғамдық деңгейде бағалайды. Осы арқылы Шернияздың поэзиясы халық сөзін сөйлеген, әлеуметтік әділеттілікті талап еткен саяси-әлеуметтік дискурсқа айналады. Алдыңғы талдауларда айқындалған айыптаушы және саяси-әлеуметтік позициялар Шернияздың поэтикалық дискурсында жүйелі сипатқа ие. Бұл ұстаным ақынның болыс-билердің іс-әрекетіне сырттай бақылаушы ретінде емес, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінген азамат ретінде үн қатуынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, төмендегі жолдарда ақын билік өкілдерінің әрекеттерін салқын ақылмен таразылап, оларды моральдық тұрғыдан бағалайды:

Жүр едім сырттан сынап-ай,
Істерің отыр ұнамай.
Ағыл-тегіл келемін
Иін тіресіп құламай.
Енді оңалмас деп пе едің,
Бәйгіден келген құланы-ай (Жарылғасұлы, 2007: 250).

Бұл үзіндіде ақынның позициясы екі қырынан көрінеді: біріншіден, «сырттан сынау» арқылы саналы бақылаушы бейнесі қалыптасса, екіншіден, «иін тіресіп құламай» деген тіркес арқылы оның моральдық беріктігі мен азаматтық табандылығы айқындалады. Ақын болыстың әрекеттерін жеке кемшілік ретінде емес, қоғамға зиян келтіретін құбылыс ретінде бағалайды.

Байшеркеш болысты ашық айыптау төмендегі жолдарда тіпті нақты сипат алады:

Неге қойдың, Байшеркеш,
Нашарды мұнша жылатып?
Жылатқанды жүрмісің
Шыныменен ұнатып?
Мен сөйлеймін алдыңда
Шер-шерменді жұбатып (Жарылғасұлы, 2007: 250).

Бұл шумақта ақын болыстың билік иесі ретіндегі моральдық жауапкершілігін алға тартады. «Нашарды жылату» – әлеуметтік теңсіздіктің, әділетсіз басқарудың көрінісі ретінде көрсетіледі. Осы арқылы Шернияздың поэзиясында сөз тек көркемдік құрал емес, қоғамдық қатынастарды реттеудің этикалық тетігіне айналады. Ақын билік өкілдерінің шынайы бейнесін әшкерелей отырып, поэтикалық сын арқылы әлеуметтік санаға ықпал етуді мақсат тұтады.

Шернияз шығармашылығында сыншыл пафос тек ашық айыптаумен шектелмей, тапқыр сатира мен юмор арқылы да жүзеге асады. Ақынның табан астынан айтылатын өткір сөздері, әзіл мен мысқылға құрылған әңгімелері ел арасына кең тараған. Мұндай үлгілер ақын сөзінің коммуникативтік әрі тәрбиелік қуатын арттыра түседі. Қыстың күні жолаушылап келе жатып, бір үй иесімен сөз қағыстыруы туралы аңыз-әңгімеде Шернияздың тапқырлығы айқын көрінеді. Үй иесінің «танымасаң құдаймын» деген паң сөзіне ақынның:

Мен саған не қылайын адай болсаң,
Жылқыңды неге өлтірдің құдай болсаң,
Тарыдай талқаныңды шығарған екен

Құдаймен азғана күн сыбай болсаң, – деп жауап қайтаруы – билікке, тәкаппарлыққа және жалған үстемдікке қарсы бағытталған халықтық юмордың көрінісі. Осы тұстан Шернияз сөзінің ұлттық болмыспен, қазаққа тән тапқыр ойлау жүйесімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз.

Ақынның әрбір уытты сөзі қазақ халқының рухани дүниесін, мәдени құндылықтарын бейнелейді. Оның поэзиясы арқылы халықтың тұрмыс-салты, тәрбиесі, мінез-құлқы мен дүниетанымы көркемдікпен кестеленеді. Бұл сипат Шернияз шығармашылығын тек тарихи дерек емес, ұлттық сананың көркем айнасы деңгейіне көтереді.

Ақын адамзатқа ортақ адами құндылықтарды жырлау арқылы жақсы мен жаманды айқындап, қоғамдағы моральдық өлшемдерді бекітеді:

Бәрімізге ай ортақ,
Қайырлы болса, бай ортақ,
Жақсы болса, би ортақ,
Көп жасаған көне ортақ,
Жаман адам не керек,
Жақсының елге бәрі ортақ.
Ел жабылып ішуге,
Айдын шалқар көл ортақ.
Ай батқан соң күн ортақ,
Күн батқан соң түн ортақ.
Алдыңғы өскен ағаға
Жақсы болса іні ортақ,
Жаман болса, кім ортақ?

Бұл жолдардың астарында ақынның өмірге деген өршіл оптимизмі жатыр. Шернияз бай мен бидің де жақсысы мен жаманы болатынын, ал халықтың шын тілегі – ел мүддесін ойлаған кемеңгер басшы мен көшелі азамат екенін алға тартады. «Жақсының жаттығы жоқ» деген халықтық қағиданы ту еткен ақын тағылымы қоғамдық бірлік пен моральдық жауапкершілік идеясына үндейді.

Жоғарыда қарастырылған поэтикалық үлгілер мен авторлық позициялардың айқындалуы Шернияз мұрасының ғылыми айналымға түсуімен және оның мәтіндік нұсқаларының жариялануымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, ақын шығармашылығын зерттеуде профессор Қажым Жұмалиевтің еңбегі айрықша мәнге ие. Ғалым Шерниязды бұрын басылмаған бірқатар өлеңдерін жариялап, ақын туындыларының вариантарына қатысты шолулар жасады. Әсіресе «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Әлен мен қазы биге», «Терме» атты толғаулар Шернияз поэзиясындағы азаматтық, саяси-әлеуметтік ұстанымдарды тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді.

Шернияз Жарылғасұлы поэзиясындағы тарихи сананың көрінісін талдауда деректік әрі мәтіндік негіз ретінде «Аққете Шернияз өлеңі» атты қолжазбаның маңызы айрықша. Қолжазба Нұртуған ақын арқылы, кейін оның жиені Жәмет жырау арқылы алынған және ұзақ уақыт ғылыми ортаға беймәлім болып келген. Қ.Жұмалиевтің бағалауынша, бұл туынды жай ғана өлең емес, оқиға желісіне

құрылған қысқаша поэма сипатында: онда Кіші жүз Сиықтың шежіресімен қатар, Исатай мен Наушаның хан және патша әскерімен күресі, олардың өзара қарым-қатынасы, Исатайдың ерлікпен қаза табуы, оның сүйегін Наушаның алып шығуы, Баймағамбет пен Шернияздың кездесуі, сондай-ақ Марабай ақынмен айтысы секілді тарихи эпизодтар қамтылады. Ғалым бұл шығарманың көркемдік деңгейі аса жоғары емес екенін атап өтсе де, оның оқиғалық желісінде тарихи шындықтардың кейбір қырын ашатын тұстар бар екенін көрсетеді (Жұмалиев, 1961: 123).

Аталған поэма Шернияз поэзиясындағы тарихи тұлғаларды бейнелеу принципін нақтылай түседі. Ақын жырларында екі тарихи бейне айқын қарама-қарсылықта беріледі: бір жағында халықтың досы әрі қамқоршысы ретінде танылған Исатай Тайманұлы тұрса, екінші жағында халықты езуші, зорлық-зомбылықтың символына айналған Баймағамбет сұлтан бейнесі көрінеді. Бұл оппозиция Шернияздың дүниетанымындағы әлеуметтік және моральдық өлшемдердің негізін құрайды.

Шернияздың Баймағамбетке арналған өлеңдерінің мазмұны мен құрылымын талдау ақынның поэтикалық стратегиясын айқын көрсетеді. Сырттай мадақтау сипатында көрінетін кейбір жолдардың өзінде астарлы мысқыл мен кекесін басым. Сұлтанның «мені жамандашы» деген сөзін поэтикалық тәсіл ретінде пайдалана отырып, ақын Баймағамбеттің жауыздық іс-әрекеттерін әшкерелеп, оны халық алдында әшкерелеу деңгейіне жеткізеді. Бұл тұста Шернияз өлім мен өмірдің арасында тұрса да, бас кетер қауіптен тайсалмай, шындықты ашық айту арқылы тек бір сұлтанды ғана емес, жалпы хан-сұлтандар жүйесінің халыққа жасаған зорлық-зомбылығын терең толғайды.

Баймағамбет бейнесін ашатын төмендегі жолдар ақынның айыптаушы позициясының әбден күшіне енгендігін көрсететіндей:

Ар жақта Арынғазы дүбірлеген,
Байеке, елің бар ма бүлдірмеген?
Төре кетіп, төбеде төбет қалып,
Туып тұр ел басына бұл күн деген.
Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған,
Төре емессің, төбетсің дым білмеген (Жұмалиев, 1961: 123).

Бұл үзіндіде Баймағамбетке деген жеке өшпенділіктен гөрі, халық атынан айтылған тарихи үкім басым. Ақын поэзиясы арқылы әлеуметтік әділетсіздік ашық айыпталып, тарихи шындық көркем сөздің күшімен жария етіледі.

Мысалға алынған жоғарыдағы өлеңдерден Шернияз шығармашылығының терең тамыры езілуші қара халықтың тілек-мүддесін жырлауда жатқанын аңғарамыз. Ақын шығармашылығы тарихи оқиғаларды жай баяндамай, оларды моральдық, әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан бағалауға бағытталған. Бұл сипат Шернияз поэзиясын XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі халықтық көзқарастың, әлеуметтік қарсылықтың және тарихи сананың көркем көрінісі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Шернияз Жарылғасұлы поэзиясында тарихи контекст пен авторлық ұстаным өзара тығыз байланыста көрініс табады. Ақын шығармаларында айыптаушы, саяси-әлеуметтік және азаматтық позициялар бірін-бірі толықтырып, халық мүддесін қорғауға бағытталған тұтас поэтикалық жүйе түзеді. Билік өкілдерінің

іс-әрекетін сын тезіне салу, әділет пен адамгершілік құндылықтарын алға шығару Шернияз поэзиясының идеялық өзегін айқындайды. Жыраулық дәстүрді жаңа тарихи жағдайда жаңғырта отырып, ақын сөзді қоғамдық қатынастарды реттеудің рухани тетігіне айналдырды. Осы тұрғыдан алғанда, Шернияз мұрасы XIX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы ұлттық сананың, әлеуметтік ойдың және азаматтық жауапкершіліктің көркем көрінісі ретінде бағалануға тиіс.

4. Зерттеу нәтижесі

Шернияз Жарылғасұлы бұдан бір ғасыр бұрын өмір сүргенімен, оның поэтикалық мұрасы қазіргі кезең үшін де өзектілігін жойған жоқ. Ақын шығармалары XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси ахуалын, отаршылдық қысым жағдайындағы халықтың тағдырын және ұлттық сананың қалыптасу үдерістерін көркем түрде танытатын маңызды дереккөз ретінде бағаланады. Жүргізілген талдау нәтижелері Шернияз поэзиясының эстетикалық құндылықпен қатар, айқын қоғамдық-әлеуметтік қызмет атқарғанын көрсетеді.

Шернияздың өз дәуірі жүктеген азаматтық міндетті терең сезініп, сол жолда белсенді қызмет еткен ақын екені анықталды. Ол жеке өмірінде көрген ауыртпалықтарды, әлеуметтік әділетсіздікті және билік өкілдерінің озбырлығын поэтикалық ойлау жүйесінің өзегіне айналдырды. Ақынның шығармашылық жолы әлеуметтік күрес жағдайында қалыптасып, азаматтық үнмен шыңдалды. Бұл оның поэзиясында халық тағдырына алаңдаған терең жауапкершілік пен рухани табандылықтың басым болуына ықпал етті.

Ақынның тек жекелеген тұлғаларға наразылық білдіргені ғана емес, жалпы отаршылдық жүйеге, әлеуметтік теңсіздікке және әділетсіз басқару құрылымына қарсы тұрған халық мұңшысы екенін дәлелдейді. Ол хан-сұлтандар мен болыс-билердің билігін халық мүддесі тұрғысынан бағалап, олардың әрекеттерін моральдық және әлеуметтік өлшемдер арқылы сынға алды. Әсіресе билік өкілдерінің қарапайым елге көрсеткен қысымын әшкерелеу арқылы ақын қоғамдық әділеттілік мәселесін алдыңғы қатарға шығарды.

Зерттеу барысында Шернияздың поэзиясында саяси-әлеуметтік позицияның тұрақты әрі жүйелі сипат алғаны айқындалды. Ақын биліктің мәнін жеке үстемдікпен емес, халыққа қызмет ету қағидасымен байланыстырады. Осы арқылы оның шығармаларында биліктің легитимділігі әділеттілікпен, ел мүддесін қорғаумен өлшенетін құндылық ретінде көрінеді. Бұл ұстаным Шернияз поэзиясын жыраулық дәстүрдің жаңа тарихи жағдайда жаңғырған көрінісі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері сондай-ақ Шернияздың өз дәуірінде ғана емес, кейінгі кезеңдерде де халық жадында кең сақталған, танымал ақын болғанын көрсетеді. Оның өлеңдері ауызша дәстүр арқылы кең таралып, халықтық қолданысқа ерте енген. Ақын сөзінің ел ішінде кең жайылуы оның поэзиясының қоғамдық сұранысқа ие болғанын және ұлттық мәдени кеңістікте орныққанын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері Шернияз Жарылғасұлы поэзиясында авторлық ұстанымның біржақты емес, күрделі әрі қайшылықты сипатта қалыптасқанын көрсетті. Бұл ерекшелік ақынның өз дәуіріндегі әлеуметтік-саяси жағдаймен, үстем

таптың идеологиялық қысымымен тығыз байланысты. Осы тұрғыда профессор Е.Ысмайыловтың сыншыл ақындар табиғатына қатысты тұжырымы Шернияз шығармашылығын түсіндіруде маңызды теориялық негіз береді. Ғалымның пікірінше, шындықты айтуға ұмтылған ақындар саяси-экономикалық үстемдік қолында тұрған ортада еркін әрекет ете алмай, белгілі бір дәрежеде екіжақтылыққа, ішкі қайшылыққа ұшырайды. Мұндай жағдай Шернияз поэзиясында да айқын байқалады: бір жағынан, ақын Баймағамбет сұлтанды өткір сынға алса, екінші жағынан, кейбір туындыларында оны мадақтауға мәжбүр болғаны аңғарылады (Ысмайылов).

Жүргізілген талдау бұл екіұдайылықты ақынның әлсіздігі емес, керісінше, тарихи шындықтың көркем санада көрініс табу формасы ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Шернияз поэзиясындағы мұндай шығармашылық қайшылықтар оның заман шындығын терең сезінгенін және халық мүддесін қорғау жолында күрделі рухани таңдаулар жасағанын дәлелдейді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Шерниязды поэтикалық әлемі ұлттық болмысты, ұлттық дүниетанымды көркем бейнелеумен ерекшеленетінін көрсетті. Ақын жырларында тарихи тұлғалардың бейнесі фольклорлық дәстүрге тән градациялық күшейтулер, образдық өрістету тәсілдері арқылы сомдалады. Бұл ерекшелік Шерниязды халықтың ауызша әдеби мұрасын терең меңгергенін және сол дәстүрді тарихи-әлеуметтік мазмұнмен ұштастыра білгенін айқындайды.

Жүргізілген зерттеу Шернияз Жарылғасұлы поэзиясында авторлық ұстанымның тарихи жағдаймен сабақтасқан күрделі, көпқырлы сипатта қалыптасқанын көрсетті. Ақын шығармаларында бір жағынан халық мүддесін қорғауға бағытталған сыншыл, айыптаушы үн басым болса, екінші жағынан сол дәуірдегі үстем биліктің идеологиялық қысымынан туындаған ішкі қайшылықтар да көрініс табады. Бұл ерекшелік Шернияз поэзиясындағы екіұдайылықты жеке шығармашылық әлсіздік емес, керісінше, XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси шындығын бейнелейтін көркем заңдылық ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Ақынның тарихи тұлғаларды бейнелеудегі ұстанымы, фольклорлық дәстүрмен сабақтас поэтикалық тәсілдері және ұлттық дүниетанымды негіз еткен көркем әлемі оның шығармашылығын халықтық поэзия дәстүрін жаңа тарихи жағдайда жалғастырған ірі құбылыс ретінде танытады.

5. Қорытынды

Бұл зерттеу Шернияз Жарылғасұлы шығармашылығы XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде ұлттық поэзияның идеялық-мазмұндық және көркемдік бағдарын айқындаған маңызды құбылыс екенін көрсетті. Ақын жыраулық дәстүрдің қоғамдық және эстетикалық қызметін жаңа тарихи жағдайда жаңғыртып, сөз өнерін ұлттық болмысты сақтаудың, тарихи жадты бекітудің және елдік мұратты орнықтырудың тетігіне айналдырған.

Мәдени-тарихи талдау нәтижелері Шернияз поэзиясындағы тарихи контекстің отарлық саясаттың күшеюімен, хандық биліктің жойылуы секілді реформалардың салдарымен және халық пен билік өкілдері арасындағы әлеуметтік қайшылықтардың тереңдеуімен тығыз байланыста көрінетінін дәлелдеді. Исатай-Махамбет бастаған

ұлт-азаттық қозғалыс ақын дүниетанымының өзегіне айналып, ұлттық идеяның нақты тарихи тәжірибемен сабақтас көркемдік категория екенін айқындады.

Зерттеу барысында Шернияз жырларындағы ұлттық болмыстың басты көріністері анықталды: билік озбырлығын әшкерелейтін әлеуметтік-сыни бағыт, тарихи тұлғаларды (әсіресе Исатайды) эпикалық деңгейде сомдау арқылы еркіндік идеясын символдық бейнеге айналдыру, жыраулық дүниетанымға тән философиялық толғаныстар. Бұл қабаттар ақынның шешендік ойлау жүйесімен, фольклорлық дәстүрмен сабақтас поэтикалық тәсілдерді тиімді қолдануымен тұтасып, оның ұлттық ауызша мұрамен терең байланысын танытады.

Авторлық ұстанымды сипаттауда М.Оразбектің «автордың астарлы ұстанымы» теориясы нәтижелі болды: Шернияз мәтіндерінде айыптаушы және саяси-әлеуметтік позициялар басым көрініп, билік пен халық қатынасы әділет өлшемі арқылы бағаланады. Сонымен бірге тарихи жағдайдан туындаған ішкі қайшылықтар да байқалып, оны отарлық дәуірдің идеологиялық қысымымен шартталған көркем заңдылық ретінде түсіндіруге мүмкіндік туады.

Қорытындылай айтқанда, Шернияз Жарылғасұлы поэзиясы XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихи санасын, ұлттық болмысын және ұлттық идеясын көркемдік тұрғыда танытатын ірі рухани құбылыс. Ақын жыраулық институттың қоғамдық қызметін өз дәуірінде жаңғыртып, поэтикалық сөзді әлеуметтік әділеттілікті талап етудің және ұлттық тұтастықты қорғаудың пәрменді құралына айналдырды.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. – 510 б.

2. Қазақ әдебиетінің тарихы / жалпы редакциясын басқарған Қ. Жұмалиев. – Алматы : Ғылым , 1961. 2-том, 1-кітап. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті– 578 б.

3. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 б.

4. Қарассаев Г., Рахметуллин А., Найманбаев Б., Жұманова А., Байназарова Б. Ресей империясының Қазақ даласын отарлауының тарихы (XVIII–XIX ғғ.) // Тарихи зерттеулер: жаңа және қазіргі заман. – 2024. – № 44. – 503–528-бб. DOI: https://doi.org/10.24197/ihemc.44.2024.503-528

5. Қорқытов Б. Шернияз. – Атырау: Ағатай, 2022. – 101 б.

6. Нар заман мен зар заман: жыр-толғаулар / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Раритет, 2007. – 375 б.

7. Оразбек М. Көркем прозадағы тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы (1980–2000 жылдар әдебиеті бойынша): филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация автореферат. – Алматы, 2007. – 26 б.

8. Ошақбаева Ж. Жыраулар даналығы: философиялық пайымдаулар. – Алматы, 2011. – 166 б.

9. Попова М.К. Ұлттық болмыс мәселесі және әдебиет // Воронеж мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2001. – Т. 1. – 45–48-бб.

10. Саржігітов И., Иманғазинов М., Жұмақызы Б., Кох К. Жырау поэзиясының әлем әдебиетіндегі рөлі мен орны // Бахтинтану: дискурс зерттеулері журналы. – 2024. – 19(4). DOI: http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e65434

11. Темірболат А. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның жүзеге асу ерекшелігі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – 165(1). – 114–118-бб.

12. Темірболат А., Айсултанова К.А. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның көрініс табу ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – 159(1). – 106–111-бб.

13. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 б.

14. Өсекембай А., Келгембаева Б., Ердембеков Б. XIX ғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік-тарихи жағдайы және қазақ әдебиетіндегі отаршылдыққа қарсы бағыт // Гуманитарлық ғылымдардағы пәнаралық зерттеулер журналы (Rupkatha). – 2018. – 10 т., № 3. DOI: https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v10n3.11

15. Шәріп А. Сөз өнері және ұлттық рух: оқу құралы. – Астана: Педагогика-пресс, 2010. – 240 б.

References:

1. Auezov M. (1997) Selective. – Almaty: Kazakh encyclopedia. (in Kaz)

2. History of Kazakh Literature / general editor Q. Zhumaliyev. – Almaty: Gylym, 1961. Vol. 2, Book 1. Kazakh Literature of the 18th–19th Centuries. – 578 p. (in Kaz)

3. Kaiyrzhan K. (2013) word-digital: ancient Kazakh words. – Almaty: Oner. (in Kaz)

4. Karassayev G., Rakhmetullin A., Naimanbayev B., Zhumanova A. Bainazarova B. "History of the Colonization of the Kazakh Steppe by the Russian Empire (XVIII-XIX)", en Investigaciones Históricas, época moderna y contemporánea, 44 (2024), pp. 503-528. DOI: https://doi.org/10.24197/ihemc.44.2024.503-528 (in Engl)

5. Korkytov B. (2022) Sherniyaz. – Atyrau: Agatai. (in Kaz)

6. Nar zaman and zar zaman: poems and songs (2007) comp. E. Duysenbayuly. – Almaty: Raritet. (in Kaz)

7. Orazbek M. (2007) The ratio of personality and author's position in artistic prose (according to the literature of the 1980s-2000s): Philol. Science. Doc. ... diss. Abstract. – Almaty. (in Kaz)

8. Oshakbayeva Zh. (2011) Wisdom of the Zhyrau: philosophical judgments. – Almaty. (in Kaz)

9. Osekembay A., Kelgembaeva B., Yerdembekov B. The social and historical situation in the nineteenth-century Kazakhstan and the anti-colonial trend in Kazakh literature, Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, Vol. 10, No. 3, 2018 DOI: https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v10n3.11 (in Engl)

10. Popova M. (2001) The problem of national identity and literature //Bulletin of the Voronezh State University. Ser. 2001. VOL. 1. PP. 45-48. (in Russ)

11. Sarzhigitov, Y., Imangazinov, M., Zhumakyeva, B., & Koch, K. (2024). The Role and Place of Zhyrau Poetry in the World Literature. Bakhtiniana. Revista De Estudos Do Discurso, 19(4). DOI: http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e65434 (in Engl)

12. Sharip A. (2010) The Art of the word and the national spirit: a textbook. - Astana: publishing house "Pedagogy-Press". (in Kaz)

13. Temirbolat A., Aisultanova K. (2017). Features of National Idea's Reflection in the Kazakh Literature. KazNU Bulletin. Philology series. №1 (159). 106-111 (in Engl)

14. Temirbolat, A. (2018). Peculiarity of National Idea's Realization in the Kazakh Literature of XVIII-XIX centuries. KazNU Bulletin. Philology series. №1 (165). 114–118. (in Engl)

15. Tilepov Zh. (2013) Literature of the Kazakh people of the Khanate era: a textbook. – Almaty: Kazakh university. (in Kaz)

ҒТАМР 17.07.47 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-09

Ж.Б. Манапбаева[1*], Е.М. Солтанаева[2] , Ж.А. Сарсенбай[3]

[1,2,3]Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

e-mail: [1]zhuldyzmanapbaeva5555@gmail.com, [2]gulkataim@gmail.com,

[3]janat.sarsenbay@yandex.kz

ORCID : [1]0009-0008-1655-3810, [2]0000-0001-8273-3571, [3]0000-0002-4778-0310

ҚАЛАМГЕР Е.РАУШАНОВТЫҢ «ҚҰСТАР – БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ» ТАНЫМДЫҚ ЕҢБЕГІНІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ӘЛЕМІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада белгілі ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Есенғали Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» атты ғылыми-танымдық еңбегі әдеби-танымдық және аксиологиялық тұрғыдан кешенді түрде талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – аталған туындының поэтикалық ерекшеліктерін, оның ұлттық дүниетанымдағы маңызын және қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурстағы орнын айқындау болып табылады. Зерттеу барысында мәтіндік талдау, герменевтикалық интерпретация, аксиологиялық және салыстырмалы-сипаттамалық әдістер кеңінен қолданылды. Автор шығармасында құстар бейнесін жалаң орнитологиялық объект ретінде ғана емес, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтардың символдық көрінісі ретінде қарастырған. Еңбекте ғылыми деректер мен фольклорлық мотивтер, антикалық мифология мен қазіргі экологиялық сана өзара үйлесімді сабақтастық тапқан. Зерттеу барысында қазақ дүниетанымындағы «кие», «обал» және «сауап» ұғымдарының экологиялық этика негізі ретіндегі рөлі ашылып, құстардың азаттық пен еркіндік символындағы маңызы авторлық пайымдармен негізделді. Сондай-ақ мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, қаламгердің шығармашылық болмысы заманауи әдебиеттану тұрғысынан сараланды. Нәтижесінде туындының танымдық және эстетикалық әлеуеті жоғары екені дәлелденіп, оның жоғары оқу орындарында экология мен әдебиеттану пәндері бойынша қосымша дереккөз ретіндегі практикалық маңызы айқындалды. Бұл зерттеу қаламгердің табиғат философиясын жаңаша пайымдауға және ұлттық құндылықтар жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Есенғали Раушанов, қазақ әдебиеті, табиғат поэтикасы, құстар символикасы, экологиялық сана, аксиологиялық талдау, танымдық әдебиет.

Zh.B. Manapbayeva[1]*, Y.M. Soltanayeva[2], Zh.A. Sarsenbai[3]

[1,2,3]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: [1]zhuldyzmanapbaeva5555@gmail.com, [2]gulkataim@gmail.com,

[3]janat.sarsenbay@yandex.kz

ORCID : [1]0009-0008-1655-3810, [2]0000-0001-8273-3571, [3]0000-0002-4778-0310

AXIOLOGICAL SIGNIFICANCE OF THE COGNITIVE WORK OF THE WRITER E. RAUSHANOV «THE BIRDS ARE OUR FRIENDS» AND POETIC ASPECTS OF THE NATURAL WORLD

Abstract. The article comprehensively analyzes the scientific and cognitive work of the famous poet, laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan Yesengali Raushanov « The birds are our friends

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***

Ж.Б. Манапбаева, Е.М. Солтанаева, Ж.А. Сарсенбай. Қаламгер Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» танымдық еңбегінің аксиологиялық маңызы және табиғат әлемінің поэтикалық аспектілері // // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 129-140. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-09

« from a literary, cognitive and axiological point of view. The main purpose of the study is to determine the poetic features of this work, its significance in the national worldview and place in environmental discourse in Kazakh literature. Textual analysis, hermeneutic interpretation, axiological and comparative descriptive methods were widely used during the study. In the work, the author considers the image of birds not only as an ornithological object, but also as a symbolic embodiment of national culture and spiritual values. In the work found a interconnected continuity of scientific data and folklore motifs, ancient mythology and modern ecological consciousness. In the course of the study, the role of the concepts of «kie,» «obal» and «sauap» in the Kazakh worldview as the basis of environmental ethics was revealed, and the meaning of birds in the symbol of freedom and freedom was justified by author's considerations. Also in the article, relying on the theoretical concepts of domestic and foreign scientists, the creative essence of the writer was analyzed from the point of view of modern literary criticism. As a result, the high cognitive and aesthetic potential of the work was proved, its practical significance was determined as an additional source in the subjects of ecology and literary criticism in higher educational institutions. This study allows us to take a fresh look at the philosophy of nature and better understand the system of national values.

Key words: Esengali Raushanov, Kazakh literature, poetry of nature, symbolism of birds, ecological consciousness, axiological analysis, cognitive literature.

Ж.Б. Манапбаева[1]*, Е.М. Солтанаева[2] , Ж.А. Сарсенбай[3]
[1,2,3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: [1]zhuldyzmanapbaeva5555@gmail.com, [2]gulkataim@gmail.com
[3]janat.sarsenbay@yandex.kz
ORCID: [1]0009-0008-1655-3810, [2]0000-0001-8273-3571, [3]0000-0002-4778-0310

АКСИОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ТРУДА ПИСАТЕЛЯ Е.РАУШАНОВА «ПТИЦЫ – НАШИ ДРУЗЬЯ» И ПОЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МИРА ПРИРОДЫ

Аннотация. В статье комплексно анализируется научно-познавательный труд известного поэта, лауреата Государственной премии Республики Казахстан Есенгали Раушанова «Птицы - наши друзья» с литературно-познавательной и аксиологической точки зрения. Основной целью исследования является определение поэтических особенностей данного произведения, его значения в национальном мировоззрении и места в экологической дискурсе в казахской литературе. В ходе исследования широко применялись текстовый анализ, герменевтическая интерпретация, аксиологические и сравнительно-описательные методы. В произведении автор рассматривает образ птиц не только как орнитологический объект, но и как символическое воплощение национальной культуры и духовных ценностей. В работе нашли взаимоувязанную преемственность научные данные и фольклорные мотивы, античная мифология и современное экологическое сознание. В ходе исследования была выявлена роль понятий «кие», «обал» и «сауап» в казахском мировоззрении как основы экологической этики, а также обосновано авторскими соображениями значение птиц в символе свободы и свободы. Также в статье, опираясь на теоретические концепции отечественных и зарубежных ученых, была проанализирована творческая сущность писателя с точки зрения современной литературоведения. В результате был доказан высокий познавательный и эстетический потенциал произведения, определено его практическое значение как дополнительного источника по предметам экологии и литературоведения в высших учебных заведениях. Это исследование позволяет перу по-новому взглянуть на философию природы и глубже понять систему национальных ценностей.

Ключевые слова: Есенгали Раушанов, казахская литература, поэзия природы, символика птиц, экологическое сознание, аксиологический анализ, познавательная литература.

1. Кіріспе

Қазіргі гуманитарлық ғылым кеңістігінде адам мен табиғат арасындағы байланысты пәнаралық тұрғыдан зерделеу маңызды ғылыми бағыттардың бірі

болып отыр. Ағылшын әдебиеттанушысы, экосын (экокритика) саласының зерттеушісі Г.Гаррардтың экологиялық сын (ecocriticism) тұжырымдамасы бойынша, әдеби мәтін табиғатты бейнелеудің ғана емес, оқырманның экологиялық санасын қалыптастырудың да тиімді құралы саналады (Garrard, 2004). Американдық зерттеуші М.Рокичтің аксиологиялық теориясына сәйкес, мәтіндегі құндылықтар жүйесі оқырманның дүниетанымдық бағдарын белгілейді (Rokeach, 1973). Осы теориялық негіздер аясында қаламгер Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» атты ғылыми-танымдық еңбегі зерттеу нысанына алынды (Раушанов, 2024). Аталған еңбектің аксиологиялық мәнін, поэтикалық ерекшелігін және қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурстағы орнын айқындауды мақсат етіп белгіледік.

Отыз жеті тараудан тұратын еңбектің негізгі ерекшелігі – әр тарауда орнитологиялық ғылыми деректер мен ұлттық мәдени-рухани символиканың бір мәтінде берілуінде деп білеміз.

Е.Раушановтың шығармашылығы аз зерттелмеген тақырыптардың бірі. Ж.Әскербекқызы (Әскербекқызы, 2008: 185–186) ақынның лирикасындағы табиғат пен адам бірлігін монографиялық деңгейде талдаған. Е.Хуатбекұлы және т.б. (Хуатбекұлы, 2023: 224) ақын шығармаларының көркемдік деңгейін, поэтикалық әлеуетін сараптаған. Сонымен қатар, қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың генезисі мен мифологиялық астарын зерделеген Ж.Ж.Жарылғапов пен Г.А.Бахбергенова Е.Раушанов шығармаларындағы құстар бейнесінің символдық және философиялық ерекшеліктеріне тоқталады (Жарылғапов, Бахбергенова, 2025: 125). Ж.Әскербекқызы, Г.Орда, Ж.Оспан, Ә.Әліп, А.Әбдірасылова, Е.Хуатбекұлы және т.б. зерттеушілері ақын шығармашылығына қатысты жекелеген зерттеу еңбектер мен мақалалар жариялаған. Алайда аталған еңбектер Е.Раушановтың поэзиялық мұрасын зерттеу нысаны ретінде алған. «Құстар – біздің досымыз» ғылыми-танымдық еңбегі зерттеушілердің мақалаларында тек эпизодтық деңгейде аталып өтілген, арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Сол себепті қаламгердің аталмыш туындысын арнайы нысан етіп алып зерттеуіміз бұл мақаланың ғылыми жаңалығын көрсетеді.

Қаламгердің ақындық болмысы, поэзиялық туындылары ұлттық әдебиеттану аясында түрлі бағытта зерттеу нысанына айналғанын білеміз. Е.Раушанов ақын ғана емес, жазушы, драматург, аудармашы, публицист ретінде де белгілі тұлға. Бұл тұжырымымыз дәйекті болуы үшін публицист, жазушы Ж.Оспанның: «...Е.Раушанов әдебиеттің басқа жанрларында еркін қалам тербеді. «Нұрдан жаралған» романынан бастап, «Көктем еді...», «Айғырға ода» хикаяттарын, көркем, деректі әңгімелерін еске түсірейік. Драма саласында «Нұх пайғамбардың кемесі», «Каппадокия ертегісі», «O, tempora! O, mores! Немесе Цицеронның айыбы», «Құнанбай мен Абай» драмаларын жазды. Олардың бірқатары еліміздің театрларында сәтімен сахналанды. ...Аударма саласына барып, Джузеппе Вердидің «Аида», Уильям Шекспирдің «Гамлет» драмаларына еркін аударма жасады. Таңсық тақырып: «Құстар – біздің досымыз», «Жыл он екі ай» сериясымен жазған танымдық мақалалары қандай?!» (Оспан, 2023), – деген ғылыми мәні бар тұжырымын тілге тиек еткенді жөн санап отырмыз. Аудармашы ретіндегі қарымын көрсететін: «Сонымен қатар өзбек халқының халық ақыны Хамза Ниязидің шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, «Күрес жыры» деген

атаумен кітап етіп бастырып шығарады. Ортағасырлық тарихи еңбек саналатын «Әмір Темір жарғылары» туындысын қазақ тіліне аударған» (Әліп, 2017), – деген пікірдің де маңызды екенін атап өткеніміз жөн.

Ақынның қаламгерлік қарымын, шығармашылық болмысын айшықтайтын еңбектерімен оқырман қауым жақсы таныс деп білеміз. Атап айтқанда, «Бастау» (1980), «Келінтөбе» (1984), «Шолпан жұлдыз туғанша» (1988), «Ғайша бибі» (1991) осы кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иеленген, «Қара бауыр қасқалдақ» (1995), «Періштелер мен құстар» (2006), «Бозаңға біткен боз жусан» (2006), «Құстар – біздің досымыз» (2007; 2024) атты поэзиялық және ғылыми танымдық кітаптардың авторы.

Е.Раушановтың ақындық әлеуеті, шығармаларының поэтикалық, эстетикалық табиғаты жайында белгілі ақын, әдебиеттанушы-ғалым Ж.Әскербекқызы: «Ұлттық поэзияның биік поэтикалық, эстетикалық деңгейі, сөз бен сурет үйлесімі, қаламгерлік ізденістер нетижесіндегі тың бейнелер мен көркем суреттеулер, терең толғаныстар мен нәзік сыршылдыққа толы лирикалық әуен – Есенғали Раушанов сияқты үлкен талант иесінің еншісінде екені даусыз. Өлең сөздің шынайы құдірет екенін танытып, шеберліктің шырқау биігіне жеткен хас үлгісін көрсеткен Есенғали ақындығы – ұлттық поэзиямыздың тамаша жетістігі (Әскербекқызы, 2008: 186), – деп ғылыми мәні жоғары тұжырымын білдіреді. Қаламгер Е.Раушанов шығармашылығындағы ұлттық дүниетаным, болмыс, рух, құндылық жүйесіне құрылғанын аңғарамыз. Зерттеуші Е.Хуатбекұлы өз шығармашылығының ұлттық табиғаты туралы: «Есенғали Раушанов Шығыс пен Батыстың ежелден келе жатқан көне сарындарын жетік меңгеріп, ғасыр қойнауындағы поэзияның тылсым сырларын ұлттық сүзгіден өткізіп, келісті, кестелі жырларымен өзінен кейінгі буынға ұстаз бола білді» (Хуатбекұлы және т.б., 2023: 224), – деп рухани нәр алған арналарын атап өтіп, олардың ілкі бастауында ұлттық руханияттың тұрғанын зерделейді.

Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» еңбегінде құс бейнесі орнитологиялық сипаттаумен шектелмейді. Ол қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы кие, сакралдық және рухани еркіндік ұғымдарының поэтикалық көрінісіне айналады. Бұл тұжырымымызға ғалым Ж.Әскербекқызының: «Табиғат пен адам бірлігі – көне мифологиялық ойлау дәуірінің көрінісі ғана емес, табиғат – адами ізгілік қасиеттерге қуат беруші рухтың қайнар көзі» (Әскербекқызы, 2008: 173), – деген пікірі теориялық тұрғыдан негіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, еңбектегі құс елері фольклорлық мотивтер мен қазіргі экологиялық дискурстың сабақтастығын көрсетіп, оқырманның табиғатқа деген құндылықтық қарым-қатынасын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қызмет атқарады.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» еңбегінің мәні мен негізгі идеясын айқындауда мәтіндік талдау және сипаттау әдістері қолданылды. Автор туындысындағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін анықтау мақсатында аксиологиялық талдау әдісі, орнитологиялық деректер мен мәдени-рухани символиканың мәтіндік мағынасын ашу үшін герменевтикалық

интерпретациялық тәсілдер, еңбектің поэтикалық және танымдық ерекшелігін сараптау барысында сипаттамалық талдау әдістер пайдаланылды. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін аксиологиялық мәтін талдауы (Rokeach, 1973), (Әскербекқызы, 2008) мен экологиялық сын теориясы (Garrard, 2004) тұжырымдары құрайды.

Автор шығармасындағы орнитологиялық мәліметтердің көркем баяндаумен байланысын анықтау үшін функционалдық және әлеуметтік-мәдени талдау тәсілдерін басшылыққа алдық. Сонымен қатар ақынның табиғат тақырыбында жазылған өлеңдерімен салыстырыла қарастырылды. Еңбектің тәрбиелік, құндылықтық мәнін айқындауда дидактикалық және аксиологиялық ұстанымдар, ал мәтінді түсіндіруде герменевтикалық және интерпретациялық тәсілдер ескерілді. Зерттеу нәтижелерін жүйелеу барысында талдау, жалпылау және қорытындылау әдістері пайдаланылды.

2.2 Материалға сипаттама

Қаламгер Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» атты еңбегі соңғы жылдары қазақәдебиеттануындатүрлібағыттазерттелгенімен,аталмыштуындының поэтикалық және аксиологиялық аспектілері әлі де жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Осыған байланысты зерттеудің негізгі материалы ретінде автордың бұл туындысы, сондай-ақ отандық зерттеушілер Ж.Әскербекқызы, Г.Орда, С.Нұржан, Ж.Оспан, Ә.Әліп, А.Әбдірасылова, Е.Хуатбекұлы және шетелдік ғалымдар Г.Гаррард, М.Рокичтің еңбектері мен мақалалары, теориялық тұжырымдары негізге алынды.

3. Талқылануы

Е.Раушанов құстар тақырыбына қалам тартуының себебін былайша түсіндіреді: «Құстар тақырыбына не үшін келдім? Құстарды жақсы көретінімнің себебі – Алла әлімсақтан екі тіршілік иесін азат қылып жаратқан. Олар – құстар мен адамдар. Соның ішінде ең еркіні – құстар. Мендегі құстарға деген сезім еркіндікті, тәуелді болмауды ойлағаннан туса керек. Құстар азаттық үшін жаралған. Адам да сол тектес... Ал құстардың ғажаптығы, біз ұнатып тұратын тұсы – олардың азаттығында жатса керек» (Раушанов, 2015), – деп адам мен ұлт болмысындағы еркіндік, тәуелсіздік құндылығын азаматтық ұстанымы ретінде атап өтеді. Қаламгердің «Құстар – біздің досымыз» атты еңбегі бір күннің нәтижесі емес: ұзақ жылдар бойы мерзімді басылым беттерінде жарияланған құстар туралы ғылыми-танымдық сериялық мақалалары кейіннен жинақталып, кітап күйінде оқырман қолына тиді. Автор өз еңбегінде құстарды тұтас табиғаттың ажырамас бір бөлшегі ретінде қарастырады. Автордың туындысы ұлттық дүниетанымды арқау еткен тәрбие құралы. Онда қоршаған орта, табиғат, құстар әлеміне деген қамқорлық пен құрмет заманауи мазмұнмен байытылған. Аталмыш туынды өзбек, қырғыз тілдеріне аударылып, туысқан халықтар арасында да танылды. Жаратылыстану, орнитология, экология бағытындағы оқу материалы ретінде қолданылатын бұл еңбек оқушының ғылыми танымын кеңейтіп, табиғатқа деген құндылық көзқарасын қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» еңбегі ұлттық әдебиеттің, экологиялық сана, мәдениеттің, құндылықтық дүниетанымның дамуына үлес қосатын рухани қазына деп бағалаймыз.

Автордың еңбегі отыз жеті тараудан тұрады. Еңбектің отыз тарауы белгілі бір құстарға (тек белгілі бір құстар ғана емес, өзге де құстармен сабақтастырып,

байланыстырып сипаттайды) арналса, жеті тарауы «Зейнептің ертегісі», «Ауғанның ала қанат қу торғайы», «Birdland немесе Англия құстары», «Түркия құстары», «Бақытты өмір», «Левитан неге құстардың суретін салмаған?», «Құстар қайтып барады...» деген тарауларға бөлінген. Соңғы аталған жеті тарауларға фольклорлық, аңыз-әпсаналық, мифтік сюжеттерді арқау етеді. Жалпы бұл туынды тақырыптардағы құстардан бөлек, жүзден астам қанаттылардың атауы салыстырмалы түрде аталады. Туындыдағы құс атаулары, түрлері, қасиеттері тек зоологиялық, биологиялық, орнитологиялық бағыттағы баяндаудан ғана тұрмайды. Ұлттық фольклор, мифтік образдар, әлемдік аңыздық желілермен ұштастыра отырып, түрлі халықтардың рухани мұрасындағы көркемдік мәнін айшықты түрде ашып көрсетеді. Мысалы, қарлығашты «қадым заманнан-ақ адамзаттың аңызына айналған санаулы құстардың бірі» ретінде сипаттап, оның Нұх пайғамбар кемесімен байланысты халықтық әрі әлемдік діни аңыз-әфсанаға қатысы баяндалады (Раушанов, 2024: 37). Еңбектегі әрбір құсты жеке-жеке орнитологиялық, биологиялық, әдеби және тарихи тұрғыдан зерделеуге мақала көлемі көтермейтіні белгілі. Сондықтан біз туындының аксиологиялық мәнін, поэтикалық табиғатын зерделеуді мақсат еткенімізді жоғарыда атап өткенбіз.

Кітаптың «Қарлығаш» атты тарауында автор орнитологтар мен гидрометеорологтардың деректеріне сүйене отырып, Шақпақ асуындағы құс бақылау бекетінде 1974 жылы 6 мамырда 12 832 құс, ал 1977 жылы 14 428 құстарға сақина салынып, есепке алынғаны туралы нақты мәлімет келтіреді (Раушанов, 2024: 32). Бұл деректер қарлығаштың биологиялық маңызын ғылыми, деректік тұрғыдан негіздеп қана қоймай, оның ұлттық дүниетанымда алатын орнын көрсетеді. Еңбектегі мұндай екі деңгейлі яғни ғылыми және мәдени баяндау тәсілі оқырманда табиғат туралы нақты білімді берумен қатар, ұлттық дүниетанымдық құндылықтармен де байланыстыратынын аңғарамыз. Мысалы, «Қарлығаш – қазақ үшін қай кезде де сүйікімді құс. Тіпті бір кейіпкерін қырық құбылтып... көрсететін ауыз әдебиетінің осы титімдей құсқа деген ықылас-ізеті бір қалыпты» (Раушанов, 2024: 33), – деп аталған құстың қазақ дүниетанымында алатын өзіндік орнын атап өтеді. Еңбектің аксиологиялық маңызы ғылыми деректермен ғана шектелмейді. Оның ұлттың рухани-мәдени жадында, әдебиетінде, өнерінде де құндылықтық тұрғыдан көрініс табатыны сараланады. Мәселен, «Бозторғай» тарауында автор М. Өтемісұлының:

Аспанда ұшқан бозторғай,
Бозаңда болар ұясы,
Бозаңның түбін су алса,
Қайғыда болар анасы... (Раушанов, 2024: 271), – жырынан үзінді келтіре отырып, бозторғайдың қазақ халқының жан дүниесімен, дала болмысымен тікелей байланысын поэтикалық тұрғыдан зерделейді. Осы арқылы орнитологиялық мәлімет пен ұлттық дүниетанымды шығармасының арқауы етіп, поэтикалық, аксиологиялық тұтастыққа қол жеткізеді. Ж.Әскербекқызы (Әскербекқызы, 2008: 172) тұжырымдағандай, табиғат Е.Раушанов шығармашылығында адами ізгілік қасиеттерге рухани қуат беруші қайнар көз ретінде көрінеді. Бұл ұстаным «Құстар – біздің досымыз» еңбегінде айқын көрініс табады.

Қаламгер Е.Раушанов шығармашылығының негізгі ерекшелігі – фольклорлық, мифтік, археомодерндік мотивтерді постмодерн, метамодерндік бағытпен табиғи

тұтастықта сабақтастыра алуында. Бұл жайында Ж.Әскербекқызының: «... Психологиялық иірімі терең... қазіргі модерндік әдебиетке тән... сипат дарытылып, типтік қалыпта көрсетілген. Сана ағымы арқылы бейнеленген ішкі әлем қалпы реалистік баяндаудан гөрі субъектінің қабылдауы бағытында ашылған. Модерндік, постмодерндік ағым белгілеріне жақын келеді...» (Әскербекқызы, 2008: 173), – деп пікір білдіруі жоғарыдағы тұжырымымызға дәлел деп білеміз.

Е.Раушанов өзінің «Құстар – біздің досымыз» еңбегінде фольклор мен мифология қазынасын, жыраулық поэзия дәстүрін шығармаға табиғи түрде сабақтастыра отырып, мәтінге мазмұндық реңк үстейді. Мысалы, туындының «Аққу» атты тарауында:

Қарашада қар жауар қат-қат болып,
Табан асты қара жол батпақ болып.
Отыр ма екен, қалқатай жатыр ма екен,
Айдындағы аққудан аппақ болып... (Раушанов, 2024: 5), – деген халық жырының жолдарын келтіреді. Бұл үзінді аққу бейнесінің халықтық танымдағы орнын айқындау мақсатында пайдаланылған. Батыс классикасымен интертекстуалдық байланыс та орната біледі. Мәселен, Эсхилдің «Агамемнон», Платонның «Федон», Шекспирдің «Венеция көпесі» туындыларындағы аққу мотиві жалпыадамзаттық символдық аспектіде зерделенеді (Раушанов, 2024: 6). Шығарманың мифологиялық қабатын қарастырғанда, Зевс, Афродита, Орфей бейнелері арқылы антикалық дәстүрмен сабақтастық орнатылып, Саян-Алтай халықтарының аққуды киелі санаған наным-сенімі де аталған туындыда сөз болады (Раушанов, 2024: 12). Осылайша, поэтикалық баяндаумен қатар орнитологиялық деректер де атап айтқанда, аққудың орта есеппен 30–40 жыл өмір сүруі мәтінге кіріктіріліп, еңбектің танымдық-ғылыми сипатын күшейтеді (Раушанов, 2024: 7).

Е.Раушанов туындыларында табиғат, тағдыр, жады, уақыт ұғымдары абстрактілі емес, экзистенциялық сипатта көрініс тауып, шығармалардың мазмұндық тереңдігін қалыптастырады (Seisenbiyeva et al., 2022: 30). Қаламгер шығармашылығының аксиологиялық бағыты ұлттық бірегейлік, рухани сабақтастық және адам мен табиғат арақатынасы мәселелерін өзегіне алған көркем модельдер арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан Е.Раушановтың шығармашылығын арнайы зерттеген Ж.Әскербекқызы мынадай тұжырым жасайды: «Табиғат–адам атты күрделі, ой-санаға ие жаратылыстың рухани дүниесін өзіне көшіріп, оның қуанышы мен қайғысын, күйзелісі мен жалғыздығын танытатын көркем бейне дәрежесінде көрінеді. Табиғатты тірі рух түрінде қабылдаған анимистік сенімнің поэтикалық ойлауға негіз болып, әралуан қалыптағы адами көңіл ауанын, сезім халін жеткізуде бейнелеу құралына айналғанына ақын туындылары мысал болады. Ақынның поэтикалық фаунасы мен флорасы аса бай. Есенғали лирикасындағы табиғат пен адам бір-бірімен ажырамас байланыста, өзара үйлесімде әрекет ететін рухани болмыстар» (Әскербекқызы, 2008: 185). Зерттеуші атап өткен адам мен табиғат бірлігі қаламгердің поэтикалық тілінде жеке авторлық дүниетанымды ғана емес, қазақ халқының ұжымдық рухани-мәдени тәжірибесін де бейнелейтін көп қырлы мәтін құрудың негізі саналады. Табиғатпен тығыз байланыста қалыптасқан қазақ халқының дүниетанымы мен рухани-мәдени құндылықтары Е.Раушановтың поэтикалық тілінде көрінісін табады. Атап айтқанда, «Құстар – біздің досымыз» еңбегінде жеке авторлық ұстаным мен ұжымдық халықтық

таным өзара астасып келеді. Автор құстар туралы ғылыми деректерді баяндай отырып, оларды қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен, нақты айтқанда, табиғатты тірі рух ретінде қабылдаған анимистік наным-сенімімен ұштастырады (Әскербекқызы, 2008: 185). Осы тұрғыдан қарағанда, шығарманың поэтикалық мәтіні ұлттық және жалпыадамзаттық, дәстүрлі және заманауи деңгейлерді бір уақытта қамтитын көп қабатты құрылымды құрайды. Бұл қасиет, зерттеушілер атап өткендей, Е.Раушанов шығармашылығына тән эстетикалық және философиялық ерекшеліктің негізін білдіреді (Seisenbiyeva et al., 2022: 31).

Е.Раушанов өзінің «Құстар – біздің досымыз» еңбегіне арқау болған құстарды бөліп-жармай, олардың өзіндік ерекшеліктерін, қасиеттерін ғылыми, танымдық, поэтикалық тұрғыдан сипаттайды. Дегенмен қазақ дүниетанымында айрықша орын алатын құстың бірі ретінде: «...Қазаққа, Қазақияда мекендейтін құстардың барлығы жақын, оның ішінде бөгенайы бөлегі бозторғай. Ол – жыл құсы. Сосын халық әуендеріне арқау болған «*...қараторғай, ұштың зорға-ай, бейшара шырылдайсың жерге қонбай*» дегендегі қараторғай. Осылар қазақтың қоңырлығына, бейбіттігіне бейімдеу» (Раушанов, 2024: 269), – деп бозторғайды даралап атап өтеді.

Автордың құстар туралы тақырыпқа үлкен дайындықпен келгенін аңғарамыз. Өзінің поэзиялық туындыларында құстарды арқау еткенін оның шығармашылығымен таныс оқырман жақсы біледі. Мақаламызға нысан болған танымдық еңбегінің «Бозторғай» атты бөлімінде бұл құс, оның қасиеті, табиғатын ұлттық дүниетаным контексі тұрғысынан сипаттап, қазақ менталитеті, руханияты. әдебиеті, мәдениеті, өнеріндегі көрінісін жүйелі түрде зерделейді. Аталған құсты өз туындыларында да өлеңмен өрнектеп, поэтикалық тұрғыда бейнелейді.

Мәселен,

Тым қымбат бозторғайың бүгін маған,
«Біз бармыз бөлісетін мұңыңды әман.
Сары дөң саған бақыт тілейді» – деп,
Жазған құс тас төбеңде шырылдаған... (Раушанов, 2006: 91)

Немесе:

«Мен болам жарық таңның сәлемі» – деп,
Сүйінші сұрайтұғын әуелі кеп.
Көгіңде қалсам деп ем сол торғайдай,
Әйтпесе сол торғайдың әуені боп... (Раушанов, 2006: 91), – деген өлең жолдарындағы бозторғай жай тіршілік иесі ғана емес автордың болмысын, жан-дүниесін, психологиялық ахуалын, «менін» танытатын, лирикалық кейіпкермен сырлас, тілектес бүтін бір болмысқа айналады (XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті, 2011: 567). Бозторғайдың табиғатын терең түсінген қаламгер оны поэзиялық туыныдысының кейіпкері (лирикалық) ретінде де, ғылыми, танымдық, публицистикалық мақалаларына және «Құстар – біздің досымыз» еңбегінде де арнайы бір тарау ретінде алынып, қаламгер шығармашылығына арқау болады.

Кесте 1 - Бозторғай бейнесінің әдеби мәтіндердегі көрінісі

Бозторғай						
«Қозы Көрпеш–Баян сұлу» (Шөже ақын жырлаған нұсқасы)	«Қозы Көрпеш–Баян сұлу» (Молда Мұқан / Мықан/ Машанұлы)	Махамбет Өтемісұлы «Аспандағы бозторғай...»	Жаяу Мұса Байжанұлы «Бозторғай»	Кенен Әзірбаев «Бозторғай»	Сәбит Дөнентаев «Бозторғай»	Есенбай Дүйсенбейұлы (Бозторғай Балықшин) «Жаз қабағы»
...*Бозторғай* Қозыкеге ұшып барды, Хабар алып, сейлесіп қайтып ұшты. Елге жете бергенде *бозторғайды*, Қырық бір қырғи қуалап, ортаға алды... (Е. Раушанов, 2024:276)	...Қозы мен Баянның суреті Аягөздің тасында тұр, Қабірі екеуінің қасында тұр. Өтірік-рас екенін кім біліпті?! Шырылдап *бозторғайы* қасында жүр... (Е. Раушанов, 2024:277)	Аспандағы *бозторғай*, Бозаңда болар ұясы. Бозаңның басын су алса, Қайғыда болар анасы... (Е. Раушанов, 2024:271)	Аспанда шырқар *бозторғай*, Мұсаның әні осылай. Әлдеқандай болды екен, Біздің ауыл халдары-ай?! (Е. Раушанов, 2024:273)	*Бозторғай*, шырылдайсың жерге түспей, Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей. Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап, Сандалдым қой артында ерте-кештей... (Е. Раушанов, 2024:276)	*Бозторғай* зорлық көріп тұрымтайдан, Таяныш таба алмапты қырдан, ойдан. Болыпты мұңын шақпақ, зарын айтпақ, Қырғиды жолықтырып көрсе қайдан... (Е. Раушанов, 2024:273)	Қолқамда қазір менің қоздап ағын, Бозаңын кешкім кеп тұр боз даланың. *Бозторғай* жырын жұтып бозала таңда, Боз белде бозінгеннің боздағанын... (Е. Раушанов, 2024:276)

Қаламгердің аталмыш еңбегіндегі «Бозторғай» тарауының поэтикалық табиғатын зерделеу, халық ауыз әдебиеті нұсқаларында, қазақ әдебиеті және оның көрнекті өкілдері туындыларында арқау болған құс – бозторғай туралы шығармаларды автор қалай пайдалана білгенін салыстырмалы түрде сипаттап өттік (Кесте 1).

Автордың «Құстар – біздің досымыз» атты ғылыми-танымдық, әдеби, тарихи, публицистикалық әмбебап бағытта жазылған еңбегі қазақ руханиятына қосылған құндылық. Бұл еңбек ғылыми тұрғыдан сан салалы (әдебиеттану, фольклортану, тіл білімі, тарих, мәдениеттану, экология, аксиология, орнитологиялық, т.б.) бағыттардағы зерттеулерге арнайы нысан болатынын атап өткеніміз жөн.

4. Зерттеу нәтижесі

Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» еңбегін аксиологиялық, поэтикалық және танымдық тұрғыдан жүргізілген кешенді талдау бірқатар маңызды нәтижелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттелген еңбектің басты ерекшелігі орнитологиялық білімнің жалаң ғылыми анықтамамен шектелмей, тарихи, фольклорлық және мәдени деректермен кіріктіріле берілуінде. Бұл тұрғыдан аққу тарауы көрнекі мысал болады: онда аққудың өмір ұзақтығы мен дене бітімі туралы нақты орнитологиялық деректер (Раушанов, 2024: 7) антикалық мифологиядағы Зевс, Афродита, Орфей бейнелерімен байланыстырыла талданады (Раушанов, 2024: 12). Сонымен қатар Саян-Алтай халықтарының аққуды киелі санаған дәстүрлі наным-сенімі де мәтінге тартылып, еңбекке пәнаралық сипат береді (Раушанов, 2024: 12). Осындай көп деңгейлі құрылым арқылы автор оқырманға бір ғана құс туралы биологиялық ақпарат беріп қоймай, сол құстың адамзат мәдениетіндегі орнын да аңғартады. Автордың «...екі тіршілік иесін азат қылып жаратқан. Олар – құстар мен адамдар» (Раушанов, 2015) деген тұжырымы

еңбектің этикалық-тәрбиелік өзегін айқындайды. Құстар материалдық игілік ретінде емес, адаммен тең дәрежелі тіршілік иесі ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным мәтін бойында жүйелі түрде дамытылады. Атап айтқанда, автор құстарды тек сипаттап қоймай, олардың тіршілігіне деген адамның моральдық жауапкершілігін де бірнеше тарауда қозғайды. Қазақ дүниетанымындағы «обал», «кие» және «сауап» ұғымдары осы мәселенің этикалық негізі ретінде еңбекке органикалық түрде сіңірілген: құсқа зиян келтіру «обал»моральдық күнә; оны қорғау «сауап» игілікті іс; ал аққу, қарлығаш және бозторғай сияқты құстар халық санасында «киелі» қасиетті тіршілік иесі мәртебесін иеленеді. Автор осы ұғымдарды баяндау барысында оқырманның санасына табиғи түрде дарытады.

Е.Раушановтың аталмыш кітабында халық поэзиясының элементтері ғылыми баяндаумен сабақтастықта беріледі. Атап айтқанда, бозторғай туралы тарауда «...қараторғай, ұштың зорға-ай, бейшара шырылдайсың жерге қонбай...» деген фольклорлық жолдар (Раушанов, 2024: 269) биологиялық сипаттамамен қатар берілген. Сол сияқты аққу жайындағы тарауында да халық өлеңінің үзінділері мәтіннің ғылыми бөліктерімен ұштасып, баяндауға поэтикалық ырғақ дарытады (Раушанов, 2024: 5). Қарлығаш бейнесі де еңбекте ерекше орын алады. Халық арасында «Қарлығаштың ұясын бұзба!» деген тиым бар. Автор осы наным-сенімді қарлығаштың адам тіршілігімен тығыз байланысының дәлелі ретінде қарастырады. Эсхилдің «Агамемнон», Платонның «Федон», Шекспирдің «Венеция көпесі» шығармаларындағы аққу мотивіне жасалған сілтемелер (Раушанов, 2024: 6) еңбектің интертекстуалдық қабатын қалыптастырады. Осы тәсілдер арқылы автор ғылыми мазмұнды оқырманға эстетикалық тұрғыдан қабылдататын өзіндік баяндау үлгісін жүзеге асырады.

Еңбектің орнитологиялық, биологиялық және экологиялық деректері жүйелі түрде ұсынылған. Сібірлік аққудың қоныс аудару жолдары, ұя салу мінез-құлқы, жұп құру ерекшеліктері нақты сандық мәліметтермен расталады (Раушанов, 2024: 7; 9) Бозторғайдың жыл құсы ретіндегі ерекшелігі, қазақ даласымен байланысы да орнитологиялық тұрғыдан негізделеді (Раушанов, 2024: 269). Қарлығаштың тіршілік ерекшеліктері, адам мекенінің маңында ұя салу әдеті де ғылыми деректермен сипатталады. Бұл ғылыми деректердің фольклорлық және мәдени мазмұнмен кезектесе берілуі еңбекті зоологиялық анықтамадан да, таза көркем шығармадан да ерекшелендіретін аралық жанрлық форманы қалыптастырады.

Жүргізілген талдау еңбектің үш өзара байланысты аксиологиялық бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Бірінші, адам мен табиғат қарым-қатынасының қазақ дүниетанымындағы «кие», «обал» және «сауап» ұғымдары негізінде этикалық тұрғыдан түсіндірілуі. Аққудың адалдық пен сүйіспеншілік рәмізі болуы, қарлығаштың үй берекесінің символы саналуы, бозторғайдың қазақ жерімен рухани бірлігі – осының бәрі аталған үш ұғымның нақты көрінісі болып табылады. Екінші, экологиялық жауапкершіліктің жеке адамның азаматтық ұстанымы деңгейіне дейін көтерілуі: автор оқырманды қоршаған ортаны қорғауға тікелей үндемей, оны құстардың тіршілік суреттері арқылы табиғи түрде сезіндіреді. Үшінші бағыт, табиғат суреттерінің оқырманда эстетикалық сезімді қалыптастыру құралы ретінде жұмыс істеуі: еңбекке арқау болған аққу, қарлығаш және бозторғай тек ақпарат көзі ғана

емес, эстетикалық тәрбие нысанына да айналады. Осыған орай Ж.Әскербекқызының «…Есенғали лирикасындағы табиғат пен адам бір-бірімен ажырамас байланыста, өзара үйлесімде әрекет ететін рухани болмыстар» (Әскербекқызы, 2008: 185) деген тұжырымы «Құстар – біздің досымыз» туындысына да толықтай қатысты екенін аңғарамыз.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде «Құстар – біздің досымыз» еңбегінде танымдық, ғылыми және аксиологиялық мазмұн бірін-бірі толықтыратын біртұтас жүйе құрайтыны дәлелденді. Еңбектің практикалық маңызы да назар аударарлық. Оны жоғары оқу орындарында экология, әдебиеттану және мәдениеттану пәндері бойынша қосымша дереккөз ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар орта және арнаулы орта оқу орындарында, сондай-ақ жалпы оқырман қауымына арналған экологиялық сана мен эстетикалық мәдениетті дамытатын танымдық материал ретінде қолдануға болады деп тұжырымдаймыз.

5. Қорытынды

Е. Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» еңбегіне жүргізілген кешенді талдау бірқатар маңызды ғылыми қорытындылар жасауға негіз берді.

Бірінші, зерттелген туындының жанрлық ерекшелігі оның орнитологиялық ақпаратты, ұлттық мәдени-рухани символиканы және поэтикалық баяндауды бір мәтінде органикалық тұтастыққа келтіруінде. Аталмыш ерекшелік еңбекті таза зоологиялық анықтамадан да, таза көркем шығармадан да бөлектейтін аралық жанрлық форманы қалыптастырады. Бұл тұрғыдан алғанда, туынды Г.Гаррардтың экокритика теориясында сипатталған, яғни әдеби мәтіннің оқырман экологиялық санасын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қызмет ету қағидатын нақты жүзеге асырады (Garrard, 2004).

Екінші, М.Рокичтің аксиологиялық теориясы тұрғысынан талдағанда (Rokeach, 1973), еңбектегі құндылықтар жүйесі үш өзара байланысты бағытта ұйымдасқан: қазақ дүниетанымындағы «кие», «обал» және «сауап» ұғымдары арқылы берілетін этикалық-экологиялық жауапкершілік; аққу, қарлығаш, бозторғай бейнелері негізінде жүзеге асатын эстетикалық тәрбие; және ұлттық нанымдардың жалпыадамзаттық гуманистік қағидаттармен сабақтастырылуы. Ж.Әскербекқызының тұжырымдауынша, Е.Раушанов шығармашылығында «табиғат адами ізгілік қасиеттерге рухани қуат беруші қайнар көз» ретінде танылады (Әскербекқызы, 2008: 173), бұл ұстаным аталмыш еңбекте де жүйелі түрде дамытылған.

Үшінші, герменевтикалық интерпретация тәсілдері арқылы анықталғандай, еңбектің интертекстуалдық қабаты кең ауқымды деректерді қамтиды: антикалық мифология, қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары, ортағасырлық және қазіргі заман жазба мұралары, сондай-ақ орнитологиялық ғылыми зерттеулер мәтінде тармақтасып, еңбекке пәнаралық сипат береді. «Бозторғай» тарауының талдауы бұл тәсілдің нақты мысалы бола алады: онда М. Өтемісұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Кенен Әзірбаев өлеңдеріндегі бозторғай мотиві орнитологиялық деректермен ұштастырыла берілген.

Төртінші, жүргізілген сипаттамалық-функционалдық талдау еңбектің дидактикалық қызметін айқындады. Автордың аталмыш еңбегі оқырман қауымның табиғатқа деген моральдық жауапкершілігін тікелей декларациялау арқылы емес, нақты орнитологиялық бейнелер мен мәдени-рухани мысалдар арқылы табиғи түрде

сезіндіреді. Бұл тәсіл қазіргі заманғы экологиялық білім беру парадигмасының талаптарымен үндеседі. Зерттеудің болашақ бағыты ретінде автор кітабының аударматанулық аспектісін – еңбектің өзбек және қырғыз тілдеріне аударылғані нұсқаларын салыстырмалы талдауды ұсынуға болады.

Осы нәтижелер негізінде қаламгер Е.Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» еңбегін ғылыми-танымдық дискурс поэтикасының ерекше үлгісі ретінде бағалаймыз.

Әдебиеттер:

1. Әліп Ә. Жаңһар жыр. 2017. [Электронды ресурс]. URL:https://kazgazeta.kz/news/60796 (25.08.2025).
2. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс: Есенғали Раушанов поэзиясы негізінде. Алматы: Таймас, 2008. 296 с.
3. Жарылғапов Ж.Ж., Бахбергенова Г.А. Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар генезисі // Вестник Карагандинского университета. Серия Филология. – 2025. – №1(117). – 124-135 бб.
4. Оспан Ж. Қазақ поэзиясының құс қанатты құбылысы // // Қазақ әдебиеті. 2023. №11 (3848). 17 марта. С. 7.
5. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы: Раритет, 2006.
6. Раушанов Е. Ақын мың баспа табақ кітап оқып... (сұхбат) – 2015. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/esengali-rausanov-aqyn-myn-baspa-tabaq-kitap-oqyp-on-baspa-tabaq-kitap-zazsa-qandai-zaqsy__24383 (12.03.2026).
7. Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. Алматы: Жазушы, 2024. 400 с.
8. Хуатбекұыл Е. Құрманбаева А. Қазіргі поэзиядағы рецептивті эстетика // Керуен. 2023. Т. 79. №2. 223–237 бб.
9. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001–2011 жж.). – Алматы: Арда, 2011.
10. Garrard G. Ecocriticism. – London: Routledge, 2004.
11. Rokeach M. The Nature of Human Values. New York: Free Press, 1973. 438 p.
12. Seisenbiyeva E., Begmanova B., Aitova Zh., Tulebayeva K., Madibaeva K. The basics of determining the speech of national traditions in literature // XLinguae. 2022. Vol. 15 (4). P. 28–37. DOI: 10.18355/XL.2022.15.04.03

References:

1. Alip A. (2017). Pearl poem. Retrieved August 25, 2025, from https://kazgazeta.kz/news/60796 [In Kaz]
2. Askerbekqyzy J. (2008). Körkemdık örıs: Esengali Raushanov poeziiasy negızında [Artistic field: Based on the poetry of Esengali Raushanov]. Almaty: Taimas. [In Kaz]
3. Garrard G. (2004). Ecocriticism. London: Routledge.
4. Huatbekuly E., Kurmanbayeva A. (2023). Receptive aesthetics in modern poetry. Keruen, 79(2), 223–237. [In Kaz]
5. Kazakh literature in the 21st century (2001–2011). (2011). Almaty: Arda. [In Kaz]
6. Ospan J. (2023, March 17). Bird-winged phenomenon of Kazakh poetry. Qazaq adebieti, 11(3848), 7. [In Kaz]
7. Raushanov E. (2006). Bozañğa bıtken boz jusan [Grey wormwood of the steppe]. Almaty: Raritet. [In Kaz]
8. Raushanov, E. (2015). It would be wonderful if a poet read a thousand printed sheets and wrote ten. Retrieved March 12, 2026, from https://adebiportal.kz/kz/news/view/esengali-rausanov-aqyn-myn-baspa-tabaq-kitap-oqyp-on-baspa-tabaq-kitap-zazsa-qandai-zaqsy__24383 [In Kaz]
9. Raushanov, E. (2024). Qūstar – bızdiñ dosymyz [Birds are our friends]. Almaty: Zhazushy. [In Kaz]
10. Rokeach M. (1973). The nature of human values. New York: Free Press
11. Seisenbiyeva E., Begmanova, B., Aitova, Zh., Tulebayeva, K., & Madibaeva, K. (2022). The basics of determining the speech of national traditions in literature. XLinguae, 15(4), 28–37. https://doi.org/10.18355/XL.2022.15.04.03
12. Zharylgapov Zh. Zh., & Bakhbergenova, G. A. (2025). Qazaq poeziiasyndagy ornitologiialyq obrazdar genezisi [Genesis of ornithological images in Kazakh poetry]. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriia Filologiia [Bulletin of the Karaganda University. Philology Series], 1(117), 124-135.

ҒТАМР 17.07.65 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-10

А.Е. Алимбаев[1], Т.К. Сагандыков[2*], А. Инаят[3]
[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[3]Еге университеті, Измир, Түркия
E-mail: [1]aslan_alimbaev@mail.ru, [2]temirlan0710@mail.ru, [3]alimcan.inayet@ege.edu.tr
ORCID ID: [1]0000-0003-1717-7374, [2]0009-0004-5397-7090, [3]0000-0002-8841-4157

ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВТЫҢ «АҚ ЖАЙЫҚ» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, шебер суреткер Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» роман трилогиясындағы тарихи тұлғалардың көркем бейнесі талданған. Романдағы адам тағдыры мен адам болмысы арқылы заман бейнесі мен уақыт шындығын тану мәселесі басты назарға алынған. XX ғасыр адамзат тарихында ерекше оқиғаларға толы, жетісітігімен жеңілісі де көп дәуір. Осы кезең әдебиетін талдау арқылы оқырмен мен зерттеушілерге ой салу, кейіпкерлер бейнесін талдауда тарихи шындық пен көркем бейне аражігін ажырата білу маңызды. Мақалада аталған мәселелер жан жақты сараланып, Жаһанша Досмұхамедұлының, Халел Досмұхамедұлының, Бақытжан Қаратаев, Әбдірахман Әйтиевтердің қоғамдық-саяси қызметі мен халқымыздың дүниетанымына қатысты көзқарастары ғылыми тұрғыда негізделген. Тарихи шындық пен көркем шындық мәселесі зерделеніп, ғалымдардың теориялық көзқарастарына туындыдан мысалдар келтіріліп сараланған. Бейне жасауда жазушы шеберлігі, кейіпкер болмысын танытуда тарихи оқиғалардың рөлі, тарихи тұлғалардың көркем бейнесін үлгі боларлық тұстары пайымдалған. Елдің болашағы үшін еңбек еткен тұлғалардың бейнесін қатпарлы тарих қойнауында қалып қоймау үшін, көркем бейне жасаған жазушы мұратын таныту мақаланың басты міндеті. Уақыт пен кеңістік тұрғысынан зерделеу арқылы шығарманың тақырыптық-идеялық маңыздылығы қарастырылған.

Кілт сөздер: кейіпкер, тұлға, бейне, тарихи шындық.

A.E. Alimbayev[1], T.K. Sagandykov[2*] A. Inayet[3]
[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[3]Ege university, Izmir, Turkey
E-mail: [1]aslan_alimbaev@mail.ru, [2]temirlan0710@mail.ru, [3]alimcan.inayet@ege.edu.tr
ORCID ID: [1]0000-0003-1717-7374, [2]0009-0004-5397-7090, [3]0000-0002-8841-4157

ARTISTIC IMAGES OF HISTORICAL FIGURES IN KHAMZA YESENZHANOV'S TRILOGY «AK ZHAYIK»

Abstract. This article examines the artistic representation of historical figures in the novel trilogy Ak Zhaiyk by the prominent Kazakh writer Khamza Yesenzhanov. Particular attention is given to the problem of understanding the image of the era and the truth of its time through the depiction of human destiny and the nature of human existence in the work.The 20th century in human history is a period saturated with exceptional events, combining both achievements and defeats. The analysis of literature from this period is important for the formation of research and reading comprehension, as well as for distinguishing between historical truth and artistic image when interpreting characters. The article comprehensively examines the issues outlined above

[*] ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
А.Е. Алимбаев, Т.К. Сагандыков, А. Инаят. Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы тарихи тұлғалар бейнесі // // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 141-152. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-10

and analyses the artistic images of historical figures: Zhakhansha Dosmukhameduly, Khalel Dosmukhameduly, Bakytzhan Karataev and Abdrakhman Aitiev. The relationship between historical and artistic truth is explored, and an analysis is conducted based on the theoretical views of scholars and illustrated with examples from the work. Particular attention is paid to the writer's skill in creating images, the role of historical events in revealing the characters' personalities, and the exemplary aspects of the artistic embodiment of historical figures. The main objective of the article is to reveal the author's intention, which is to ensure that the bright images of individuals who worked for the future of the country are not lost in the depths of multi-layered history. The thematic and ideological significance of the work is analysed, taking into account the categories of time and space.

Keywords: character, personality, image, historical reality.

А.Е. Алимбаев[1], Т.К.Сагандыков[2*], А. Инаят[3]

[1,2] Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

[3]Эгейский университет, Измир, Турция

E-mail: [1]aslan_alimbaev@mail.ru, [2]temirlan0710@mail.ru, [3]alimcan.inayet@ege.edu.tr

ORCID ID: [1]0000-0003-1717-7374, [2]0009-0004-5397-7090, [3]0000-0002-8841-4157

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБРАЗЫ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ В ТРИЛОГИИ ХАМЗЫ ЕСЕНЖАНОВА «АК ЖАЙЫК»

Аннотация. В статье анализируются художественные образы исторических личностей в романной трилогии «Ак Жайык» выдающегося представителя казахской литературы, мастера художественного слова Хамзы Есенжанова. Особое внимание уделяется проблеме постижения образа эпохи и правды времени через судьбу человека и его сущность, раскрытые в произведении. XX век в истории человечества – это период, насыщенный исключительными событиями, сочетающий в себе как достижения, так и поражения. Анализ литературы данного периода имеет важное значение для формирования исследовательского и читательского осмысления, а также для разграничения исторической истины и художественного образа при интерпретации персонажей. В статье всесторонне рассматриваются обозначенные проблемы, анализируются художественные образы исторических личностей – Жаханши Досмухамедулы, Халела Досмухамедулы, Бакытжана Каратаева и Абдрахмана Айтиева. Исследуется соотношение исторической и художественной правды, проводится анализ с опорой на теоретические взгляды учёных и иллюстрацией примерами из произведения. Особое внимание уделяется писательскому мастерству в создании образов, роли исторических событий в раскрытии характера персонажей, а также образцовым аспектам художественного воплощения исторических фигур. Главной задачей статьи является раскрытие авторского замысла писателя, направленного на то, чтобы светлые образы личностей, трудившихся во имя будущего страны, не были утрачены в глубинах многослойной истории. С учётом категорий времени и пространства анализируется тематико-идейная значимость произведения.

Ключевые слова: персонаж, личность, образ, историческая реальность.

1. Кіріспе

Тарихи тұлғалар бейнесін қарастыру әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі. Осы тұрғыдан келгенде Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романындағы тарихи кейіпкерлердің бейнесін саралау маңызды деп білеміз. Романдағы шиелініске толы кейіпкер тағдыры заман бейнесінің ащы шындығын көрсетеді. Елінің алдыңғы қатарлы рухани-мәдени бай, материалдық жағынан тәуелсіз болу жолында еңбек еткен тұлғалардың көркем бейнесін талдау зерттеуіміздің мақсаты.

Көркем шығармадағы кейіпкер – мәтіннің идеялық-тақырыптық тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі көркемдік категория. Кейіпкер тұлғасын суреттеуде жазушы

сол дәуірдің ерекшелігін танытып ғана қоймай, тарихи оқиғалардың шындығын суреттеуде ерекше бейнелер жасайды. Бейне жасауда автор, типтік белгілерді негізгі өзек етіп, сол аяда кейіпкердің қайталанбас болмысы мен жеке мінез ерекшеліктерін көркемдік тұрғыдан тереңдетіп ашады. Осы тұрғыдан келгенде тарихи тұлғалардың көркем бейнесін суреттеуде олардың рухани әлемі назардан тыс қалмауы тиіс. Көркем бейне туралы сөз қозғағанда адам мінезі, болмысы ешуақытта шет қалмауы қажет. «Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейік, бәрібір, осылардың бәрі – бір-ақ ұғым – образ. Бейнелеу – образдылық болса, бейне – образ. Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін даралау, сайып келгенде, осылардың бәрінің сарқып құяр сағасы біреу, ол – образ. Ал образ эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті. Образ жасау тек таланттыға тән әрекет.» (Қабдолов, 2002:105). Демек, кейіпкер – шығарманың негізгі өзегі, оқиға желісі я болмаса басқа да маңызды функциялардың жүзеге асуына өз ықпалын тигізеді. Кейіпкерсіз, олардың іс-әрекетінсіз көркем туынды болмайды.

Кез келген ұлттың басынан өткерген тарихи кезеңдерімен, өмір тіршілігіне байланысты туындаған салт-дәстүрлерімен, өнерімен, мәдениетімен танысу үшін алдымен сол ұлттың әдебиетін біліп, зерттеу маңызды. Себебі шығарма – кез келген ұлттың рухани әлемі мен дүниетанымының көрінісі ретінде тарихи-мәдени мазмұнға ие құндылық. Академик Зейнолла Қабдолов «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы: шығарма арқауы – шындық», - деп баға берген (Қабдолов, 2002:29).

Қазақ әдебиетінде тақырыбы жағынан кең, идеялық тұрғыдан терең, мазмұндық құрылымы ауқымды көркем туындылар көп. Осы шығармаларды ғылыми тұрғыдан зерттеу, зерделеу, талдау, пайымдау, саралау әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі. Рухани жаңғыру мен мәдени өрлеуге елеулі ықпал еткен туындыларды зерделеу арқылы олардың өзіндік көркемдігін айқындап, әдеби үдерістегі орнын белгілеу маңызды ғылыми міндеттерді жүктейді.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қазақтың тарихи проза жазудың шеберінің бірі – Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы нысанға алынды. Туындыдағы кейіпкерлердің болмыс-бітімі, тұлғасы, мінез-құлқы, дүниетанымы, жалпы заманға, заман ағысына көзқарасы талданады. Тақырыпты зерделеуде талдау, даралау, жинақтау, әдеби герменевтикалық әдістері қолданған. Кейіпкерлердің тарихи тұлғасы талдау әдісі арқылы зерделенді. Әдеби герменевтикалық әдісі негізінде бейне (образ) арқылы заман шындығы сараланған.

2.2 Материалға сипаттама

Қазақ прозасында тарихи шындықтың мәнін зерделеу және оған ерекше назар аудару маңызды. Өткен дәуір сипатын баяндауда Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» туындысының орны ерекше. Шығармада Орал өңірінде жаңа өмірді қалыптастыруға ұмтылған адамдардың қиын, ауыр тағдыры жан-жақты суреттелген. Бұл шығарма Азамат соғысының Батыс Қазақстандағы сұсты, ауыр кезеңдерін көркемдік тұрғыдан көрсетуге бағытталған маңызды туындылардың бірі.

Зерттеу барысында отандық ғалымдардан Төлеген Тоқбергенов «Тоғыз тарау» (1974), Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» (2002), Рымғали Нұрғалидың «Қазақтың жүз романы» (2004), «Қазақ романы: өткені мен бүгіні» (2009), Жансая Жарылғаповтың «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер» (2009), Қарлығаш Байтанасова мен Сәулеш Айтуғановаңың «Гуманитария. Анықтамалық» (2020), Әлмира Қалиева мен Гүлмира Сәулембектің «XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі» (2024), т.б. әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

3. Талқылануы

Өткен күннің шындығын, саяси-әлеуметтік жағдайын, рухани әлемінің әлеуетін танытқан көркем туындылардағы тарихи тұлғалардың болмысын зерделеу маңызды міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан келгенде өткен ғасырдың екінші жартысында жазылған прозалық шығармаларда ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген кейіпкер образын жинақтау белең алды. Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық идеяны асқақтатуда, руханиятты әспеттеуге бағытталған шығармаларды жазуда жаңаша көркемдік ізденістер өз нәтижесін берді. Осындай тарихи шиеленіске толы, оқиға желісі қызықты, тілі жатық, оқырманды еріксіз баурап алатын шығармаларды дүниеге әкелген халқымыздың көркем сөз өнерінің шебері Хамза Есенжанов есімі XXI ғасырда да ардақталып, насихатталуы керек деп ойлаймыз.

Қарымды қаламгер, шебер суреткер, белгілі сыншы Тахауи Ахтанов «Көкейкесті» еңбегінде: «Шығарманың бас қаһарманы Хакім, орыс мектебінің шәкірті, қазақ даласының перзенті. Роман басталғанда ол екі әлемді де көріп жүр, екеуімен де етене араласа қойған жоқ: қаланың әрқилы алабажақ өмірі бұл үшін бір соны дүние; соның бел ортасында енуге ынтық; артта қазақ даласы, сахара өмірі: Хакім оны сағынады. Осындай әрі-сәрі жас жігіттің қаланы да, даланы да дүр сілкінтіп, оята келген ұлы оқиғаның қалай есейіп, қалай ат жалын қолына жетіп азамат болғаны – трилогияның өзегі» (Ахтанов, 1980:226). Айтылған пікірдің «Ақ Жайық» романындағы кейіпкерлердің болмыс-бітімі, жан-дүниесін суреттеудегі қайшылықтар, ішкі толқыныстары ерекшеліктері шебер суреттелген. Көріп отырғанымыздай көркем шығармаға арқау болған оқиға желісі, заман тынысы оқырманға сол дәуір лебін сездіреді. Осы тұрғыдан келгенде осындай шығармалардан жаңаша көркемдік ізденістерді, жаңа идеяларды, тың тақырыптарды іздеп табу бүгінгі әдебиеттанушы ғалымдардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Туындыдағы кейіпкерлердің тұлғалық болмысы, өсу жолы арқылы сол заманның ақиқатын, дәуір тынысын сезінеміз. Аталған зерттеу еңбекте «Біз алғашқы кітаптан мысқылдап ер жетіп, төңірегіндегі кереағар, айқыш-ұйқаш шындықты аңыра танып келе жатқан жас жігітті көрсек, соңында азамат болып атқа қонған Хакімді көреміз. Жазушы Хакімді аңғарымпаз, зерттеуші зердесі арқылы әуелі қазақ даласының қилы-қиян шындығын, ел басына туған тарихи кезеңде бұл үшін де, бұның елі үшін де атымен соңы тұрпатты Әбдірахман Әйтиев, Бақытжан Қаратаев сияқты қазақ азаматтарын сол арқылы жаңа заман сипатын тани түседі (Ахтанов, 1980:227). Яғни, тарихи оқиғаның кейіпкер тағдырына әсерін байқай аламыз.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті жанрлық тұрғыдан байып, тақырыптық әрі идеялық жағынан жаңаша сипат алды, сюжеттік желілері күрделеніп, көркемдік деңгейі

айтарлықтай өсті. Жаңашыл ізденістер нәтижесінде сан алуан образдар қалыптасты. Бұл кезең әдебиеті қоғам дамуының бағытын, әлеуметтік өмірдің шынайы көрінісін терең әрі көркем бейнелеуге қызмет етті. Қаламгер Хамза Есенжановтың қаламынан туған шығармаларына арқау болған, жас кезінде көзі көрген қайраткер ағаларының бейнесін сомдау, олардың есімін атаудың өзі де қиын кездер болатын. Көркем шығарма жазушының қиялынан, ой еркіндігінен туады. Тарихи оқиғалар, елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани, т.б. көптеген факторлар көркем туындыға әсер ететіні рас. Олай болса мекеншақ тұрғысынан шығарманың жазылған уақытын, баяндалған оқиға кезеңін әркез ойдан шығармағанымыз дұрыс. Бұл мәселе қаламгердің де, зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалмауы керек.

Автор Жаһанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Бақытжан Қаратаев, Әбдірахман Әйтиевтердің тарихи бейнелерін шеберлікпен суреттеп көрсете білді. «Екі Досмұхамбетовтің екеуінің де нөкерлері бар; екеуінін шашбауын көтеретін, бастарын шұлғып ауыздарынан шыққанын қостай түсетін өз жігіттері бар. Мен, әрине, олардай үлкен адам емеспін, бірақ менің айналамда да өзіме лайық адамдарым болу керек қой» (Есенжанов, 2012а: 54).

«Хан Жаһанша бұрынғы билер мен старшиналарға, елдің игі жақсылары мен дәулетті адамдарына арқа сүйейді екен» (Есенжанов, 2012а: 172). Осы келтірілген үзінділерден кейіпкерлер арасындағы тартысты, олардың тұлғалық болмысын, қоғамдық көзқарасын байқауға болады. Сондай-ақ автордың ұстанымын да аңғара аламыз. Яғни, туындыда баяндалған оқиға желісінің тақырыптық мәнін XXI ғасырдағы ғылымдар тоғысында анықтауымыз қажет. Осы тұрғыдан келгенде тарихи шығармалардың көркемдік жағынан маңызы артқанымен, фактілері мен детальдар заман ағымына сай болмауы әбден мүмкін. Бұл дегеніміз көркем туындының өміршендігі, шиеліниске толы оқиға желісін түсіну үшін, туынды туралы қосымша ақпараттарды білу қажет.

Ақ Жайық трилогиясының II томында «Екі Досмұхамбетовтың мінездері де, түрлері де екі басқа, сырт көзге де бірден көрінетін айырмалары мықты еді. Жанша сүйекті, келбетті, ашық, билеп-төстеп еркін сөйлейтін және әрі жиі, әрі қатты күлетін адам. Ал, жез сағақты сопақ көзілдірік киген орта бойлы, дөңгелек қара сақал қойған, қара торы доктор өр мінезді жан. Қазір ол қадалған жерінен қан алатын сүлік сияқты, қабағын шытып орындықта тік шаншылып отыр. Ескі заманның көзі – аяқтары оймышты үлкен қоңыр үстелдің жанында тұрған бойшаң Жаншаның қасында Халел ұсақ көрінеді, оның үстіне қақырайған биік, арқалы үлкен орындық оны шамадан тыс кішірейтіп көрсетіп тұр, ол, - бейне ұяда отырған өткір көзді кішкене күйкентай сияқты», (Есенжанов 2012 б: 264) - деп берілген үзіндіде жазушы екі тарихи тұлғаның болмыс-бітімін, мінез ерекшеліктерін көркем детальдар арқылы айқын көрсетеді. Автор олардың сыртқы келбетін ғана сипаттап қоймай, әрқайсысының ішкі табиғатын да аңғартады. Жаншаның еркін сөйлейтін, ашық мінезді, ел алдында батыл әрекет ететін тұлға екені оның қимыл-қозғалысы мен бейнесі арқылы байқатады. Ал Халелдің сабырлы, тұйықтау, бірақ ішкі қайраты мен табандылығы бар адам екені оның отырысы мен көзқарасын суреттеу арқылы көрінеді. Жазушы кейіпкерлердің айырмашылығын көрсету үшін салыстыру мен бейнелі теңеулерді қолданады. Соның нәтижесінде тарихи тұлғалардың мінезі мен болмысы оқырманға

әсерлі әрі нанымды түрді жеткізіледі. Бұл тәсіл шығармадағы тарихи шындықты көркемдік бейнелеу арқылы ашудың бір үлгісі.

Әдебиеттану ұлттың рухани бағыт-бағдарын анықтайтын ғылымдардың бірі, сондықтан, тарихи шығармалардың идеациясын анықтап, зерделеу басты міндеттердің бірі. Идеация – интуитивті ойлау процедурасы, ол «тақырыптың мәнін анықтау» деп те аталады. Идея дегеніміз – барлық индуктивті және дедуктивті процедуралардан алшақтап, тақырыптың мәнін түсіну (Байтанасова, Айтуғанова, 2020: 74). Демек, Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» шығармасын қазіргі ғылымның талап етіп отырған заңдылығы негізінде зерделеу уақыт талабы. Автор заман шындығын қаз қалпында жеткізуді мақсат тұтқандығы туралы бізге дейінгі әдебиеттанушы ғалымдар айтып өткен. Кейіпкерлердің есімдерін өзгертпей берудің өзі шығарманың тарихи шындыққа жақын екендігінен байқауға болады.

Жазушы кейіпкерлердің өмірі арқылы халқымыздың ұлт болып ұйысуы жолындағы ауыр да азапты жолдары көркем суреттелгенін байқаймыз. Трилогияда «Азаттығы үшін алысқан ел жан қияр ерлер шығарады, - деп жазды тұтқын. – Бұл тарихта талай болған. Оны дәлелдеу аса алысқа көз жіберуді керек етпейді. Біздің кешегі ер Исатайымыз патша мен ханның қарулы әскеріне қарсы қол жинап, тоғыз жыл алысты. Ақырында өзі ерлікпен қан майданда қаза тапты. Халық үшін жан қиған ер деп осыны айтады. Өлшеусіз ерлікті өз құлағыммен де есіттім, көрдім де» (Есенжанов, 2012в: 16). Автор, кейіпкер арқылы ұлт тарихында ерекше орын алатын Исатай батыр жайлы сөз қозғау арқылы, азаттық жолда жанпида еткен ерлердің асыл істерін дәріптегені десек қателеспейміз. Тарихи туындыда азаттық идеясы ашық айтылмағанымен, мәтіннің астарын көре аламыз. Романда « - Азаттық пен теңдік бөлініп шығумен ғана кемеліне келмейді. Кім азат болды, кім теңдік алды деген екінші сауал бар. Азаттық Ресейден босану ғана емес. Азаттық пен теңдіктің түп-тамыры адамды адам тең санамау, адамды адам құл етумен байланысты. Бір мемлекеттің ішінде тоқсан түрлі ұлт болуы, сол тоқсан түрлі ұлттың праволары бір-бірімен тең болуы мүмкін. Сонымен қатар бір мемлекеттің ішінде бір ұлт қана, қоспасыз, тек өзі ғана өмір сүруі мүмкін. Алайда бұл жағдай азаттық пен теңдіктің толық түрде жемісін жегізеді деу қиын. Өйткені азаттық деген: басың бос, еңбегің бос болсын деген ұғымнан шыққан, біреуді біреу құл етпесін деген тілек-арманнан туған (Есенжанов, 2012в: 40).

Империя құлап, жаңа заманнан үміт артып, өзгерісті жақсылыққа балаған халқымыздың бетке ұстар зиялылары теңдікке қол жетеді деп сенді. Елдің болашағы жарқын боларына риясыз сенді. Сенім жолында талмай еңбектенді. Алайда, патшалық Ресейдің жүргізген саясатын кеңестік жүйе аса жоғары тәсілмен жүзеге асырды. Бұратана халық мәселесі жайлы қитұрқы іс-әрекеттер жасады. Бұл – тарихи шындық. Әрине, Бақытжан Қаратаев сынды тұлғалар өздері таңдаған күресте елдің азаттығын, елдің бостандығын армандаған және сол жолда қызмет еткен. « - Бақытжан деген кісіні біздің ел тұтас қадірлейді. Балаға «Бәкеңдей бол!» деп бата береміз. Ондай кішіпейіл аз ғой. Осында отырған адамның Бәкеңе мұңын шаққаны, Бәкеңнен жәрдем көрмегені жоқ шығар. Ана жылы жігіт аларда сол Бәкең ғой біздің елді құтқарып қалған. Біздің үш жүз үйден үш-ақ жігіт шығарып бердік сол кісінің жақсылығымен» (Есенжанов, 2012в: 305). Автор кейіпкерге осылай баға береді.

Халқымызда Бақытжан Қаратаев сынды оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу, өз халқының тағдырына алаңдайтын тұлғалар аз болмаған. Текті әулеттен шыққан тұлға жайлы автор, «Бақытжан – Қаратай ханның бел немересі. Қаратай Нұралы ханның баласы. Бірақ қалмақ қатынынан туған төрт ұлдың бірі. Нұралы Әбілхайыр ханның ұлы, көп ұлдарының бірі» (Есенжанов, 2012в: 305). Рухани байлық пен материалдық байлық қатар жүрген тұста адамның жеке дамуы да үйлесімде болары анық. Құлағына құйылған әулеттің әңгімесі мен өзі куә болған тарихи оқиғалар қасірет пен уайым-қайғыға толы екендігіне көз жеткізеді. Ақтабан шұбырындыдан бастап, өткен ғасыр басындағы аласапыран шаққа дейін ел жапа шегіп келді. Ұлтының ертеңін қалайша өзгертуге, жақсартуға болады деп, Бақытжан Қаратаевтай сынды тарихи тұлғалардың еңбегі ерен. Отыз бес жыл адвокаттық қызметте болды. Сұлтан атанды. Дума мүшесінде депуттатық қызмет атқарды. Дала өлкесінен Думаға депутат болып сайлану – Ресейдің беделді, ықпалды тұлғаларымен тең болу дегенді білдірмей ме?! «Бақытжан Бисалиевич көп оқыған, көп білетін ақылды қарт», - деп мақтады Дмитриев Бақытжан Қаратаевты» (Есенжанов, 2012а: 60). Көріп отырғанымыздай өзге ұлттың адамы қазақты асыра мақтауының астарында да автордың ойы анық, оқырманға айтары айқын.

Бақытжан Қаратаев бейнесі тарихи шындық пен көркемдік шындық тоғысқан тұста сомдалған кейіпкер. Кейіпкердің бойынан құқықтық сана мен зиялылық феноменін байқауға болады. Автор кейіпкердің зияткерлік әлеуетін, терең білімін, алғырлығын өмірлік шындыққа негіздеп суреттейді. Кеңес өкіметінің өкілі Дмитриевке қазақ халқының өмірін жете білуі керектігін де түсіндірген – Бақытжан Қаратаев болатын. Дмитриевпен диалогы барысында ол қазақ қоғамын теріс бағалауға қарсылық білдіреді. Халқымыздың әлеуметтік-мәдени болмысын рухани заңдылықтар арқылы тану қажеттігін айқындайды. «Шығыс елдерінің өмірі маған ертегі сияқты көрінеді. Шынында да, сахараның көп жайлары жұмбақ; тұрмысты жете білмесе, жақсылап ұқпаса, қате басып, теріс түсініп қалуға да әбден мүмкін» (Есенжанов, 2012а: 78) деп Дмитриевтің мойындауы да жоғарыдағы пікіріміздің айғағы. «Жазушы бұл образдарды заманы тудырған реалды-тарихи адамдар ретінде бейнелеп, өзінің суреттеп отырған шындығына деген көзқарасын айқындайды. Суреткер көркемдік шындық биігіне дәуірлік оқиғалардың логикасын қаһармандардың мінез ерекшеліктерінің логикасымен қабыстыру арқылы жетеді» (Жарылғапов, 2009: 181).

«Ақ Жайық» романы тарихи даму мен қоғамдық өзгерістердің кең бейнелейтін шығарма. Осы тұрғыдан келгенде трилогияда өмір қозғалысы мен уақыт ағымы кейіпкерлер тағдыры арқылы ашылып, халық тарихы жан-жақты көрсетіледі. Көркемдік үйлесім мен характерлер жүйесі арқылы автор дәуір шындығын терең әрі нанымды жеткізеді. «Өмір қозғалысы, өмірдің даму спиралы, тарихи өзгеріс «Ақ Жайық» трилогиясында кең көрінген. Көркем келісім келбеті, характер құбылысы – халқымыз тарихының асқар бір белесін әр қырынан көз алдымызға алып келеді» (Нұрғали, 2004: 56).

Типтік бейне жасауда әдеби характер (мінездің) орны ерекше. Хамза Есенжановтың кейіпкерлері мінезге бай, тұлғалық қасиеті жоғары, өз заманының озық ойлы азаматтары. «Характер – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез-бітімі, ой-сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат-ерекшеліктері. Әдеби характер

адамның өмірдегі мінез, қимыл, әрекет өзгешеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады. Сондықтан оны жекелеген қасиет-сипаттардың қосындысы деп санамай, солардың бірлік-тұтастығы, синтезі деп қараған жөн. Характер белгілі қоғамдық жағдайда қалыптасып, сол ортаға, өз уақытына сәйкес келеді. Адамның мінез-құлқы, оның әр қилы кездерде, әсіресе, адамшылық қасиеттер сынға түсетін екіұдайда өзін қалай ұстап, қандай әрекет ететіні ой-өрісіне, сана сезіміне байланысты» (Байтанасова, Айтуғанова, 2020: 212). Кейіпкер мінезі, кейіпкер тағдыры арқылы тұтас дәуірдің бейнесін сомдауы шығарманың өміршеңдігін көрсетеді.

XXI ғасыр әдебиеттану терминдер сөздігінде «Бедел дағдарысы» деген термин берілген. Онда бедел дағдарысы – дәстүрлі билік, моральдық және мәдени нормаларға деген сенімнің жойылуына байланысты құбылыс ретінде әдебиетте көрініс беретін маңызды категория. Әдебиетте бұл тақырып көбіне кейіпкерлердің ішкі дағдарыстары, қоғам құрылымындағы өзгерістер немесе бұрынғы идеялардың күйреуі арқылы бейнеленеді. Әдебиеттегі бедел дағдарысы түрлі шығармаларда тарихи, саяси және мәнмәтінде әрқалай көрініс табады (Қалиева, Сәулембек, 2024: 48). «Ақ Жайық» шығармасы да осы терминнің жалпы сипаттамасын ашады деп ойлаймыз. XX ғасыр басында жаңа заманнан жақсылық күткен халық, жаңа билікке сенді, үміт артты. Автор да заман, саясат, билік талап етіп отырған мүдде тұрғысынан шыға білді деп ойлаймыз. Мүлдем басқа қоғамда өмір сүріп жатқан біздер үшін бұл шығарманы зерделеу өткенге құрмет, тарих қойнауында қалған ізгі қасиеттерді насихаттау деп ойлаймыз.

Хамза Есенжановтың бір ерекшелегі – кейіпкер бейнесін көбінесе оның сөйлеген сөзі арқылы аша түсуге ден қоятыны. Мәселен Меңдігерейдің биік тұлғасы оның қарсыласы Халелмен беттесіп сөз сайысына түскенде анық көрінеді. Тұтқындағы Меңдігерейді тұқыртып, қара жерге кіргізіп жібермек болған Халелдің қаһарлы сөзінің түр-сипаты: (Қазақ романы: өткені мен бүгіні, 2009: 211) «Қазақтың қамын жейтін осы сен кімсің? Соны айтшы алдымен. Қамқоршы болғандай сен не істедің? Әлде сен жеті қат жер астынан жан білмейтін бір даналық таптың ба? Әлде сен Әлихан мен Ахметтен ақылды болып шықтың ба? Әлде мына қараңғы қазақтың аузына қарлығаштай су тамыза бастаған Жаншадан данасың ба? Қазақты жіктеу, алауыздыққа айналдыру – ел етпеу. Қазақ бауырмал халық, рақымшыл халық. Атаны бала, ағаны іні жағадан алатын зұлымшылдық қазақтың қанында жоқ. Қазақ қарындасқа жақсылық етумен қазақ атанды. Қай заманда аштан өліп, көштен қалған қазақты көріп едің? Қай заманда әділетке жүгінбей жақынды жақтап, жаманды даттаған қазақты көріп едің? Жақынды жұтып, ағайынның жүнін түтіп жеу ашынған қара шекпен мен жанынан безген заводшыдан шығады. Ол сені ертең алдымен жұтып қояды. Өз тілін, өз абыройын сақтамаған, өз жақсысын таптап келе жатқан, өз байлығын обып келе жатқан көп тобыр қолыңды қол, бұтыңды бұт етіп жоқ етеді...» (Есенжанов, 2012в: 162).

Қоғамдық сана, ұлттық мүдде, мемлекеттің саясаты т.б. алуан түрлі фактор адам өміріне әсер етпей қоймайды. Тұлғаның адамгершілік болмыс-бітіміне, таным-түсінігіне әсер ететіні ақиқат. Жаңа заманнан үміт күткен тұлғалар кеңестік биліктің

құрылымы аясында қызмет ете отырып, өздерінің саяси қызметтерінде әділеттілік қағидаты мен ұлттық мүддеге адалдықты басшылыққа алды. Алайда, кеңестік жүйенің өзінің бағыт-бағдарынан, мақсат-мұратынан ауытқуы мүмкін екенін білмегенді. Яғни, заман бейнесі тез өзгеретінін адам баласы болжап біле алмайтынын байқадық. Осындай аумалы-төкпелі уақытта шешім шығарып, қорытынды жасау әрине, қиын. Автордың кейіпкер тұлғасын танытудағы шеберлігі оқырманды ойландырмай, зерттеушіні толғандырмай қоймайтыны тағы рас. Осы тұрғыдан келгенде біздің пікіріміз әдебиеттанушы ғалымдардың көзқарасымен үндес екенін байқауға болады, «Шығарманың көздеген нысанасы, негізгі идеялық арқауы – Қазақстанда кеңес өкіметін орнату үшін күрескен адамдардың қажырлы, сенімді күресін суреттеп беру» (Қазақ романы: өткені мен бүгіні, 2009: 210).

Заңгер Бақытжан Қаратаев соттағы қорытынды сөзінде өз ұлтының тарихы мен келешегіне қатысты пікір білдіреді. Автор кейіпкердің сөзі арқылы ата-бабамыз ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіз ел болу идеясын алға тартады. «- Бітті, генерал мырза. Сіз бен біз кетерміз. Біздің орнымызға басқа адамдар келер, жаңа адамдар келер. Өйткені ол жаңа адамдар көп, олардың тілегі мен арманы бөгетсіз, ол өмірдің өзі сияқты тасқын судай кемерден шығып келе жатқан тіршілік тілегі. Бойға сіңген ескі әділетсіздікті, анадан туғанда бірдей туған, тең туған адамды сен жоғары, сен төмен деп бөлуді бұл өмір тасқыны жуып кетер. Адамды адам деп қана қарайтын әділ қазы келер. Мүмкін біз мұны көрерміз, мүмкін көрмеспіз. Бірақ тап осы сөзімізді жә бүгін, жә ертең оқитын талапты ұрпақ келер. Солар бәрін де салмақтар, бәрін де ұғар. Өйткені көп азап шеккен, көп қасірет тартқан адамның арманы орындалмай қалмайтынына менің көзім әлдеқашан жеткен. Мен болдым, генерал мырза.» (Есенжанов, 2012в: 34) – деп тәуелсіздік ұлы ұғым екендігіне көз жеткізеді. Ұрпақ сабақтастығы, дәстүр-жалғастығы үзілмеу үшін елдің тәуелсіз болу керек екендігін жете түсінген қайраткер тұлғалардың болмысы әрқашан ұрпақ үшін үлгі. Тәуелсіздікке жету қаншалықты ауыр болса, оны ұстап қалып, баянды ету жолы да оңай емес екенін бүгінгі ұрпақ жете түсінгеніміз дұрыс. Азат ел болуды армандаған тарихи тұлғалардың бейнесін Х.Есенжановтың туындыларындағы кейіпкерлер болмысынан тани аламыз. Мінеки, романның негізгі идеясы азаттық екендігіне ешбір күмән келтіруге болмайды. Жазушының «Ақ Жайық» атты роман-трилогиясының «Тар кезең» атты үшінші кітабында осындай азаттық пен бостандықты арман еткен Алаш ардақтыларының көркем бейне галереясы шебер суреттеледі.

Жазушының кейіпкер тұлғасын жасаудағы шеберлігі, тұлға бойындағы қайшылықтар жайлы сыншы Төлеген Тоқбергеновтің «Тоғыз тарау» әдеби сын еңбегінде «Хамза Есенжанов шығармашылығына тән бір қасиет – оның кең тыныстылығында. Байсалды, пайымдаулар, парасатты ойлар, тапқыр, ұтқыр сөздер, айдарлы, әсем теңеулер бүкіл шығарманың өң бойынан табылып жатады. Әсіресе, характер қақтығыстары кезінде шешен сөйлеген сөз тізбектері, айшықты ой тізбектері туындап, өрби береді. Бір оқиғаның соңында, жетегінде кетіп қалмай, өзі суреттеп отырған өлкенің түгел шолып, тұтас қамтуға тырысады. Бір отбасының ошағында қалып қоймай, бүкіл елдің отын жағып, Отанын қамтиды. Оның өзгеше сүйікті кейіпкері бар. Бірақ ол біледі, сондықтан да сол сүйген ұлын төңіректеп,

маңайлап шыға алмай, соны ған жазып, соны айта беретін жазушы ол емес. Оның сүйкімсіз кейіпкері де бар. Бірақ сүймегенін сыртқа тебетін ол жоқ. Жақсы – жаман кейіпкерлердің әділ сыншы қалпын сақтайды» (Тоқбергенов, 1974: 27) - деп тұжырым жасайды.

Романда XX ғасырдың басындағы 1917 жылғы қазан төңкерісі, қазақ даласындағы азамат соғысы, жаңа үкіметті орнатудағы қиындықтар жолындағы бітіспес күрес секілді оқиғалар оқырмандардың көз алдынан тізбектеліп, тарихи кезеңнің шындығы көркемдік тәсілдер арқылы бейнеленген. Дондағы Краснов көтерілісі, атаман Дутовтың текетіресі, Маңғыстауда генерал Толстовтың қарсылығы, шетел интервенциясы, мінеки, бұлардың бәрі де кеңестік жүйеге қарсы бой көтерген ірілі-ұсақты оқиғалар. Қоғамға қарсылық, жүйеге қарсылық роман кейіпкерлерінің өң бойынан көрініс тауып, қайшылық пен тартысқа толы тағдыр арқылы жазушы шебер баяндайды.

4. Зерттеу нәтижесі

Жазушы Хамза Есенжановтың қаламынан туған кейіпкерлер ойдан, қиялдан туған деп нақты айта алмаймыз. Өмірде болған, тарихи тұлғалардың болмысын көркем суреттеуде жазушының шеберлігі айқын көрінеді. «Кейіпкер – бұл жазушының таза қиялының жемісі (Дж. Свиттегі Гулливер мен лилипуттар, Н.В.Гогольдегі мұрнынан айырылған майор Ковалев); немесе нақты адамның сыртқы келбетін болжау нәтижесі (тарих тұлғаларға жазушыға жақын өмірбаяндық адамдар, тіпті өзі де болуы мүмкін); немесе, сайып келгенде, әйгілі әдеби кейіпкерлерді, мысалы, Дон Жуан немесе Фаустты айтайық, өңдеу мен аяқтаудың нәтижесі. Әдеби кейіпкерлермен қатар жекелеген адам, кейде өте маңызды, топтық, ұжымдық кейіпкерлер пайда болады (Аймұхамбет, Айтуғанова, Байтанасова, Қасен, Сейпутанова, 2022: 77). Яғни қаламгер қаламына арқау болған тарихи кейіпкерлер елінің болашағы үшін талмай еңбек еткен өз заманының заңғар тұлғалары. Қайшылыққа толы тұлға болмысы суреттелген шығарманы бүгінгі күн көзқарасы тұрғысынан сынап, я болмаса мақтау біздің басты міндетіміз емес. Тарихи тұлғаны көркем бейне жасаудағы автордың мақсаты заман бейнесін, заман шындығын, тарихи оқиғаның лебін болашаққа сездіру мақсаты сәтті орындалған деп ойлаймыз. Кейіпкер авторлық идеяның негізгі тасымалдаушысы ретінде көрінеді. Жазушы Хамза Есенжанов Бақытжан Қаратаев, Жаһанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Әбдірахман Әйтиевтердің бейнесі арқылы отанға деген сүйіспеншілік, ұрпақ алдындағы жауапкершілік, соңғы демі қалғанша жалғасатын перзенттік парыз секілді ұғымдарды көркемдік тәсіл арқылы шебер сипаттайды.

Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы өмірдегі аласапыран оқиғалар шындығын сақтай білген, сюжет құру, кейіпкерлерді сомдау ерекшеліктерімен қатар, тарихи оқиғаларды шынайы суреттей білген қаламгер. Елдің кешегісін мәңгілікке ұмытылмастай етіп салмақтаған трилогияның тарихи шындығын ашып көрсеткен туынды. Автор өмір шындығының өнер шындығында қалай көмкерілгенін шебер бейнелеген (Амангалиева, Сөйлемез, 2023).

Романдағы уақыт шындығы, адам тағдырын әрі азаттық идеясын тарих тоғысындағы жаңа заман бейнесі арқылы көре аламыз. Шығарманың құрылымы

негізінен кейіпкерлердің монологтарына сүйеніп, көркем уақыттың өзіндік ерекшелігін айқындайды. Өмір үшін күрес сәттері кейіпкерлердің шынайы болмысын ашып қана қоймай, олардың дүниетанымында терең өзгерістерге алып келді (Сәменқызы, Құлбарақ, Тұрысбек, Қалыбекова, 2025, 1).

Әр дәуірде ел тағдыры сынға түскен сәттерде халықтың намысын жанып, жұрттың жүгін арқалайтын ерлер туады. Ел үшін туған ерлер – халықтың рухын көтерген тірек, тарихтың ауыр кезеңдерінде бағыт-бағдар берген шамшырақ. Мұндай ерлердің бойында батылдық пен парасат, табандылық пен адалдық қатар тоғысады. Олар қиындыққа тайсалмай қарсы тұрып, әділетсіздікке үнсіз қалмайды, елдің ертеңі үшін күрес жолын таңдайды. Ерлігі тек қарумен ғана емес, сөзбен, іспен, ақылмен жасалған ерлік. Олар ұрпаққа үлгі болып, тәуелсіздік пен бірліктің қадірін ұғындырады. Осындай азаматтардың арқасында ел еңсесі түспей, ұлттық рух сақталып келеді. Осы сипаттамаға сай келетін тарихи тұлғалардың ерен еңбегі арқасында елдігіміз сақталып, ұлт ретінде ұйысып отырмыз. Мұның өзі әдебиеттің абыройлы еңбегі.

5. Қорытынды

«Ақ Жайық» романы тарихи оқиғаларды бейнелеу арқылы бүгінгі ұрпаққа өткеннің тағылымын жеткізіп, ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Демек, бұл туынды – тек әдеби мұра ғана емес, халықтың рухани тарихын танытатын құнды көркем ескерткіш.

Әдебиеттануда кейіпкер теориясына қатысты персоносфера ұғымы кеңінен зерттелген. Тарихи тұлғалар, өнер адамдары, ойшылдар, сондай-ақ, жаулап алушылар мен тирандар ұлттық персоносфераның негізгі бір бөлігін құрайды. Бұл тұлғалар біздің жадымызда әдеби туындылар арқылы орнығады. «Көптеген тарихи тұлғалар біздің санамызға көркем әдебиет пен өнердің байланыс призмасы арқылы бас кейіпкер болып қабылданады. Оған мысал ретінде Иван Грозный мен Годунов бейнелерін келтіруге болады» - дейді (Хазагеров, 2002: 145). Алайда біз сөз етіп отырған кейіпкер Бақытжан Қаратаев, Жаһанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Әбдірахман Әйтиевтердің тұлғасы шығарманың көркемдік әлеуетін танытуда маңызды көркем бейне, әрі тарихи тұлға екені анық. Тарихи тұлғалар бейнесін жасауда қаламгерлер көркемдік сана тұрғысынан жаңа сипатта суреттейді. Кейіпкердің шыққан тегі, қоршаған ортасы, көрген тәрбиесі, алған білімі, өмірлік тәжірибесі барлығы да оқырманды ойландырады, толғандырады. Хамза Есенжанов қаламынан туған кейіпкерлердің тағдыры, олардың өмір сүрген дәуір шындығын саралау мақаланың басты міндеттерінің бірі. Демек, кейіпкер бейнесі арқылы дәуір тынысын танып ғана қоймай, қатпарлы тарих жұмбағын шешуге болады. Жазушы тарихи тұлғаларды тек дерек ретінде емес, көркем образ деңгейіне көтеріп, олардың ішкі рухани әлемін, адамгершілік ұстанымдарын жан-жақты аша білген. Кейіпкерлердің мінез-құлқы, дүниетанымы мен іс-әрекеттері арқылы заман тынысы, қоғамдағы қайшылықтар мен өзгерістер айқын көрініс табады.

Қорытындылай келе тарихи тұлғаларды XXI ғасыр тұрғысынан талдау уақыт талабы, демек, әдебиеттанудың өзекті мәселесі. Ақпараттық-технология дәуірінде тарихи тұлғаларды саралауда адам факторының маңызы жойылмайды. Технология деректерді өңдеп, үлгілерді ұсынғанымен, тарихи бағалаудың түпкі мәнін, адамзаттың

моральдық-этикалық ұстанымдарын толық аша алмайды. Тарихи тұлғаның орнын айқындайтын негізгі өлшем – адам санасы мен ғылыми әлеуеті.

Әдебиеттер:

1. Аймұхамбет, Ж., Айтуғанова, С., Байтанасова, Қ., Қасен, А., & Сейпутанова, А. (2022). Көркем мәтіннің актанттық құрылымы. Keruen, *77*(4), 75–86. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-06

2. Amangalieva A.E., Soylemez O. The Image of Historical Figures in the Novel by Kh. Yessenzhanov // Ясауи университетінің хабаршысы. –2023. –No2(128).–Б.65–78. https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.06

3. Ахтанов Т. Көкейкесті. Алматы: Жазушы, 1980. – 360 б.

4. Байтанасова Қ.М., Айтуғанова С.Ш. Гуманитария. Анықтамалық. Алматы: Arda, 2020. – 244 б.

5. Есенжанов Х. (2012а) Ақ Жайық: Төңкеріс үстінде Т. I. Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2012. – 376 б.

6. Есенжанов Х. (2012б) Ақ Жайық: Шыңдалу Т.II. Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2012. – 368 б.

7. Есенжанов Х. (2012в) Ақ Жайық: Тар кезең Т. III. Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2012. – 400 б.

8. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: моногр. Қарағанды: Гласир, 2009. – 400 б.

9. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

10. Қазақ романы: өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2009. – 644 б.

11. Қалиева А., Сәулембек Г. XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі. Алматы: Service Press, 2024, 296 б.

12. Нұрғали Р. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. – Астана: «Фолиант», 2004. 456 б.

13. Samenkyzy, U., Kulbarak, S., Turysbek, R., & Kalybekova, K. (2025). The Artistic Concept of Personality in Ä.Nurpeisov's Novel The Final Duty // Forum for Linguistic Studies, 7(3), 751–765. https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8756

14. Тоқбергенов Т. Тоғыз тарау. Әдеби сын. Алматы: Жазушы – 1974. 224 б.

15. Хазагеров Г. Персоносфера русской культуры: два свойства персоносферы // Новый мир. 2002 № 1 С. 133-145].

References:

1. Aimukhambet Z., Aituganova, S., Baitanasova, K., Kasen, A., & Seiputanova, A. (2022). Actant structure of a literary text. Keruen, 77(4), 75–86. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-06 (eng)

2. Akhtanov T. (1980). Kokeykesti (Vital issues). Zhazushy. (kaz)

3. Amangalieva A. E., & Soylemez O. (2023). The image of historical figures in the novel by Kh. Yessenzhanov. Iasaui Universitetinin Habarshysy, 2(128), 65–78. https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.06 (eng)

4. Baitanasova K. M., & Aituganova, S. Sh. (2020). Humanities: Reference guide. Arda. (eng)

5. Kabdollov Z. (2002). The art of the word. Sanat. (kaz)

6. Kaliyeva A., & Saulembek G. (2024). Literary studies of the 21st century: Dictionary of terms. Service Press. (eng)

7. Kazakh novel: Past and present. (2009). Collective monograph. Almaty Publishing House. (eng)

8. Khazagerov G. (2002). The personosphere of Russian culture: Two properties of the personosphere. Novyi Mir, (1), 133–145. (rus)

9. Nurgali R. (2004). One hundred Kazakh novels. Foliant. (kaz)

10. Samenkyzy U., Kulbarak, S., Turysbek, R., & Kalybekova, K. (2025). The artistic concept of personality in Ä. Nurpeisov's novel The final duty. Forum for Linguistic Studies, 7(3), 751–765. https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8756 (eng)

11. Tokbergenov T. (1974). Nine chapters: Literary criticism. Zhazushy. (kaz)

12. Yesenzhanov Kh. (2012a). Ak Zhaiyk: During the revolution (Vol. 1). Mereke Publishing House. (kaz)

13. Yesenzhanov Kh. (2012b). Ak Zhaiyk: Hardening (Vol. 2). Mereke Publishing House. (kaz)

14. Yesenzhanov Kh. (2012c). Ak Zhaiyk: The hard times (Vol. 3). Mereke Publishing House. (kaz)

15. Zharylgapov Zh. (2009). Kazakh prose: Trends and methods. Glasir. (kaz)

ҒТАМР 17.07.41 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-11

N.D. Khudaibergenov[1*], Zh. Ametkhan[2]
[1]M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]nqudaibergen@gmail.com, [2]jianati_888@mail.ru
ORCID: [1]0000-0003-2482-0524, [2]0009-0001-3150-3562

THE TRANSFORMATION OF MODERNIST POETICS IN KAZAKH POETRY OF THE INDEPENDENCE PERIOD

Abstract. This article presents a comprehensive analysis of the renewal of Kazakh poetry during the independence period through the lens of modernist aesthetics. The study aims to identify the transformation of the poetic system and the formation of new artistic models oriented toward profound psychological and internal self-expression. Furthermore, it traces the interaction between tradition and innovation in contemporary lyrics. The authors examine the key features of modernist poetics, including enhanced rhythmic-syntactic freedom, the diversification of poetic forms, and the increasing emotive-semantic role of punctuation and graphic techniques. Particular attention is paid to the updated interpretation of symbolic, archetypal, and mythopoetic structures in the works of contemporary poets. Using the works of G.Salykbay, E.Duisen, B.Bedelkhan, U.Zarykkan, F.Toltay, and others as analytical case studies, the article demonstrates how modernist strategies are vividly manifested in their creative inquiries. The intensification of the poet's subjective voice, the emphasis on the internal stream of consciousness, existential reflections, and the subjective perception of time and space are identified as defining characteristics of modern Kazakh poetry. Additionally, the study traces a tendency toward the symbolization of mundane details, the reimagining of national imagery, and the expansion of the semantic possibilities of traditional poetic motifs. The article highlights the role of modernist aesthetic trends in strengthening the expressive potential of Kazakh literary language and developing the national poetic paradigm. The findings suggest that the poetry of the independence period represents a complex, multi-layered artistic space that aligns with global modernist processes while simultaneously revitalizing the national literary tradition.

***Acknowledgements*:** This research was funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under the project "Digital Transformation of the Ecosystem of Literary Studies, Folklore Studies, and Art Criticism in Kazakhstan: Interdisciplinary Research" (BR27101897).

***Keywords*:** Kazakh literature, modernism, poetry, poem structure, free verse.

Н.Д. Худайбергенов[1*], Ж. Аметхан[2]
[1]М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
[2]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]nqudaibergen@gmail.com, [2]jianati_888@mail.ru
ORCID: [1]0000-0003-2482-0524, [2]0009-0001-3150-3562

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МОДЕРНИСТІК ПОЭТИКАНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы модернистік айшықтар ғылыми тұрғыдан сараланады. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясындағы модернистік поэтиканың

**** Cite us correctly:***
N.D. Khudaibergenov, Zh.Ametkhan. The Transformation of Modernist Poetics in Kazakh Poetry of the Independence Period // "Keruen". - 2026. No. 1, (90 vol.). - B. 153-168. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-11

трансформациясын дәстүр мен жаңашылдық категорияларының шеңберінде зерделеу. Автор модернистік поэзияға тән белгілерді өлеңнің ырғақ жүйесі мен мазмұндық ерекшеліктерінің негізінде талдап көрсетеді. Осылайша, қазіргі модернистік поэзияға тән ең басты белгілерді қарастырады: ырғақтық-синтаксистік еркіндіктің күшеюі, өлең формалары вариативтілігінің кеңеюі, верлибр мен прозалық поэзияның қолданылуы, пунктуация мен графикалық шешімдердің эмоционалды-семантикалық рөлінің артуы т.б. Қазіргі ақындар шығармашылығындағы символдық, архетиптік және мифопоэтикалық құрылымдардың жаңаша интерпретациялануына ерекше назар аударылады. Мақалада шығармашылық ізденістерінде модернистік айшықтар айқын көрініс тапқан Г. Салықбай, Е. Дүйсен, Б. Беделхан, Ұ. Зарыққан, Ф.Төлтай және т.б. ақындардың өлеңдері талдау нысанына алынады. Автордың ішкі әлемінің терең қатпарларының көрініс табуы, уақыт пен кеңістіктің субъективті сипатта қабылдануы қазіргі қазақ поэзиясына тән сипаттар ретінде зерделенеді. Мақала қазіргі қазақ поэзиясын әрі әлемдік модернистік үрдістермен, әрі ұлттық дәстүрмен үндес күрделі көркемдік кеңістік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Алғыс: Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» (BR27101897) жобасының қаржыландыруымен жүргізілді.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, модернизм, поэзия, өлең құрылысы, ерікті өлең, верлибр.

Н.Д. Худайбергенов[1*], Ж.Аметхан[2]

[1]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

[2]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]nqudaibergen@gmail.com, [2]jianati_888@mail.ru

ORCID: [1]0000-0003-2482-0524, [2]0009-0001-3150-3562

ТРАНСФОРМАЦИЯ МОДЕРНИСТСКОЙ ПОЭТИКИ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация. В статье комплексно анализируется обновление казахской поэзии периода независимости в русле модернистской эстетики. Цель исследования — выявить трансформацию поэтической системы, формирование новых художественных моделей, ориентированных на глубокое психологическое и внутреннее самовыражение личности, а также проследить взаимодействие традиции и новаторства в современной лирике. Авторы рассматривают ключевые признаки модернистской поэтики: усиление ритмико-синтаксической свободы, расширение вариативности стихотворных форм, широкое использование верлибра и прозаической поэзии, возрастание эмоционально-семантической роли пунктуации и графических решений. Особое внимание уделяется обновлённой интерпретации символических, архетипических и мифопоэтических структур в творчестве современных поэтов. В качестве примеров анализируются произведения Г.Салыкбая, Е.Дюйсена, Б.Беделхана, У.Зарыккана, Ф.Толтая и других авторов, в творческих поисках которых ярко проявляются модернистские стратегии. Усиление субъективного голоса поэта, акцент на внутреннем потоке сознания, экзистенциальные переживания, субъективное восприятие времени и пространства рассматриваются как характерные черты современной казахской поэзии. Также прослеживается тенденция к символизации бытовой детали, переосмыслению национальной образности и расширению семантических возможностей традиционных поэтических мотивов. В статье подчёркивается роль модернистских эстетических тенденций в усилении выразительного потенциала казахского художественного слова и развитии национальной поэтической парадигмы. Представленные результаты позволяют рассматривать поэзию периода независимости как сложное и многослойное художественное пространство, созвучное мировым модернистским процессам и одновременно обновляющее национальную литературную традицию.

Благодарности: Исследование выполнено при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках проекта «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствоведения Казахстана: междисциплинарные исследования» (BR27101897).

Ключевые слова: казахская литература, модернизм, поэзия, структура стиха, свободный стих, верлибр.

1. Introduction

Research concerning the theory and history of modernism in literature has only begun to emerge within domestic literary studies over the past quarter-century. Specifically, scholars such as B. Maitanov (Maitanov, 2011), T. Yesembekov (Yesembekov, 2013), B. Kanarbayeva (Kanarbayeva, 2010), Zh. Zharylgapov (Zharylgapov, 2015), and A. Ismakova (Ismakova, 1998) have evaluated this issue from various perspectives and formulated significant scientific conclusions. However, with the exception of B. Maitanov, these scholars focused their research primarily on 20th-century Kazakh literature, analyzing modernist motifs within the works of major writers. For instance, Zh. Zharylgapov notes that the crisis of socialist realism principles during the 1970s and 1980s generated a demand for the re-evaluation of spiritual values, which in turn fostered a distinct aesthetic environment that he conventionally terms the "aesthetics of post-socialist realism" (Zharylgapov, 2009: 363). He states: "Previously, tendencies such as the depiction of social ideals, socio-political backgrounds, and behaviors deemed characteristic of the Soviet individual were dominant. Now, however, new concepts have been developed that view the individual as a spiritual phenomenon and explore their relationship with existence. Modernism, which introduced a distinct system of representation and a new artistic perception, established itself as a result of these efforts to understand the human personality in a new light" (Zharylgapov, 2009: 363).

These endeavors have intensified even further over the last thirty years. Since Kazakhstan gained its independence, unique paradigms have emerged in Kazakh literature that diverge from previous artistic trends. Kazakh literature of the 21st century, in particular, is distinguished by its pluralistic nature and multifaceted character.

In this context, the insights and conclusions of the scholar B. Maitanov, who conducted specialized research focusing on modernist features in 21st-century Kazakh literature, are of significant importance. In his well-known study titled "Modernist and Postmodernist Development Trends in 21st-Century Poetry," Maitanov identifies modernist elements in the works of such poets as A. Kairan, Z. Yelgondina, Ye. Raushanov, G. Salykbay, A. Smaiylov, T. Yeshenuly, M. Raiymbekuly, and others, providing a scholarly analysis of their content and formal nature (Maitanov, 2011). This work by B. Maitanov paves the way for a deeper understanding of the direction and trends of Kazakh literature during the period of independence. This is because the author analyzes the characteristics of modernist and postmodernist movements based on the prevailing motifs in contemporary Kazakh poetry (Maitanov, 2011).

Kazakh poetry of the independence period is a multifaceted, multi-layered phenomenon that is highly receptive to diverse creative explorations. During this era, socio-aesthetic paradigms shifted, and the content of literature underwent a renewal, leading to a corresponding transformation in form. Although contemporary literature is developing within a pluralistic framework, one fact remains clear: the predominance of modernist literature, which focuses on the inner world of the individual, over realistic literature, which historically emphasized the external environment. Verse critics confirm that "modern poetry exhibits a deeper immersion into the human soul, prioritizing subtle details over grand ones, and bestowing profound significance upon mundane aspects of daily life that

ordinary people often overlook" (Modification in Contemporary Poetry: Style, Rhythm, Form, 2024: 60). This suggests that traditional poetry, intended for a general audience and based on oral-aural reception, is being superseded by poems written for a singular reader and designed for visual-textual consumption.

Indeed, modernist poetry demands significant preparation from the reader. Modernist poets typically expose the lyrical hero's inner world, utilizing unconventional linguistic structures, symbols, and archetypes to convey their ambiguous reality, loneliness, and existential outcry; they frequently abandon strict chronological order, transforming the human psyche into the primary spatial dimension. These shifts are evident not only in the thematic and ideological nature of contemporary verse but also in its rhythmic-intonational system. Essentially, the artistic explorations in modern Kazakh literature are led by poets striving to master the possibilities of modernist poetics. For instance, poets such as Ye. Raushanov, U. Yesdaulet, S. Rakhmetuly, T. Abdikakimuly, S. Aksunkaruly, B. Koshym-Nogay, N. Maukenuly, S. Nurzhan, G. Salykbay, M. Raiymbekuly, A. Balkybek, B. Bedelkhan, T. Yeshen, D. Berikqazyuly, T. Tolkynkyzy, A. Nurgazy, A. Temirbay, Y. Dabey, A. Elgezek, Ye. Zhunis, B. Karagyzyuly, T. Tanzharyk, and others have enriched Kazakh poetry in terms of both content and form, introducing a fresh breath and unique structures through their modernist motifs. These authors have engaged in various compositional, linguistic, and stylistic experiments, thereby seeking to reveal the nature of socio-political contradictions and historical turning points, focusing on their impact on human existence.

Furthermore, features characteristic of modernist poetics are also found in the works of younger poets such as U. Zarykkan, F. Toltay, Ye. Duysen, B. Maitay, B. Sarsenhan, M. Asan, A. Kuanyshuly, Kh. Esaman, Sh. Talap, Zh. Baibulanova, R. Aspankyzy, and others. Since the works of the older generation among these poets have already been discussed and evaluated at various levels, we have focused more on the verses of the younger poets, whose work has yet to receive proper critical appraisal.

2. Materials and Methods

2.1 Research methods

In accordance with the study's goals and objectives, a comprehensive set of research methods was employed. Specifically, the work utilizes poetic analysis, conceptual analysis, and systemic-structural analysis. Poetic analysis was directed toward identifying the transformation of verse forms, the intonational structure of texts written in non-traditional rhythmic systems, and the semantic weight of punctuation marks. Conceptual analysis enabled the examination of the subjective nature of time and space categories in independence-era poetry, as well as the modern interpretation of symbolic, archetypal, and mythopoetic structures. Finally, systemic-structural analysis served as the basis for considering modernist motifs as a cohesive artistic system based on the interrelation of poetic elements.

2.2 Research materials

In this article, modernist features in contemporary Kazakh poetry are the primary object of analysis, and their specific characteristics are scientifically examined. The study identifies the thematic, formal, and stylistic nature of modernist poetry, which is developing

through the transformation of traditional verse meters and on the basis of non-traditional rhythmic measures. Specifically, the poems of such authors as G. Salykbay, B. Bedelkhan, Ye. Zhunis, B. Karagyzyuly, T. Tanzharyk, U. Zarykkan, F. Toltay, and Ye. Duysen served as the basis for the analysis of poetic texts. Based on the creative works of these poets, the trajectory of contemporary Kazakh modernist poetry is assessed.

It is well known that the poetics of modernism have been studied to some extent by domestic literary scholars. The works of researchers such as T.Yesembekov, B.Maitanov, A.Ismakova, B.Kanarbayeva, Zh. Zharylgapov, A. Ishanova, and G. Saulembek provide the necessary scientific and theoretical foundation for conducting research in this direction. Although the works of these scholars may not be directly focused on the scientific differentiation of modernist features in contemporary Kazakh poetry, they constitute the theoretical and methodological base of our research article, providing a framework for recognizing and analyzing the nature of modernist motifs in today's poetry.

3. Discussion

Modernist features in contemporary Kazakh poetry are developing along two distinct trajectories. The first involves the transformation of traditional poetic meters and patterns, while the second is associated with the development of non-traditional rhythmic structures. Both trajectories minimize the role of the external dimensions of the poem, relying more heavily on internal patterns such as rhythm, intonation, emphasis, pauses, repetition, melody, and wordplay.

We observe that, structurally, Kazakh modernist poetry has not entirely abandoned traditional meters but has instead evolved by diversifying them. When discussing the first trajectory, we focus on the creative work of poets who have generated a fresh style and innovative technique by exhaustively utilizing and extensively transforming traditional metrical patterns. Poets in this direction have created novel measures ranging from single-syllable structures to 26-syllable verse meters; by subdividing 7-8 syllable, 11-syllable, and other traditional meters into multiple lines, they have placed logical and emotional emphasis on each word, thereby creating a new intonational voice, melodic tone, and rhythmic system. By interconnecting various poetic meters, they have introduced a unique aesthetic pattern to the verse. Thus, the distinctive patterns initiated by poets such as Saken and Magzhan, and further refined by Kasym, Syrbay, and Zhumeken, have become the artistic mold of Kazakh modernist poetry.

Of course, it would be reductive to seek modernist hallmarks solely within the poem's structure. However, one must keep in mind that experiments in poetic form are an inseparable part of modernist poetry and, most importantly, they play an exceptionally vital role in revealing the inner world of the lyrical hero. For instance, let us examine the following stanza:

Kesh.
Duniye – bos...
Zhyp-zhyly zhuregimdi muzga tastadyn
Zhane qashpadyn.
Osh.
Qosh! (Salykbay, 2012: 58).

(Translation: Evening. The world is empty... You threw my warm heart onto the ice and did not flee. Extinguish. Farewell!)

The rhyme scheme and rhythmic-intonational system of this stanza by G.Salykbay do not conform to traditional poetic meters: the *a-b-b-a* pattern is not characteristic of authentic Kazakh rhyme types. Furthermore, the phenomenon of presenting a single line as an independent rhythmic structure is rarely encountered in our traditional poetry. The author does not limit herself to the technique of constructing a line with a single word; she also effectively utilizes punctuation marks to enhance the emotional and expressive weight of the lines. The pause following each line differs fundamentally from the pauses found in traditional meters, representing a significantly longer duration.

This is achieved, firstly, through the poet's technique of fragmenting the lines, and secondly, by extending the silence through the use of dashes, periods, ellipses, and exclamation marks. These punctuation tools precisely convey the emotional state of the lyrical hero, her outlook on life, her hopes and regrets-essentially, the helpless condition of the individual. This, in itself, serves as an indicator that contemporary poetry, unlike traditional literature, focuses not on collective issues, but on the concerns of the individual.

With the advancement of modernist poetry, the role of punctuation in Kazakh verse has significantly intensified. Poets have introduced the phenomenon of "silence" into the art of poetry. By presenting the flow of thoughts in a fragmented manner, they have expanded the logical, emotional, and expressive field of the poem. With the advent of modernist poetry, the functional burden of punctuation marks-such as commas, periods, ellipses, semicolons, en-dashes, parentheses, hyphens, and em-dashes-has become far weightier than before.

While in traditional poetry these marks primarily served to organize the logical structure of poetic lines, in modernist poetry, the artistic function of punctuation is no less significant than that of ornate or figurative language. In fact, the role of punctuation often proves to be much more potent than that of morphological and syntactic structures. This is because a single punctuation mark can perform the function of conveying a person's emotional state, aspirations, longings, wanderings, anxieties, and grief-the countless intricacies of the human soul-that several sentences might fail to express. This signifies that contemporary poetry relies not on objective reality, but on subjective reality, aiming to reveal the subtle nuances of the human spirit. The technique of enhancing the impact of thoughts and feelings through punctuation has been frequently employed in independence-era Kazakh poetry by such poets as Ye.Raushanov, T.Abdikakimuly, S.Aksunkaruly, G.Salykbay, and others.

In such a state, a positive outlook is unlikely. It is true that in the poetry of the independence era, melancholy has come to the fore, leading to occasional questions as to why poets have become so immersed in sadness during times of peace. When the seemingly eternal Soviet system vanished,ideals collapsed, and nothing remained stable-leaving chaos as the only dominant force-it became a natural phenomenon for the motif of "twilight" (*beiuak*) to emerge. The multiplication of characters who have lost their "North Star", who lack self-confidence, and who feel alienated from both themselves and society is an inevitable consequence. Such poetic models are also frequently found in the work of B. Bedelkhanuly. For instance, in his poem titled "Tusimde" (*In My Dream*), the poet skillfully employs modernist hallmarks:

Tusimde,
Kulli kursinisterdin ishinde,
Qusnikhat zhazyp qulazyp otyr ekenmin.
Qusaga kupti pishinde.

Tusimde,
Meyli, sen tusin, tusinbe,
Tas-qudaylarga tabynyp myna pendeler
Aynalyp zhatyr musinge.

Tusimde,
Tas-qalalardyn ishinde,
Bir uyys topyraq taba almay zhurmin sandalyp,
Aua da su da u da zhoq urttap ishuge.

Tusimde,
Sanamnyn amiri zhurmeytin alem ishinde,
Zar-munymdy aytyp, zau kokke samgap ketippin
Tanirim, zherge tusirme! (Bedelkhan, 2012: 150).

(Translation: In my dream, Amidst all the sighs, I was sitting desolately, writing a fine manuscript, In a form swollen with grief. In my dream, Whether you understand or not, These mortals, worshiping stone-gods, Are turning into statues. In my dream, Inside the stone-cities, I am wandering, unable to find even a handful of earth; There is no air, no water, not even poison to sip. In my dream, In a world where the command of my consciousness does not rule, I have soared into the high heavens, voicing my sorrow; My Lord, do not let me fall back to earth!)

The poem, written in a 13-syllable meter with a 3-10-13-8 rhythmic system, contains numerous features characteristic of modernist poetics. For instance, the phrase “in my dream” (*tusimde*) is repeated at the beginning of each stanza. In this context, the phrase does not merely perform a nominative function; it serves as the ideological pillar of the poem, carrying profound semantic, emotional, and expressive weight. Through the technique of anaphora, the poet strengthens the role of the artistic space and creates multi-layered semantic emphasis, investing this word with a rhythm-generating quality. By starting the first line of each stanza with “in my dream,” the poet deliberately directs the reader’s attention to phenomena residing within the subconscious realm. The lyrical hero, who exists “amidst all the sighs in a form swollen with grief,” wanders through a stone city unable to find air or water – the fundamental requirements for survival. This image is a quintessential hallmark of modernist literature.

Typically, in modernist poetry, thoughts and ideas are concealed beneath linguistic structures laden with symbolic meaning. In such contexts, language serves as the key to the treasures of the subconscious realm. Several symbolic words and phrases appear in the aforementioned poem: stone-gods, stone-city, statue, a handful of earth, the sky, and others. For instance, ”stone-gods” is a symbol reflecting the spiritual crisis permeating society.

Society has forgotten its true God and followed false idols. Just as Friedrich Nietzsche's famous proclamation "God is dead!" in the West signified the erosion of moral foundations and the total collapse of traditional value systems, Bedelkhan's "stone-gods" is a corollary concept, illustrating the wavering moral foundations of Kazakh society. The poem suggests that people have idolized things alien to national spirituality, thereby losing their own human essence.

The symbol of the "stone-city" reveals the poet's internal outcry and dissatisfaction with the current lifestyle of a nation beginning to drift away from its native culture. Humanity has distanced itself from nature and embarked on a technocratic path. Stone is traditionally a symbol of cruelty, hardness, ruthlessness, and coldness. The city where the poet resides is a habitat of heartlessness, a space of doubt and suspicion. This symbol manifests motifs of alienation, despair, and the search for the meaning of life. Furthermore, the symbols of stone-gods and stone-cities can be perceived as reflections of an era where science and technology have advanced rapidly, yet the individual has become a stranger to the very society they created, living in a state of unhappiness.

"A handful of earth" is a symbol carrying immense philosophical weight. In literature, it usually serves as a detail representing the value of one's homeland. The tradition of wearing a handful of earth from one's native land as an amulet is common to Turkic peoples. It is an undeniable truth that man is created from dust and shall eventually return to it. Thus, a handful of earth is a sacred code connecting a person's past and future, revealing their profound mysteries. An individual severed from the earth is severed from their roots, rendering their future bleak. The poem portrays a wretched soul who, despite being in his homeland, cannot find even a handful of earth and lives in misery. Despite this, the poet pleads with the Almighty not to let him fall back to Earth. For him, the Earth is an embrace of unhappiness—an environment of stone-gods and stone-statues. Even in this state of ambivalence, the poet does not hesitate to establish a dialogue with the Divine.

Men keshe,
Noserdin astynda qaludyn en uzdik ulgisin korsettim koktemge!
Men keshe,
Zhymiya qaradym otkenge, ketkenge.
Men keshe,
Noserdin astynda qaludyn en uzdik ulgisin korsettim zharyma!
Men keshe,
Suyem dep ayttym goy tagy da.
Noserdin astynda qaludyn en uzdik ulgisin korsettim barine,
Men keshe,
Bir zhasar ulymdy zhumsadym darige (Zhunis, 2022: 353).

(Translation: Yesterday, I showed the spring the best example of staying under a downpour! Yesterday, I looked smilingly at the past, at what had gone. Yesterday, I showed my beloved the best example of staying under a downpour! Yesterday, I said "I love you" once again. I showed everyone the best example of staying under a downpour, Yesterday, I sent my one-year-old son for medicine.)

This is E. Zhunis's poem titled "Men keshe" ("Yesterday"). By fragmenting a single semantic unit into two rhythmic structures and three lines, this verse serves as

an outstanding example of diversifying the classical-traditional poetic system to create modernist hallmarks. This poem can be regarded as a unique contemporary evolution of the free verse (vers libre) often employed by such poets as Zh. Nazhimedenov, T. Aibergenov, F. Ongarsynova, and M. Shakhanov. The rhyme scheme, following a 3-21-3-12-3-21-3-9-21-3-12 pattern, also diverges from traditional Kazakh rhyming systems.

In this poem, the repetition of phrases is not limited to carrying an ideological and thematic burden; it simultaneously functions as a rhythm-generating poetic element. The repetitions of "Men keshe" and "I showed the best example of staying under a downpour" internally prepare the reader for the poem's final conclusion. There is no lofty tone or heroic pathos in the poem. Instead, the poet transforms mundane household details into moments of great joy and notable achievement: looking back at the past with a smile, expressing feelings to his beloved, and describing the milestone of his young son being old enough to be sent on an errand with emotional depth. From this, one can observe how modernist poetry has replaced the ornate figurative phrases and "beautiful imagery" of traditional poetry with domestic, everyday details.

The technique of enhancing emotional coloring by fragmenting poetic meters into two or more lines, and creating a rhythmic-intonational style by interconnecting long and short measures, has become a firmly established tradition in contemporary Kazakh poetry. Such poems, characterized by their broad resonance and complex rhythms, have also imposed a significant responsibility on the reader. This is because each structural unit of the poem carries logical, emotional, and expressive significance, concealing historical-cultural codes within. These verses, aimed at deep perception and diverse interpretation, demonstrate the potential of modernist poetics.

Furthermore, there is a growing number of poets within the modernist movement who are moving away from the traditional poetic paradigm that relies on rhyme and rhythmic systems, consciously rejecting rhyme and metrical patterns in favor of the supremacy of thought and feeling. Today, free verse – which abandons traditional meters and remains unrhymed, unmeasured, and as close as possible to the manner of colloquial speech – has already evolved into a distinct branch of Kazakh poetry. Verses written in non-traditional rhythmic systems, such as blank verse (aq olen), free verse (verlibir), and prose poetry, stand at the forefront of experimental poetry.

It is important to note that in the poetry of the akyns, feminine beauty is perceived as a symbol of supreme harmony, where physical and spiritual elements merge. In their works, women are often depicted as embodiments of the ideal, of beauty and love, which is also connected to the Kazakh cultural tradition, in which the image of the mother-earth as a source of life and inspiration holds a central place.

Thus, the use of natural imagery to describe feminine beauty in the poetry of singer-akyns enriches the language and adds layers of meaning to the images. The metaphors and epithets associated with nature not only visually embellish the poems but also reveal the depth and complexity of the perception of beauty, harmony, and love.

Literary critic and folklorist Y.Tursunov regards the works of the "sal" and "seri" as a "lyrical bohemia", where love, youth, and the joy of life are celebrated (Tursunov, 1976: 32).

Additionally, nature plays a vital role in the poetry of the singer-akyns. For them, nature is not only the surrounding world but also a means of expressing human emotions and feelings. By describing natural phenomena, the akyns simultaneously convey the inner state of a person. In poems dedicated to young women, the akyns often use comparisons with natural elements to highlight the beauty of their heroines. For example, in the works of Birzhan, one can find lines like: "Your beauty is like that of a white fox" and "Your slender waist, like that of an ant". Ukili Ybyrai uses metaphors such as: "You are like a swan on a calm lake" and "You are like a gray duck in the river". Similar imagery is found in the works of other "sal" and "seri" poets.

These comparisons and metaphors related to nature enrich the poetic language of the akyns, creating vivid and colorful images. For instance, Akan Seri describes a girl with the lines: "Like a falcon, satisfied with its prey", while Segiz Seri employs comparisons like: "You are like a playful gazelle in the mountains" and "You are like a white saiga running through the steppe" (Segiz Seri, 2013). Such imagery conveys not only external beauty but also emphasizes the grace and lightness of the heroines.

Beyond comparisons with animals, the akyns often turn to elements of nature, such as rivers, mountains, and stars, to convey the emotional states of their heroines. In the poetry of the "sal" and "seri", images like a clear sky or the swift flow of a river often symbolize the purity and constancy of feelings. Nature becomes an integral part of the narrative, enhancing the lyrical mood and adding philosophical depth to their works.

In the work of G.Orda, issues related to the depiction of women in Kazakh literature are also examined. The study analyzes works of both folklore and written literature, including poetry, prose, and drama. Special attention is given to the changes in the portrayal of female images in Kazakh literature of the 20th and 21st centuries, linked to the transformation of sociocultural and political realities (Orda, 2021: 653). In this context, the image of the Kazakh girl in the poetry of the "sal-seri" also stands as a singer of feminine beauty, revealing new facets of the traditional image of women in Kazakh literature. The poetry of the "sal-seri", through its distinctive artistic techniques and metaphors, enriches the depiction of Kazakh girls, imbuing this image with depth and emotional intensity.

According to S.Negimov, "the language of poetry is a magician. Poetic association and the art of complex combinations of many techniques are instantly revealed before you. All poetry encompasses and contains all phenomena, states, movements, forms, and colors of the boundless expanses, the world of nature, and human society" (Negimov, 2015: 163). This statement emphasizes not only the significance of poetry in general but also the mastery of poets who create intricate and multi-layered images.

Textual studies also play a crucial role in the exploration of the poetry of the "sal" and "seri". Noted writer and composer I.Zhakhanov meticulously analyzes the history and textual study of Kazakh songs from the 1920s and 1930s. He points out that during this period, songs became "instruments of Soviet propaganda, losing their original meaning and significance." His research mentions such songs as "Birlan," "On Sausak", and "Kozikosh" by Birzhan Sal, "Balkadisha" by Akan Seri, "Shalkyma", and "Tolkyn" by Ukili Ybyrai, among many others. Zhakhanov highlights that the texts of many songs were distorted or attributed to other authors. For example, it was discovered that the song "Syrgakty" originally belonged to Asyet, although for a long time, it was believed to be by Ybyrai.

The textual challenges and questions of authorship concerning the works of the singer-akyns are thoroughly examined in the works of Z.Kospakov, who also analyzes songs such as “Zhyirma Bes”, “Kyzyl Asyk” and “Shynar-ai” (Kospakov, 2017: 15).

Thus, the poetry of the singer-akyns represents a unique synthesis of the oral and written traditions of Kazakh literature. Their works, reflecting the cultural and historical features of the people, hold a prominent place in the artistic realm of Kazakh literature. The metaphors, comparisons, and epithets used to describe nature and human beauty have enriched the literary language of Kazakh poetry, contributing to its further development. By integrating modern theoretical frameworks (Oldfield, 2021; Thompson, 2020: 43), we can see that the sal-seri were not merely folk performers but sophisticated architects of a new, individualistic poetic language that continues to define Kazakh literary identity.

It is noteworthy that, based on the content, thematic focus, and genre features of their works, the poets can be considered representatives of both oral and written literature. However, as an analysis of their poems shows, neither of these directions is fully inherent in their works. Researcher B.Omarov, in his study of the poet Aset, emphasizes that some of his works show a mixture of eleven-syllable lines and lines with seven or eight syllables, indicating a closer connection to the oral tradition of poetry performance (Omarov, 2022: 36). This conclusion can similarly be applied to the works of other representatives of the «sal-seri» genre.

The study of the poetry of the singer-akyns also includes textual and historical-cultural aspects, which underscore the syncretic nature of their creativity. Folkloric elements in the works of the singer-akyns intertwine with their personal innovative techniques, making their poetry unique within the context of Kazakh literature.

The works of the “sal” and “seri” poets often focus on themes of beauty, love, and the harmony between humans and nature. Alongside these, their poems also exhibit profound philosophical undertones. Many akyns reflect on values, traditions, the social structure of the Kazakh people, and the quest for inner freedom. This lends their poetry a philosophical depth, expressing the thoughts and feelings of both individuals and the nation as a whole.

Akyns such as Akan seri, Birzhan sal, and Ukili Ybyrai did not simply sing about love and beauty; they also pondered human destiny, social inequality, and the challenges posed by their times. Their lyrics often had a personal tone, yet they also reflected the social sentiments and changes in the life of the Kazakh people.

Contemporary studies of the creativity of the singer-akyns highlight the importance of their contribution to the formation of national identity. The poetry of these akyns not only preserves the rich cultural traditions of the past but also continues to play a key role in the understanding of the historical path of the Kazakh people.

The works of the “sal” and “seri” poets remain subjects of study and reinterpretation in literary scholarship. Their poetry offers a deeper understanding of not only the artistic achievements of Kazakh literature but also the spiritual and cultural values of a people who, despite all trials, have preserved their distinctiveness and strength of spirit.

4. Results

In the course of the study of the artistic and poetic features of Kazakh poet-singers, several key aspects have been identified that significantly influenced the development

of 19th-century Kazakh literature. The synthesis of traditional nomadic aesthetics with individual authorial innovation resulted in the following findings:

First, the research established that the use of natural motifs and imagery in sal-seri poetry functions as a sophisticated system of nature-human isomorphism. Nature in the poetry of the akyns is not merely a background but an active participant in the narrative, influencing the characters' emotions and behaviors. Our analysis confirms that natural elements serve as conceptual metaphors for expressing the inner emotional states of the characters. This aligns with the "ecology of sound and word" (Harris & Pease, 2021: 52), where the landscape is utilized as a metaphysical tool to convey spiritual beauty and inner purity. The poets often use natural phenomena as metaphors to express the inner states of individuals. This allows them to create vivid and colorful images that convey not only the external beauty of the world but also the emotional depth of their works. Natural elements serve as an important tool in conveying spiritual beauty and the inner world of the characters.

Second, the investigation revealed that the depiction of female beauty in the poetry of the akyns represents a shift from collective folklore ideals to individual aesthetic perceptions. This motif, which is traditional for Kazakh literature, acquires special meaning in the works of the poet-singers. Female beauty is often depicted through natural metaphors, highlighting the harmony between women and the surrounding world. The image of a woman in the poetry of the akyns is not limited to physical beauty but also encompasses a spiritual dimension, which is a central part of the popular ideal. The woman symbolizes not only outward attractiveness but also inner purity, virtue, and harmony. As demonstrated through comparative analysis, the image of a woman symbolizes a fusion of physical attractiveness and inner virtue, functioning as a central pillar of the 19th-century Kazakh «bardic persona (Oldfield, 2021: 29).

Thus, natural imagery in the poetry of the akyns becomes a tool not only for describing the physical appearance of the heroines but also for expressing their inner world, feelings, and emotions. Metaphors and similes associated with nature play a crucial role in creating multifaceted images, allowing the akyns to explore themes of love, beauty, idealism, and harmony more deeply.

Another notable characteristic of the work of Kazakh poet-singers is the close connection between their poetry and the folklore traditions of the people. The akyns actively borrowed various genres and images from folklore, which gave their works a special expressiveness and depth. Folk poetry, epics, songs, and legends served as important sources of inspiration for the akyns, and they used these elements as the foundation for creating their own works. Characters from folk tales, epic plots, folk expressions, and proverbs were employed in the poetry of the akyns, making their art a vivid reflection of the wisdom and experience of the people.

The akyns' works represent a unique interpretation of folklore motifs, which, being reinterpreted, were enriched by the poets' personal experiences and reflections. It was precisely this folklore foundation that allowed the akyns to combine traditional forms with innovative elements, creating works that both preserved the national identity and introduced new aesthetic and philosophical ideas. These connections with folklore lend

depth and nuance to the poetry of the akyns and provide insights into Kazakh worldviews and values that were passed on to subsequent generations through their art.

Additionally, the use of various poetic forms and genres in the works of the akyns is an essential component of their artistic style. The akyns mastered a wide range of poetic forms, which enabled them to effectively convey various emotions, reflections, and philosophical ideas. Their poetry features both lyrical verses and more complex narrative works, which often address life's realities and philosophical questions. These forms allow the akyns to express not only personal experiences but also reflect the social, historical, and cultural contexts of their time.

Particular attention should be given to the musicality of the akyns' poetry. Musicality is a vital characteristic of their work, as their poems were often performed with musical accompaniment. This creates a special harmony between text and music, giving the akyns' works additional expressiveness. The rhythmic structure of the poems, the use of sound repetitions, alliteration, and assonance make their works vivid and emotionally rich.

All these aspects – the use of natural imagery, the depiction of female beauty, the active borrowing of folklore motifs, the variety of poetic forms and genres, and the musicality of the verses characterize the art of Kazakh poet-singers as a highly developed form of artistic expression. The results affirm that the sal-seri tradition played a decisive role in the evolution of Kazakh literary identity during the 19th century, serving as a precursor to global modernist movements in Central Asian verse (Thompson, 2020: 124).

5. Conclusion

The aim of this study was to examine the artistic and poetic features of 19th-century Kazakh poet-singers (akyns), with a focus on their distinctive poetic style, which combines traditional elements with innovative literary techniques. The research aimed to analyze the poetic devices, thematic aspects, and linguistic features, with particular attention to the use of nature, metaphors, and folklore. By applying the comparative-typological method and performance theory, the study successfully demonstrated how these artists transitioned from collective improvisation to professional authorship. The study employed methods of literary analysis and comparative approaches, which allowed for a deeper understanding of the key elements of their poetry.

The results of the study revealed several significant findings. First, it became evident that Kazakh poet-singers were closely connected with nature, which served not only as a backdrop but also as a means of conveying human emotions, particularly in depictions of beauty, love, and inner spiritual states. Frequently used natural metaphors – such as comparisons with animals, plants, and landscapes – created rich, multilayered images that reflected both external beauty and internal emotional conditions. This nature-human isomorphism, supported by recent theories of media ecology (Harris & Pease, 2021: 59), allowed the poets to express individual spiritual states. Moreover, the akyns actively utilized elements of Kazakh folklore, infusing their works with the collective wisdom and cultural identity of the people. Through folklore, they preserved and transmitted traditional themes while adapting them to express personal and social values.

Additionally, the study showed that the poetic form of the akyns was characterized by flexibility and variety. Their skill in using various poetic genres and their ability to adapt

traditional forms to new contexts enabled them to explore complex themes, such as social issues, existential reflections, and personal experiences. This versatility of form and content significantly contributed to the development of Kazakh literature, positioning the poet-singers as central figures in its evolution during the 19th century. This versatility confirms our hypothesis that the sal-seri tradition represents a form of "vocal literacy" (Zumthor, 1990: 37) that prefigured the modern Kazakh written tradition. Ultimately, the integration of specific textual examples from Akan Seri, Birzhan Sal, and Ukili Ybyrai proves that the "sal-seri" tradition was the primary vehicle for the professionalization of Kazakh verse. By moving from the 7-8 syllable epic tradition to the 11-syllable lyrical structure, these poet-singers created a new aesthetic system that combined musical syncretism with individual authorial mastery.

The conclusions of the research affirm the importance of Kazakh poet-singers as key figures in the formation of Kazakh literary identity. Their works, filled with metaphors, folklore, and innovative poetry, not only reflect the cultural and spiritual essence of their time but also made a significant contribution to the development of Kazakh literature. By combining traditional forms with personal expression, the akyns created a unique literary voice that continues to resonate in modern times. Their use of natural imagery and folklore remains a cornerstone of Kazakh poetry and continues to influence contemporary literary processes.

The prospects for further research in this field are vast. Future studies could explore the social and historical contexts in which the akyns created their works, examining how their poetry responded to the political and cultural changes of the 19th century. There is also potential to analyze the influence of Kazakh poetry on neighboring Central Asian literary traditions, as well as its impact on contemporary Kazakh literature. Additionally, studying the connection between the oral traditions of the akyns and the written literature of later periods represents a promising area for future investigation.

In conclusion, this study contributes to a deeper understanding of the artistic and poetic achievements of Kazakh poet-singers, highlighting their role in shaping the literary culture of Kazakhstan. It confirms the significance of their works as reflections of cultural heritage and as a dynamic force in the evolution of Kazakh literature.

References:

1. Amsler N. (2022). The Mediated Muse: Performance and Textualization in Central Asian Oral Traditions. Journal of Asian Studies, 81(2), 345–360 p. (in Eng)

2. Drompp M. R. (2023). The Voices of the Steppe: Orality and Literacy in Nomadic Societies. Brill. – 280 p. (in Eng)

3. Harris, R., & Pease, R. (2021). Ethnographies of Sound and Music in the South Caucasus and Central Asia. Routledge. – 242 p. (in Eng)

4. Ismailov E. (1956). Akyns. Almaty. – 340 p. (in Kaz).

5. Kerim Sch. (2017). Poetry of Sals and Seri. Almaty: Ulagat. – 108 p. (in Kaz).

6. Negimov S. (2005). Kazakh sal-seri. Almaty: Ana tili. – 128 p. (in Kaz).

7. Oldfield A. C. (2021). Women Poets and Bardic Performance in Central Asia. Edinburgh University Press. – 272 p. (in Eng)

8. Omarov B. Works of Asset Naimanbayev: oriental traditions and migraiting plots. "Keruen" scientific journal No4, 77 vol. – 27-39 p. (in Kaz).

9. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Sultanova B., Abilkhaiyrov N., Abdrakhmanova K. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668 p. doi:10.46469/mq.2021.61.3.16, Q 2, 37-й процентиль, 2021.61.3.23 ISSN 00252344 (in Eng)

10. Qozhagululy B. (2013). Shygarmalary. Almaty: Kazakhstan. – 384 p. (in Kaz)

11. Qoramsauly A. (2013). Shygarmalary. Almaty: Kazakhstan. – 384 p. (in Kaz)

12. Qospaqov Z. (2017). Voice from the Ages. Almaty: Qazaq yenciklopediyasy. – 240 p. (in Kaz).

13. Sandybaiuly Y. (2005). Gakku. Astana: Foliant. – 184 p.

14. Segiz Seri (2013). Shygarmalary. Almaty: Zhalyn. – 384 p. (in Kaz)

15. Temirbolat A. (2017) Peculiarity of National Idea's Realization in the Kazakh Literature of XVIII-XIX centuries. KazNU Bulletin. Philology series. №1 (165). – 115-118 p. (in Eng)

16. Thompson L. (2020). Great-Circle Polyphony: Global Modernism and the Economies of West Asian Verse. Oxford University Press. – 288 p. (in Eng)

17. Tursynov E. (1976). Indigenous representatives of the creators of Kazakh literature. Almaty: Gylym. – 148 p. (in Kaz).

18. Zumthor P. (1990). Oral Poetry: An Introduction. University of Minnesota Press. – 320 p. (in Eng)

Әдебиеттер:

1. Амслер Н. Делдалдық муза: Орталық Азияның ауызша дәстүрлеріндегі перформанс және мәтінге айналдыру [The Mediated Muse: Performance and Textualization in Central Asian Oral Traditions] // Journal of Asian Studies. – 2022. – Vol. 81, No 2. – 345–360 бб.

2. Дромпп М.Р. Дала дауыстары: Көшпелі қоғамдардағы ауызша және жазбаша мәдениет [The Voices of the Steppe: Orality and Literacy in Nomadic Societies]. – Brill, 2023. – 280 б.

3. Зюмтор П. Ауызша поэзия: Кіріспе [Oral Poetry: An Introduction]. – University of Minnesota Press, 1990. – 320 б.

4. Керім Ш. Сал-серілер поэзиясы. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Монография. – Алматы: Ұлағат, 2017. – 108 б.

5. Қожағұлұлы Б. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 2013. – 384 б.

6. Қорамсаұлы А. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 2013. – 384 б.

7. Қоспақов З. Ғасырлардан жеткен үн. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 240 б.

8. Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 128 б.

9. Олдфилд А.С. Орталық Азиядағы әйел ақындар және бардтық перформанс [Women Poets and Bardic Performance in Central Asia]. – Edinburgh University Press, 2021. – 272 б.

10. Омаров Б.Ж. Әсет Найманбаев шығармашылығы: шығыс дәстүрі және көшпелі сюжеттер. // «Керуен» ғылыми журналы No4, 77-том, 2022. – 27-39 бб.

11. Орда Г., Сәрсенбаева Ж., Сұлтанова Б., Әбілқайыров Н., Абдрахманова К. Қазақ әдебиетіндегі әйел образын көркемдік түрленуі. // Mankind Quarterly, 61(3)16. – 2021. – 653-668 p. doi:10.46469/mq.2021.61.3.16, Q 2, 37-й процентиль, 2021.61.3.23 ISSN 00252344

12. Сандыбайұлы Ы. Гәкку. – Астана: Фолиант, 2005. – 184 б.

13. Сегіз сері. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 2013. – 384 б.

14. Темірболат А. XVIII-XIX ғасырлардың қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея көрінісінің ерекшеліктері. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №1 (165). 2017. – 113-118 бб.

14. Томпсон Л. Үлкен шеңберлі полифония: Жаһандық модернизм және Батыс Азия поэзиясының экономикасы [Great-Circle Polyphony: Global Modernism and the Economies of West Asian Verse]. – Oxford University Press, 2020. – 288 б.

15. Тұрсынов Е. Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 148 б.

16. Харрис Р., Пиз Р. Оңтүстік Кавказ бен Орталық Азиядағы дыбыс пен музыканың этнографиясы [Ethnographies of Sound and Music in the South Caucasus and Central Asia]. – Routledge, 2021. – 242 б.

17. Ысмайылов Е. Ақындар. Монография. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 340 б. (қаз)

18. Zumthor P. (1990). Oral Poetry: An Introduction. University of Minnesota Press. – 320 p.

ҒТАМР 18.71.07 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-17

А.А. Жудебаев
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
E-mail: zhudebayev86@mail.ru
ORCID ID: 0009-0009-4099-2407

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ДОМБЫРА КОНЦЕПТІСІ: МӘДЕНИ МӘНДЕР МЕН ПОЭТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР*

Аңдатпа. Мақала ұлттық қазақ мәдениетінің дәстүрлі аспабы – домбыраға арналған, ол ұлттық ауызша және жазба тілдік әрі поэтикалық дәстүрлерде көрініс тапқан мифологиялық түсініктерді, тарихи жады мен дүниені поэтикалық тұрғыда пайымдауды біріктірген күрделі мәдени концепт ретінде қарастырылады. Мұндай ракурс аспаптың материалдық пішінінің арғы жағынан ұрпақтар бойы жинақталған мағынаның тұтас қабатын көруге мүмкіндік береді: космологиялық үлгілер мен рулық түсініктерден бастап, тіл мен әдебиетте сақталған этикалық нормалар мен эмоционалдық қодтарға дейін. Жұмыста этнолингвистикалық және мәдени-семиотикалық талдау әдістері қолданылды, ол тілдегі, фольклордағы және көркем мәтіндердегі домбырамен байланысты тұрақты символикалық константаларды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тәсілдерді қазақтың мақал-мәтелдеріндегі, эпикалық мәтіндеріндегі, сондай-ақ, XIX-XXI ғасырлар поэзиясындағы домбыра бейнесін интерпретациялық тұрғыдан талдау элементтері толықтырады. Мұндай пәнаралық тәсіл домбыраны тек музыкалық өнер нысаны ретінде ғана емес, жанрларда, сюжеттерде, метафоралар мен ритуалдарда «қызмет ететін» дүниетанымның құрылымдық элементі ретінде көруге мүмкіндік берді. Зерттеу тұрақты тіркестер мен жыраулардың ертедегі ауызша поэзиясынан бастап, Абай, Жамбыл, М.Мақатаев және XIX-XXI ғасырлардағы басқа да қазақ ақындарының домбыраға арналған поэзиялық туындыларына дейінгі кең ауқымды вербалды дереккөздерге сүйенеді. Домбыраның үндік ерекшеліктерін, поэтикалық метафораларын және тұрақты мағыналық өрістерін талдай отырып, автор домбыраға қазақ мәдениетінің символы мәртебесін бекіткен мәдени кодтарды айқындайды: ата-баба жадымен (естелігі) байланысы, эмоциялық медиатор ретіндегі рөлі, салт-дәстүр мен эпостардағы орны, этникалық дыбыстық белгі мен ішкі үйлесімділікті білдіретін «қоңыр үн» образы. Домбыра бейнесінің жазба сөз өнерінде қалай трансформацияланатынына ерекше назар аударылады. Мақалада оның қасиетті өзегін сақтай отырып, философиялық, психологиялық, экзистенциялық жаңа реңктерге ие болатыны көрсетілген. Автор зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, домбыраның жай ғана дәстүр жәдігері емес, қазақ дүниетанымының өзіндік жолын қалыптастыратын маңызды мәдени архетиптердің бірі деген тұжырым жасайды. Өзінің символикалық сыйымдылығының арқасында домбыра ұрпақтар арасындағы тұрақты медиатор ретінде қала отырып, ұлттық бірегейлік төңірегінде құрылатын мәдени өзек ретіндегі рөлін атқаруды жалғастырады.

Түйін сөздер: домбыра, мәдени концепт, домбыра символикасы, мәдени архетип, поэтикалық бейне, тұрақты тіркестер, қазақтың ауызша поэтикалық дәстүрі, қазақтың жазба поэзиясы, ұлттық бірегейлік.

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
А.А. Жудебаев. Қазақтың халықтық және авторлық сөз өнеріндегі домбыра концептісі: мәдени мәндер мен поэтикалық құрылымдар // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 246-265. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-17

A.A. Zhudebaev
Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
E-mail: zhudebayev86@mail.ru
ORCID ID: 0009-0009-4099-2407

THE CONCEPT OF THE DOMBRA IN KAZAKH FOLK AND AUTHORIAL VERBAL ART: CULTURAL MEANINGS AND POETIC STRUCTURES

Abstract. The article focuses on the traditional Kazakh instrument *dombra*, examined as a complex cultural concept that integrates mythological worldviews, historical memory, and poetic reflection as manifested in national oral and written traditions. This perspective makes it possible to discern, behind the material form of the instrument, an entire stratum of meanings accumulated over generations-from cosmological models and kinship-based representations to ethical norms and emotional codes embedded in language and literature. The study employs methods of ethnolinguistic and cultural-semiotic analysis, which make it possible to identify stable symbolic constants associated with the dombra in language, folklore, and literary texts. These are complemented by elements of interpretive analysis of the dombra's image in Kazakh proverbs and sayings, epic narratives, and poetry of the nineteenth to twenty-first centuries. Such an interdisciplinary approach makes it possible to view the dombra not merely as an object of musical art but as a structural component of the worldview-one that "operates" within genres, plots, metaphors, and rituals. The research draws on a wide range of verbal sources, from set expressions and early examples of *zhyrau* oral poetry to the works of Abai, Zhambyl, M.Makatayev, and other Kazakh poets of the nineteenth-twenty-first centuries who devoted poetic lines to the dombra. By analyzing acoustic characteristics, poetic metaphors, and recurrent meanings, the author identifies cultural codes that have secured the dombra's status as a symbol of Kazakh culture: its connection to ancestral memory, its role as an emotional mediator, its presence in rituals and epic traditions, and the notion of *konyr* un as a marker of the ethnic sound ideal and an emblem of inner harmony. Particular attention is given to the ways in which the image of the dombra is transformed in written literature. The article demonstrates that, while retaining its sacred core, the image acquires new nuances-philosophical, psychological, and existential. The study ultimately concludes that the dombra is not merely an artifact of tradition but one of the key cultural archetypes shaping the very mode of Kazakh self-perception. Owing to its symbolic depth, the dombra continues to function as a mediator between generations and remains a cultural axis around which national identity is articulated.

Keywords: dombra; cultural concept; symbolism of the dombra; cultural archetype; poetic imagery; set expressions; Kazakh oral poetic tradition; Kazakh written poetry; national identity.

А.А. Жудебаев
Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Алматы, Казахстан
E-mail: zhudebayev86@mail.ru
ORCID ID: 0009-0009-4099-2407

КОНЦЕПТ ДОМБРЫ В КАЗАХСКОМ НАРОДНОМ И АВТОРСКОМ СЛОВЕСНОМ ИСКУССТВЕ: КУЛЬТУРНЫЕ СМЫСЛЫ И ПОЭТИЧЕСКИЕ СТРУКТУРЫ

Аннотация. Статья посвящена домбре – традиционному инструменту национальной казахской культуры, которая рассматривается как сложный культурный концепт, объединяющий мифологические представления, историческую память и поэтическое осмысление мира, отражённые в устной и письменной языково-поэтической традиции. Такой ракурс позволяет увидеть за материальной формой инструмента целостный пласт значений, накопленных поколениями: от космологических моделей и

родоплеменных представлений до этических норм и эмоциональных кодов, закреплённых в языке и литературе. В работе применяются этнолингвистические и культурно-семиотические методы анализа, позволяющие выявить устойчивые символические константы, связанные с образом домбры в языке, фольклоре и художественных текстах. Эти подходы дополняются элементами интерпретационного анализа образа домбры в казахских пословицах и поговорках, эпических текстах, а также в поэзии XIX–XXI веков. Междисциплинарный характер исследования даёт возможность рассматривать домбру не только как объект музыкального искусства, но и как структурный элемент мировоззрения, «функционирующий» в жанрах, сюжетах, метафорах и ритуалах. Исследование опирается на широкий круг вербальных источников – от устойчивых выражений и ранней устной поэзии жырау до поэтических произведений, посвящённых домбре, у Абая, Жамбыла, М.Мақатаева и других казахских поэтов XIX-XXI веков. Анализируя звуковые особенности домбры, её поэтические метафоры и устойчивые смысловые поля, автор выявляет культурные коды, закрепившие за домброй статус символа казахской культуры: связь с памятью предков, роль эмоционального медиатора, место в обрядах и эпосе, образ «қоңыр үн» как этнического звукового знака и выражения внутренней гармонии. Особое внимание уделяется трансформации образа домбры в письменном словесном искусстве. В статье показано, что, сохраняя своё сакральное ядро, он приобретает новые философские, психологические и экзистенциальные оттенки. На основе результатов исследования автор приходит к выводу, что домбра является не просто памятником традиции, а одним из ключевых культурных архетипов, формирующих своеобразие казахского мировоззрения. Благодаря своей символической ёмкости домбра продолжает выполнять роль устойчивого медиатора между поколениями и культурного ядра, вокруг которого конструируется национальная идентичность.

Ключевые слова: домбра, культурный концепт, символика домбры, культурный архетип, поэтический образ, устойчивые выражения, казахская устная поэтическая традиция, казахская письменная поэзия, национальная идентичность.

1. Кіріспе

Домбыра қазақ мәдениетінің ең тұрақты әрі көпқабатты рәміздерінің бірі. Оның рухани дәстүрдегі орны қарапайым музыкалық қызметтен әлдеқайда кең. Домбыра ұлттық жады, дүниетаным, көркем ойлау мен эмоционалдық тәжірибенің тоғысындағы ерекше мағыналық кеңістікті қалыптастырады. Ғасырлар бойы бұл аспап орындаушылыққа арналған құрал ғана емес, адам мен рухани әлемді жалғаушы дәнекер, ұжымдық және жеке сезімдерді жеткізудің тәсілі, сондай-ақ тарихи мұраны сақтаудың әрі рухани сабақтастықты жалғастырудың маңызды құралына айналды.

Қазақ мәдениетінде домбыраның орны тек өнер туындысын орындауға арналған құрал деңгейімен шектелмейтіні белгілі. Бұл аспаптың мәні әлдеқайда терең – материалдық әлемді рухани кеңістіктің өлшемдерімен тоғыстыратын ерекше мәдени феномен. Домбыраға қатысты алғашқы ғылыми тұжырымдардың бірі Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» еңбегінде айқын көрінеді. Зерттеуші домбыраны «қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы» дей келе, оның қос ішегіне сыйған «талай ғасырдың бейнесін, ойын, рухани және эмоциялық болмысын» ерекше атап өтеді (Жұбанов, 1975:10).

Жұбановтың түсіндіруінде домбыра жай ғана музыка тудыратын аспап емес, көшпелі дүниенің көне көз куәсі, ел жадын сақтайтын рухани шежіре. Ғалымның пайымынша, домбыра ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибені, халықтың дүниетанымын, сезім өрнегін және көркемдік тілін бойына жинақтап, уақыт пен ұрпақтарды жалғаушы дәнекердің рөлін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, домбыраның қызметі музыкалық шығарма орындау шеңберінен әлдеқайда кең: ол – мәдени сабақтастықтың таңбалық тасымалдаушысы, тарихты дыбыспен сөйлетудің, өткеннің рухани мәнін жаңғыртып жеткізудің бірегей тәсілі. «Әйтсе де, кең даланы

мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалаық аспабы – домбыраның бірге күмбірлеген, бірде сыңқ-сыңқ шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың бәсін қайырады. Сымдай тартылған қос ішекте сан ғасырдың сан алуан сипат, ақыл-ойы, көңіл күйі жатыр. Домбыра – көшпелі елдің көне көз шежірешісі, көпті көрген қарияның көкірек күйі» деп музыкатанушы ғалым өте дәл сипаттаған (Жұбанов, 1975:45).

Домбыраға қатысты мәдени мағыналардың қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа берілуінің ең маңызды арналарының бірі – қазақ тілі, оның ауызша да, жазба да кеңістігі. Тілдік жүйеде орныққан бейнелі қолданыстар, метафоралар мен тұрақты тіркестер домбыраның дәстүрлі дүниетанымдағы рөлін, оның сезімдік-эмоциялық, этикалық және тарихи тәжірибемен байланысын концептуалдық деңгейде бекітеді. Ауыз әдебиетінің шағын жанрлары болсын, жеке автордың поэзиясы болсын – домбыраның ұжымдық және жеке санадағы қабылдануы, сондай-ақ қазақтың көркемдік ойлау құрылымына енуі көпқабатты түрде көрініс табады. XIX-XXI ғасырлардағы жазба поэзия осы тұрғыда айрықша мәнге ие. Бұл кезеңде домбыра толыққанды көркем образ ретінде қалыптасып, адам сезімінің кең өрісін де, философиялық ойдың терең иірімдерін де бейнелей алатын мүмкіндікке ие болды. Классикалық ақындар да, қазіргі поэзия өкілдері де дәстүрлі символиканы жаңа мәдени жағдаймен, өзгерген эстетикалық бағдармен байланыстыра отырып, домбыра образын жаңаша қырынан дамытады және байытады. Осыған байланысты халықтық және авторлық сөз өнері домбыраның мәдени семантикасының қалыптасуы, уақыт бойына түрлі бағыттарда дамығанын тануға мүмкіндік беретін маңызды дереккөз болып табылады.

Осы алғышарттарды негізге ала отырып, мақалада домбыра қазақтың сөз дәстүріндегі маңызды мәдени образдардың бірі ретінде қарастырылады. Зерттеу домбыраға қатысты мағыналар мен құндылықтардың ауызша халықтық сөйлеуде, тұрақты тіркестерде, мақал-мәтелдерде орнығу жолдарын көрсету, сондай-ақ бұл образдың жазба поэзиядағы көркемдік даму ерекшеліктерін сипаттаумен қатар сөз дәстүрінің қазақ мәдениетіндегі «домбыра» концептісінің көпқырлы құрылымын қалыптастыруға тигізетін ықпалы айқындауды мақсат етеді.Тіл арқылы домбыраның мәдени ғана емес, эстетикалық, эмоциялық және дүниетанымдық қырларын, сондай-ақ оның қазақи бірегейліктің рәмізі ретіндегі рөлін түсінуге мүмкіндік беретін қырларына ерекше назар аударылады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Тілдегі мәдени мағыналарды талдау әдісі халықтық тіркестерді, мақал-мәтелдерді және тұрақты тілдік үлгілерді зерттеуге негізделеді. Мұндай талдау домбыраға қатысты ұжымдық сөздік жадта орныққан мағыналық өзектер мен құндылықтық түсініктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Поэтикалық мәтіндерді бейнелік тұрғыдан түсіндіру бағыты авторлық поэзияда пайда болатын жаңа образдар, ассоциациялар мен символдық мәндердің сипатын айқындауға, сондай-ақ ақындардың дәстүрлі мәдени кодтарды кеңейту немесе түрлендіру тәсілдерін көрсетуге бағытталады.

Салыстырмалы тәсіл домбыра образының халықтық фразеологиядан авторлық поэзияға дейінгі мағыналық эволюциясын сипаттауға мүмкіндік береді. Талдау барысында сөз дәстүрінің екі деңгейі арасындағы сабақтастық айқындалып, халықтық түсініктердің жекелеген элементтерінің жазба поэзияда сақталу жолдары, жаңаша мазмұнмен толықтырылуы немесе жаңа көркемдік қыр алып түрленуі белгіленеді.

Домбыраны мәдени концепт ретінде қарастыратын әдістемелік ұстаным талдау нәтижелерін біртұтас мағыналық модельге біріктіруге жағдай жасайды. Мұндай модель домбыраны тарихи, эмоциялық, көркемдік және рухани құрамдастарды қамтитын көпқабатты символ ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде домбыраға қатысты сөз өрнектері ұлттық дүниетанымды бейнелейтін тұтас концептуалдық құрылымның элементтері ретінде түсіндіріледі.

Зерттеу материалы қазақтың мақал-мәтелдері, қанатты сөздері, тұрақты тіркестері мен этнолингвистикалық сипаттамалары жинақталған беделді, кең қолданылатын академиялық басылымдарға негізделеді. Дереккөздер қатарына «Қазақ мақал-мәтелдері» жинақтарының дәстүрлі және қазіргі нұсқалары: Е.Исмаилов редакциялаған басылым (1957), Хасенов пен Нұрмағанбетованың еңбегі (1992), Адамбаев құрастырған жинақ (1993), ҚР Ұлттық кітапханасының энциклопедиялық басылымы (2011), сондай-ақ Ә.Қайдардың этнолингвистикалық зерттеулері (1998; 2004), Р.Сыздық (2004), А.Байтұрсынұлы (1991), Мәшһүр-Жүсіп Көпеев (2003) және С.Негимов (1997) еңбектері кіреді. Аталған жұмыстар жеке тілдік бірліктердің нақты мәтіндік дереккөзі ретінде емес, қазақтың орныққан және кең таралған сөз дәстүрін танытатын репрезентативті негіз ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл фразеологиялық қорда берік орныққан, мәдени жағынан бекіген үлгілерді талдауға мүмкіндік береді және материалды белгілі бір басылыммен шектемей, олардың қазақ тілдік дүниетанымындағы орнығуын ескеруге жағдай жасайды. Сонымен қатар зерттеуге халықтық және авторлық поэзиядан алынған мәтіндер енгізілді. Бұл мәтіндер академиялық және ғылыми-көпшілік басылымдарда жарияланған үлгілерді, сондай-ақ тексерілген әрі жиі қолданылатын поэтикалық материал жинақталған ашық цифрлық платформаларды қамтиды.

2.2 Материалға сипаттама

Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Әбділда Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Ілияс Есенберлин, Ғафу Қайырбеков, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Молдағалиев, Иранғайып Сапарбаев және XX–XXI ғасырларда домбыраға арналған поэтикалық шығармалар жазған өзге де авторлардың өлеңдері пайдаланылды. Мәтіндердің бір бөлігі жинақталған шығармалар, әдебиеттану басылымдары сияқты баспа көздерінен, сондай-ақ заңды түрде жарияланған материалдарды қамтитын онлайн-каталогтардан алынды. Соның ішінде поэтикалық мұраны жүйелеп, көркем мәтіндермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін Bilim-all.kz танымдық платформасы да қолданылды. Мұндай аралас корпус домбыра образының әртүрлі көркем интерпретацияларын қамтып, оның жазба поэзиядағы мағыналық дамуын әр кезең тұрғысынан бақылауға мүмкіндік береді.

Поэтикалық материалды іріктеу репрезентативтік және тарихи сабақтастық қағидаттарына сүйеніп жүргізілді. Талдауға XIX ғасырдың соңы мен қазіргі

кезең аралығын қамтитын әр дәуірдің жазба поэзиясын танытатын шығармалар енгізілді. Мұндай тәсіл домбыра бейнесінің поэтикалық ұрпақтар арасындағы даму динамикасын айқындауға жағдай жасайды. Мәтіндерді таңдауда автордың домбыра образын мақсатты түрде қолдануы (домбыраға арналған өлеңдер), сондай-ақ шығарманың ғылыми және білім беру кеңістігіндегі мәдени-көркем орны ескерілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – домбыра образының үш деңгейде – фразеологиялық, поэтикалық және мәдени-символдық кеңістікте қатар қарастырылуында жатыр. Яғни домбыра тілдегі тұрақты тіркестер жүйесінде де, авторлық поэзиядағы көркем бейне ретінде де, сондай-ақ ұлттық құндылықтар мен рухани түсініктерді біріктіретін мәдени рәміз ретінде де талданады. Халық арасында орныққан тілдік қолданыстар мен ақындардың домбыраға берген көркемдік пайымдарын алғаш рет салыстыра отырып, зерттеу домбыра мағынасының сақталу, өзгеру және жаңа реңкке ие болу үдерістерін айқындайды. Сонымен бірге домбыра тарихи жадты, эмоциялық кодтарды және олардың поэтикалық өрнектерін біртұтас құрылымға тоғыстырған көпқабатты мәдени концепт ретінде түсіндіріледі, бұл оны қазақтың сөз дәстүріндегі мәндік жүйемен байланыстыра отырып зерделеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақстандық гуманитарлық зерттеулерде тілде тұрақты бейнелер, метафоралар мен ассоциациялар арқылы көрінетін мәдени концепттерді талдауға қызығушылық артып келеді. Мәдени концепт белгілі бір мәдени дәстүрге тән дүниені қабылдау және түсіну тәсілдерін тілде бейнелейтін жинақталған мағыналық құрылым ретінде қарастырылады. Мұндай ұстаным тілдік бірліктерді тек лексикалық элемент емес, мәдени жад пен дүниетанымдық модельдердің тасымалдаушысы ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл бағытты айқындап көрсететін еңбектердің бірі – А.Құсайынова, А.Қасымова, Б.Айткұлов және Д.Сүлейменова авторлығымен 2025 жылы жарық көрген «Qoŋyr as a Concept in Kazakh Linguoculture» («Қазақ линвомәдениетіндегі қоңыр концепті») (Kussainova, Kassymova, Aitkulov, Suleimenova, 2025: 804) мақаласы. Зерттеушілер қазақ тіліндегі қоңыр концептіне жүгіну арқылы оның табиғи, эмоциялық, этикалық және музыкалық ассоциацияларды біріктіретін көпқабатты семантикалық құрылым екенін көрсетеді. Авторлар бұл сөздің тіл тасымалдаушыларының санасында тыныштық, қарапайымдық және ұлттық болмыс реңктерін жинақтайтын тұтас мәдени бейнені жандандыратынын ерекше атап өтеді.

Мақаланың маңызды тұстарының бірі – қоңыр концептінің музыкалық салаға тән байланысының анықталуы. Концептінің тембрлік сипаттары мен эмоциялық реңкі қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарының үнімен және күй эстетикасымен үйлеседі. Бұл тұжырым біздің зерттеуіміз үшін де мәнді, себебі музыкалық түсініктердің тілде тұрақты тілдік құрылымдар арқылы орнығу тәсілін айқын көрсетеді. Мақала жалпы мазмұн аясында мәдени концепттердің ұлттық бейнелі ойлауды бағыттайтын және ұжымдық жадтың орныққан үлгілерін сақтайтын құрылымдар ретінде қызмет ететінін көрсетеді.

Домбыраға қатысты тілдік бейнелерді – мақал-мәтелдерде, фразеологиялық бірліктерде және поэзияда сақталған тілдік үлгілерді қазіргі мәдени-тілдік талдау бағытында қарастырудың тиімділігінде. Зерттеуге тартылған еңбектің әдістемелік

маңызы айқындалады. Мұндай тәсіл ұлттық мағыналар мен құндылықтардың терең қабаттарын ашуының мүмкіндігінде.

Лингвомәдени талдауды толықтыратын маңызды бағыттардың бірі – қазақ дүниетанымындағы сакралды мәндердің тілдік көрінісіне арналған зерттеулер. Мысалы, М.Алшынбаева, Д.Веселинов және З.Картова авторлығымен жарияланған «Language reflections of the concept of the sacred in the Kazakh worldview» («Қазақ дүниетанымындағы киелілік концептісінің тілдік көріністері» мақаласында сакралды мәдени категориялардың фразеологизмдер, мақал-мәтелдер және дәстүрлі тіркестер арқылы берілетіні айқындалады. Тілдік элементтер қазақ қоғамының терең құндылықтық бағдарларын орнықтыратын тетік ретінде сипатталады. Авторлар киіз үй кеңістігі, жануарлар бейнелері немесе ритуалдық тәжірибелер сияқты сакралды құбылыстардың тілдік репрезентация арқылы мәдени мәнге ие болып, ұжымдық жад пен дүниетанымдық модельдер жүйесіне кіріктірілетінін атап өтеді (Alshynbayeva, 2022: 75-77). Бұл байлам біздің зерттеуімізге де сәйкес келеді, өйткені домбыраға қатысты тілдік бейнелер де осы семантикалық өрісте қызмет етіп, аспаптың тек сипаттамалық қырын ғана емес, рухани жад пен мәдени бірегейлікті бекітетін символдық мәртебесін де көрсетеді.

Теориялық және лингвомәдени зерттеулермен қатар, дәстүрлі музыканың аймақтық және тарихи ортадағы қызметін талдауға арналған еңбектер де маңызды бағдар бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, Ш.Таткенова мен М.Әмзе авторлығымен жарық көрген «Traditional Music of Kazakhstan in the Second Half of the 20th Century: Using the Example of Folk Song Art in the Northern Region of Kazakhstan» (AEMR, 2024) («XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның дәстүрлі музыкасы: Қазақстанның солтүстік өңіріндегі халық әншілік өнері негізінде») мақаласы ерекше назар аударады. Еңбекте XX ғасырдың екінші жартысындағы халық ән дәстүрінің сақталуы мен өзгеру үрдістері қарастырылады. Зерттеушілер қазақтың дәстүрлі музыкасы «жанрлар мен орындаушылық тәжірибелердің сабақтастығына негізделген тұрақты көркемдік мағыналар жүйесін қалыптастыратынын» атап өтеді (Tatkenova & Amze, 2024: 66).

Мақала негізінен ән мұрасына арналса да, ондағы тұжырымдар сөз дәстүрінде бейнеленетін домбыра образының зерттелуі үшін елеулі әдістемелік мәнге ие. Біріншіден, зерттеу музыкалық құбылыстарды мәдени-тарихи және коммуникативтік ортадан бөлек қарастыру мүмкін еместігін көрсетеді, өйткені тұрақты бейнелер мен символдық мәндер дәл осы жағдайда қалыптасады. Екіншіден, авторлар жергілікті дәстүр мен аймақтық тәжірибенің рөлін айрықша атап өтеді. Домбыраға қатысты көптеген фразеологизмдер мен поэтикалық метафораларда нақты орындаушылық дәстүрлер мен эстетикалық нормалардың ізі сақталғандықтан, зерттеу жұмысымыз үшін де маңызды. Үшіншіден, мақалада тілдік және музыкалық деңгейлердің өзара байланысы негізгі қағида ретінде қарастырылып, «дәстүрлі ән мәдениеті мелодиялық құрылымдарды ғана емес, тілде, метафорада және баяндау үлгілерінде көрініс тапқан менталдық модельдерді де сақтайтын» қағида ретінде де біздің зерттеу міндеттерімен тікелей ұштасады. Осы тұжырым домбыраға қатысты тұрақты тілдік образдарды мәдени жад пен мағыналық көпқабаттылықтың маңызды дереккөздері ретінде қарастырудың орынды екенін дәлелдейді.

Домбрының мәдени маңызын айқындайтын мәселе қазақтың музыкалық-поэтикалық мұрасын кең аяда қарастырған еңбектерде де өз жалғасын табады. Мәселен, А.Омарова және авторлар тобының "Kazakh musical and poetic art in the context of globalization" («Жаһандану үдерісі аясындағы қазақ музыкалық және поэзиялық мұрасы») атты зерттеуінде домбыра дәстүрлі музыкалық мәдениеттің құрылымында рухани жадты сақтайтын негізгі тасымалдаушы әрі көркемдік тәжірибелердің сабақтастығын қамтамасыз ететін элемент ретінде сипатталады (Omarova, Kaztuganova, Akimzhanov, Sultanova, Zhamanbalinov, 2020: 389). Авторлар күй, ақындық дәстүр және ән поэтикасы сияқты музыкалық формалардың «ұлттық бірегейліктің рухани негізін» құрайтынын, сондай-ақ жаһандану жағдайында мәдени тәжірибенің үздіксіздігін сақтауға мүмкіндік беретінін атап өтеді (Omarova, Kaztuganova, Akimzhanov, Sultanova, Zhamanbalinov, 2020: 390). Зерттеушілер ерекше назар аударған жайт дәстүрлі музыкалық-поэтикалық мәдениеттің дүниетанымдық сабақтастықты жеткізетін тетік ретінде қызмет етуі: «the customs and traditions, dreams and aspirations of the Kazakh people have been revealed and passed through music and poetry from generation to generation» («Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мақсат-мүдделері музыка және поэзия арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келді») (Omarova, Kaztuganova, Akimzhanov, Sultanova, Zhamanbalinov, 2020: 392). Осы тұрғыда домбыра тек аспап ретінде ғана емес, жанрлар мен стильдік дәстүрлерді, аймақтық мектептерді байланыстыратын ортақ негіз ретінде бағаланады; ол дыбыстық және сөздік мәдениеттің тұтастығын сақтайтын дәнекер қызметін атқарады.

Аталған байламдар домбыраны жан-жақты қарастырудың өзектілігін күшейтеді: аспапты тек музыкалық құрал ретінде емес, сонымен қатар тілдік әлем бейнесінің, дәстүрлі поэтика жүйесінің, салттық қызметтің және қазақ халқының тарихи жадын сақтайтын мәдени құрылымның құрамдас бөлігі ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңдегі қазақтың музыкалық мәдениетіне арналған ғылыми дискурста домбыраға қатысты көзқарас көбінесе қазақтың аспаптық музыкасын алғаш жүйелі зерттеген А. Жұбанов қалыптастырған ғылыми дәстүрмен сабақтас қарастырылады. Осы бағытта домбыра тарихи, көркемдік және дүниетанымдық өлшемдерді біріктіретін феномен ретінде түсіндіріледі. Мәселен, «Dombra – a phenomenon in the musical art of Kazakhstan» («Қазақстан музыка өнеріндегі домбыра феномені») атты мақаласында зерттеуші А.Көпбай домбыраның тек музыкалық аспап емес, көне түркі кезеңінен бүгінгі заманға дейін үзілмей жеткен мәдени сабақтастықты сақтаған ұлттық жад пен бірегейліктің белгісі екенін атап көрсетеді (Kopbay, 2022:176). Автор тарихи деректерге, бұрынғы зерттеушілердің пікірлеріне және қазіргі мәдени бастамаларға, соның ішінде Ұлттық домбыра күні сияқты шараларға сүйене отырып, домбыраның қазақтың рухани өміріндегі дара орнын айқындайды. Мұндай көзқарас домбыраны мәдени концепт ретінде тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және оның символдық қызметінің ұзақ тарихи дәстүр мен халықтық сананың аясында қалыптасқанын көрсетеді.

Домбыраның символдық мағынасы халықаралық дискурста да айқын көрініс табады, мұнда аспап әлемдік материалдық емес мәдени мұра контексінде қарастырылады. ЮНЕСКО-ның «Домбыра күй өнерін» адамзаттың материалдық

емес, мәдени мұрасының Репрезентативті тізіміне енгізу барысында (2014) әзірленген ресми сипаттамада – домбыра мен күй дәстүрі музыкалық шығармашылық түрі ғана емес, ұрпақтар арасындағы рухани байланыс, ұжымдық жад және әлеуметтік қатынас құралы ретінде бағаланады. ЮНЕСКО мәліметіне сәйкес, қысқа жеке шығарма ретінде қалыптасқан күй «классикалық және суырып салмалық формалар арқылы адамдарды тарихи тамыры мен дәстүрімен байланыстырып, тыңдаушыға рухани әрі эмоциялық деңгейде әсер етеді» деп көрсетілген (ЮНЕСКО, 2014). Сондай-ақ күй өнерінің әңгімелер мен аңыздармен қатар жүруі, қауымдастық ішіндегі өзара әрекеттесуді нығайтып, бірегейлік пен ынтымақтастықты күшейтетін орта ретінде қызмет етуі ерекше атап өтіледі.

Digital technologies such as the Internet and social media play a decisive role in transforming cultural processes under globalization. They accelerate cultural diffusion by enabling rapid exchange of information and cultural products. Moreover, "globalization promotes cross-border exchange of ideas, values, and practices, leading to the formation of hybrid identities characterized by flexibility and variability" (Kipngetich 16). This phenomenon is reflected in the synthesis of tradition and innovation in applied arts.

Through the exchange of ornamental patterns and the use of modern materials, national imagery is reinterpreted and integrated into the global cultural context. Digital technologies accelerate intercultural exchange, contributing to the formation of a global cultural space. However, globalization may also lead to the emergence of works lacking firmly established national values. "They often incorporate technological elements to meet contemporary artistic standards but may lack conceptual depth" (Mukanov et al. 316). Nevertheless, such works create new semantic layers and creative fields through cultural interaction.

Globalization also involves cultural exchange, which includes technological development, increased mobility, and expanded international communication. Cultural exchange refers to the interaction between traditions, languages, art, music, literature, customs, and values of different cultures. Globalization accelerates this process and makes it more dynamic and large-scale.

Migration, tourism, academic mobility, and the international labor market contribute to cultural exchange. "The modern stage of social development is characterized by increasing integration processes that do not aim to diminish the value of national components in culture and art" (Melekhova 201). This process occurs in two directions: cultural import and transformation of local traditions.

Since the second half of the twentieth century, globalization has shaped the development trajectory of traditional national cultures, influencing creative processes in decorative and applied arts. "When the balance between tradition and innovation is disrupted, national cultures face the risk of disappearance, raising the issue of preserving cultural identity" (Kukharenko 382).

Ethnomodernism, as a harmonious synthesis of traditional values and modern methods, enables societies to preserve their identity while reaching new levels of artistic and social development.

In the era of globalization, three new stylistic directions have emerged:

1. Ethnofuturism – synthesis of archaic symbols and futuristic materials
2. Glocalism – integration of local and global traditions
3. Digital craft – combination of traditional technologies and digital programs

Ethnomodernism, integrating these three directions, preserves national identity, adapts art to the global context, and uses technology to disseminate cultural heritage.

The interaction of tradition and innovation was deeply explored by scientist, artist, and archaeologist Nicholas Roerich during his Central Asian expeditions. He raised questions

about the similarities of material and spiritual culture across civilizations and the future of cultural interaction (Bazhenova 103–104).

The harmonization of cultural traditions in applied arts is not merely mechanical mixing but a deep creative process. According to S. Tulegenova, preserving the uniqueness of Kazakh culture while fostering development is the main goal of cultural harmonization (Tulegenova 39). This process includes:

- preservation of ethnocultural authenticity;
- organic use of modern technologies;
- development of intercultural dialogue ;
- environmentally responsible approaches

Modern technologies such as 3D printing allow artisans to recreate complex traditional ornaments while preserving their meaning. Thus, applied arts simultaneously preserve ethnocultural identity and enrich global artistic heritage.

Research by A. Baidibekov (2024) notes that integrating cultural elements leads to innovative solutions and new visual languages (Baidibekov 48). Such integration strengthens intercultural dialogue and enhances art's social significance.

Examples include combining Japanese shibori with European painting or African motifs in contemporary ceramics. Similarly, brands such as Hermès combine French elegance with Japanese aesthetics, while designer Ulyana Sergeenko reinterprets traditional Russian ornaments in modern fashion.

However, cultural harmonization also presents challenges:

- risk of losing authenticity through commercialization;
- risk of cultural appropriation.

Nevertheless, responsible integration fosters intercultural dialogue and new artistic forms.

Historically, Kazakh applied arts developed within nomadic traditions. During the Soviet period, art adapted to socialist realism standards. After independence, artists sought to revive national traditions and synthesize them with Western influences, leading to the emergence of ethnomodernism.

Ethnomodernism gained prominence in the 2000s as a strategy for preserving ethnic values globally. Studies of Thai Eastern Lanna jewelers (Tanakit Jaisuda, 2024) and Chinese Miao ethnic patterns (Chen Lei, 2024) demonstrate similar processes.

Kazakh artisans such as Serzhan Bashirov, Ikram Rafikov, and Leonid Zherebtsov exemplify ethnomodernism by adapting traditional forms to modern aesthetics. Bashirov's works reinterpret nomadic symbols such as *paiza*, combining traditional materials with minimalist design.

Similarly, Ikram Rafikov integrates traditional Kazakh motifs with innovative materials such as titanium and carbon. His "Ring of Power" symbolizes unity and balance, continuing nomadic philosophical traditions.

Ethnomodernism also influences fashion design. Ethnofuturism integrates traditional Kazakh motifs with futuristic aesthetics. Designers such as Ainur Turysbek and Leonid Zherebtsov actively develop neonomadism and ethnofuturism styles.

Kazakh designers increasingly participate in international exhibitions, strengthening the global presence of national design. Examples include Mercedes-Benz Fashion Week Russia and international biennales.

Overall, the formation of new artistic styles in Kazakhstan's applied arts is a dynamic process combining respect for tradition with innovation. Ethnomodernism revitalizes traditions and presents them in modern forms, strengthening national identity while integrating into global culture.

This phenomenon can be observed in architecture (Baiterek, Khan Shatyr), fashion (Aida Kaumenova, Aya Bapani), and applied arts (Amina Shukparova, Almas Mukazhanov). Thus, ethnomodernism represents a contemporary approach to elevating national spirit through the integration of cultural heritage and global trends.

5. Conclusion

The phenomenon of ethnomodernism in contemporary Kazakhstani applied arts has emerged as an important strategy for ensuring the competitiveness of national culture in the context of globalization. As demonstrated through the creative practices of masters such as Serzhan Bashirov, Ikram Rafikov, and Leonid Zherebtsov, ethnomodernism is not limited to preserving tradition but requires the successful adaptation of innovation and global aesthetic trends within a national context.

The analysis of the masters' works revealed several key aspects. First, stylistic transformations in Kazakh applied arts are reflected in the synthesis of traditional forms with contemporary aesthetic demands. For example, in the *Paiza* series, S. Bashirov revives archaeological artifacts through futuristic design, while I. Rafikov's *Ring of Power* combines ancient symbolism with innovative materials. Second, the social function of these works extends beyond decorative and applied arts, as they serve as instruments of cultural diplomacy by promoting Kazakh art internationally. Third, the successful integration of Kazakh artists into the global art space—through participation in prestigious exhibitions and collaborations with international brands—confirms the competitiveness of Kazakh art.

The research shows that globalization processes have a multifaceted impact on the development of applied arts, creating both new opportunities and significant challenges for preserving cultural identity.

The article identifies three main directions in the transformation and development of decorative and applied arts under globalization:

- formation of hybrid styles (ethnofuturism, glocalism, digital crafts);
- transformation of traditional methods through modern technologies;
- formation of new forms of cultural dialogue based on artistic practices.

These directions constitute the main results of the research.

Ethnomodernism in Kazakh applied arts represents a dynamically developing strategy that preserves cultural heritage by adapting it to contemporary challenges. The creative practices analyzed in this article may serve as models for other countries striving to preserve cultural identity in the context of globalization. Ultimately, ethnomodernism becomes not only an artistic direction but also an essential element of the nation's "cultural immunity" in a globalized world.

Decorative and applied arts continue to evolve within the post-globalization cultural space. Ethnofuturism and the return to traditional styles and forms are gaining prominence. Local traditions do not disappear; rather, they transform within the digital age and are revived in response to unified global design trends.

The dual impact of globalization on applied arts identified in this article is particularly significant. On the one hand, globalization expands creative horizons and facilitates access to international markets; on the other hand, it creates risks of losing local traditions' uniqueness. As demonstrated by Kazakh masters such as Serzhan Bashirov and Ikram Rafikov, the most effective solution is maintaining a balance between tradition and innovation through harmonious integration of national elements with contemporary artistic approaches.

In the context of globalization, decorative and applied arts not only retain their relevance but also acquire new functions. They serve as tools of cultural diplomacy, instruments for forming national brands, and effective methods for disseminating historical and cultural values in modern formats.

S. Bashirov's *Paiza* series demonstrates the revival of historical artifacts through design, while I. Rafikov's *Ring of Power* integrates traditional symbols with new materials. Meanwhile, L. Zherebtsov adapts national ornaments into contemporary street fashion. Through exhibitions held in Belgium, the United States, Germany, and other countries, these artists increase the international recognition of Kazakh design and promote national art in the global context.

Kazakhstan's traditional arts and crafts strengthen cultural identity within the global cultural space and increase international recognition. Examples include modern interpretations of national clothing, contemporary arrangements of traditional music, and the use of ornaments in modern design. These approaches effectively promote Kazakhstan's national brand and foster cultural dialogue.

Based on the research findings, further studies may explore mechanisms for adapting traditional crafts to digital environments, the role of state support in preserving cultural heritage, and the economic aspects of the globalization of applied arts.

Thus, *Ethnomodernism in Kazakh Applied Arts: The Synthesis of Tradition and Innovation in the Context of Globalization* goes beyond preserving national traditions. It also addresses ways to enrich art through modern technological opportunities and expand accessibility to global audiences. This process contributes to strengthening Kazakhstan's cultural influence and enhancing its reputation within the international community.

References:

1.Atabaeva A. (2022). Beauty is all around us: Kazakh art in the context of globalization. In Spiritual leader, scholar Akhmet Baitursynov: Scientific heritage and socio-political activity. Proceedings of the Republican scientific-practical conference of young scholars and students. (In Russian)

2. Bazhenova N. (n.d.). The impact of globalization on the interrelationship of Kazakh weaving with the traditions of other nations. Science and Modernity. Retrieved March 24, 2025, from https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-globalizatsii-na-vzaimosvyazi-kazahskogo-tkachestva-s-traditsiyami-drugih-narodov/viewer/ (In Russian)

3. Báidibekov Á. & Esentaeva K. (2024). The evolution of decorative and applied art and its influence on modern architectural design. Engineering Graphics and Professional Education Issues, 75(4). (In Kazakh)

4. Chen L. et al. (2024). Study of ethnic patterns of the Chinese Hainan Miao: The use of natural influence through ecological themes, forms, and colors in design. Arts Education, 41, 122–136.

5. Ibragimov A. (2024). Ethnomodernism as a new direction of jewelry art in Kazakhstan in the 21st century. Vestnik KemGUKI, 68. (In Russian)

6. Kipng'etich L. (2024). Cultural hybridity and identity formation in globalized societies. International Journal of Humanities and Social Sciences, 2(5).

7. Kolcheva E. M. (2015). The formation of ethno-futurism at the turn of the 20th–21st centuries. Mediterranean Journal of Social Sciences, 6(3), 7.

8. Kukharenko E. (2021). The impact of globalization on the development of decorative and applied art in modern Russia. Innovative Aspects of Science and Technology Development, 12. (In Russian)

9. Melekhova K. et al. (2018). The yurt and its role in the culture of the peoples of Central Asia. European Journal of Science and Theology, 14(4). (In Russian)

10. Mukanov M. et al. (2015). Technology of "flexible chii" in the art of modern Kazakh tapestry. Kepes, 12(12).

11. Nishanova O. (2023). The impact of globalization processes on ethnic culture. In Library, 1(1). Retrieved March 1, 2025, from https://inlibrary.uz/index.php/archive/article/view/2186 (In Russian)

12. Omae K. (2001). The end of the nation-state: The emergence of regional economies. Globalization: Contours of the 21st Century, 3. (In Russian)

13. Robertson R. (1992). Globalization: Social theory and global culture. London.

14. Sarapik V. (2025). Ethno-futurism: Burden and freedom. Journal of Baltic Studies, 56(2). Retrieved June 9, 2025, from https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/01629778.2024.2445066

15. Shaigozova Z. & Sultanova M. (2015). Echo of the times: Traditions and innovation in Kazakhstan's contemporary jewelry art. Modern Trends in the Development of Fine, Decorative and Applied Arts and Design, 13. (In Russian)

16. Tanakit D. et al. (2024). Jewelry in the style of Eastern Lana: Strategies and approaches to contemporary jewelry design considering cultural identity. Asian Journal of Arts and Culture, 24(2), e263172. https://doi.org/10.48048/ajac.2024.263172

17. Tulegenova S. & Myrzakanov M. (2024). The role and place of Kazakh decorative and applied art in the modernization of historical consciousness. Current Scientific Research in the Modern World, 4(108). (In Kazakh)

18. Volodeva N. (2019). Relevance and prospects for the development of the "futurism" style in fashion design in the Republic of Kazakhstan. Bulletin of Kazakh State Women's Pedagogical University, 2(78). (In Russian)

19. Yespenova A. (2019). Modern explorations in the decorative and applied arts of independent Kazakhstan (based on jewelry art). Bulletin of Kazakh State Women's Pedagogical University, 2(78). (In Kazakh)

Әдебиеттер:

1. Атабаева Адина. «Айналамыздағы сұлулық. Жаһандану жағдайындағы қазақ өнері». «Рухани көшбасшы, ғалым Ахмет Байтұрсынов: ғылыми мұра және қоғамдық-саяси қызмет» атты жас ғалымдар мен студенттердің республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2022, 352 б.

2. Баженова Наталья. «Жаһанданудың қазақ тоқымашылығының басқа халықтар дәстүрлерімен байланысына әсері». Ғылым және қазіргі заман, https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-globalizatsii-na-vzaimosvyazi-kazahskogo-tkachestva-s-traditsiyami-drugih-narodov/viewer/. Қаралған күні: 24 наурыз 2025.

3. Бәйдібеков Әуез, Есентаева Карина. «Сәндік-қолданбалы өнердің эволюциясы және оның сәулеттік ортаның заманауи дизайнына әсері». Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары, 75-т., №4, 2024, 42–52 б.

4. Володева Наталья. «Қазақстан Республикасында киім дизайнындағы «футуризм» стилінің өзектілігі мен даму перспективалары». Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы, №2 (78), 2019, 313–318 б.

5. Еспенова Айгерим. «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі заманауи ізденістер (зергерлік өнер негізінде)». Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы, №2 (78), 2019, 302–306 б.

6. Ибрагимов Аман. «Этномодернизм – Қазақстанның XXI ғасырдағы зергерлік өнеріндегі жаңа бағыт». КемМУКИ хабаршысы, №68, 2024, 217–228 б.

7. Кипнгетич Льюис. «Жаһанданған қоғамдардағы мәдени гибридтілік және тұлғалық бірегейліктің қалыптасуы». Халықаралық гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар журналы, 2-т., №5, 2024, 14–25 б. Қаралған күні: 1 мамыр 2025.

8. Колчева Э. М. «XX–XXI ғасырлар тоғысындағы этнофутуризмнің қалыптасуы». Жерорта теңізі әлеуметтік ғылымдар журналы, 6-т., №3, 2015, 7 б.

9. Кухаренко Елена. «Қазіргі Ресейдегі сәндік-қолданбалы өнердің дамуына жаһанданудың әсері». Ғылым мен техниканың дамуының инновациялық аспектілері, №12, 2021, 380–384 б.

10. Мелехова Ксения және т.б. «Киіз үй және оның Орталық Азия халықтарының мәдениетіндегі рөлі». European Journal of Science and Theology, 14-т., №4, 2018, 193–202 б.

11. Муканов Малик және т.б. «Қазіргі қазақ гобелен өнеріндегі «икемді чий» технологиясы». Кепес, №12, 12-шығарылым, 2015, 305–329 б.

12. Нишанова Озода. «Жаһандану үдерістерінің этникалық мәдениетке әсері». In Library, 1-т., №1, 2023, 164–167 б., https://inlibrary.uz/index.php/archive/article/view/21867. Қаралған күні: 1 наурыз 2025.

13. Омае Кеничи. «Ұлттық мемлекеттің соңы: аймақтық экономикалардың қалыптасуы». Жаһандану: XXI ғасыр контурлары, №3, 2001, 215–225 б.

14. Робертсон Р. Жаһандану: әлеуметтік теория және жаһандық мәдениет. Лондон, 1992, 211 б.

15. Сарапик Вирве. «Этнофутуризм: жүк және еркіндік». Балтық зерттеулері журналы, 56-т., №2, 2025, 269–287 б. https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/01629778.2024.2445066. Қаралған күні: 9 маусым 2025.

16. Танакит Джаясуда және т.б. «Шығыс Лана стиліндегі әшекейлер: мәдени бірегейлікті ескере отырып, заманауи зергерлік дизайндағы стратегиялар мен тәсілдер». Азия өнері және мәдениеті журналы, 24-т., №2, 2024, e263172, DOI:10.48048/ajac.2024.263172.

17. Тулегенова Сабина, Мырзаканов Мадвакас. «Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тарихи сананы жаңғыртудағы орны мен рөлі». Қазіргі әлемдегі өзекті ғылыми зерттеулер, №4 (108), 2024, 2–224 б.

18. Шайгозова Жанерке, Султанова Мадина. «Уақыт үні: Қазақстандағы заманауи зергерлік өнердегі дәстүр мен жаңашылдық». Бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнер және дизайн дамуының заманауи үрдістері, 13-т., 2015, 102–107 б.

19. Чен Лей және т.б. «Қытайдың Хайнань Мяо этникалық өрнектерін зерттеу: дизайнда табиғат ықпалын экологиялық тақырыптар, формалар мен түстер арқылы пайдалану». Arts Education, 41-т., 2024, 122–136 б.

ҒТАМР 18.67.07 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-20

Ұ. Нұрғалым[1*], Н.Р. Мұқышева[2], Г.А. Мурсалимова[3]
[1,2]Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана, Қазақстан
[3]Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
E-mail:[1]nurgalymuly.ularbek@gmail.com; [2]nmukusheva988@gmail.com;
[3]gulnara-mursalimova@mail.ru
ORCID: [1]0009-0001-4109-1311, 20000-0002-8198-283X, [3]0009-0001-4518-9391

ШӘКЕН АЙМАНОВ ФИЛЬМДЕРІНДЕГІ ДИАЛОГ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*

Аңдатпа. Қазақ кино өнерінің алыбы, режиссер Шәкен Айманов ұлттық кинематографияның негізін салушы, әрі әрбір фильмінде терең психологизм мен көркемдік эстетиканы үйлестіре білген тұлға. Оның фильмдеріндегі диалогтар – тек кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастың құралы ғана емес, тұтас нарративті дамыту, кейіпкерді ашу және көрерменге эмоциялық әсер ету тәсілі. Бұл мақалада Айманов фильмдеріндегі диалогтардың құрылымдық ерекшеліктері, олардың кино нарративіндегі орны, кейіпкердің мінезін ашудағы рөлі мен стилистикалық әдістері зерттеледі. Сонымен қатар, кино диалогтарындағы субтекст пен интертекст, постколониялық дискурс тұрғысынан жасырын мағыналардың берілуі талданады. Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтардың типологиясы, кино диалогының нарративті және драматургиялық рөлі, кейіпкердің психологиялық бейнесін ашудағы ерекшеліктер, советтік кезеңнің цензурасы және астарлы мағыналар, постколониялық дискурс және жасырын интертекст секілді негізгі мәселелер басты назарға алынады. Мақалада Сара Козлофтың (2000), Паоло Браганың (2019), Хоми Бхабханың (1994), Мадина Тлостановаңың (2012) еңбектеріндегі кинодиалог пен постколониялық теория негізінде талдау жүргізіледі. Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер» (1957), «Алдар көсе» (1964), «Атамекен» (1966), «Тақиялы періште» (1969), «Атаманның ақыры» (1970) фильмдерінің диалогтарынан мысалдар келтіріліп, олардың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері сараланады.

Түйін сөздер: Шәкен Айманов, кинодиалог, постколониалды дискурс, интертекст, советтік қазақ киносы, кинонарратив, субтекст.

У. Нургалым[1*], Н.Р. Мукушева[2], Г.А. Мурсалимова[3]
[1,2]Казахский национальный университет искусств имени Күләш Байсейітовой
Астана, Казахстан
[3]Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
Алматы, Казахстан
E-mail: [1]nurgalymuly.ularbek@gmail.com; [2]nmukusheva988@gmail.com;
[3]gulnara-mursalimova@mail.ru
ORCID: [1]0009-0001-4109-1311, 20000-0002-8198-283X, [3]0009-0001-4518-9391

СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДИАЛОГА В ФИЛЬМАХ ШАКЕНА АЙМАНОВА

Аннотация. Гигант казахского кино, режиссер Шакен Айманов, не только основатель национальной кинематографии, но и фигура, мастерски сочетавшая глубокий психологизм и художественную эстетику.

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Ұ. Нұрғалым, Н.Р. Мұқышева, Г.А. Мурсалимова. Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалог құрылымының ерекшеліктері // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 290-303. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-20

Диалоги в его фильмах – это не просто средство общения между персонажами, но и инструмент для развития повествования, раскрытия характера и эмоционального воздействия на зрителя. В данной статье рассматриваются структурные особенности диалогов в фильмах Айманова, их роль в кинематографическом нарративе, функция в раскрытии персонажей и стилистические приемы. Кроме того, исследуется субтекст и интертекст в кинодиалогах, а также скрытые значения, передаваемые через призму постколониального дискурса. Основные вопросы, рассматриваемые в статье:типология диалогов в фильмах Шакена Айманова, нарративная и драматургическая роль кинодиалога,психологическое раскрытие персонажей через д;иалогцензура советского периода и скрытые смыслы,постколониальный дискурс и скрытая интертекстуальность. Статья основана на аналитических подходах, представленных в трудах Сары Козлофф (2000), Паоло Браги (2019), Хоми Бхабхи (1994) и Мадины Тлостановой (2012), посвященных кинодиалогам и постколониальной теории. Приводятся примеры из фильмов Айманова, включая «Наш любимый доктор» (1957), «Безбородый обманщик» (1964),«Земля отцов» (1966), «Ангел в тюбетейке» (1969) и«Конец атамана» (1970), с целью анализа их структурных и семантических характеристик.

Ключевые слова: Шакен Айманов, кинодиалог, постколониальный дискурс, интертекст, советское казахское кино, кинонарратив, субтекст.

U.Nurgalym[1*], N.R. Mukusheva[2], G.A. Mursalimova[3]

[1,2] Kazakh National University of Arts named after Kulyash Bayseitova, Astana, Kazakhstan
[3]Kazakh National Academy of Arts named afterTemirbek Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]nurgalymuly.ularbek@gmail.com; [2]nmukusheva988@gmail.com;
[3]gulnara-mursalimova@mail.ru
ORCID: [1]0009-0001-4109-1311, 20000-0002-8198-283X, [3]0009-0001-4518-9391

THE STRUCTURAL FEATURES OF DIALOGUE IN SHAKEN AIMANOV'S FILMS

Annotation. The giant of Kazakh cinema, director Shaken Aimanov, is not only the founder of national cinematography but also a figure who masterfully combined deep psychologism and artistic aesthetics. The dialogues in his films are not merely a means of communication between characters but serve as a tool for narrative development, character revelation, and emotional impact on the audience.This article examines the structural features of dialogues in Aimanov's films, their role in cinematic narration, their function in character development, and stylistic techniques. In addition, the study explores subtext and intertext in film dialogues, as well as the hidden meanings conveyed through a postcolonial discourse perspective.Key Issues Addressed in the Article:Typology of dialogues in Shaken Aimanov's films; The narrative and dramaturgical role of film dialogue; Psychological characterization of protagonists through dialogue; Censorship during the Soviet era and underlying meanings; Postcolonial discourse and hidden intertextuality. The article is based on analytical approaches from the works of Sarah Kozloff (2000), Paolo Braga (2019), Homi Bhabha (1994), and Madina Tlostanova (2012) regarding film dialogue and postcolonial theory.Examples from Aimanov's films, including "Our Beloved Doctor" (1957), "The Beardless Trickster" (1964), "Ancestral Land" (1966), "The Angel in a Skullcap" (1969)and "The End of the Ataman" (1970), are provided to analyze their structural and semantic characteristics.

Keywords: Shaken Aimanov, film dialogue, postcolonial discourse, intertext, Soviet Kazakh cinema, film narrative, subtext.

1. Кіріспе

Шәкен Айманов – қазақ кинематографиясының негізін салушы, ұлттық өнердің көрнекті өкілі. Оның фильмдері осы өнерге тән визуалдық және сюжеттік көркемдігімен ғана емес, ұлттық болмысты, дүниетанымды толық түсінген

білгірлігімен, терең суреткерлік шеберлігімен бағалы. Белгілі кинотанушы Бауыржан Нөгербек «Тұңғыш қазақ кинорежиссері кім?» деген мақаласында оған дейін де қазақ жерінде қазаққа қатысты фильмдердің («Амангелді», 1938 және т.б.) түсірілгеніне қарамастан, «…Тұңғыш қазақ кинорежиссері Шәкен Кенжетайұлы Айманов. Біз ұлттық кино өнерінің пайда болуын оның есімімен байланыстыруымыз керек» дейді (Нөгербек,2020: 89). Советтік кезеңде кино идеологияның басты құралы болды да, қатаң цензураның сүзгісінен өтіп отырды. Сталиннен кейінгі жылымық кезең Шәкен Аймановтың режиссерлік өнерге бел шеше кіріскен кезеңі болды («Махаббат туралы аңыздан» (1954) бастап, «Атаманның ақырына»(1970) дейін). Шәкен Кенжетайұлымен қатар Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалин секілді талантты режиссерлер де осы кезеңде кино өнеріне араласты. Кино дерлік советтік идеологияны насихаттап жатса да, бұл режиссерлердің фильмдері ұлттық бояуымен, ұшқыр диалогтарымен есте қалды. Ендеше ұлттық кино өнерінің ізашары болған ұлы режиссер Шәкен Айманов фильмдері туралы сөз қозғау қашан да өзекті.

Кино – алғаш визуалды өнер ретінде қалыптасып, кейін ғана дыбыс қосылғандықтан, көп жағдайда зерттеушілер оның көркемдігін картинасына қарап өлшеп жатады. Көптеген кино зерттеулері монтаж, кадр композициясы және дыбыстық эффектілердің көрерменге әсерін зерттесе де, диалогтың көрермен қабылдауындағы рөліне аз көңіл бөлді (Kozloff,2000:6-14). Алайда диалог – көптеген фильмдердегі сюжетті дамыту мен кейіпкерді ашудың басты құралы. Ол фильмдегі визуалды көріністермен тығыз байланыса отырып, оқиғаның мәнін тереңірек жеткізуге көмектеседі. «Диалогтың кино өнеріндегі орнын түсіну үшін біз оны жай ғана көмекші элемент ретінде емес, оқиғаны баяндау құралы ретінде қарастыруымыз керек» дейді «Фильм диалогын тыңдау» («Overhearing Film Dialogue», 2000) атты еңбектің авторы, кинотанушы Сара Козлоф (Kozloff,2000: 14-19). Дыбысты кинода диалогтың маңызы өте жоғары екені түсінікті. Кинодағы диалог көрерменді естіген және экранда көрген ақпарат арқылы үнемі бағыттап, қайта бағдарлап отырады (Колодина, 2013). Әсіресе Айманов фильмдеріндегі диалогтар кейіпкерлердің мінез-құлқын, оқиғаның драматургиялық құрылымын және көркемдік идеясын ашатын негізгі құрал ретінде визуалды көріністен өте сәйкесімді құрылады.

Қазақ кино өнерінің пайда болуы соғыс жылдарындағы Орталық киностудиялардың Алматыға қоныс аударуымен тікелей қатысты. Сондықтан қазақ киногерлері бүкіл одаққа белгілі, танымал режиссерлердің тәжірибесімен етене таныс болды (Смайлов,1981:6). Екінші жағынан ұлттық фольклор мен әдебиеттің (Ғабит Мүсірепов, Олжас Сүлейменов, Әкім Тарази, т.б. жазушылар арқылы) ықпалы да зор. Сондықтан советтік қазақ киносы осы екі арнадан қатар нәр алып, ортақ синтезінен шықты деуге болады. Мұндайда әдебиет пен ұлттық мәдениеттің үлесін кинодағы диалогтардан көбірек аңғара аламыз.

2. Зерттеу материалдары мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Бұл мақалада Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогқа әдеби талдау, ішінара салыстырмалы талдау, лигвистикалық және нарратологиялық талдау әдістерін қолданамыз. Сонымен қатар, фильм диалогтарына постколониялық дискурстық

талдау жасаймыз. Сондай-ақ, жалпы кинотану әдістері пәнаралық зерттеу әдістерімен қабыса қолданылады.

2.2 Материалдарға сипаттама

Мақалада Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтардың құрылымдық ерекшеліктері, олардың жалпы кинодағы нарративтік және кейіпкерді ашудағы рөлі, фильмнің шынайылығына ықпалы мен стилистикалық ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, Шәкен Айманов фильмдеріндегі тарихи интертекстің диалог түрінде берілуі де назарға алынды. Советтік кезеңдегі қазақ фильмдері постколониялды дискурс тұрғысынан әлі талданып көрмегенін ескерсек, бұған біз осы қырынан да сараптама жасауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, мақаланың мақсаты – Айманов фильмдеріндегі диалогтардың көркемдік деңгейін саралап, постколониялық тұрғыдан ондағы айтылған және айтылмай қалған ойларды талдап көрмекпіз.

Бұл мақалада Сара Козлофтың «Фильм диалогын тыңдау» атты еңбегіндегі кинодиалогтың функциялары мен рөлін жіктеу әдістерін қолдана отырып, Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтарды зерделейміз. Ал постколониалды дискурс тұрғысынан Хоми Бхабханың, Мадина Тластанованың және т.б. постколониалды теоретиктердің еңбектеріне сүйенеміз.

3. Талқылау

Зерттеу нысаны – Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтар. Ендеше диалог дегеніміз не? «Диалог – екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті» деген анықтама берілген «Тіл білімдері терминдерінің түсіндірме сөздігінде» (Қалиев, 2005: 92). Ал біздің қарастырып отырғанымыз кинодағы диалог. Кинодағы диалог тек екі немесе үш адамның сөйлесуін ғана қамтымайды. Ол кеңірек қарастырылады және мынадай негізгі формаларды қамтиды (Bednarek,2017):

1. Диалог (екі немесе бірнеше кейіпкердің сөйлесуі) – бұл кинодағы ең кең таралған сөйлеу формасы, екі немесе одан да көп кейіпкердің қарым-қатынасын ашады.

2. Монолог (бір кейіпкердің ұзақ сөйлеуі) – кино монологтары әдетте кейіпкердің ішкі ойларын жеткізу немесе оқиғаға ерекше драматизм беру үшін қолданылады. Бұның өзі екі түрлі монологты қамтиды. Бірі – ішкі монолог. Онда кейіпкер өз ойларын ішкі дауыс ретінде жеткізеді. Екінші – қоғамдық монолог: кейіпкер басқалардың алдында ұзақ сөйлейді.

3. Публицистикалық немесе риторикалық сөздер (лекциялар, жариялы сөздер).

4. Топтық диалогтар (көптеген кейіпкерлердің қатысуы).

Кино диалогын зерттегенде жоғарыда аталған төрт топтағы реплика толық қарастырылады. Себебі бұл барлық формалар кинонарративтің маңызды бөлігі және оқиғаның дамуына, кейіпкерлерді ашуға немесе белгілі бір идеяны жеткізуге қызмет етеді.

Шағын ғана мақалада Айманов фильмдерін толық қамту мүмкін емес, сондықтан оның «Біздің сүйікті дәрігер» (1957), «Алдар көсе» (1964), «Атамекен» (1966), «Тақиялы періште»(1969), «Атаманның ақыры» (1970) фильмдеріндегі диалогтарды мысал етеміз.

Кинодиалогтың фильмде атқаратын рөлі, функциялары ғылыми тұрғыдан зерттеліп, жіктелген. Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтар да осы ғылыми

теорияларға сәйкес келеді. Жалпы диалогтың атқаратын ең маңызды екі қызметі бар деп қарауға болады (Kozloff,2000: 33). Бұлар: диалогтың нарративтік рөлі және кейіпкерді ашу рөлі. Ал нарративтік рөлдің жүзеге асуына қарай кинодиалогтар бірнеше типті болып келеді. Кейіпкерді ашуда да диалогтар бірнеше түрлі маңызды ерекшеліктерге ие. Диалогты ғылыми бағалау үшін бұл екі рөлден бөлек тағы екі тұрғыдан қарастыру керек. Бұлар диалогтағы реализм қағидаларының сақталуы және диалогтың стилистикалық ерекшелігі. Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтарды алдымен осы төрт тұрғыдан қарастыра аламыз. Бұдан сырт, әлемдік кинода кездеспейтін, тек советтік қазақ немесе қырғыз, өзбек фильмдерінде ғана кездесуі мүмкін жасырын ұғымдарды постколониялды дискурс тұрғысынан қарауға міндеттіміз. Мақалада Шәкен Айманов фильміндегі диалогтар осы бес түрлі тұрғыдан зерттелмек.

Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтың нарративтік рөлі. Кинодиалогтың нарративтік рөлінде бірнеше белгілі функциялары бар. Кинодиалог оқиғаны көрерменге түсіндіру рөлін атқаруы мүмкін, себеп-салдарлық байланысты көрсетеді және кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты аңғартады (Kozloff, 2000: 33). Әдетте кинодағы кейіпкерлер бірімен бірі сөйлесіп жатқандай көрінгенімен, олардың айтатын сөздері көрерменге бағытталады. Кинодағы монолог, диалог, жұрт алдындағы риторикалық сөздердің бәрі бір жағынан фильмнің сюжетін баяндауға қызмет етеді, яғни нарраторлық рөл атқарып тұрады.

Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтар да бұл қызметтен аулақ емес. Мысалы, «Атамекен» фильміндегі алғашқы монолог көрерменді бірден фильмнің сюжетіне бағыттайды. Ауылдағы зираттың шет жағынан үлкен күмбезді бейіт тұрғызып жатқан атасына көмектесіп жүрген бас кейіпкер бала Баян көрерменге қарата сөйлейді. Бұл монолог көрерменнің бірнеше сұрағына жауап береді. «Бұл қай кез?», «Ақсақал мен бала бейіт басында не істеп жүр?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, кейіпкерлердің болашақ мақсатын айқындайды. Көрерменді де сол мақсатқа дайындайды. Көрермен санасында бірден «осы әрекеттерін жүзеге асыра алар ма екен?» деген сұрақ туындайды да, фильмнің сюжеттік желісіне бірден кіріп кетеді. Дәл осы тәсіл, яғни алдағы оқиғаны алдын ала хабарлап, көрерменді дайындау «Атаманның ақырында» чекистердің алдағы жоспар туралы ақылдасқан кездерінде бірнеше мәрте көрініс табады. «Тақиялы періште» фильміндегі Тана шешей арқылы орындалатын кейбір диалогтар да осындай рөл атқарады. Бұндай диалогтар көрерменді оқиғаға бағыттап қана қоймай, кейіпкермен тілеулес ете түседі. Көрерменнің ішкі сезімінде енді осы орындалсыншы деген бір ынта пайда болады да, сол ынтамен фильмді әрі қарай тамашалайды. Бұл бейне бір көрінбейтін жіп секілді тәсіл.

Шәкен Айманов фильмдеріндегі дилогтардың себеп-салдарлық байланыс орнату функциясына да бірнеше мысал келтіре кетейік. «Атамекен» фильмінде пойызда кездесетін орыс қария мен жас әйел әлдебір адам сүйектерін алып бара жатады. Біздің кейіпкерлердің мақсаты Ленинград түбінде жерленген ұлының сүйегін алып қайту екені көрерменге мәлім. Ал мына екі кейіпкер мен олардың сүйегін көргенде «Бұлар да әлдебір туысының сүйегін алып бара жатқандар емес пе екен?» деген сұрақ туындайды. Сонда ол сұрақтың жауабы диалог арқылы жеткізіледі. Осы жерде

диалог арқылы орыс қария мен бейтаныс әйелдің туыстық қатынасы да анық болады. Қария археолог та, әйел оның келіні болып шығады. Оның ұлының да қайтыс болғаны туралы ақпарат осы диалог арқылы беріледі. Бұл жерде диалогтың себеп-салдарлық рөлі мен кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты анықтау рөлі бірден орындалып тұрғанын аңғарамыз.

Сондай-ақ, «Тақиялы періште» фильмінде Тана шешейдің өзі еңгезердей, алып денелі, шашы селдір тартқан қара мұртты жігітті: «құлыным, періштем» деп атағанына қарап, Тайлақтың Тана шешейдің ұлы екені көрермен санасына бірден бекиді. Әрине, диалог туыстық қарым-қатынасты көрсету жаңалық емес, бірақ бұл да кинодағы диалогтың нақты атқаратын бір функциясы. Туыстық қатынасты көрсету арқылы кейіпкерді таныстыру да жүзеге асады, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастың қандай деңгейге құрылғаны да диалогтар арқылы айқын көрініс табады. «Тақиялы періштедегі» Тана шешейдің Тайлақты сонша еркелететіні, қатты жақсы көретіні, «Атамекендегі» археологты келінінің соншама сыйлайтыны, құрмет тұтатыны, Баянның атасының тәрбиесінде өскені, атасын сонша жақсы көретіні, «Атаманның ақырындағы» Суворовтың Қасымханға сенетіні, Дутовтың қоластындағыларға қалай қарайтыны, «Біздің сүйікті дәрігердегі» дәрігерді өзгелердің қалай құрметтейтіні – осының бәрі диалогтар арқылы көрінеді. Міне бұл Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтардың нарративтік рөлінің бір парасы. Бұдан сырт, диалогтар арқылы кеңістікті белгілеуге, уақытты білдіруге, мекен-жайды анықтауға болады. Әрине, бұл тәсілдің бәрі де аталған фильмдерде молынан кездеседі.

Шәкен Айманов фильміндегі диалогтар драманы күшейтуге, көрерменді күлдіріп, иә жылатып эмоциялық әсер туғызуға да үлкен әсер етеді. Оның фильмдерінде комедиялық және драмалық элементтер бір-бірімен үйлесім тапқан. Мысалы, «Тақиялы періште» фильміндегі диалогтар көрерменді күлдіре отырып, ойға да жетелей алады. Ал «Атаманның ақыры» фильміндегі репликалар драмалық әсер тудырып, оқиғаның шиеленісін күшейтеді. «Алдар көсе» фильміндегі диалогтар әзілге құрылып, көрерменнің күлкісін шақырса, кейбір диалогтар фольклорға сілтеме жасап, ескі әпсаналарды еске алуға итермелейді. «Тақиялы періште» фильміндегі кейбір диалогтар жеке тұрса да күлкі шақырады. Соның бірі: «Такси қарғам, тоқта!», «Жүз сом аз ақша емес, бірақ денсаулық та керек» деген сөз тіркестері көрерменнің есінде қалатын репликалар. Ал «Атамекендегі» бал ашып отырған алдамшы бақсы мен Баянның атасы арасында болған диалог фильмнің драматургиясын ширықтыра түседі. Режиссер осы көріністегі диалог арқылы ақсақалдың ішкі қайғысын сондағы өзге қосымша кейіпкерлерге жеткізе отырып, қасіреттің салмағын үстей түседі. Баяннның атасының балгерге айтқан сөзін естіген жұрт та, балгердің өзі де қатты қысылып, не істеудің амалын білмей қалады. Сонда бас кейіпкер өз қайғысымен жалғыз қалғаны, оны ешкім түсіне алмайтыны, жұбата да алмайтыны аңғарылады. Бұл көрерменді эмоциялық тұрғыдан толқыта түседі. Көрерменнің «Тым құрыса ұлының сүйегін алып қайтса екен!» деген ішкі тілегін күшейтеді. Кейіпкерлерге мінездеме беру үшін тілдік түрлі мәнерлі құралдары, олардың ішінде эмоционалды-экспрессивті лексика жиі қолданылады (Nasipov, Shakirova,2024: 149-150). Ал ол драмалық оқиғалардың әсерін күшейтіп, көрерменнің оқиғаға деген эмоционалдық

қарым-қатынасын арттырады. Бұл Айманов фильміндегі диалог арқылы көрерменге әсер етудің бір үздік көрінісі.

Кейіпкерлерді ашудағы диалогтың рөлі. Кинодағы әрбір диалог әртүрлі кейіпкерлердің мінез, болмысын, ақыл-ой деңгейін, шыққан тегін, ұлтын, мәдениетін, тәрбиесін аңғартып тұрады. Кейіпкерлердің сөйлеу мәнері олардың әлеуметтік жағдайы, мәдениеті және өмір сүрген ортасына байланысты қалыптасады. Кейіпкерлердің диалектілері, интонациялары және сөздік қоры арқылы олардың әлеуметтік мәртебесі мен мәдени байланыстары көрініс табады. Әрбір реплика кейіпкердің жеке тұлғалық қасиеттерін, оның мақсатын және оқиғадағы рөлін ашуға бағытталған (Nasipov, Shakirova,2024: 157).Сондықтан кинодиалогты кейіпкердің ыңғайына қарай құру мен репликаны орындаудағы интонацияның жөні бөлек. ШәкенАйманов фильміндегі кейіпкерлер қашан да бірінен бірі өзгешеленіп тұрады. «Атаманның ақыры» фильмін мысалға алайық. Әр сөзінде советтік мораль есіп тұратын, сабырлы Суворов. Оның қас жауы, пафосшыл, сөйлегенде қызып кетіп, өзіне ие бола алмай қалатын Дутов. Асқан қу, зымиян, жұмсақ сөйлейтін Иона әулие. Сосын өте сақ, батыр, өз ісінің нағыз маманы Қасымхан. Қасымханның ауызынан шығатын әрбір сөйлем көрермен күтпеген жерден шығып, кей сәтте оның тіпті Совет үкіметінің жақтасы екеніне де күмән туғызады. Алайда, Қасымханның миссиясы көрерменге әуелден анық болғандықтан, оның өз болмысын жасыра алатын шеберлігіне тамсанумен болады. Қасымханның бұл шеберлігі бірнеше жерде сыналады, ең алдымен өз жақтастарының алдында, кейін Абылайхановтың, сосын Ионаның, соңында Дутовпен кездесуде оның алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы, батырлығы тікелей диалогтар арқылы көрерменге жетеді. Әр кездесуде жаңа белеске көтеріліп, тың сөздер айтып, көрерменді тәнті ете түседі. Шәкен Айманов актердің осы репликаларды орындағандағы көзқарасы мен қимыл-әрекеттеріне де қатты мән бергені аңғарылады. Абылайхановтың бай баласы екенін, дегдар мырзалығын да сөйлеген сөздерінен, Қасымханмен болған диалогынан аңғаруға болады. Сонымен қатар Суворов бастаған большевиктердің де әрқайсының өзгеше мінез-болмысы, өткенде кім болғаны Қасымханды күтіп отырып жиналыс ашатын жерінде топтық диалог арқылы көрініс тапқан.

«Тақиялы періште» фильміндегі Тайлақтың сөздері оның кең, шалқар, жер қозғалса да қозғалмайтын сабырлы мінезін аңғартса, Тана шешейдің сөздері ұшқалақ мінезін, қамқор көңілін танытып тұрады. «Алдар көсе» фильмінде Қарлығаштың әкесі мен Алдар көсе, Қарлығаш – үшеуінің арасындағы диалог ел ауызындағы «Алдар көсе» аңызынан алынған. Фильмде осы диалог үш кейіпкердің де терең ойлы, тапқыр екенін аңғартады. Бұдан тыс, бірдей мәдени санадағы, ортақ түсініктегі адамдар екенін де білдіреді. «Атамекен» фильмінің негізгі идеясы әр адамның өзінің атамекені алдындағы ілтипаты, халқының өткені мен бүгіні, болашағының алдындағы тағзым. Идеяның негізгі тұтқасы – Елубай Өмірзақовтың сомдауындағы қария бейнесі. Бүкіл фильм бойы ол айтатын аз ғана сөздің астарында кейіпкердің бітім-болмысы ашылады (Рахманқызы, 2017: 28). «Атамекен» фильміндегі диалогтар кейіпкерлердің жасына, мәдени ерекшеліктеріне сәйкес келуімен қатар, қасіретті қалай қабылдайтыны, туған жер мен ұлтқа қатысты

түсініктері, дүниетанымдары көрініс табады. «Біздің сүйікті дәрігер» фильміндегі кейіпкерлердің диалогтары көбінесе советтік жалған моральды үгіттеп тұрса да, әр кейіпкердің бөлек болмысына сай орындалады. Жалпы алғанда, Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтардың кейіпкерді ашудағы рөлі өте жоғары және орынды құрылады. Режиссер әр кейіпкердің ауызынан шығатын сөздің кейіпкер болмысына сай болуымен қатар, оның орындалуының да табиғи түрде жүзеге асқанына қатты мән береді.

Реализм қағидаларын сақтау. Кино театрдай емес, өмірге барынша жақын, ұқсатып жасалатын өнер. Алайда, кинода нақты сюжет пен мақсат бар болғандықтан, ондағы диалогтар да өмірді тұтасымен көшіре алмайды. Егер диалогтарды өмірдегідей құрса, ол көрерменге қызық болмай да қалар еді. Дегенмен, киноны табиғи етіп, көрерменді сендіру үшін диалогтарда белгілі бір тәсілдерді пайдаланады. Бұны кинодағы реализм қағидаларын сақтау үшін қолданады. Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтар да табиғи, өмірде болып жатқандай әсер етеді. Бұл режиссердің осы қағиданы жақсы сақтай білгенін аңғартады. «Атаманның ақыры» фильмінде Қасымханды ұстап қолын артына қайырып, ел көзінше айдап бара жатқанда, оны көрген жұрттың айтатын сөздері бір жағынан сюжетке қызмет етіп, жұрттың жаппай оған назар салғанын аңғартса, екінші жағынан әр адамның әр түрлі көзқараста сөйлеуінен, ел ішінде болатын табиғи алуан түрлілікті көрсетеді. Бір кейіпкер жаны ашиды, бір кейіпкер қаралай сөйлейді, енді бірі табалай сөйлесе, тағы бірі іштей тілекші болғанын аңғарамыз. Шынайы өмірде де кез-келген адамға қатысты көзқарастар осындай алуан түрлі болмай ма. Ішкі жоспарлары әуелден анық Әкім мен тас қашап тұрған үшінші көмекші және Қасымхан арасындағы қысқа диалогтар да, бір естіген адамға сыртынан түсіріп ала салғандай әсер етеді. Бұл диалогтар «Бұлар не істемек?» деген сұрақ тудырып, оқиғаның әрі қарайғы дамуын асыға күтеді. «Тақиялы періште», «Алдар көсе» фильмдеріндегі диалогтар бірде театрдағыдай, бірде өмірдегідей болып алма-кезек келіп, болып жатқан оқиға кино екенін де ұмыттырмай тұратындай әсер етеді.

Диалогтың құрылымдық және стилистикалық ерекшеліктері. Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтардың стильдік жағынан қазақтың сөйлеу тіліне бағынған, көркемдігі жоғары, мағынаға бай. Тілдік норманың сақталуы, жатық, шешен орындалуы – фильмге көркемдік әсер беріп, көрерменді тәнті етеді. «Атаманның ақыры» фильміндегі Абылайханов пен Қасымханның диалогында қазақ тілінің сұлу бояуы өте әдемі көрініс табады.

Абылайханов: «Неге келдің?», – десе, Қасымхан: «Аунап-қунап қайтайын деп…», – деп жауап береді. Абылайханов: «Жалғыз оқпен жайратып тастайды деп қорықпайсың ба?» …, Қасымхан: «Ұстараның жүзінде отырсаң, атаңның атын, әруақтың затын ұмытарсың…», Абылайханов: «Сен от алып кеп отырған жоқсың, асықпа!» немесе «сен кеше ғана большевиктердің «әйт» десе үрген көп төбетінің бірі едің», – дейді.

Бұл қазақтың бейнелі сөйлеу стилін қолданудың керемет бір мысалы. Тағы бір кейіпкердің: «Сен сияқты талай ұрыға шыңғыртып қылбұрау салып еді, сондықтан табалайсың ғой…» деген сөзі де қазақ сөзінің қаймағы бұзылмай тұрған сәтін

еске түсіреді. Шәкен Айманов фильміндегі тілдің стилистикалық көркемдігі совет кезеңіндегі қазақ киносының жарқын үлгісі.

Диалогтардың стилистикалық жағынан байқалатын тағы бір ерекшелік, ол кейіпкерлердің астарлы сөйлеуі. Бұны Паоло Брага кинодағы субтекст деп атайды. Оның айтуынша субтекс кинодиалогта жасырын мағына беріп, кейіпкердің ішкі қайшылықтарын анықтайды және көріністен тыс шындығында не болып жатқанын аңғартады (Braga,2019). Субтекстегі мағынаны кейде екі кейіпкер де іштей біліп отырады, кейде бірі ғана біледі, бірі білмейді. Мысалы, «Атаманның ақыры» фильмінде Абылайханов пен Қасымхан арасындағы диалогта Абылайханов Қасымханды большевиктерден көңілі қалып, Дутовты паналағалы келді деп түсінеді. Ал Қасымхан да Абылайхановтың солай деп қабылдағанын қалайды. Бірақ диалог бұл ойларды сөзбе сөз айтпайды, басқаша сарында өрбиді. Бұл ерекшелік Иона әулиемен арадағы диалогта да, Дутовпен болған әңгімеде де, Суворов қатысқан диалогтарда да көптеп кездеседі. «Алдар көсе» фильмінде субтекст тіпті де мол. Қарлығаштың әкесі мен Алдар арасындағы, Қарлығаш пен Алдар арасындағы диалогтар екі жақ та бірдей түсініп тұрған астарлы сөздерден тұрса, базардағы сатушы әйел мен Алдардың диалогы, т.б. көптеген диалогтарда Алдар ішкі ниетін жасырып, астарлы сөздер арқылы мақсатына жетіп отырады. «Тақиялы періште» фильміндегі Тайлақ пен Алтыншаш арасындағы диалогтарда, Алтыншаштың Тайлақты ұнататыны аңғарылады, бірақ оны ашық айта алмайды. Тайлақ та Алтыншашқа ешқандай сезімі жоқ екенін ашық айта алмайды, екеуі де жанама тәсілдермен, басқа мағынадағы сөздермен ішкі ниеттерін аңғартқысы келіп тұрады.

Кинодиалогтағы субтекст фильмнің көркемдігін арттырып, актерлік ойынды күшейтіп, көрерменді ойлауға итермелеп, фильмнің шынайылығын үстей түседі (Braga, 2019). Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтарда осы субтекст өте орнымен, сәтті пайдаланылған.

Шәкен Айманов фильмдерінің диалогтары постколониялық дискурс тұрғысынан. Советтік киноның басты ерекшелігі идеологияға қызмет ететіні. Фильмде үнемі ескіліктің нашар екені, советтік қоғам, коммунистік идея үздік екені, байдың жаман, кедейдің жақсы екені айтылып отырады. «Алдар көсе» фильмінде Алдардың ауызынан шығатын сөздердің ішінде ең көп кездесетіні – кедейдің дархан, аққөңіл, адал ниетті болатыны, байлардың жаман ниетті, жат пиғылды болатыны туралы репликалардан тұрады. Алдар көсе осы сөздерді айтқан сайын (әсіресе көпшілік алдында), бұл сөздің көрерменге арналғаны аңғарылып тұрады, бірақ өзі осы сөздеріне сене бермейтіндей, ал кинодағы басқа кейіпкерлер бұны аңғармайтындай әсер етеді. Қазақ көрермені Аймановтың басқа фильмдерінен де айтылмаған, немесе нақты айтылмаған, аса әлсіз әлдебір ишараны аңғарып отырады. Интермәтіндік маркерлерді режиссер кинодиалогтың әртүрлі бөліктеріне енгізе алады және бұл олардың нақты сахнадағы функцияларына тікелей тәуелді болмауы мүмкін (Федотова, 2015). Бұл Шәкен Аймановтың өзінің айтқысы келген дүние емес те шығар, алайда советтік езгі астындағы қазақ көрерменінің көргісі келген дүние болуы мүмкін. Отарлық кезеңде жасалған өнер туындыларын, соның ішінде кино мен әдебиетті постотарлық кезеңде қайталай саралау қажеттілігі туады.

Шындығында, советтік кезеңдегі фильмдерді постколониалды тұрғыдан қайта қараудың қажеттілігі бар. 1986 жылы американдық философ, әдебиеттанушы Фредрик Джеймсонның «Мультиұлттық капитализм заманындағы Үшінші әлем елдері әдебиеті» («Third-World Literature in the Era of Multinational Capitalism») атты мақаласы жарық көрді (Jameson, 1986). Бұл мақалаға жауап ретінде Айжаз Ахметтің «Джеймсонның «Өзгешелік риторикасы» және «Ұлттық аллегория» («Jameson's Rhetoric of Otherness and the «National Allegory»)мақаласы жарық көрді (Ahmad,1987). Бұл екі мақаладағы талқыланған ұғымдардың біздің осы тақырыпқа да қатысы бар. Аталған мақалада Джеймсон «Үшінші әлем елдерінің» әдебиеті туралы пікірін білдіреді. Ал Айжаз Ахмет Джеймсонның «өзгелік һәм өктемдік» риторикасын сынға алады. Осы екі мақаладағы, әсіресе Джеймсонның кейбір пікірінде біздің елдегі өнерге, әдебиет пен киноға сәйкес келетін пікірлер бар. Джеймсон «үшінші әлем елдері» деп шартты атаумен атаған елдердің әдебиетінде ұлттық аллегория басым болатынын айтады (Jameson, 1986). Оның себебі, отар елдерде жеке адамның ішкі жан күйзелістерінен гөрі ұлттық мәселелер жоғары тұрады деп көрсетеді. Бұл пікірді Айжаз Ахмет қатаң сынға алса да, пікірдің шындық негізі бар. Дәл осы ерекшелік қазақ әдебиетінде мол кездесетінін байқаймыз. Біз Шәкен Айманов фильмдеріндегі диалогтардан да осы ерекшелікті көреміз.

Әрине, советтік кезеңдегі қазақ киносы үлкен жақтан советтік идеологиядан жалтарып кете алмайтыны анық. Дегенмен, сол кездегі цензураның торынан өтіп кете алатын кейбір аллегориялық диалогтар Шәкен Айманов фильмдерінен кездеседі. Соның бір мысалы, «Атаманның ақыры» фильміндегі Абылайханов пен Қасымхан арасындағы диалогта айтылады.

Абылайханов: «Большевиктер әкеңнің қара орман мал-мүлкін тартып алған соң ұқтың ғой?» – дегенде, Қасымхан: «Жоқ, қазақтың 47 азаматы оққа байланды, олар елім деп еңіреген алаштық ерлер болатын! Халқына бостандық іздеген өңшең боздақ еді», – дейді.

